



**CENTERCREDIT**

оқиғалар ортасында • жаңару алдында

# ЖЫЛДЫК ЕСЕП 2017

# БАТЫЛ ҚАДАМ ЖАСАУ



*2-6 адам  
350-550 кг*

*1784 жыл*

Әйелдер арасынан әуе шарымен алғаш рет 19 жасар француз қызы Элизабет Тибл (Elisabeth Thible) көкке самғады. Ол 1784 жылы «Ле Густав» аэростатымен 45 минут бойы ұшты. Опера әншісі даналық құдайы Минерваның костюмін киіп, жұртты таңғалдырып, әуе шарына мінді.

*Сенімді самғау!*

Әуе шарлары 350–550 кг дейінгі салмақпен көкке 2–6 адамды көтере алады. Дүние жүзіндегі ең үлкен әуе шары екіқабатты гондола ілінген 35 орындық аэростат болып саналады.





# МАЗМҰНЫ

4	Глоссарий
6	Директорлар кеңесінің төрағасы
8	Директорлар кеңесі
12	Банк Басқармасының төрағасы
14	Банк Басқармасы
21	Қысқаша шолу
23	Акционерлер және капитал. Дивидендтік саясат
25	ЦентрКредит Банкінің қысқаша тарихы
27	Қазақстан Республикасының макроэкономикасына және банк секторына шолу
30	Қаржы қызметінің нәтижелеріне шолу
38	Қызметтің негізгі бағыттарына шолу
56	Тәуекелдерді басқару жүйесі
60	Ішкі бақылау жүйесі және аудит
63	Банктің Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне 2017 жылы төленген сыйақының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат
64	Әлеуметтік жауапкершілік және қоршаған ортаны қорғау
69	Корпоративтік басқару
77	Еншілес компаниялар
79	2018 жылға қойылған негізгі мақсаттар мен міндеттер
80	Акционерлерге арналған ақпарат
83	Тәуелсіз аудиторлардың есебі





# ГЛОССАРИЙ

1	АДБ	Азия даму банкі
2	АБЖ	Автоматтандырылған банктік жүйе
3	АБЖ Colvir / Colvir Banking System	Банктің қолданыстағы АТ-платформасы – Colvir
4	АІЖО ААЖ	Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі
5	«Даму» ҚДҚ АҚ/ «Даму» қоры	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
6	АТМ	(ағылш. Automated Teller Machine) – банкомат
7	ЕДБ	Екінші деңгейдегі банктер
8	ҚДБ	«Қазақстанның Даму банкі» АҚ
9	ЦКБ / Банк	«Банк ЦентрКредит» АҚ
10	БО	Бас офис
11	ЦКБ тобы / Банктік топ	«Банк ЦентрКредит» АҚ компаниялар тобы
12	МСО	Мемлекеттік сот орындаушысы
13	АТД	Ақпараттық технологиялар департаменті
14	ЕЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
15	ЕҚДБ	Еуропалық қайта құру және даму банкі
16	АҚ	Ақпараттық қауіпсіздік
17	АТ / ІТ	Ақпараттық технологиялар
18	ҚБЕО	«Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» РМК



19	АЕК	Айлық есептік көрсеткіш
20	ШОБ	Шағын және орта бизнес
21	ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
22	ҚР ӘМ	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
23	НБРК / Регулятор	Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі
24	РК	Қазақстан Республикасы
25	РПЧСИ	Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасы
26	СВА	Ішкі аудит жүйесі
27	СПФ	Филиалдың құрылымдық бөлімшесі
28	ФЛ	Жеке тұлға
29	ЧСИ	Жеке сот орындаушысы
30	ЮЛ	Заңды тұлға
31	NPL	(ағылш. Non-performing loan) – екінші деңгейдегі банктердің мерзімінен аса уақытқа кешіктірілген қарыздары
32	Star Banking	Интернет желісіне қосылған әртүрлі техникалық құрылғылардың (компьютер, смартфон, планшет және т.б.) көмегімен банктік шоттарды нақты уақыт (online) режимінде басқаруға мүмкіндік беретін жеке тұлғаларға қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесі.
33	TONIA	TONIA (Tenge OverNight Index Average) индикаторы биржада МБҚ-мен автоматты репо секторында жасалған бір жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлемені білдіреді.



# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ



## **Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы**

1997 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесінің төрағасы және 1996 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Қазақстан банктері қауымдастығының президенті. 1999 жылдан бастап 19 жылдан бері «Нұр Отан» партиясының Орталық бақылау-тексеру комиссиясының төрағасы қызметін атқаруда.

1975 жылдан бастап 1979 жылға дейін Ресейдің Мәскеу қаржы институтында оқып, жоғары білім алды. Қазақстанға қайтып келгеннен кейін, 1980 жылдан бастап 1981 жылға дейін Алматы халық шаруашылығы институтында «Экономист» мамандығы бойынша оқуын жалғастырды. 1982 жылы Алматы халық шаруашылығы институтының аспирантурасына түсіп, 1986 жылға дейін «Ақша айналымы және кредит» кафедрасында оқыды. Сонымен қатар Бүкілодақтық сырттай оқытатын қаржы-экономика институтында біліктілігін жетілдірді.

1981 жылдан бастап 1987 жылға дейін КСРО Мемлекеттік банкінің Қазақ республикалық конторасының аға экономисі, бөлім бастығы, басқарма бастығы лауазымында қызмет атқарды. 1988 жылы КСРО Тұрғын үй әлеуметтік банкінің Қазақ республикалық конторасының Басқарма бастығы және Басқарма мүшесі болды. 1988 жылдан бастап 1991 жылға дейін «Центрбанк» Алматы орталық кооперативтік банкінің Басқарма төрағасы лауазымын атқарды. 1991 жылы ребрендинг жүргізіліп, атауы «Центрбанк» Қазақ орталық акционерлік банкі болып ауысқаннан кейін, Банктің Директорлар кеңесін басқарып, Басқарма төрағасы лауазымын атқаруды жалғастырды. 1992 жылы Халықаралық өндірісшілер және кәсіпкерлер конгресі (ХӨЖКК) кеңесіне кіріп, 1997 жылға дейін Қазақстан Республикасының Өндірісшілер және кәсіпкерлер одағының Вице-президенті, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлер конгресінің Президенті лауазымдарында жұмыс атқарды. 1993 жылдан бастап 2004 жылға дейін «Қазақстан интернационалдық банкі» ЖАҚ-тың Қадағалау кеңесінің төрағасы қызметін атқарды.

2013 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ЕурАЗЭҚ-Қазақстан Іскерлік кеңесі» қауымдастығының мүшесі, Тұрақты Әлем және Даму Халықаралық қорының (IFSPD) Директорлар кеңесінің мүшесі, БОАО Азиялық форумы (BOAO Forum for Asia) құрылтайшыларының бірі, ЕуроАзиялық ынтымақтастықтың Қаржы-банктік қауымдастығының (ЕАЫ ҚБК) Президенті. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталған.



# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

## Құрметті акционерлер мен серіктестер!

Өткен жылы Қазақстан экономикасында оң трендтер басым болды. Атап айтқанда, экономиканың өсу қарқыны оң болды, инфляциялық процестер бәсеңдеді және валюта нарығындағы жағдай тұрақтанды, елде инвестициялық және іскерлік белсенділік артып, ішкі сұраныс жандана түсті. Нарықтағы жағымды үрдістер жалпы қаржы жүйесіне, сондай-ақ Банктің қызметіне оң ықпалын тигізді.

Есепті жылы Банк өз күшін кредиттеу саласындағы белсенділікті қалпына келтіруге бағыттады, бұл кредиттік портфельдің оң қарқынмен өсуіне ықпал етті. 2017 жылдың қорытындысы бойынша кредиттік портфель 41 млрд теңгеге (+4,7%) өсіп, 930,7 млрд теңгені құрады және Банктің нарықтағы өз позициясын сақтап қалуына (несие портфелінің мөлшері бойынша 6-шы орын) мүмкіндік берді. Сонымен қатар несие портфелі өсімінің оң трендін қамтамасыз етіп қана қоймай, оның сапасын жақсарту Банктің өткен жылға белгіленген маңызды міндеттерінің бірі болғанын атап өткеніміз жөн. Жыл бойы жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде жұмыс істемейтін қарыздардың кредиттік портфельдегі үлесі (NPL) өткен жыл ішінде 8,9%-дан 7,9%-ға дейін төмендеді.

Банк жеке тұлғалар депозиттері нарығының 6% үлесін және заңды тұлғалар депозиттері нарығының 5% үлесін берік иеленіп тұр.

ҚР ҰБ-ның тәуекелге бағдарланған жаңа қадағалауына және талаптарына сәйкес келу мақсатында ЦентрКредит Банкі Қазақстан Республикасының банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасына қатысты. Соның нәтижесінде Банктің пруденциалдық меншікті капиталы 43%-ға артып, 229 млрд теңгені құрады.

Жалпы алғанда, 2017 жылы Банктің тарихында бірқатар маңызды оқиғалар болып өтті. 2017 жылы Kookmin Bank акцияларын сатып алған Банктің ірі акционерлері «Цеснабанк» АҚ пен «Цесна» Қаржы холдингі» АҚ 2018 жылдың бірінші тоқсанында өз пакеттерін Б.Р.Байсейітовке, ірі акционер мәртебесін алған В. С. Лиге, сондай-ақ миноритарий жеке тұлғаларға сатты.

Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасы құрамында өзгерістер болды. Басқарма төрағасы болып Хусаинов Ғалым Әбілжанұлы сайланды.

Жалпы алғанда, Банк өзінің даму динамикасын сапалы жақсартуға, басқарудың алдыңғы қатарлы әдістерін енгізуге, жоғары кәсіби мамандарды тартуға, IT-технологияларды дамытуды жалғастыруға мүмкіндік алды.

2017 жылдың қорытындысы бойынша 28,9 млрд теңге мөлшерінде шоғырландырылған кіріс алынды, бұл жоспарланған көрсеткіштен әлдеқайда асып түсті.

Есепті жылдың қорытындысы бойынша Банк ағымдағы экономикалық жағдайға және еліміздің банк секторында болып жатқан өзгерістерге сәйкес стратегияны күшейтуге, мақсаттарды, міндеттерді және одан әрі дамудың негізгі перспективаларын қайта қарауға кірісті.

Банкті цифрландыру бағыты қабылданды: Банк цифрлық арналарды дамыту, өнімдер мен процестерді цифрлау, сондай-ақ аналитикалық жүйелерді дамыту сияқты бағыттарға бет алды.

«Банк ЦентрКредит» АҚ  
Директорлар кеңесінің төрағасы  
Байсейітов Бақытбек





# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

**Ли Владислав Сединович**

**Директорлар кеңесінің мүшесі**

2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесінің мүшесі.

1982 жылы халық шаруашылығы институтын «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітіріп, жоғары білім алды. Оқуын аяқтағаннан кейін 1986 жылға дейін КСРО Мемлекеттік банкінің Қазақ республикалық конторасының Жоспарлау-экономика бөлімінің бас экономисі қызметін атқарды.

1988 жылы Тұрғын үй әлеуметтік банкінің Қазақ республикалық конторасының Мемлекеттік сауданы және жеңіл өнеркәсіпті қаржыландыруды және кредиттеуді ұйымдастыру басқармасын басқарды. 1989 жылдан бастап 1993 жылға дейін «Центрбанк» Қазақ орталық акционерлік банкінің Басқарма төрағасының бірінші орынбасары лауазымын атқарды. Екі жылдан кейін Қазақ акционерлік коммерциялық әлеуметтік дамуды кредиттеу банкінің Басқарма төрағасы, ал 1997 жылы «Тұрғын үй құрылысы банкі» ЖАҚ-тың Басқарма төрағасының бірінші орынбасары болды.

1998 жылдан бастап 2017 жылға дейін «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарма төрағасы лауазымында көп жыл еңбек етті. Жұмысы мен оқуын бірге алып жүріп, 2005 жылы HEC School of Management пен Халықаралық бизнес академиясының бірлескен бағдарламасы бойынша екінші жоғары білім алды. Мұнда 2003 жылдан бастап курстан өтіп, экономика магистрі дәрежесін алды. Мұнымен тоқтамай, 2005 жылы International Executive MBA бағдарламасы бойынша Іскерлік әкімшілік жүргізу магистрі дәрежесіне ие болды.





### **Аманқұлов Жұмагелді Рақышұлы** **Директорлар кеңесінің мүшесі**

2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесінің мүшесі.

1978 жылдан бастап 1982 жылға дейін Алматы халық шаруашылығы институтында «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша оқып, білім алды. Бес жылдан кейін Шевченко қаласына көшіп, 1988 жылға дейін Облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасарының көмекшісі болды. Кейін Ұлутас өндіру және қайта өңдеу бойынша Маңғышлақ өндірістік бірлестігінің бас директорының орынбасары лауазымында екі жыл жұмыс істеді.

1990 жылы «Центрбанк» банкінің Ақтау қаласындағы филиалының директоры лауазымын атқарады. Бір жылдан кейін жаңа лауазымға ауысып, 1997 жылға дейін «Центрбанк» ҚОАБ Алматы қаласындағы филиалының директоры, Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма төрағасы лауазымдарын қатар алып жүрді.

1997 жылы Алматы қаласындағы «Банк ЦентрКредит» ААҚ-тың Басқарма төрағасы лауазымына тағайындалды. Сол жылы Ақтау қаласының Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары лауазымына тағайындалып, 2001 жылға дейін осы лауазымда еңбек етті. 2001 жылы Алматы қаласының «АБС-Балқаш» ТКБК ААҚ-тың Бірінші вице-президенті, Директорлар кеңесінің төрағасы лауазымына ауысады. 2002 жылдан 2004 жылға дейін «Банк ЦентрКредит» ААҚ-тың Директорлар кеңесі төрағасының кеңесшісі, Директорлар кеңесінің мүшесі қызметтерін атқарады. Халықаралық бизнес академиясында екі жыл білім алып, 2007 жылы Корпоративтік бизнес магистрі дәрежесіне ие болды. 2010 жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың кеңесшісі болып тағайындалды.





### Werner Frans Jozef Claes

**Директорлар кеңесінің мүшесі,  
тәуелсіз директор**

2011 жылдан бастап «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры, 2008 жылдан бастап BVBA Global Financial Consulting президенті, 2010 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін United International Bank Директорлар кеңесінің мүшесі және International Financial Consulting Ltd аға консультанты қызметтерін атқарып келеді.

Аудармашылар институтында 4 жыл оқып, 1986 жылы аударма ісінің магистрі дәрежесін алды. 1993 жылға дейін Фламанд экономикалық университетінде оқуын жалғастырып, Іскерлік экономика магистрі, Корпоративтік қаржы магистрі және Бухгалтерлік есеп жүргізу магистрі дәрежесіне ие болды.

Университетті аяқтағаннан кейін 1995 жылдан бастап 2005 жылға дейін мансабын Fortis Bank-тің аға кредит офицері лауазымынан бастап, Халықаралық кредиттер жөніндегі директор лауазымына, кейін Тәуекелдерді басқару жөніндегі директор лауазымына дейін көтерілді. 2002 жылдан бастап 2008 жылға дейін Fortis Bank-тің Жеке капитал жөніндегі директоры, Стратегиялық директор, Директорлар кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды. 2004 жылдан 2008 жылға дейін Gimv Czech Ventures Директорлар кеңесінің мүшесі болды, 2005 жылдан бастап Metakor NV Директорлар кеңесінің мүшесі болды. 2006 жылдан бастап 2008 жылға дейін Novy SA Директорлар кеңесін басқарды.



# АРМАНҒА ҰМТЫЛЫС



*1783 жылғы 5 маусым*

Әуе шары (аэростат) алғаш рет жер бетінен 400 метр биіктікке 1783 жылғы 5 маусымда ағайынды француздар Жозеф және Этьен Монгольфьердің арқасында көтерілді. Бұл ағайындылар адамның әуеге ұшуын жиі армандайтын болған.

Әуе шарын ойлап тапқан ағайынды Жозеф және Этьен Монгольфьерлер алғашқы шар үшін көлемі бір текше метр болған жібек тыс тікті. Астынан отпен жылытылатын әуе шары 1782 жылғы қараша айында отыз метр биіктікке көтерілді.





# БАНК БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

## Хусаинов Ғалим Әбілжанұлы

2017 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарма төрағасы, 2010 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Дипломдалған сертифициатталған бухгалтерлер қауымдастығының мүшесі.

2000 жылдан бастап 2005 жылға дейін Ф.М.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінде «Салық және салық салу» мамандығы бойынша білім алды. Оқудың соңғы курсына «ИПК «Энергофинанс» ЖШҚ-ның Басқарушылық есеп, бюджеттеу және талдау бөлімінің кеңесшісі ретінде жұмысын бастады. 2005 жылдан бастап 2007 жылға дейін «Омск-Полимер» ЖШҚ-ның Бюджетті бақылаушысы болып, кейін Бюджеттеу жөніндегі бас экономисі, ЖЭБ бастығының орынбасары, Қаржылық-экономикалық қызмет бөлімі бастығының орынбасары лауазымына дейін көтерілді. Кейін «PROFIT» Компаниясы» ЖШС-ға ауысып, 2009 жылға дейін Бюджеттеу және инвестициялық жоспарлау бөлімін басқарды.

Бұл кезде 2008 жылы Дипломдалған сертифициатталған бухгалтерлер қауымдастығына (ACCA) түсіп, Халықаралық қаржылық есептілік мамандығы бойынша The ACCA Diploma in International Financial Reporting (DiplFP Russian) халықаралық маңызы бар дипломын алды.

2009 жылдан бастап 2011 жылға дейін «Заречное» БК» АҚ-тың Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары болды. 2011 жылы «BRB INVEST» ЖШС-ның Бас директоры лауазымына тағайындалды, 2015 жылы бұл лауазымнан ауысып, 2017 жылға дейін «АИФРИ «GREEN INVEST» АҚ-тың Президенті болды. Жұмыстан қол үзбей, 2015 жылы MBA Swiss Business School, International Management дәрежесін қорғады.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарма төрағасы лауазымына тағайындалғанға дейін 2017 жылғы наурызда «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесі төрағасының кеңесшісі, ал 2017 жылғы мамырда Басқарушы директор болып, Банк Басқармасының құрамына кірді.



# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

## Құрметті акционерлер мен клиенттер!

2017 жыл еліміздің экономикасында жағымды тенденциялардың туындағанын байқатты. Жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ-нің өсу қарқыны 4%-ды құрады. Өсімнің негізгі факторлары өндірістің ұлғаюуы, инвестициялық белсенділіктің артуы, сондай-ақ ішкі сұраныстың біртіндеп қалпына келуі болды. Сонымен қатар қолайлы сыртқы факторлар, атап айтқанда, шикізатқа әлемдік бағаның өсуі отандық экономиканың өсуіне ықпалын тигізді, ал бұл 2017 жылы экспорттың кеңеюіне негіз болды.

2017 жылдың қорытындысы бойынша экономикадағы оң тенденция ұлттық валюта бағамының нығаюуына ықпал етті, бұл кезде Ұлттық банктің валюталық нарыққа қатысуы айтарлықтай болмады және осы жыл ішінде девальвациялық күрт ауытқулардың әсерін бәсеңдетуге бағытталды. Теңге бағамы өсіп, девальвацияны күту бәсеңдеген кезде, экономиканы одан әрі долларсыздандыру процесі жалғасты.

Ұлттық банк жүргізген ақша-кредит саясаты өз «жемісін» берді: жылдың қорытындысы бойынша елдегі инфляция 8,5%-дан 7,1%-ға дейін бәсеңдеді, бұл 6–8% көлемінде белгіленген дәлізге сәйкес келеді. Инфляцияны таргеттеу аясында ҚР ҰБ 2017 жыл ішінде базалық мөлшерлемесі 12%-дан 10,25%-ға дейін үш рет төмендетті, ағымдағы жылы мөлшерлеме 10,25%-дан 9,5%-ға дейін төмендетілді, бұл, өз кезегінде, кредиттік ресурстар құнының төмендеуіне негіз болды. Елдегі іскерлік белсенділікті қалпына келтіру аясында сыйақы мөлшерлемесінің төмендеуі кредиттеу процесін қалпына келтіру үшін қосымша ынталандыру болды.

Қолайлы нарықтық тенденциялармен бірге Банктің кредиттеуді ұлғайту бойынша жүргізген жұмысы ЦКБ-нің кредиттік портфелінің оң қарқынмен өсуіне және оның сапасын жақсартуға ықпал етті. Банк ЕДБ ішінде алғашқылардың бірі болып ХҚЕС 9 көшуді сәтті аяқтады.

«Банк ЦентрКредит» АҚ ежелден отандық бизнесті және халықты қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға белсенді қатысушы болып табылады. 2017 жылы да ЦКБ ҚР-ның «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында ипотекалық қарыз берген бірінші банкі болды, ал жылдың қорытындысы бойынша берілген барлық қарыздардың көлемінің 60%-н өз үлесіне алып, осы бағдарламаны игеру жөнінен ЕДБ арасында көшбасшы болып табылады. «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында Банк заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің қарыздарын субсидиялау және оған кепілдік беру бойынша 3-ші орынды алады.

2017 жылғы қазан айында Банк пен «Даму» ҚДҚ» АҚ арасында АДБ қаражаты есебінен ШОБ субъектілерін қаржыландыру үшін 19,8 млрд теңге сомасына келісім жасалды. Алынған қаражатты Банк шектеусіз барлық салаларда ШОБ-ты кредиттеуге, соның ішінде айналыстағы қаражатты толықтыруға, негізгі құрал-жабдықтар алуға және жетілдіруге, өзге банктер берген кредиттерді қайта қаржыландыруға жұмсайды. Бір қарыз алушыға берілетін кредиттің лимиті 1,08 млрд теңгені құрайды.

Мемлекет көздеген экономиканы цифрландыру бағытын есепке ала отырып, сондай-ақ Банк жүргізген зерттеулердің нәтижесін ескере

отырып, ЦКБ 2017 жылы өз қызметін банктік қызмет көрсету процесіне жаңа технологияларды белсенді түрде енгізуге шоғырландырды. Атап айтқанда, ЕАЭО аясында валюталық бақылау жасаған кезде Банктің ҚРҰБ-мен және мемлекеттік кірістер органдарымен бірлесіп әрекет ету процесі автоматтандырылды, ЖСО-мен/МСО-мен бірлесіп әрекет етудің электрондық арнасы енгізілді.

Карточкалық бизнес саласы айтарлықтай кеңейді: Банк MasterCard төлем жүйесі негізінде CashBack картасын шығару жөніндегі жобаны іске асырды, сонымен қатар әлемдегі ең жылдам дамып келе жатқан желі мен ірі халықаралық төлем жүйелерінің бірі болып табылатын UnionPay International жүйесімен ынтымақтастық орнатты.

Жеке тұлғаларға, сондай-ақ заңды тұлғаларға төлем карталарын ашу және олармен жұмыс жүргізу жөнінен StarBanking және ИБ жүйелерінің функционалы жетілдірілді. Соның ішінде картадан ҚР-ның кез келген банкінің картасына онлайн режимде ақша аудару қызметі іске қосылды, Web-сайт арқылы StarBanking жүйесіне қосылу бойынша жұмыстар жүргізілді, ИБЖ мен 1С арасында тікелей құжат айналымын (DirectBank) жүргізу мүмкіндігі іске асырылды.


К-Cell компаниясымен бірге мобильді POS-терминалдарды Банктің эквайринг желісіне қосу бойынша жаңа «Мобильді POS-терминал» жобасы іске қосылды. Visa International төлем жүйесінің 3D Secure технологиясын және PIN-set сервисін (төлем карталарын ПИН конвертсіз шығару) қолдайтын қауіпсіздік стандарты енгізілді, ол ЦКБ төлем карталарын ұстаушылардың PIN-кодты банкомат арқылы өз бетінше белгілеуіне мүмкіндік береді. PayPass Acquiring «Банктің POS-терминалдар желісінде контактіз MasterCard PayPass карталарын қабылдау» жобасы бойынша MasterCard International жүйесінде сертификациялау аяқталды. Бұл технология сатып алған тауарлар мен қызметтердің құнын бірнеше секундтың ішінде төлеуге мүмкіндік береді, бұл үшін картаны контактіз төлемдерді қабылдау технологиясымен жабдықталған терминалға жақындату жеткілікті болады.

2017 жылғы қазан айында ЦКБ Ұлттық Банктің өкілінің қатысуымен BCC Innovation Challenge хакатонын өткізді. Оның аясында бағдарламашылар мен басқа бағыттағы мамандардың командалары Банк қызметінде заманауи технологияларды пайдалану жөніндегі жобаларды жасап қана қоймай, оларды дайын өнімнің нұсқасы ретінде көрсетті. BCC Innovation Challenge хакатоны – ҚРҰБ қатысуымен өткен бірінші әрі ең ауқымды іс-шара.

Сипатталған іс-шаралар белсенді түрде өзгеріп жатқан цифрлық кезеңде Банктің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге бағытталған, сонымен қатар дәстүрлі банктен клиентке бағытталған инновациялық-технологиялық қаржы институтына айналу жолындағы бірінші қадам болды.

Жаңартылған стратегия аясында жоспарланған іс-шараларды іске асыру цифрлық арналардың меншікті экожүйесін қалыптастыруға бағытталатын болады, ол Банк клиенттерінің күнделікті өміріне қаржылық сервистерді әкелуге мүмкіндік береді.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың  
Басқарма Төрағасы  
Ғалым Хусаинов





# БАНК БАСҚАРМАСЫ



## Әділханов Бұлан Әділханұлы

Басқарушы директор,  
Басқарма мүшесі

2012 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі.

1980 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының «Сызу және бейнелеу өнері» факультетін бітірді. 1986 жылдан бастап 1993 жылға дейін Қазақстан Республикасы Білім беру министрлігінің әдіскері, инспекторы, кейін аға ғылыми қызметкері, министрдің көмекшісі лауазымына дейін ұзақ қызмет атқарды, кейін Қадағалау кеңесі төрағасының көмекшісі лауазымына шақырылды. 1994 жылы оқуын жалғастыру жөнінде шешім қабылдап, ҚазМБА жанындағы Нарық институтының «Экономика және менеджмент» факультетіне түсті және осы жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасының хатшысы болып тағайындалды.

1995 жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарма төрағасының орынбасары және Операциялық департаменттің директоры лауазымына сайланды. Үш жыл өткен соң Басқарма төрағасының орынбасары лауазымын атқара отырып, 1998 жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Әкімшілік департаментін басқаруға тағайындалды, осы позицияда 2008 жылға дейін қызмет етті.

Екі жыл (2003 жылдан бастап 2005 жылға дейін) Халықаралық бизнес академиясында білім алып, Іскерлік әкімшілік жүргізу магистрі дәрежесіне ие болды, сондай-ақ 2008 жылы Ресей Федерациясы Үкіметі жанындағы Халық шаруашылығы академиясын бітіріп, Іскерлік әкімшілік жүргізу докторы атанды.

2008 жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарма төрағасының орынбасары болып, осы лауазымда 2011 жылға дейін қызмет етті.





### **Ишмұратов Тимур Жақсылықұлы**

**Басқарушы директор,  
Басқарма мүшесі**

2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі.

1999 жылы Варшава университетін «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша бітіріп, жоғары білім алды.

2000 жылы «Тұран Әлем Банкі» ААҚ-тың Қаржы институттары басқармасының бас маманы лауазымына тағайындалды, 2002 жылы «Банк ЦентрКредит» ААҚ-тың Корпоративтік қаржы департаментінің Халықаралық қатынастар басқармасының бастығы лауазымына ауысады. 2005 жылдан бастап бес жыл бойы Халықаралық қатынастар департаментінің басқарушы директоры болып қызмет етті, 2010 жылы Қазынашылық департаментінің директоры болып тағайындалды

2013 жылдан бастап 2016 жылға дейін «Банк БЦК-Мәскеу» ЖШҚ-ның Басқарма төрағасы лауазымын атқарады. 2016 жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарма төрағасының кеңесшісі лауазымына шақырылды, бір жылдан соң «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарушы директоры болды.





### **Асылбек Ержан Асылбекұлы**

**Басқарушы директор,  
Басқарма мүшесі**

2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі.

1999 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша тәмамдап, жоғары білім алды, біліктілігі – экономист. Бір жылдан соң қызметін Банктің Кредиттеу департаментінде бастап, осында 2003 жылға дейін еңбек етті. Бастапқыда Проблемалы кредиттерді басқару және кепіл мүлкін сараптау басқармасының маманы, кейін Есептілік және талдау басқармасының жетекші маманы, Кредиттеу басқармасының аға кредит офицері лауазымында еңбек етті.

2004 жылдан бастап 2008 жылға дейін Кредиттік тәуекелдер департаментінің Кредиттік тәуекелдер басқармасының аға кредит тәуекел-менеджері, Кредиттік тәуекелдер басқармасының бастығы, Ірі жобалар бойынша кредиттік тәуекелдер басқармасының бастығы болып қызмет етті. Кәсіби басқарушы ретінде танылып, 2008 жылы Кредиттік тәуекелдер департаменті директорының орынбасары лауазымына шақырылды, бір жыл өткен соң Департамент директоры болып тағайындалды. Жұмысын оқумен қатар ала жүріп, 2015 жылы Swiss Business School түсіп, Іскерлік әкімшілік жүргізу магистрі дәрежесін алды. 2016 жылдан бастап 2017 жылға дейін Жоспарлау және қаржы департаментін басқарды.





**Владимиров Руслан Владимирович**  
**Басқарушы директор,**  
**Басқарма мүшесі**

2018 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі.

2001 жылы Алматы мемлекеттік университетін аяқтап, «Халықаралық экономист» мамандығын алды. 2003 жылдан бастап «Банк ЦентрКредит» АҚ-та Аға кредит офицері және Кредиттеу бөлімінің бастығы болып жұмыс істеді. 2005 жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Алматы қалалық филиалының №12 ЕКБ басқарушысы қызметін атқарып, «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Шағын және орта бизнес департаментінің Кредиттеу басқармасының бастығы болып қызмет етті.

2006 жылдан бастап кезекті бес жыл ішінде «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Алматы қалалық филиалы директорының орынбасары – Бизнес-клиенттерге кредит беру офисінің басқарушысы, №2 Сатылымдар офисінің басқарушысы лауазымын атқарды.

2014 жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Алматы қалалық филиалының директоры лауазымына ауысқанға дейін екі жыл (2008-2010 жж.) Халықаралық бизнес академиясында оқып, Іскерлік әкімшілік жүргізу магистрі дәрежесін алды. Ал 2011 жылдан бастап 2014 жылға дейін «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Алматы өңірінің Кредиттік талдау орталығының басқарушысы болып қызмет етті.

2016 жылдан бастап Кредиттік тәуекелдер департаментінің директоры лауазымын атқарды.



# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2017

Айтулы оқиғалар мен өзгерістер жылы. Еліміздегі 30 жылдық тарихы бар, әлі де жаңа биіктерге, жаңа армандарға және маңызды оқиғалардың жаңа белестеріне ұмтылатын жалғыз жеке меншік банк. Жарқын болашаққа жетелейтін арманымыз әлі де көп, сол арманымызды дәл бүгін іске асырудамыз.







# ДӘСТҮРДІ САҚТАУ



*Меру*



Астынан екі орынды қайық – гондола ілінген тетраэдр пішіміндегі қабығы бар әуе шарының алғашқы бейнесі Перу аумағында ежелгі инктер еліндегі тасқа қашалған суреттерден табылды. Онымен қоймай, монгольфьерді ұшыруға дайындау және оны орындау кезеңдері де көрсетілген.



# ҚЫСҚАША ШОЛУ



## ЦҚБ тобы қызметінің қаржылық көрсеткіштері

Көрсеткіш	31.12.2017	31.12.2016
Активтер, млн теңге	1 330 498	1 362 251
Ақша қаражаттары, банкаралық бағалы қағаздар, млн теңге	384 923	460 443
Клиенттерге және банктерге берілген несиелер, млн теңге	831 251	818 742
Клиенттер мен банктердің қаражаттары, млн теңге	976 952	1 053 902
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар және реттелген облигациялар, млн теңге	92 782	78 142
Барлық меншікті капитал, млн теңге	128 883	99 265

Көрсеткіш	2017	2016
Пайыздық кіріс, млн теңге	109 938	94 543
Пайыздық шығыс, млн теңге	62 438	68 224
Таза пайыздық кіріс, млн теңге	47 500	26 319
Активтердің құнсыздануына бөлінген резерв, млн теңге	43 743	10 603
Таза пайыздық емес кіріс, млн теңге	60 612	20 309
Операциялық кіріс, млн теңге	28 299	30 732
Табыс салығы бойынша шығыстар, млн теңге	7 199	1 900
Таза кіріс, млн теңге	28 871	5 361

Көрсеткіш	31.12.2017	31.12.2016
Орташа меншікті капиталға шаққандағы пайданың қайтуы (ROAE)	25,3%	5,8%
Орташа активтерге шаққандағы пайданың қайтуы (ROAA)	2,1%	0,4%
Таза пайыздық маржа	4,6%	2,4%
Операциялық шығыс / операциялық нәтижелер (CIR)	26,2%	65,9%
Негізгі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (k1) *	10,4%	8,7%
Бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (k1-2) *	13,3%	12,7%
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (k2) *	21,4%	16,6%

\*Коэффициенттер «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың қаржылық деректері негізінде есептелген

## Банк тобының құрылымы

Атауы	Иелену үлесі		Қызмет түрі
	31.12.2017	31.12.2016	
«BCC-ОУСА» ЖШС	100%	100%	Стрестік активтерді басқару
«BCC Invest» АҚ	95.19%	95.19%	Брокерлік-дилерлік қызмет
«Центр Лизинг» ЖШС	-	90.75%	Қаржы лизингі

Қазіргі сәтте «Центр Лизинг» ЖШС бойынша тарату процесі жүргізіліп жатыр.



### Карточкалық бизнес клиенттерінің саны

Көрсеткіш	31.12.2017	31.12.2016
Карточкалардың саны (мың дана)	1 055,3	1 054,5
«Интернет-банкинг» жүйесін пайдаланушылар саны (мың бірлік), соның ішінде:	605,4	497,0
– ЖТ (мың адам)	564,8	462,5
– ЗТ (мың компания)	40,6	34,5

### Өткізу желісі (31.12.2017ж.)

- 19 филиал
- 101 ФҚБ, соның ішінде:
  - 1 VIP-орталық
  - 20 Операциялық басқарма
  - 29 Есеп айырысу-касса бөлімі
  - 27 Қаржылық қызмет көрсету орталығы
  - 24 Жекелеп қызмет көрсету орталығы
- 627 банкомат
- 4 928 POS-терминал
- 96 төлем терминалы

### 2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың халықаралық кредиттік рейтингі:

Рейтинг агенттігі	Ұзақмерзімді рейтинг	Болжам
Standard & Poor's	B	Тұрақты*
Fitch Ratings	B	Тұрақты**

\* 2017 жылғы 14 қыркүйекте Standard&Poor's рейтинг агенттігі ЦКБ-нің «B» деңгейіндегі ұзақмерзімді рейтингін растады. Рейтинг бойынша болжам – «тұрақты».

\*\* 2017 жылғы 15 желтоқсанда Fitch Ratings рейтинг агенттігі ЦКБ-нің «B» деңгейіндегі ұзақмерзімді рейтингін растады. Рейтинг бойынша болжам – «тұрақты».



# АКЦИОНЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша орналастырылған жай акциялардың саны 162 456 800 дананы, жарияланған артықшылықты акциялардың саны 39 249 255 дананы құрады, жарғылық капитал 69 751 млн теңге сомасында төленді.

2017 жылдың бірінші тоқсанында «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың ірі акционерлері ауысты. Kookmin Bank Co Ltd. және IFC өздеріне

тиесілі акциялар пакетін Б.Р. Байсейітов мырзаға, «Цесна» қаржы холдингі» АҚ-қа және «Цеснабанк» АҚ-қа сатты.

Нәтижесінде 2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша орналастырылған акциялардың кемінде 5%-ын иеленетін акционерлердің келесі құрамы белгіленді:

№	Акционердің аты-жөні / атауы	Бағалы қағаздардың түрі	Жалпы саны	Бағалы қағаздарды ұстаушыға тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің бағалы қағаздарының санына қатынасы	
				Орналастырылған, %	Дауыс беретін, %
1	«Цесна» қаржы холдингі» АҚ	артықшылықты акциялар	27 067 109	13,42	-
2	«Цеснабанк» АҚ	жай акциялар	48 023 250	23,81	29,98
		артықшылықты акциялар	8 366 560	4,15	-
3	Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы	жай акциялар	71 296 375	35,35	44,51
		артықшылықты акциялар	1 837 923	0,91	-

Дауыс беретін акциялар бойынша пайыз «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II заңының 1-бабының 8-тармағына сәйкес есептеледі




2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша ҚР Ұлттық банкінің пруденциалдық нормативтеріне сәйкес «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың меншікті капиталы 229 420 млн теңгені құрады, бұл 2017 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 68 845 млн теңгеге немесе 30,0%-ға жоғары.

Капиталдың құрылымы:

- Негізгі капитал – 111 582 млн теңге;
- Қосымша капитал – 30 914 млн теңге;
- Екінші деңгейдегі капитал – 98 923 млн теңге.

01.01.2018 жылғы жай-күйі бойынша Банк капиталының құрылымы



Капитал жеткіліктілігінің пруденциалдық коэффициенттері орындалуда, сондай-ақ бұл кезде айтарлықтай қосымша қор қалыптасқан.

### Капитал жеткіліктілігінің пруденциалдық нормативтерінің орындалуы туралы ақпарат

Коэффициенттің атауы	01.01.2018ж. мәні	Буфер есебімен белгіленген норматив	Қор
k1	10,4%	7,5%	2,90%
k1-2	13,3%	8,5%	4,80%
K2	21,4%	10,0%	11,40%

### Дивидендік саясат

Акционерлердің дивиденд алу бойынша құқықтары және оларды төлеу процедурасы Банктің Директорлар кеңесінің қаулысымен бекітілген Банк Жарғысында белгіленген.

Дивидендік саясат дивидендік төлемдердің мөлшерін белгілеген, Банктің инвестициялық тартымдылығын, қаржылық орнықтылығын, капиталдандырылуы мен өтімділігін арттырған, салынған капиталдың нарықтық кірістілігін қамтамасыз еткен кезде «Банк ЦентрКредит» АҚ пен оның акционерлері мүдделерінің теңгеріміне, акционерлердің құқықтарын құрметтеуге және қатаң сақтауға және олардың әл-ауқатын арттыруға негізделеді.

Акциялар бойынша дивиденд төлеу және жылдың қорытындысына сәйкес бір жай акция бойынша есептелетін дивидендтің мөлшерін бекіту туралы шешім қабылдау «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатады.

Сонымен қатар артықшылықты акциялар бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Жарғысына сәйкес кепілдендірілген жыл сайынғы сыйақы бекітілген, оның мөлшері бір артықшылықты акция үшін 0,01 теңгені құрайды.

### Банктің дивиденд төлеу бойынша шығыстары

Атауы	2017 ж.	2016 ж.	2015 ж.
Артықшылықты акциялар бойынша, мың теңге	392	392	392
Жай акциялар бойынша, мың теңге	-	-	-
Барлығы	392	392	392

2017 жылы бір акция бойынша түскен пайда 143,19 теңгені құрады.

«Қазақстан Қор биржасы» АҚ-тың деректеріне сәйкес 01.01.2018 жылғы жай-күйі бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың бір жай акциясының нарықтық құны (ҰСН KZ1C36280010) 193 теңгені құрады.





# ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІНІҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамы 1988 жылғы 19 қыркүйекте құрылған және Қазақстанның ең алғашқы коммерциялық банктерінің бірі болып табылады.

Банктің кең тараған өзіндік филиалдық желісі бар, республика бойынша 100-ден астам бөлімшелерінде заңды және жеке тұлғаларға қызмет көрсетіледі.

Банктің корреспонденттік желісіне 40-қа жуық шетелдік банк кіреді, бұл серіктестеріңізбен дүние жүзі бойынша есеп айырысуға мүмкіндік береді.

ЦКБ – кәсіпкерлікті қолдайтын барлық дерлік мемлекеттік бағдарламалардың белсенді қатысушысы. 2015 жылдың қорытындысы бойынша ЦКБ «Моноқалаларды дамытудың 2012–2020 жылдарға арналған бағдарламасы аясында 2014 жылы кредиттерді субсидиялау бойынша үздік банк» атағына ие болды. Сонымен қатар ЦКБ «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының аясында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тың қол қойылған кепілдік шарттарының саны бойынша көшбасшы болып табылады. 2017 жылдың қорытындысымен ЦКБ «Ипотекалық кредит берудің қолжетімділігін арттыру» бағыты бойынша «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдармасын игеру аясында ипотекалық қарыз беру жөнінен жетекші банк болып табылады.

## 2018 ЖЫЛ:

«Цеснабанк» АҚ пен «Цесна» қаржы холдингі» АҚ өздерінің ЦКБ акциялар пакетін ірі қатысушылар Б.Р.Байсейітовке және В.С. Лиге, сондай-ақ бірқатар жеке тұлғаларға (миноритарийлерге) сатты.

ЦентрКредит Банкі ЕДБ ішінде алғашқылардың бірі болып ХҚЕС 9 көшуді сәтті аяқтады.

## 2017 ЖЫЛ:

### АҚПАН

«Заңды тұлғаларға арналған SMS-хабарлама және E-mail-хабарлама» қызметі сәтті іске қосылды.

### НАУРЫЗ, СӘУІР

Kookmin Bank пен IFC өздеріне тиесілі акциялар пакетін Б. Р. Байсейітов мырзаға, «Цесна» қаржы холдингі» АҚ-қа және «Цеснабанк» АҚ-қа сатып, ЦКБ акционерлерінің құрамынан шықты.

### МАУСЫМ

Банк пен Қазақстан ипотекалық компаниясы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша алғашқы кредитті берді.

ЦентрКредит Банкі қазақстандық банктердің ішінде бірінші болып 3.2-нұсқадағы PCI DSS төлем карталары индустриясының деректер қауіпсіздігі стандартының талаптарына сәйкес келуі бойынша жүргізілген аудиттен сәтті өтті.

Web-сайт (m.bcc.kz) арқылы клиентті StarBanking жүйесінде тіркеу функционалы қосылды, сондай-ақ StarBanking жүйесі арқылы төлем карталарын шығару және қайта шығару мүмкіндігі автоматтандырылды.

### ШІЛДЕ

Заңды тұлғаларға арналған «Интернет-банкинг» жүйесінде корпоративтік карталармен жұмыс жүргізу, соның ішінде корпоративтік картаны шығару, корпоративтік кредит картасын шығаруға өтінім беру, дебеттік корпоративтік карталарды бұғаттау және қайта шығару функционалы енгізілді.

### ТАМЫЗ

ЦентрКредит Банкі екінші деңгейдегі банктердің ішінде бірінші болып атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен (АІЖО ААЖ) электрондық бірлесіп әрекет ету арнасын іске қосты.

Банк 2017 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша ХҚЕС-ке сәйкес жасалған шоғырландырылған қаржылық есептілігін ұсынды.

ЦентрКредит Банкінің басшысы Владислав Ли өзінің ЦКБ-нің Басқарма төрағасы ретіндегі қызметін аяқтау туралы шешім қабылдағаны жөнінде хабарлады.

### ҚЫРКҮЙЕК

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарма төрағасы болып Ғалым Хусаинов тағайындалды.

### ҚАЗАН

БЦК-нің «BCC Innovation Challenge» атты бірінші банктік хакатоны өтті. Ол Реттеушінің қатысуымен өткен, сонымен қатар осыған ұқсас іс-шаралардың арасындағы ең ауқымды алғашқы банктік хакатон болды.

Банк K-Рau мобильді төлем терминалы арқылы транзакция жүргізу бойынша «Кселл» АҚ-тың серіктесі атанды.

ЦентрКредит Банкі қаржылық орнықтылықты арттыру бағдарламасына қатысушы болды. Бағдарлама аясында Банк жылдық 4% мөлшерлеменен 15 жыл мерзіміне 60 млрд теңге мөлшерінде реттелген қарыз алды. Бағдарлама 5 жылға есептелген.

Банк пен «Даму» ҚДҚ АҚ арасында АДБ қаражаты есебінен ШОБ субъектілерін қаржыландыру үшін 19,8 млрд теңге сомасына келісім жасалды.





Банк Visa International төлем жүйесінің 3D Secure технологиясын қолдайтын қауіпсіздік стандартын – Verified by Visa енгізді, ол карталар бойынша интернет желісінде жасалатын төлемдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

StarBanking жүйесінде онлайн режимінде депозит және ағымдағы шот ашу функционалы іске асырылды.

POS-терминалдарды Hospitality and Retail Systems (HRS) – қонақүйлер мен мейрамханаларды басқару жүйесімен интеграциялау функционалы енгізілді.

Заңды тұлғаларға арналған «Интернет-банкинг» жүйесі мен 1С арасында тікелей құжат айналымын (DirectBank) жүргізу мүмкіндігі іске асырылды.

## ЖЕЛТОҚСАН

ЦКБ MasterCard төлем жүйесінің негізінде дебет және кредит карталарын шығаруды, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерді сатып алған кезде осы карталар арқылы жасалған қолма-қол ақшасыз операциялар сомасының белгілі бір бөлігін қайтаруды көздейтін CashBack қызметі енгізілді.

StarBanking жүйесінде картадан ҚР-ның кез келген банкінің картасына онлайн режимінде ақша аудару қызметі іске қосылды.

Бір сәтте шығарылатын MasterCard Standard төлем картасымен қашықтан басқаруға болатын бірегей өнім – «Өзіңмен бірге» депозиті іске қосылды. Депозитті 1 000 000 теңгеге дейінгі сомаға ашуға болады және клиент оған тәулік бойы қол жеткізе алады.

ЦКБ төлем карталарын ұстаушылардың PIN-кодты банкомат арқылы өз бетінше белгілеуіне мүмкіндік беретін PIN-set (төлем карталарын ПИН конвертсіз шығару) сервисі іске қосылды.

Банк пен UnionPay International интеграция бойынша жұмыстарды аяқтады. Банк өзінің банкоматтары мен POS-терминалдары желісінде UnionPay International халықаралық төлем жүйесінің карталарына қызмет көрсетуді бастады.

UnionPay International – әлемдегі ең жылдам дамып келе жатқан ірі халықаралық төлем жүйелерінің бірі. Айналысында 162 елде төлемге қабылданатын 6,5 млрд астам банктік карталары бар. Бүкіл дүние жүзінде 2 миллионнан аса банкомат пен 41 миллионнан аса сауда-сервис орындары UnionPay карталарын қабылдайды.

PayPass Acquiring «Банктің POS-терминалдар желісінде контактіз MasterCard PayPass карталарын қабылдау» жобасы бойынша MasterCard International жүйесінде сертификациялау аяқталды.

## 2016 ЖЫЛ:

Банк жаңа «Colvir» IT-платформасына өтті.

ЦентрКредит Банкі саяхатты ұнататын тұлғалар үшін Card for fly пластик карталарын шығара бастады.

Банктің «Банк БЦК-Мәскеу» ЖШҚ-дағы үлесі сатылды.

## 2015 ЖЫЛ:

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорымен Азия даму банкінің (АДБ) инвестициялық бағдарламасы бойынша 5 жыл мерзіміне 11,1 млрд

теңге сомасында қаражаттың 2-ші траншын тарту туралы келісім жасалды.

Отандық көлік құрастырушылардың автокөліктерін сатып алушыларға кредит беру арқылы қазақстандық өндірушілерді қолдау үшін ҚДБ-мен 20 жыл мерзіміне 2 млрд теңге сомасын тарту туралы келісім жасалды.

Айналыстағы төлем карталарының саны бойынша әлемдегі ең ірі төлем жүйесі болып табылатын UnionPay International халықаралық төлем жүйесіне қосылды.

## 2014 ЖЫЛ:

Қайта өңдеу өнеркәсібі саласында Шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін «Даму» ҚДҚ АҚ-пен ҚР Ұлттық қорының қаражатын тарту туралы келісімге қол қойылды.

Шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін Азия даму банкінің екінші траншын алу туралы келісім жасалды.

«Даму» ҚДҚ АҚ кепілдігімен микро, шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін 5 жыл мерзіміне 10 млрд теңге тарту жөнінен ЕҚДБ-мен кредиттік келісім жасалды.

## 2013 ЖЫЛ:

Банктің 2013-2017жж. кезеңіне арналған ортамерзімді жаңа даму стратегиясы әзірленді.

IT стратегиясының негізгі «Дайын пакеттік шешімнің негізінде жаңа автоматтандырылған банктік жүйе құру» жобасы өз жұмысын бастады.

## 2012 ЖЫЛ:

Шотты қашықтан басқаруға мүмкіндік беретін жаңа қызмет – «Star-Banking» жүйесі енгізілді.

## 2011 ЖЫЛ:

Оңтүстік Корея Республикасымен іскерлік қатынасты қолдайтын бизнес-клиенттерге арналған, сондай-ақ Корея өкілдері қатысатын компаниялармен ынтымақтастық жасауға арналған, Қазақстан үшін бірегей «Korean Desk» жобасы іске қосылды.

KPMG консалтинг компаниясымен бірге банкте ақпараттық технологияларды дамыту стратегиясын әзірлеу аяқталды.

## 2010 ЖЫЛ:

Халықаралық қаржы корпорациясы ЦентрКредит Банкіні 2010 жылы Қазақстанда сауда-саттыққа ықпал ету бағдарламасы аясындағы ең белсенді эмитент-банк деп таныды.

ЦКБ 2010 жылы сауда-саттыққа ықпал ету бағдарламасы аясындағы ең белсенді эмитент-банк ретінде ЕҚДБ марапатына ие болды.

«Банк ЦентрКредит» АҚ, Kookmin Bank Co Ltd және Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) ЦКБ капиталына қатысу туралы мәмілені аяқтады.






# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МАКРОЭКОНОМИКАСЫНА ЖӘНЕ БАНК СЕКТОРЫНА ШОЛУ

Қазақстан экономикасы үшін 2017 жылғы басты қорытынды экономиканың қайта жандануы және еліміздің даму қарқынының біртіндеп арта түскені болды. Оң тенденцияға қолайлы сыртқы факторлар, мұнай мен металл жоғары баға конъюнктурасы (Brent маркалы мұнайдың бағасы: 2016 – 44,0\$, 2017 – 54,4\$, металл бағасының индексі: 2016 – 97,9%, 2017 – 122,9%), сондай-ақ экономиканың нақты секторындағы өндірістің артуы, инвестициялық белсенділіктің өсуі және ішкі сұранысты біртіндеп қалпына келтіру сияқты ішкі процестер әсер етті. Жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасы 4,0%-ды құрап, серпінді өсуге шықты.


## Экономиканың өсу қарқыны




Экономика үшін инфляциялық процестердің бәсеңдегені қосымша ынталандыру болды, бір жыл ішінде инфляция деңгейі белгіленген нысаналы дәлізде (6-8%) сақталды және 2016 жылмен салыстырғанда 1,4 п.т. төмендеп, 7,1%-ды құрады. Инфляцияның барлық компоненттері бойынша 2016 жылмен салыстырғанда бағаның өсу қарқынының төмендеуі байқалды. Өткен жылғы ұқсас кезеңде 9,7%-ды құраған азық-түлік тауарлары 6,5%-ға, 9,5%-ды құраған азық-түлік емес тауарлар 8,9%-ға, 6,1%-ды құраған ақылы қызметтер 5,9%-ға өсті.

Валюта нарығындағы жағдай тұрақты болды. Ұлттық валюта бағамын айқындайтын іргелі факторлар оңтайлы қалыптасты, теңге бағамы бір АҚШ доллары үшін 310,40-345,00 теңге диапазонында болды. Бір жыл ішінде теңге АҚШ долларына қатысты номиналдық көрсетуде 0,3%-ға нығайтып, бір АҚШ доллары үшін 332,33 теңге болды. Ұлттық банктің 2017 жылы валюталық сауда-саттыққа қатысуы ең төмен – биржадағы сауда-саттықтың жылдық көлемінің 1,7% мөлшерінде болды. Өктемділік маусымда, тамызда, қыркүйекте және қазанда ғана жүргізілді. 2017 жылдың қорытындысы бойынша теңгенің орташа жылдық бағамы бір АҚШ доллары үшін 326 теңгені құрады. Экономиканың нақты секторында базалық 6 саланың ішінде ең жоғары өсу өнеркәсіпте 7,1%, көлікте 4,8%, байланыста 3,3% және саудада 3,2% деңгейінде байқалды. 2017 жылдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция 5,5%-ға өсіп, 7,5 трлн теңгеден асты. Ауыл шаруашылығы (29,3%), сауда (21,8%), құрылыс (11,8%), байланыс (9,5%) және өнеркәсіп (3,8%) барынша өсті. Инвестициялауды қаржыландырудың басты көзі кәсіпорындардың меншікті қаражаты болды.

## Салалар бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар







Сыртқы сұраныстың қалпына келуі және әлемдік тауар нарығындағы бағалар конъюнктурасының жақсаруы экспорттың және сауда балансының өсуіне жағдай жасады, бұл ҚР-ның сыртқы саудасына қолайлы ықпал етті. Сыртқы сауда айналымы 2016 жылмен салыстырғанда 25,1%-ға өсті, бұл 69,5 млрд АҚШ долларын құрады. Қазақстан экспортының жалпы көлемі 31,6%-ға өсіп, 43,1 млрд АҚШ долларын құрады (2016 жылы 32,7 млрд АҚШ доллары), оның ішінде шикізат емес өнімдер үлесі 14 млрд АҚШ долларын немесе экспорттың (ағаш, қағаз және қағаздан жасалған бұйымдар, автобустар, фармацевтік дәрі-дәрмектер) жалпы көлемінің 32,7%-ын құрады. Импорт 26,4 млрд АҚШ долларына дейін 15,8%-ға өсті. Сауда балансының сальдосы 1,7 есе ұлғайды. Қабылданған экспорттық стратегияның аясында елдің 400 экспорттаушысына қолдау көрсетілді.

2017 жылы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру арқылы экономиканы мемлекет тарапынан ынталандыру тұрғын үй құрылысын рекордтық 11,2 млн шаршы метр көлеміне дейін арттыруға ықпал етті, сонымен қатар «Нұрлы жер» бағдарламасының аясында 4 мың шақырым жол қайта жөнделді, Индустрияландыру картасы бойынша 120 жоба енгізіліп, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 192 мың бизнес субъектісіне қолдау көрсетілді.

Экономиканың өсу қарқыны жалақының өсуіне, өндірістік жұмыспен қамтылуға және елдің кірісіне әсерін тигізбеді. 2017 жылы орташа айлық номиналды жалақы номиналды мәні бойынша 5,1%-ға артып, нақты мәні бойынша 2,1%-ға төмендеп, 149,7 мың теңгені, жұмыссыздық деңгейі 5,0%-ды құрады.

Жалпы алғанда, экономика дамуының оң серпіні, төлем балансы жай-күйінің жақсаруы және өндірістік қуаттардың артуы 2017 жылы халықаралық рейтинг агенттіктерінің Қазақстанның инвестициялық сенімділік деңгейін растауын қамтамасыз етті және «Жағымсыз» болжамынан «Тұрақты» болжамына жақсартуға мүмкіндік берді.

Ағымдағы жылы экономикалық саясаттың негізгі бағыттары елдің макроэкономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету, бюджетаралық қатынастарды жетілдіру, салық саясатын нығайту, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік құралдары мен әдістерін кеңейту, ел қарызын тиімді басқару болмақ.

## 2017 жылғы банк секторы

2017 жылы банк секторында айтарлықтай маңызды оқиғалар көп болды:

- Базалық мөлшерлеменің бір жыл ішінде +/-1% болатын дәлізбен 12%-дан 10,25%-ға дейін ақырындап төмендеуі;

- ҚР ірі екі банкі – «Қазкоммерцбанк» АҚ пен «Қазақстан халық жинақ банкі» АҚ-тың бірігуі;
- ҚР Ұлттық банкінің «Delta Bank» АҚ-тың лицензиясын кері қайтарып алуы;
- Ұлттық банк пен акционерлердің «Bank RBK» АҚ-қа қаражат құюы;
- ҚРҰБ-ның Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасын іске қосуы.

Жалпы алғанда, 2017 жылы банк секторы артық өтімділікпен сипатталды, яғни осы өтімділікті банктер болар-болмас болса да өсіп жатқан кредиттеу көлемінің аясына АКС құралдарына орналастырды. 2017 жылдың соңында ашық нарықтағы операциялар бойынша және тұрақты қолжетімді құралдар бойынша ҚРҰБ ашық позициясы 2,4 трлн теңгені құрады.

2017 жылы өтімділікті алудың тиімді құралы ретінде ҚРҰБ қысқамерзімді ноталарды пайдаланды. Қысқамерзімді ноталар эмиссиясының көлемі 2017 жылы 52,5%-ға ұлғайып, 62 974,3 млрд теңгені құрады. Қысқамерзімді ноталар бойынша кірістілік базалық мөлшерлеменің төмендеуінен кейін-ақ бір жыл бойы төмендеп отырды: 7 күндік ноталар бойынша орташа алынған кірістілік 2017 жылы 10,03% құрады (2016 жылы 13,55% құраған болатын).

TONIA индикаторы 2017 жылы көбінесе базалық мөлшерлеменің пайыздық дәлізінің төменгі шегі деңгейінде қалыптасты.


TONIA индикаторының орташа алынған мәні желтоқсанда жылдық 9,31% құрады.

Банк жүйесіндегі депозиттердің жалпы көлемі 2017 жылы 3%-ға төмендеп, 17 509,7 млрд теңгені құрады. «Қазкоммерцбанк» АҚ-тың, «Банк «Bank RBK» АҚ-тың және «Delta Bank» АҚ-тың көрсеткіштерін есептегенде, депозиттердің жылдық өсімі 1,5% құрады.

АҚШ долларына қарсы теңге бағамының өсуінің (жылдың соңына қарай +0,3%) және девальвациялық күтулердің төмендеуінің аясында долларсыздандыру процесі жалғасып жатты, яғни жалпы портфельге салынған шетелдік валютадағы салымдар үлесі жылдың соңына қарай 54,5%-дан 47,7%-ға төмендеді.



### Депозиттерді долларсыздандыру процесінің динамикасы




ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің төмендеуі нарықтағы қаражатты тарту құнына да әсерін тигізді және 2017 жылдың қорытындысы бойынша заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 8,0% (2016 жылдың желтоқсанында 10,5%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша 11,7% құрады (2016 жылы – 12,2%).

Екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфелі желтоқсанның соңында 2017 жылдың басындағы деңгейде сақталып, 12,7 трлн теңгені құрады. «Қазкоммерцбанк» АҚ-тың, «Банк «Bank RBK» АҚ-тың және «Delta Bank» АҚ-тың көрсеткіштерін есептегенде, кредиттердің жылдық өсімі 10,8% құрады. Бұл ретте, егер 2016 жылдың өсімі негізінен валюталық кредиттерді қайта бағалауға байланысты болса, 2017 жылдың өсімі елдегі кредиттеудің ақырындап қайта жаңғыруына, сондай-ақ халықтың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің жаңа экономикалық талаптарға бейімделуіне байланысты болды.

2017 жылы кредиттеудің айрықша ерекшелігі банк секторының жалпы несиелік портфелінің динамикасындағы бөлшекті кредиттеудің шешуші рөлі болды. Жеке тұлғаларға арналған кредит көлемі 2017 жылдың наурызынан бастап өсе бастады және жылдың қорытындысы бойынша халыққа берілген кредит портфелінің өсімі 12,4% құрады.

### Банктердің несиелік портфелінің жалпы динамикасындағы сегменттердің үлесі



Дегенмен, өсімнің түбегейлі себептері үрдістердің қысқамерзімділігін көрсетіп отыр, себебі халықтың нақты көрсеткіштегі кірісі соңғы екі жыл бойы төмендеп барады.

Жеке тұлғалар портфелінің құрылымындағы өсім 2017 жылдың қорытындысы бойынша тұтынушылық кредиттер (+15,3%) мен ипотекалық кредиттердің (+11,7%) жеке тұлғалардың жалпы портфеліндегі жиынтық үлесінің 80%-ынан артқанын көрсетті.

Ипотекалық нарықтағы үлесі 2017 жылдың соңына қарай 40%-дан асқан Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің кредиттік портфелінің өсуінің арқасында ипотекалық кредиттердің өсімі артты. Ипотекалық кредит берудің жандануына «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасының іске асырылуы да септігін тигізді.

Заңды тұлғаларға кредит беруде кері динамика байқалады: несиелік портфелінің 2017 жылғы көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда 5,8%-ға төмендеген және жылдың соңында 8 164,4 млрд теңгені құраған. Портфельдің басты төмендеу жағдайы Дельта банктің көрсеткіштерінің портфельдің құрылымынан алынып тасталуына, Bank RBK банкінің проблемалық кредиттерінің арнайы қаржылық компанияға шығарылуына, сонымен қатар Қазкоммерцбанктің кредиттік портфелінің төмендеуіне байланысты 2017 жылдың қараша-желтоқсан айларында орын алған. Осы банктерді есептегенде, заңды тұлғаларға арналған кредиттер көлемінің өсімінің 8,4%-ды немесе 558,8 млрд теңгені құрағанын атап кеткен жөн.

2017 жылдың желтоқсанында заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі 13,2% құрады (2016 жылдың желтоқсанында – 14,5%), жеке тұлғалар бойынша 19,2% құрады (2016 жылдың желтоқсанында – 18,4%).

2017 жылдың орта тұсына қарай мерзімінен кешіктірілген берешегі бар қарыздар несиелік портфелінің 28,3% құрады, бұл кезде мерзімінен 90 күннен астам уақытқа кешіктірілген берешегі бар кредиттер (NPL) 10,7% құрады. ҚРҰБ 25%-ға бағалаған жұмыс істемейтін қарыздардың нақты деңгейі қайта қаржыландырудың және баланстан тыс есептен шығарудың есебінен көрінбеген.

ҚРҰБ бекіткен Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасының аясында Қазкоммерцбанкті сауықтыру бойынша шаралар қабылданды, сонымен қатар 5 ірі банкке мемлекеттік қолдау көрсетілді.

Нәтижесінде 2017 жылдың соңына қарай банктердің жалпы несиелік портфеліндегі мерзімінен 90 күннен астам уақытқа кешіктірілген берешегі бар қарыздардың үлесі 9,3%-ға дейін төмендеді.



# ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ



## **Теңізов Рустам Болатқанұлы** Жоспарлау және қаржы департаментінің директоры

2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Жоспарлау және қаржы департаментінің директоры.

2005 жылы Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Шығыстану» факультетінде «Елтанушы» (Қытай) мамандығы бойынша білім алған, кейін оқуын Семей қаласындағы М.Әуезов атындағы Семей мемлекеттік университетінде жалғастырған. 2008 жылы «Ақпараттық технологиялар және экономика» факультетін «Есеп және аудит» мамандығы бойынша аяқтаған. Университетте білім ала жүріп, 2005 жылдан бастап 2007 жылға дейін «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Алматы қалалық филиалында Бизнес-клиенттер офісінің Шағын бизнесті кредиттеу бөлімінің кредит офицері, аға кредит офицері лауазымдарында қызмет атқарған.

2007 жылдан бастап 2011 жылға дейін «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Алматы қалалық филиалының Кредиттеу бөлімінің бастығы лауазымын атқарған, содан соң 2016 жылға дейін «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Алматы өңірінің Кредиттерді басқару орталығында басқарма бастығы, кейін осы Орталықтың басқарушысы болған. Осы жылы жаңа лауазымға тағайындалып, Директор мәртебесінде «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Тәуекелдер департаментін 2017 жылға дейін басқарған.




### Активтер

Банк жүйесі үшін қиын болған 2016 жылдан кейін өткен 2017 жылы қаржылық және экономикалық ахуалдың қалпына келе бастағаны сезіле бастады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес Банк тобының активтері 2017 жылы 2,3%-ға төмендеп, 1 330,5 млрд теңге деңгейіне жетті. Бұл кезде ЦентрКредит Банкінің активтері 1 330,1 млрд теңгені құрады. Банк 2017 жылдың қорытындысы бойынша нарықта 7-ші орынды иеленеді, оның Қазақстанның банк жүйесінің жиынтық активтеріндегі үлесі 5,5%-ды құрады.

Банк тобы активтерінің динамикасы, млрд теңге



### Банк тобының және Банктің активтерінің құрылымы:

(млн тенге)	Банк тобының активтері			Банктің активтері		
	2017	2016	+/- %	2017	2016	+/- %
Ақша қаражаты және оның баламасы	188 056	258 787	-27%	187 913	258 742	-27%
Клиенттерге және банктерге берілген несиелер	831 251	818 742	2%	816 913	805 341	1%
Қаржы құралдары және бағалы қағаздар	183 727	194 822	-6%	172 946	185 122	-7%
Банктердегі қаражат	13 140	6 834	92%	13 140	6 829	92%
Өзге активтер	114 324	83 066	38%	139 175	103 410	25%
Барлығы:	1 330 498	1 362 251	-2.3%	1 330 087	1 359 444	-2.2%



2017 жылы Банк кредиттік қызметін қалпына келтіру бойынша белсенді жұмыс атқарды, бұл несиелік портфелінің өсуімен расталды – брутто 4,7%-ға немесе 41 млрд теңгеге өсті. Несиелік портфеліндегі корпоративтік кредиттеу үлесі 35%-ды құрады. 2017 жылы бөлшекті бизнесі (жеке тұлғалар) қарыздардың үлес салмағы 38%-ды құрады. Шағын және орта бизнеске арналған кредиттердің үлесі несиелік портфелінің 27%-ын құрады.

#### Банк тобының несиелік портфелінің құрылымы




Кредиттік тәуекелдерді бақылаудың және азайтудың маңыздылығын назарға ала отырып, Банк кредиттердің сапасын жақсарту жөніндегі жұмысқа көбірек көңіл бөлді. Соның нәтижесінде несиелік портфеліндегі жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі (ҚРҰБ бойынша NPL) бір жыл ішінде 8,9%-дан 7,9%-ға дейін төмендеді. Портфель бойынша құнсыздануға бөлінген резервтер 2017 жылы 21,8%-ға артты. Резервтеу деңгейі 01.01.2018 жылғы жай-күйі бойынша 12,2%-ды құрады.

#### Міндеттемелер

2017 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес Банк тобының жиынтық міндеттемелері 4,9%-ға төмендеп, 1 202 млрд теңгені құрады. Бұл кезде ЦентрКредит Банкінің міндеттемелері 4,8%-ға төмендеп, 1 201 млрд теңгені құрады.

#### Банк тобы міндеттемелерінің динамикасы, млрд теңге






### Банк тобының және Банктің міндеттемелерінің құрылымы:

Банк тобының міндеттемелері (млн теңге)				Банктің міндеттемелері		
	2017	2016	+/- %	2017	2016	+/- %
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	98 791	109 649	-10%	97 908	107 754	-9%
Клиенттер мен банктердің қаражаты	976 952	1 053 902	-7%	977 304	1 054 358	-7%
Шығарылған борыштық БҚ	17 328	24 809	-30%	17 366	24 832	-30%
Реттелген облигациялар	75 454	53 333	41%	75 605	53 489	41%
Өзге міндеттемелер	33 090	21 293	55%	33 223	21 469	55%
Барлық міндеттемелер:	1 201 615	1 262 986	-4.9%	1 201 406	1 261 902	-4.8%

2017 жылдың соңындағы міндеттемелердің құрылымы:








Банк тобының міндеттемелерінің басым бөлігін жеке тұлғалардың салымдары (42% немесе 505 млрд теңге) құрайды. Банк осы сегмент бойынша 6,3% үлеспен нарықтағы 8-орынды иеленіп келеді. Заңды тұлғалардың салымдарының үлесі 39,2%-ды құрап, 471 млрд теңге мөлшерінде болды. Банктің заңды тұлғалардың салымдары нарығындағы үлесі 5,0%-ды құрады, бұл – 7-орын.

Реттелген облигациялар мен өзге міндеттемелер позициялары бойынша өсім Банктің ҚР Ұлттық банкінің Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасына қатысу аясында 60 млрд теңге мөлшерінде борыштық бағалы қағаздарды орналастыруы есебінен болды.

### Капитал

Банк тобының капиталы 2017 жылы 29,8%-ға өсіп, 2018 жылғы 1 қаңтарда 129 млрд теңгені құрады. Капиталдың өсуіне Банктің Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасына қатысуына байланысты бөлінбеген пайданың 29 млрд теңгеге көбеюі негіз болды.

Банк тобы капиталының динамикасы, млрд теңге






### Банк тобының және Банктің капиталының құрылымы:

Банк тобының капиталы (млн теңге)	2017			2016		
	2017	2016	+/- %	2017	2016	+/- %
Жарғылық капитал	69 569	69 789	0%	69 856	69 856	-
Резервтік капитал	3 343	2 686	24%	3 344	2 687	24,5
Бөлінбеген пайда	55 575	26 387	111%	55 481	24 999	121,9%
Иеліктің бақылаудан тыс үлесі	396	403	-2%	-	-	-
Барлығы:	128 883	99 265	29,8%	128 681	97 542	31,9%
Соның ішінде: таза кіріс	28 871	5 361	438,5%	30 301	2 629	1052,6%

ЦентрКредит Банкі капиталының жеткіліктілік коэффициенті

2017 жылы Банктің пруденциалдық нормативтер бойынша меншікті капиталы 161 млрд теңгеден 229 млрд теңгеге дейін өсті. 1-деңгейдегі капитал 20 млрд теңгеге, 2-деңгейдегі капитал 52 млрд теңгеге артты.






## Кредиттеу

01.01.2018 жылғы жай-күйі бойынша кредиттер 4,7%-ға өсіп, 930,7 млрд теңгені құрады.

Банктің кредиттері, млн теңге



01.01.2018 жылғы жай-күйі бойынша ҚР ЕДБ ішінде Банктің валюталық қарыздарының көрсеткіші (22,5%) төмен көрсеткіштердің бірін көрсетті, сондықтан Банктің валюта тәуекеліне ұшырау мүмкіндігі төмен.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың валюталық қарыздарының үлесі








Банктің несие портфелі әртараптандырылған, ең көп үлесін жеке тұлғаларға берілген кредиттер (37,6%) мен «Сауда» саласы бойынша берілген кредиттер (15,2%) қамтиды. Қалған салалардың үлесі 10%-дан аспайды.

### Кредиттердің құрылымы, %



Дереккөз: 2017 жылғы аудиторлық есеп. Брутто портфелі (провизияға дейін)

### Несие портфелінің сапасын жақсарту

2017 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша несие портфеліндегі жұмыс істемейтін қарыздар (ҚРҰБ бойынша NPL) 8,9%-ды құрады. Жұмыс істемейтін қарыздардың үлесін азайту бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2018 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша NPL 7,9%-ды құрады, бұл ҚР ҰБ белгілеген көрсеткіштен аспайды.





# ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНА ШОЛУ

## БӨЛШЕКТІ БИЗНЕС

**Еселбаева Айжан Ерғалиқызы**

**Бөлшекті бизнес  
департаментінің директоры**

2017 жылғы шілдеден бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Бөлшекті бизнес департаментінің директоры.

Жоғары білімді әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде алған. Аталмыш университетті 1995 жылы «Психология» мамандығы бойынша бітірген. Бір жылдан кейін, яғни 1996 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясы жанындағы Нарық институтына түсіп, екі жыл бойы «Қаржы және кредит» мамандығына оқыған.

1995 жылдан бастап 1998 жылға дейін «Еуразиялық банк» АҚ-та Бағалы қағаздар және инвестициялық жобалар департаментінің Қор бөлімінің маманы, бас маманы ретінде жұмыс істеген. 1998 жылдан бастап 1999 жылға дейін «Біріккен клиринг корпорациясы» ЖҰАҚ-та бас менеджер лауазымында бір жыл жұмыс істегеннен кейін, «Темірбанк» АҚ-қа шақырылып, Бағалы қағаздар басқармасының Қор бөлімінің, одан кейін Кастодиан бөлімінің бас маманы лауазымында 2000 жылға дейін еңбек еткен. 2000 жылы «Ортаазиялық трастылық компания» ЖШС-ның трейдері, Сауда бөлімшесінің бастығы болған. Екі жылдан соң «Альянс Банк» АҚ-тың Қазынашылық департаментінің Бэк-офис басқармасының бастығы, Бағалы қағаздарды есепке алу бөлімінің бастығы лауазымдарында қызмет атқарған.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы еңбек жолын 2004 жылы бастаған. 2004 жылдан бастап 2016 жылға дейін Тәуекелдерді талдау және басқару департаментінің Қаржылық және операциялық тәуекелдер басқармасының бас тәуекел менеджері, кейін осы басқарманың бастығы, Қаржы департаментінің Қаржылық тәуекелдер басқармасының бастығы лауазымдарын атқарған.

2016 жылдан бастап 2017 жылға дейін «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Бөлшекті бизнес департаменті директорының орынбасары – Кредиттік емес өнімдер басқармасының бастығы болған.





2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша жеке тұлғалардың несиелік портфелі 349,9 млрд теңгені (73 115 кредит) құрады, алдыңғы 2016 жылмен салыстырғанда, портфель 3,2% -ға ұлғайды. Жеке тұлғаларға берілген кредиттер көлемі бойынша Банк 7,2% нарықтық үлесімен нарықта бесінші орынды иеленді.

Банк «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша алғашқы болып ипотекалық кредит берді және берілген қарыздар көлемі бойынша 60% үлесімен ЕДБ ішінде көшбасшы болды. 2017 жылы жалпы сомасы 88 774 млн теңгені құрайтын 13 992 кредит берілді, оның ішінде:

- жалпы сомасы 24 748 млн теңгені құрайтын 3 183 ипотекалық кредит;
- жалпы сомасы 31 210 млн теңгені құрайтын 5 894 тұтынушылық кредит;
- жалпы сомасы 1 974 млн теңгені құрайтын 2 428 кепілсіз кредит;
- жеке кәсіпкерлікті дамыту мақсатында жалпы сомасы 29 458 млн теңгені құрайтын 2 241 кредит;
- автокөлік сатып алуға жалпы сомасы 1 383 млн теңгені құрайтын 246 кредит берілді.

### Несие портфелінің динамикасы



2017 жылдың қорытындысы бойынша жеке тұлғалардың депозиттік портфелінің көрсеткіші ірі клиенттер салымдарының мерзімінің аяқталуына байланысты 2016 жылдың деңгейімен салыстырғанда 7% -ға төмендеп, 504,6 млрд теңгені құрады. Бұл кезде жеке тұлғалардың теңгемен ашылған депозиттерінің көлемі 10,5% -ға өсті. Депозиттік портфельдің валюталық құрылымы осылайша айтарлықтай жақсарды: ұлттық валютадағы салымдар үлесі 2,2% -ға дейін өсті. Банк еліміздің екінші деңгейдегі банктерінің арасында жеке тұлғалардың депозиттік портфелінің көлемі бойынша 6,3% нарықтық үлесімен 6-ші орынды иеленді.



## Депозиттік портфельдің серпіні



2017 жылдың ішінде Банк қашықтан банктік қызмет көрсетуді дамытуға, «жеке тұлғалардың шоттары» бойынша бизнес-процестердің сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар кешенін өткізді, нәтижесінде «Starbanking» жүйесі арқылы қашықтан депозит және ағымдағы шоттар ашуға мүмкіндік туды.

2017 жылы Банк шот ашпай-ақ бір сәтте ақша аударымдарын жүргізетін «Золотая корона» жаңа өнімін сәтті іске қосты, оның қызмет көрсету желісіне Қазақстан Республикасы, Ресей, таяу және қиыр шетел аумағындағы 550 банк пен серіктес кіреді.

2017 жылдың қорытындысы бойынша, соның ішінде тиімді тарифтік саясат, қолданыстағы өнімнің функционалын кеңейту, өнімдер мен қызметтерге жасалатын кросс-селлинг бағыты бойынша филиалдардың жұмыс қарқынын арттыру есебінен бөлшекті бизнестің пайыздық емес кірісінің өсімі байқалды.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың өткізу желісі 2018 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша 19 филиалдан және олардың 101 құрылымдық бөлімшесінен тұрады. 2017 жылы 1 ФҚБ ашылып, 3 ФҚБ жабылды, Ақтөбе қаласындағы филиал мен 2 ФҚБ көшірілді.





## АҚША АУДАРУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

### Western Union

ЦентрКредит Банкі WesternUnion халықаралық компаниясының Орта Азиядағы алғашқы ресми өкілі болып табылады және 1998 жылдан бастап жеке тұлғаларға халықаралық ақша аудару қызметін ұсынып келеді. ЦентрКредит Банкі WesternUnion жүйесі бойынша жеке тұлғалар арасындағы ақша аударымдарымен қатар QuickPay (WesternUnion жүйесіне қосылған заңды тұлғалардың пайдасына жеке тұлғалар жасайтын төлемдер) және QuickCash (жеке тұлғалардың пайдасына заңды тұлғалар жасайтын төлемдер) төлемдерін қабылдайды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ЦентрКредит Банкінің агенттік желісі 630 қызмет көрсету орнынан тұрады. АТФ Банк, Forte Bank, Цеснабанк, Сбербанк, ВТБ Банкі (Қазақстан), Астана Банкі, Tengri Bank (бұрынғы Данабанк), Capital Bank Kazakhstan, Kassa Nova Bank, BankRBK және Qazaq Bankі сияқты қазақстандық 11 банк ЦентрКредит Банкінің субөкілдері болып табылады.

### «Золотая корона»

2017 жылғы тамызда Банк «Золотая корона» халықаралық төлем жүйесін (ХТЖ) сәтті іске қосты. Бұл – Қазақстан Республикасы, Ресей, сондай-ақ таяу және қиыр шетел аумағындағы 550-ден аса банктер мен серіктестердің инфрақұрылымында сервисі қолжетімді болатын, шот ашпай-ақ, ақша аударымдарын жедел жүргізетін жүйе. «Золотая корона» жеке тұлғалар арасында жақсы жағынан танылды, өйткені ол шот ашуды талап етпейді. Бұл ретте ақша аудару құны төмен және жалпы соманың тек 0,9%-ын құрайды, комиссия жөнелтушіден алынады. 2016 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі «Золотая корона» төлем жүйесін маңызды деп таныды. «Золотая корона» Қазақстанда маңызды жүйе мәртебесіне ие болған үш төлем жүйесінің бірі және ресейлік жалғыз төлем жүйесі болды.

### Жедел аударымдар

«BCC Express» экспресс аударымы ЦКБ-нің жеке өнімі болып табылады және 2000 жылдың шілде айынан бастап сәтті қызмет етіп келеді. «BCC Express» жүйесі Қазақстан бойынша жеке тұлғалардың ақша аударымдарын шот ашпай-ақ, сонымен қатар шот ашып жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жүйенің бірегей артықшылығы: интернет-технологияны және ЦКБ-нің корпоративтік желісін пайдалану есебінен ақша аударымын жоғары жылдамдықпен жеткізу. 2016 жылы жүйенің нарықта

танымалдығын арттыру мақсатында Банк осы ақша аудару жүйесіне ребрендинг жүргізді. 2017 жылы ақша аударымдарын StarBanking жүйесі арқылы жүргізуге мүмкіндік беретін функционал іске асырылды. Қазіргі кезде «BCC Express» жүйесінің жаңа имиджі мен бейнесі аталған ақша жүйесінің сәтті дамуына мүмкіндік береді. 2017 жылы «BCC Express» жүйесі бойынша Қазақстан Республикасы аумағында жеке тұлғалар жүргізген ақша аударымдарының көлемі 2,0 млрд теңгеден асты. Осы жүйе бойынша 2017 жылы барлығы 26 мың ақша аударымы жүргізілді.


### Contact

ЦКБ 2001 жылғы шілде айынан бастап «Contact» ақша аударымдары жүйесі арқылы операцияларды жүзеге асырады. «Contact» жүйесі банктік шот ашпай-ақ, жеке тұлғаларға ТМД және алыс шет елдерге АҚШ долларымен, EURO-мен және Ресей рублімен ақша аударуға мүмкіндік береді. Кейбір елдерде «Contact» жүйесі бойынша аударылған ақшаны мекенжай көрсетілмесе де төлеу мүмкіндігі көзделген. Жүйе ақша қаражатын банктік шотқа және мобильді әмиянға есептеу арқылы ақша аударымын төлеуге мүмкіндік береді. 2010 жылдан бастап «Contact» жүйесінде жеке тұлғалардың төлемдерін шот ашпай-ақ, «Contact» жүйесімен шарттық қарым-қатынас орнатқан заңды тұлғалардың, операторлардың және провайдерлердің пайдасына қабылдау бойынша қызмет көрсетіледі.


### Жедел түсім

ЦентрКредит Банкі ұсынатын «Жедел түсім» қызметі осы жүйеге қосылған компанияның пайдасына Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша түскен ақша түсімін жедел жинауға мүмкіндік береді, сондай-ақ келіп түсетін төлемдер туралы нақты уақыт режимінде шұғыл ақпарат алуды қамтамасыз етеді. «Жедел түсім» жүйесі бойынша төлемдерді қабылдайтын өзіне-өзі қызмет көрсету арналары кеңейтілді. Атап айтқанда, StarBanking жүйесінде және терминалдарда заңды тұлғалардың қызметтері үшін шоттан ақша қаражатын аудару немесе қолма-қол ақша салу арқылы төлем жасауға мүмкіндік беретін қызмет іске қосылды. Қазіргі сәтте «Жедел түсім» жүйесін Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде 2 500-ден астам заңды тұлға пайдаланады. 2017 жылы «Жедел түсім» жүйесі бойынша 18 миллионнан астам төлем қабылданып, заңды тұлғалардың шоттарына 89 млрд теңгеден астам қаражат аударылды.





## КАРТОЧКАЛЫҚ БИЗНЕС ЖӘНЕ ДИСТАНЦИЯЛЫҚ БАНКИНГ



**Попова Татьяна Валерьевна**

**Банк карталары және дистанциялық банкинг  
департаментінің директоры**

2012 жылғы қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Банк карточкалары және дистанциялық банкинг департаментінің директоры.

Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясын «Құрылыстағы экономика және басқару» мамандығы бойынша 1999 жылы бітірген. 2000 жылы Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономика университетіне түсіп, екі жылдан кейін «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірген.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы еңбек жолын 2002 жылы Алматы қалалық филиалының №2 ЕКБ аға кассирі, одан соң шот менеджері лауазымдарынан бастаған. 2004 жылы Пластик карточкалармен жүргізілетін операцияларды сүйемелдеу және бақылау бөлімінің жетекші маманы лауазымы бойынша жұмыс істеп, 2005 жылы Карточка орталығының Карточкалық операцияларды сүйемелдеу және өңдеу секторының меңгерушісі болған.

2006 жылы Алматы қалалық филиалының Карточка орталығының басқарушысы болып жұмыс істейді және осы жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Алматы қалалық филиалының Төлем карточкалары басқармасының бастығы лауазымына тағайындалады.

2008-2011 жылдар аралығында АҚФ Бөлшекті өнімдерді дамыту және ілгерілету басқармасының бастығы, Карточкалық бизнесті сүйемелдеу және қолдау басқармасының бастығы қызметтерін атқарған, 2011 жылы Банк карточкалары департаментінің Басқарушы директоры лауазымына тағайындалған.





2017 жылы Банк көптеген жаңа карточкалар енгізіп, қашықтан көрсетілетін банкинг өнімдері бойынша функционалын едәуір кеңейтті.

Желтоқсан айында MasterCard төлем жүйесінің негізінде Cash-Back өнімі іске қосылды. CashBack – төлем карточкасы бойынша тауарлар мен қызметті сатып алған кезде, қолма-қолсыз жүргізілген операциялар сомасының бір бөлігінің карточка ұстаушыға қайтарылуы. Карта дебет картасы түрінде, сондай-ақ кредит картасы түрінде шығарылады.

Бірден берілетін MasterCard Standard төлем картасы арқылы қашықтан басқаруға болатын жаңа бірегей өнім – «Өзіңмен бірге» депозиті ашылды. Депозит 1 000 000 теңгеге дейінгі сомаға ашылады және клиентке тәулік бойы қолжетімді болады.

«Төлем карталарын PIN-конвертсіз шығару» жаңа технологиясы енгізілді. Кездейсоқ сандардың жиынтығынан тұратын стандарт PIN-конверттің орнына клиент өзінің мобильді телефонына төлем картасын активациялау үшін қажетті код көрсетілген SMS-хабарлама алады. Осыдан кейін клиент ЦКБ-нің банкоматы арқылы өз бетінше PIN-кодты белгілейді.

Банк өзінің банкоматтары мен POS-терминалдары желісінде UnionPay International халықаралық төлем жүйесінің карталарына қызмет көрсете бастады.

UnionPay International – әлемдегі ең жылдам дамып келе жатқан халықаралық ірі төлем жүйелерінің бірі. Айналымда 162 елде төлем жасауға қабылданатын 6,5 млрдтан аса банктік карталар

қолданылады. UnionPay карталарына қызмет көрсету желісі бүкіл әлем бойынша 2 млн банкомат пен 41 млн сауда-сервис кәсіпорындарынан асады.

MasterCard International халықаралық төлем жүйесінде «Банктің POS-терминалдар желісінде MasterCard PayPass контактісіз карталарын қабылдау» атты PayPass Acquiring жобасы бойынша сертификаттау аяқталды. Технология тауарлар мен қызметтерді сатып алу үшін санаулы секундтар ішінде төлем жасауға мүмкіндік береді, ол үшін контактісіз төлем қабылдау технологиясымен жабдықталған терминалға картаны жақындату қажет.

K-Cell компаниясымен бірге «Мобильді POS-терминал» атты Банктің эквайринг желісіне мобильді POS-терминалдарды қосу бойынша жаңа жоба іске қосылды.

«Интернет-банкинг» жүйесінің функционалы кеңейтілді: «Интернет-банкинг» жүйесі мен 1С арасында тікелей құжат айналымын (DirectBank) жүргізу мүмкіндігі іске асырылды; дебеттік корпоративтік карталарды шығару және салымды орналастыру туралы өтінім беру мүмкіндігі пайда болды.

Заңды тұлғаларға арналған «SMS-хабарлама» және «Email-хабарлама» жаңа өнімі іске қосылды.

StarBanking жүйесінде депозитті, төлем картасы мен ағымдағы шотты онлайн ашу функционалы іске қосылды. Қазақстан бойынша банкаралық ақша аударымдарын жүзеге асыру қолжетімді бола бастады.



## БИЗНЕС-КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

### Нұрғазин Мұрат Маралұлы

#### Корпоративтік қаржы департаментінің директоры

2015 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Корпоративтік қаржы департаментінің директоры.

1995 жылы Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ ауыл шаруашылығы институтын «Инженер-механик» мамандығы бойынша бітірген. Екі жылдан кейін ҚР Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжамдау институтына түсіп, 1999 жылы «Қаржы» мамандығы бойынша Іскерлік әкімшілік жүргізу магистрі (MBA) дәрежесін алған.

Оқуды аяқтаған соң 1999–2002 жылдар аралығында «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Кредиттеу департаментінің Кредиттеу басқармасының кіші кредит офицері, кредит офицері, аға кредит офицері болып жұмыс істеген.

2002 жылы Кредиттеу департаментінің Күрделі жобаларды кредиттеу басқармасының бастығы лауазымына тағайындалады. Одан кейінгі екі жылда Кредиттік тәуекелдер департаментінің Күрделі жобалар бойынша кредиттік тәуекелдер басқармасының бастығы, Жобаларды қаржыландыру басқармасының бастығы лауазымдары бойынша басшылық етеді.

2005 жылдан 2008 жылға дейін Шағын және орта бизнес департаментінің Басқарушы директоры қызметін атқарады, кейін 2010 жылға дейін Бизнессті қолдау және дамыту департаментінің Басқарушы директоры қызметін атқарады.

2010 жылы өз жұмысын Шағын және орта бизнес департаментінің Басқарушы директоры лауазымында жалғастырады. Сол жылы «Цеснабанк» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Осы лауазым бойынша 2015 жылға дейін қызмет атқарды.





## Шағын және Орта бизнес

Қазақстандағы шағын және орта бизнесті қолдау және оны дамыту Банктің басым бағыттары болып табылады. Шағын және орта бизнесті кредиттеу – бұл кәсіпкерлікті дамытудың тиімді құралы. Қаражатты жедел түрде алу компания иелерінің нарық өзгерістеріне тез ден қоюына мүмкіндік береді. Шағын бизнеске кредит беру – бұл өндірістік немесе тауарлық базаны кеңейту, инновациялық технологияны енгізу, жаңа жұмыс орындарын жабдықтау және т. б. мүмкіндігі.

2016-2017 жылдары ШОБ блогына жаңа жеңілдетілген кредиттеу процесі енгізілді.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша Банкте қызмет көрсетілетін ШОБ клиенттерінің саны 926 қарыз алушы клиентті қоса алғанда, 41 014 жетті, ШОБ кредиттерінің саны 3 394 құрады.

ШОБ бойынша:


2 өнім пайдаланатын клиенттер саны – 4 093.

3 өнім пайдаланатын клиенттер саны – 11 818.

4 және одан көп өнім пайдаланатын клиенттер саны – 29 601.

Бұл кезде бірден артық өнім пайдаланған клиенттердің жалпы саны 33 694 клиентті құрады.

## ШОБ кредиттік портфелі\* (млрд теңге)



\*ШОБ несие портфелі бойынша деректер ЦКБ-де қабылданған ішкі сегментация критерийлеріне сәйкес көрсетілген.


ШОБ-ты кредиттеу барысында келесі тенденциялар байқалады:

- Банктің ШОБ сегментін кредиттеу көлемі тұрақты түрде ұлғайып отыр. 2017 жылы ШОБ клиенттеріне берілген кредиттердің жалпы көлемі өткен жылмен салыстырғанда 32%-ға, 69,9 млрд теңгеден 92,3 млрд теңгеге дейін артты.
- Банк құжаттамалық операциялар нарығында өз позициясын нығайтты. 2017 жылдың қорытындысы бойынша Банк шығарған кепілдіктер мен аккредитивтер саны өткен жылға қарағанда 21%-ға артты.

Өңірлерге келетін болсақ, 2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша ШОБ-тың кредиттік портфелі келесі түрде көрсетілген:

Алматы – 31%, ШҚО – 16%, ОҚО – 12%, БҚО – 11%, Астана – 9%.

## Жалпы ШОБ портфеліндегі филиалдардың үлесі



«Банк ЦентрКредит» АҚ жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша банк секторы көшбасшыларының бірі болып табылады. Банк шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың көптеген мемлекеттік бағдарламаларына қатысады.





2017 жылдың қорытындысы бойынша Банк мемлекеттік бағдарламалар аясында тартылған қаражат есебінен жалпы сомасы 51,1 млрд теңгені құрайтын 2,5 мыңнан астам қарыз берді.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында Банк заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің қарыздарын субсидиялау және оған кепілдік беру бойынша 3-ші орынды алады. 01.01.2018ж. жай-күйі бойынша Банк портфелі:

– субсидиялау бойынша көлемі 131 млрд теңгені құрайтын 1 510 кредитті қамтиды. Саны бойынша жылдық өсімі – 355 кредит, көлемі бойынша – 31 млрд теңге;

– кепілдік беру бойынша көлемі 7,7 млрд теңгені құрайтын 629 кредитті қамтиды. Саны бойынша жылдық өсімі – 217 кредит, көлемі бойынша – 2,5 млрд теңге.

Сонымен қатар Банк келесі бағдарламаларға қатысты:

- Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы;
- Азия даму банкінің қарызы есебінен микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру бағдарламасы;
- «Нұрлы жол» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы.

2017 жылғы қазан айында Банк пен «Даму» ҚДҚ» АҚ арасында Азия Даму банкінің қаражаты есебінен шағын, орта және шағын бизнес субъектілерін қаржыландыру үшін 19,8 млрд теңге сомасына келісім жасалды. Алынған қаражатты Банк шектеусіз барлық салаларында ШОБ-ты кредиттеуге, соның ішінде айналыстағы қаражатты толықтыруға, негізгі құрал-жабдықтар сатып алуға және оларды жетілдіруге, өзге банктер берген

кредиттерді қайта қаржыландыруға жұмсайды. Бір қарыз алушыға берілетін кредиттің лимиті 1,080 млрд теңгені құрайды.

Еуропалық қайта құру және даму банкі ЦентрКредит Банкімен бірге әйелдер кәсіпкерлігі субъектілерін қаржыландыру үшін «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы бойынша Орталық Азияда алғашқылардың бірі болып бірінші кредиттік желіні іске қосты. «Бизнестегі әйелдер» атты бұл бағдарлама шағын және орта бизнес саласындағы кәсіпкер әйелдерге қолдау көрсетуге бағытталған.

«Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы салалық шектеулерсіз жүзеге асырылады: теңге құбылмалы болған кезде, жарғылық капиталындағы әйелдердің қатысу үлесі кем дегенде 50%-ды құрайтын және нәзік жандар басқаратын кәсіпорындар кредит ала алады.

Қазіргі кезде Банк «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасын дамыту бағытындағы жұмысын жалғастыруда. Өткен жылы Банк ЕҚДБ қолдауымен Франкфурт бизнес мектебімен бірге Банктің әйелдер кәсіпкерлігі субъектілерімен бірлесіп әрекет етуін дамыту бойынша жаңа механизмді іске қосты.

Қазақстанда шетел компанияларының көбеюіне байланысты Банк дүние жүзінің индустриалды дамыған алдыңғы қатарлы елдерімен байланыс орнатуға барынша тырысты. Осыған байланысты 2017 жылы маусым айында Банкте International Desk деп аталатын жаңа бөлімше құрылды.

International Desk – бұл Банктің жаңа жобасы. Оның мақсаты – шетел компанияларына қаржы қызметін көрсету. Атап айтқанда, бөлімше халықаралық компанияларға және олардың жергілікті серіктестеріне қолдау көрсетеді және кредит беру, сауданы қаржыландыру, есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету мәселелері жөнінде кеңес береді.



International Desk бөлімшесінің қызметкерлері қызмет көрсету барысында шетелдік серіктестердің менталитеті мен мәдени ерекшеліктерін ескереді, бұл қарым-қатынас жасауға қолайлы жағдай жасап, клиенттің Банкке бейілділігін арттырады.

Банктің даму стратегиясын іске асыру аясында 2017 жылы келесі міндеттер орындалды:

- Клиенттерді сегменттеу және олардың хабардар болуын арттыру аясында клиенттің жылдық түсімінің негізінде жаңа сегменттеу жүйесі құрылды.
- Шағын және орта бизнес бойынша басқармалар құрылды.
- Шетел компанияларымен жұмыс жүргізетін International Desk басқармасы құрылды.
- Әр менеджердің ШОБ бойынша жұмыс тиімділігі жөнінде жоспарлы көрсеткіштер белгіленді.


### Корпоративтік бизнес

Корпоративтік блок бизнес-клиенттерге дәстүрлі қаржыландыруды, сауданы қаржыландыруды, кассалық-есеп айырысу қызметтерін, жалақы жобасын, «Интернет-банкинг» жүйесін және т.б. қызметтерді қамтитын қаржы қызметтерінің толық жиынтығын ұсынуға дайын.

Корпоративтік клиенттерге қызмет көрсету саласында Банк бұрынғысынша қашықтан қызмет көрсету технологияларын дамытуға, «Интернет-банкинг» жүйесін заңды тұлғаларға арналған жаңа функциялармен толықтыруға көп көңіл бөледі.

Банк клиенттердің қажеттіліктерін зерттейді, олардың қызметтерінің ерекшеліктерін ескереді, бизнестің ерекшелігін түсінуге, ұсынылатын өнімдер мен қызметтердің құрамын және мазмұнын жетілдіруге тырысады.

### Ірі бизнестің корпоративтік портфелі\* (млрд тенге)



\* Ірі бизнестің несие портфелі бойынша деректер ішкі сегменттеу бойынша ЦКБ-де қабылданған критерийлерге сәйкес келтірілген

Жалпы алғанда, корпоративтік блок 2017 жылды жақсы нәтижелермен аяқтады. Банк ірі корпоративтік клиенттер базасын сақтап қалды және ұлғайтты, сонымен қатар жаңа сапалы қарыз алушыларды тартты.

Банктің 2016-2017 жылдарға арналған даму стратегиясының аясында корпоративтік бизнеске клиенттерді ақша түсімінің негізінде сегменттерге бөлудің жаңа жүйесі құрылды, аса ірі корпоративтік клиенттермен жұмыс жүргізу принциптері жақсартылды, сервисті дамытуға және жақсартуға, сондай-ақ өнімдер мен қызметтер бойынша үздік ұсыныстарды іздеуге қатысты міндеттер мен мақсаттар белгіленді.





## ҚОР НАРЫҒЫНДА ЖӘНЕ БАНКАРАЛЫҚ НАРЫҚТА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОПЕРАЦИЯЛАР

**Габасов Тимур Рауфович**  
Қазынашылық  
департаментінің директоры

2013 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Қазынашылық департаментінің директоры.

Мәскеу қаласындағы Қорғаныс министрлігінің Әскери институтында «Шетел тілдері» (қытай және ағылшын) мамандығы бойынша жоғары білім алған.

1982–1992жж. аралығында Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеген. Еңбек жолын 1992 жылы Алматы қаласындағы «Юнитрейд» ЖШС-да Қаржы директоры ретінде бастаған және осы компанияда 1995 жылға дейін жұмыс істеген.

1996 жылы Алматы қаласындағы «Әлем Банк» АҚ-тың Қазынашылық бөлімінің бастығы лауазымына кірісіп, осы лауазым бойынша 1997 жылға дейін қызмет атқарған. Содан соң «Банк ТұранӘлем» АҚ-қа ауысып, Қазынашылық басқармасының бастығы лауазымында қызмет атқарған. 1998 жылдан бастап 2005 жылға дейін Алматы қаласындағы Citibank Kazakhstan компаниясында қазынашылықтың бас дилері қызметін атқарған. 2005 жылы Алматы қаласындағы «Қазинвестбанк» АҚ Қазынашылық департаментінің Басқарушы директоры лауазымына тағайындалып, осы лауазым бойынша 2013 жылдың қаңтарына дейін жұмыс істеген.



### Халықаралық қатынастар

Халықаралық қатынастарды өзінің дамуының ең маңызды құрама бөлігі ретінде қарастыра отырып, есепті жылы ЦентрКредит Банкі шетелдік қаржы институттарымен, оның ішінде ЕҚДБ-мен белсенді түрде бірлесіп әрекет етуді жалғастырды.

ЦКБ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-пен ынтымақтастықта ЕҚДБ-ның келесі бағдарламаларының қатысушысы болып табылады:

- МШОБ 1 (микро, шағын және орта бизнеске кредит беру);
- әйелдер кәсіпкерлігі;
- ШОБ 2 (шағын және орта бизнеске кредит беру).

Барлық қарыздар МШОБ кредиттеу саласындағы ЦКБ-нің ішкі әлеуетін әрі қарай нығайту мақсатында ЕҚДБ-ның техникалық көмек көрсету бағдарламасымен сүйемелденеді.

ЦентрКредит Банкі әлемнің жетекші банктерімен, сондай-ақ ТМД елдеріндегі, Қазақстандағы және алыс шетелдегі қаржы институттарымен корреспонденттік қатынастарын жалғастырып келеді. Бұл біздің клиенттеріміздің сауда-қаржы операцияларының ауқымын кеңейтуге септігін тигізеді.

ЦентрКредит Банкінің тұрақты дамуын, тұрақты қаржылық жағдайын және кредиттік қабілеттілігін халықаралық рейтинг агенттіктері де атап көрсетті. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ЦентрКредит Банкі келесі кредиттік рейтингтерге ие болды: Fitch: B; S&P: B.

### 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша халықаралық кредиттік рейтингтер:

Рейтинг агенттігі	Ұзақмерзімді рейтинг	Болжам
Standard & Poor's	B	Тұрақты*
Fitch Ratings	B	Тұрақты**

\* 2017 жылғы 14 қыркүйекте Standard&Poor's рейтинг агенттігі ЦКБ-нің ұзақмерзімді рейтингін «B» деңгейінде белгіледі. Рейтингтер бойынша болжам «тұрақты».

\*\* 2017 жылғы 15 желтоқсанда Fitch Ratings рейтинг агенттігі ЦКБ-нің ұзақмерзімді рейтингін «B» деңгейінде растады. Рейтингтер бойынша болжам «тұрақты».



### Қор нарығындағы және банкаралық нарықтағы операциялар

2017 жылы Банк жалпы сомасы 70 млрд теңгеге үшінші облигациялық бағдарламаның шегінде облигациялардың екі шығарылымын (реттелген облигациялар және қамсыздандыруы бар (ипотекалық) облигациялар) мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырды. Осы облигациялар «Негізгі» алаңының «Борыштық бағалы қағаздар» секторының «Облигациялар» санаты бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізіміне кіргізілді. 2017 жыл ішінде Банк «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та мамандандырылған сауда-саттық өткізу арқылы жалпы сомасы 60 млрд теңгеге реттелген облигациялардың жаңа шығарылымын толық орналастырды.

Сонымен қатар облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес Банк 2017 жылы жалпы сомасы 13,0 млрд теңгеге облигациялардың екі шығарылымын жоспарлы түрде өтеді. Облигациялар шығарылымын өтеу соңғы купондық сыйақыны бір уақытта төлеу арқылы айналыстағы облигациялардың атаулы құны бойынша жүзеге асырылды.

ЦентрКредит Банкі ҚРҰБ-ның қысқамерзімді ноталарын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазыналық облигацияларын сатып алу бойынша бастапқы дилер болып табылады, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша брокердің қызметін көрсетеді.

ЦКБ 2017 жылдың қорытындысы бойынша репо операциялары нарығына белсенді қатысушылардың бірі болып табылады. ЦКБ ішкі және сыртқы нарықтарда мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелер жасайды.

### Кастодиандық қызмет

Кастодиан – ЦентрКредит Банкі клиенттерінің активтері:

Кастодиандық қызмет аясында ЦентрКредит Банкі клиенттердің активтерін есепке алу және сақтау қызметтерін көрсетеді, сонымен қатар қазақстандық нарық пен шетелдік нарықта кастодиандық сақтауға берілген активтер бойынша көшбасшы орындарды иеленеді.

Клиенттер	2015, млн теңгемен	2016, млн теңгемен	2017, млн теңгемен
Инвестициялық қорлар	409 824	463 002	578 870
Заңды тұлғалар	304 851	347 221	228 533
Барлығы	728 375	810 223	807 403





## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР

### **Төлеуханова Бибінүр Жұмашқызы** **Операциялық** **департаменттің директоры**

2018 жылғы сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Операциялық департаментінің директоры.

1998 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды «Экономика және менеджмент» мамандығы бойынша бітірген. «Тұран» университетіне түсіп, 2003–2009жж. аралығында білім алуды жалғастырады, яғни 2006 жылы «Заңгер» мамандығын алып, 2009 жылы «Іскерлік әкімшілік жүргізу» мамандығы бойынша магистр болады.

Осындай тамаша білім алғаннан кейін 2010 жылы «Kaspi Bank» АҚ-тың Заңды және жеке тұлғалардың бизнесін басқару департаментінің директоры лауазымында қызмет атқаруға кіріседі. Ал 2011 жылы «Қазинвестбанк» АҚ-қа ауысып, Банк өнімдері департаментінің директоры лауазымында бір жыл қызмет атқарған.

2013–2018жж. аралығында «Еуразиялық банк» АҚ-та Операциялық департаменттің атқарушы директоры – басқарма бастығы болып жұмыс істеген.

2018 жылы өз қызметін «Банк ЦентрКредит» АҚ-та кеңесші лауазымында жалғастырған.



Банктің операциялық бизнес-процестерін оңтайландыру аясында 2017 жылы келесі іс-шаралар жүргізілді.

1. Банк халықаралық стандарттар деңгейіндегі кэш-логистика мәселесіне кірісті.

Қанатқақты жобаны өткізу аясында Банктегі қолма-қол ақшаны басқару тиімділігіне 3 ай бойы талдау жасалды. Қанатқақты жобаның нәтижелері Банк алдында тұрған сын-тегеуріндерді көрсетуге және қолма-қол ақшаны тиімді басқарған кезде қол жеткізуге болатын, нәтижесінде Банкке клиенттердің қолма-қол ақшаға деген қажеттілігіне жедел ден қоюға мүмкіндік беретін, атап айтқанда, желі бойынша «жұмыс істемейтін» қолма-қол ақшаның қалдықтарын азайту, шығыстарды төмендету (жылына 256 млн теңге) мүмкіндігі, Colvig жүйесімен біріктіруді ескере отырып, процесті толық автоматтандыру, барлық элементтерді (АТМ, бөлімшелер мен қоймалар) оңтайландырудың бірыңғай жүйесіне біріктіру, клиенттердің желіге қолжетімділігін ұлғайту, ұзақмерзімді жоспарлау/40 күн бұрын болжам жасау, тәуекелдерді төмендету сияқты негізгі мақсаттарды қоюға мүмкіндік берді.

Сәтті өткізілген қанатқақты жобаның нәтижелері бойынша әлемдік көшбасшы «Файсерв» (Fiserv, Inc.) шешімінің көмегімен қолма-қол ақшаны басқару жобасын енгізу туралы шартқа қол қойылды. Жобаны енгізу мерзімі – 2018 жыл.

2. Банктің ҚР жеке және мемлекеттік сот орындаушыларымен (ЖСО/МСО) бірлесіп әрекет етуінің электрондық арнасы енгізілді.

Қазіргі уақытта Банк шоттардың болуы туралы, тыйым салу/тыйымды алу және инкассолық өкімдер шығару/олардың күшін жою туралы, ақша қаражатының қозғалысы туралы сауалдарды ҚР ӘМ Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электронды түрде өңдейді. Бұл өспелі жиынтықпен қағаз тасымалдағыштағы құжаттардың жалпы санының 90%-нан аса көлемін құрайды.

Автоматтандырудың толық циклін енгізуден күтілетін экономикалық нәтиже – бұл операциялық шығыстарды қысқарту, сауалдармен жұмыс жүргізу процесіне және олардың орындалуына субъектілердің ықпал етуіне жол бермеу, клиенттік шоттар бойынша 2-картотеканы жүргізудің сапалы құрамын жақсарту.

Енгізу процесінде Банк Банктің АБЖ-сын сертификаттау бойынша күрделі жұмыс жүргізді. ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің талабы бойынша екінші деңгейдегі банктердің ҚР ӘМ, АІЖО ААЖ-мен бірлесіп әрекет етуі ақпараттық қауіпсіздік

талаптарына сәйкестік аттестаты болған кезде мүмкін болды. Ағымдағы сәтте «Банк ЦентрКредит» АҚ ҚР аумағында осындай сертификатқа ие болған жалғыз банк болып табылады.

Жасалған электрондық арнаның нарықта баламасы жоқ. Осы арна арқылы Банк, Электрондық үкімет, ҚР Әділет министрлігі арасында бірігуі қамтамасыз етілді. Сонымен қатар осы жүйеге ҚР Жоғарғы Соты, ҚР Әділет министрлігі және ҚР Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасы біріктірілді.

Осы функционалды әзірлеу және енгізу жұмыстары «Colvig» компаниясын тартусыз, 100% Банктің өз күшімен жүргізілді. Біздің Банктің қызметкерлері электрондық бірлесіп әрекет етуді қамтамасыз ету үшін деректермен алмасу форматтарын әзірледі, оларды қазіргі таңда ҚР Әділет министрлігі мен АІЖО ААЖ ҚР-ның екінші деңгейдегі басқа да банктері үшін таратып жатыр.

3. ЕЭО аясында тауар әкелу және келісімшарттың есептік нөмірі бар валюталық шарттар бойынша жанама салықтар төлеу туралы өтініштер бойынша ақпарат алу үшін Банктің сауалдар жіберуі мақсатында ҚР Ұлттық банкімен бірлесіп жасалған жоба – Вэб-сервис функционалы енгізілді.

Бұл жоба келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалуын бақылайтын Банкке ҚРҰБ-ға электрондық сауалдар жіберуге бастама жасауға мүмкіндік береді. Бұдан кейін Ұлттық банк ақпарат алған күні мемлекеттік кірістер органдарынан алынған тауарлар әкелу туралы өтініш бойынша сұралған ақпаратты Банкке веб-сервистің көмегімен береді. Осылайша, Веб-сервистің ақпараттық әзірлемесі арқылы бірлесіп әрекет ету жолымен Банк, Ұлттық банк және мемлекеттік кірістер органы арасында электронды түрде ақпарат алмасу жүзеге асырылады.

Әзірленген Веб-сервистің арқасында есептік тіркеумен басқа банктерден қызметті пайдалануға өткен экспорттаушылар мен импорттаушылардың келісімшарттарының аясында тауар қозғалысы бойынша ақпаратты қамтитын тізілім автоматты түрде жүктеледі.

Әзірлеменің тиімділігі ақпаратты енгізуге кететін уақытты қысқарту, ал одан да маңыздысы мемлекеттік кірістер органының базасынан шынайы деректерді енгізу болып табылады.

Бүгінгі күні 18 221 құжат жүйеде автоматты режимде бақыланып отырады. Бұл процесті автоматтандыруға, қателер жіберу тәуекелдерін барынша азайтуға және валюталық бақылау процесінің сапалы құрамдас бөлігін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.





## АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

### Сәрсембеков Нұрлан Жұмабекұлы

#### Басқарушы директор

2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарушы директоры.

1997 жылы І.Жансүгіров атындағы Талдықорған университетін «Информатика және менеджмент» мамандығы бойынша аяқтап, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа жұмысқа тұрды. Ол жерде 2012 жылға дейін әртүрлі лауазымдарда – WAN бөлімінің инженері, бас инженері, бөлім бастығы, Телекоммуникациялар және байланыс құралдары басқармасының бастығы болып қызмет етті және нәтижесінде Жүйелік қамсыздандыру және телекоммуникациялар департаменті директорының орынбасары болып тағайындалды. Сол уақытта 2004 жылдан бастап 2012 жылға дейін «Қазтелепорт» АҚ-тың Бизнесі стратегиялық дамыту комитетінің мүшесі болды.

2007 жылдан бастап 2009 жылға дейін Халықаралық бизнес академиясында «Менеджмент» мамандығы бойынша оқыды. Осы жылдары Ресей Федерациясының Үкіметі жанындағы РХША (Ресей халық шаруашылығы академиясы) жоғары кәсіби білім беретін мемлекеттік білім беру мекемесінде ақпараттық менеджмент бойынша қосымша білім алды.

2012 жылы Корпоративтік ІТ-технологияларды және телекоммуникациялар жүйелерін дамыту жөніндегі тәуелсіз кеңесші позициясына келді. Бір жыл өткен соң «Нұрбанк» АҚ Басқармасының Басқарушы директоры лауазымына шақырылды.

2014 жылдан бастап 2016 жылға дейін қатарынан екі лауазымды атқарды – «TNS Plus» ЖШС-ның Техникалық директоры және «2dayTelecom» ЖШС-ның (ВымпелКом-Beeline компаниялар тобы) Техникалық директоры.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-қа келгенге дейін 2015 жылдан бастап 2016 жылға дейін «DAR ecosystem» ЖШС-ның (Green Apple компаниялар тобы) Бас директоры қызметін атқарды.



IT дамыту стратегиясының аясында 2016 жылдан бастап Банк Colvir Banking System өндірістік банктік шешімін (бұдан әрі – БАЖ) пайдаланып келеді. Енгізілген сәттен бастап және 2017 жылдың ішінде БАЖ-да клиенттік сервисті кеңейту есебінен кірісті ұлғайтуға және банк клиенттерінің бейілділік деңгейін арттыруға бағытталған процестерді қарқынды дамыту және оңтайландыру жұмыстары жүргізілді:

- StarBanking жүйесінде карта бойынша ай сайын үзінді-көшірме алуға жазылу.
- Қарыз алушылардың басқа ЕДБ-дегі кепілсіз қарыздарын қайта қаржыландыру.
- Заңды тұлғаға карта бойынша ақпарат беру.
- Бейілділік бағдарламасы. Cashback.
- Бейілділік бағдарламасы. Кобрэндинг.
- Ақысын бөліп төлейтін тауар кредиті.
- Кредиттік картаның мерзімін ұзарту.
- Заңды тұлғаларға арналған смс-хабарлама жүйесі.
- «Интернет-банкинг» жүйесін 1С Кәсіпорын ақпараттық жүйесімен онлайн интеграциялау.
- Заңды тұлғалардың банк ішіндегі 24/7 режиміндегі төлемдері.
- StarBanking жүйесінде банк клиенттері арасында сұранысқа ие қызметтерді жеткізушілердің тізімін кеңейту.
- Байланыс орталығын енгізу.
- StarBanking жүйесі арқылы салықтар мен бажды төлеу.

- Web-сайт ([www.starbanking.kz](http://www.starbanking.kz)) арқылы клиентті StarBanking жүйесіне қосу.
- 3D Secure (Verified by Visa Issuing / MasterCard SecureCode Issuing).
- PIN-Set жобасы.
- Сауда эквайрингі (MPOS Kcell).

Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестендіру мақсатында келесі жобалар іске асырылды:

- ХҚЕС 9 жобасына өту.
- Қаржылық мониторинг бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес келуге, инкассалық өкімдерді және т.б. орындауға бағытталған талаптар пулы.
- Бухгалтерлік есеп жүргізу және есептілік бойынша 20 реттеуші есеп автоматтандырылды.

2017 жыл ішінде жеке және ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған төмендегідей техникалық жобалар жүзеге асырылды:

- Colvir БАЖ-дың процессинг орталығын жоспарлы және жоспардан тыс жаңарту.
- StarBanking клиенттері үшін ҰКО ЭЦҚ енгізу.
- Swift төлемдеріне арналған қорғау шараларын іске асыру.
- PCI DSS 3.0 төлем карталарының индустриясы деректерінің қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келу сертификаты алынды.



Операциялық шығыстарды қысқартуға бағытталған қолданыстағы процестерді оңтайландыруға қатысты Банк келесі жобаларды енгізді:

- Мемлекеттік органдармен/коммерциялық органдармен электрондық тұрғыда бірлесіп іс-әрекет ету.
- Жеке сот орындаушыларымен бірлесіп әрекет ету арнасын іске қосу.
- ЕДБ-мен төлемдік талап тапсырмалармен электрондық түрде алмасу.
- Теңгемен жүргізілетін сыртқы шығыс және кіріс төлемдері бойынша ҚР ҰБ ҚБЕАО-мен Жаппай электрондық төлемдер жүйесін құру.
- Кредиттер және клиенттер бойынша Деректер қоймасының онлайн бөлігін құру.

2017 жылы IT инфрақұрылымын жаңартуға және күшейтуге жұмсалған инвестиция 1,99 млрд теңгені құрады.

IT тобы IT дамыту стратегиясын түбегейлі қайта қарастыруды жоспарлады, оның аясында 2018-2020 жылдарға келесі векторлар белгіленген:

1. Цифрлық арналарды дамыту;
2. Өнімдер мен процестерді цифрлау;
3. Аналитикалық жүйелерді дамыту.

IT стратегиясы аясындағы негізгі міндеттер:

- мәліметтер мен деректердің көп мөлшерін электрондық түрде алу үшін мемлекеттік органдармен интеграциялау (анықтамасыз банктік қызметтер);
- жаңа бірегей қызметтерді құру үшін Қаржылық технологиялық компаниялармен интеграциялау;
- Қаржы саласында Ашық платформаларды (Open API) құруға қатысты реттеуді енгізу;
- мобильді төлемдердің жеңілдетілген жүйесін енгізу;
- клиентті қашықтан сәйкестендіру жүйесін енгізу;
- қашықтан ұсынылатын сервистердің мөлшерін арттыру арқылы StarBanking жүйесін жаңарту;
- омниканальділікті дамыту;
- «Интернет-банкинг» жүйесінің мобильді нұсқасын құру;
- Банк клиенттері үшін MarketPlace жүйесін құру;
- чат-боттарды құру, жаңа сатылымдар арнасын құру;
- банктің сандық арналар жүйесін бірыңғай экожүйеге біріктіру;
- үлкен деректер мен машиналық оқытуды дамыту;
- Банктің ішкі процестерін стандарттау және автоматтандыру;
- ақпараттық қауіпсіздік блогын жақсарту.

Жаңа IT стратегиясының аясында Банк қаржылық сервисті банк клиентінің күнделікті өміріне көшіре отырып, «LifeStyle» режиміне кіретін цифрлық арналардың өзіндік экожүйесін қалыптастырады.



# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ



## Maszczyk Roman Aleksander

### Тәуекелдер департаментінің директоры

2018 жылғы қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың тәуекелдер департаментінің директоры.

Варшава университетінде жоғары білім алған. Университетті 1997 жылы бітірген соң, физика ғылымдарының докторы дәрежесін қорғаған.

Ең алғашқы маңызды жұмыс тәжірибесін Bankowy Fundusz Leasingowy SA; PKO-Inwestycje компанияларында алған. Осы компанияда 2001–2003жж. аралығында еңбек еткен.

Сонымен қатар 2001 жылдан бастап 2006 жылға дейін PKO «Bank Polski» компаниясында жұмыс істейді.

2007 жылы «Траст» Ресей ұлттық банкінде Тәуекелдерді басқару жөніндегі директор лауазымында қызмет атқарады, сонымен қатар Украинадағы «Недра» Банкінің Вице-Президенті болады.

Екі жыл өткен соң 2009 жылы Варшава қаласының Пошта банкінің Орталық басқармасы төрағасының кеңесшісі лауазымында қызмет атқарып, Басқарма төрағасының кеңесшісі болады, сонымен қатар PKO «Bank Polski» компаниясының Басқарушы директоры ретінде жұмыс істейді.

2010 жылы «Еуразиялық банк» АҚ-та Басқарма төрағасының орынбасары лауазымы бойынша жұмыс істеп, 2016 жылға дейін Тәуекел-менеджмент департаментінің директоры лауазымында қызмет атқарады.

Екі жыл бойы, яғни 2016 жылдан бастап 2018 жылға дейін Assecco Kz компаниясының Коммерциялық директоры лауазымында қызмет атқарған.



Банкте «үш қорғаныш желісі» принципіне негізделген тәуекелдерді басқарудың кешенді желісі енгізілген. Атап айтқанда, банктік қызмет процесінде тәуекелдерді тудыратын құрылымдық бөлімшелердің өздерінің тәуекелдерді сәйкестендіруі және басқаруы (бірінші желі), тәуекелдер деңгейіне мониторинг жүргізу және тәуекел менеджменті бөлімшесінің тәуекелдерді басқару бойынша тиімді жүйесін құру (екінші желі), ішкі аудит бөлімшесінің операциялық тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалауы (үшінші желі).

Банкте қолданылатын басқарушылық есептілік жүйесі Банктің Директорлар кеңесіне, Басқармасына, уәкілетті алқалы органдарына және мүдделі бөлімшелеріне басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қажет болатын Банктің тәуекелдерге ұшырағыштығы туралы ақпаратты уақытылы және толық ашып көрсетуді қамтамасыз етеді.

Банк қызметіне тән негізгі тәуекелдер:

- кредиттік тәуекел;
- өтімділік тәуекелі;
- нарықтық тәуекел;
- операциялық тәуекел (ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін қоса алғанда);
- комплаенс-тәуекел.

### Кредиттік тәуекелдерді басқару

Кредиттік тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру мақсатында 2017 жылы төмендегідей іс-шаралар өткізілді:

- RM мен кредит аналитиктері арасында құқықтарды шектеу бойынша IT пысықтауларын енгізу жолымен есептелген кредиттік рейтингтің негізінде сыйақы мөлшерлемелерінің дұрыс белгіленбеу ықтималдығы төмендеді (кірісті түгел алмау ықтималдығын барынша азайту). Тәуелсіздік және «төрт көз» принципі қамтамасыз етілді;
- қолданыстағы қарыздар бойынша қауіпті белгілерді (төлеуге қабілеттілік жағдайының нашарлауы) бастапқы сатыда анықтауға бағытталған есептер қатарын енгізу арқылы автоматтандыру деңгейі артты;
- «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС есебінде көрсетілген

ақпаратты (салық берешегі 150 АЕК асатын заңды тұлға салық төлеушілер туралы ақпарат; кеден төлемі, салық және өсімпұлдар бойынша берешегі бар (берешек туындаған күннен бастап 6 ай бойы төленбеген) төлеушілер тізімі; терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесі; жалған кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған салық төлеушілердің тізбесі; мемлекеттік сатып алуға алақол қатысушылардың тізілімі) кең ауқымда пайдалану жолымен қарыз алушылардың төлеуге қабілеттілігі деңгейін және дефолт туындау ықтималдығын дұрыс анықтайтын кредиттік рейтингті көтеру мүмкіндігі алынып тасталды;

- 2018 жылдың басында Банк ХҚЕС (IFRS) 9 стандартына өтті. Жаңа стандартта қаржы құралдарын жіктеу және бағалау бойынша (оның ішінде құнсыздану бойынша) қайта қаралған нұсқаулар және 2013 жылы жарияланған хеджирлеуді есепке алудың жаңа принциптері бойынша қосымша нұсқаулар бар;
- орта және ірі бизнеске қатысты кредиттік өтімдер бойынша талдауды жақсарту үшін орта және ірі бизнес клиенттеріне кредит беру туралы жаңа қағида әзірленіп, қолданысқа енгізілді (Басқарманың 16.02.2017ж. №92 шешімімен бекітілген) және бастапқы кезеңде қарыз алушыларды іріктеу критерийлері әзірленді. Сонымен қатар орта және ірі бизнес клиенттеріне кредит беру бойынша бизнес-процеске қатысты Банк қызметкерлерінің өтімді қабылданғаннан бастап кредит толық өтелгенге дейінгі функционалы өзгертілді;
- сараптамалық қорытындылардың, оның ішінде қаржыландыру туралы лимиттен тыс өтімдер және түпкілікті мониторинг туралы есептерді бекіту туралы өтімдер бойынша Бас офистің тәуекел офицері әзірлейтін қорытындылардың жаңа нысандары әзірленді.

### 2018 жылы төмендегідей іс-шаралар жоспарланып отыр:

- Кредиттік және құжаттамалық тәуекелдерді төмендету мақсатында бақылау функцияларын автоматтандыруға және банктің автоматтандырылған жүйелерінің функционалдарын жетілдіруге бағытталған жұмыстарды жалғастыру.
- Оқыту семинарларын өткізу арқылы өңірлік бөлімшелердің қызметкерлерінің құзыретін, біліктілік деңгейін және жауапкершілігін арттыру.





- Клиент бойынша қауіпті белгілерді автоматты түрде анықтауға, адами факторды төмендетуге және бизнес-клиенттердің қарыздарына жүргізілетін кеңейтілген мониторингті автоматтандыруға бағытталған «Ерте ден қою шаралары» атты банктік қосымшаны енгізу.
- Бөлшекті бизнеске кредит беру туралы шешімді автоматты түрде қабылдауды дамыту аясында 2018 жылы кепілсіз және карточкалық өнімдік желілер бойынша скорингтік карталарды жаңарту жоспарлануда. Банктің автоматтандырылған жүйелерінің функционалын жетілдіру мақсатында бөлшекті кредит беру бойынша кредиттік ережелерді оңтайландыру бойынша іс-шаралар өткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар жеке кәсіпкерлер сегментіне арналған скорингтік модельдерді құру көзделген. Аталмыш модель осы бағыт бойынша клиенттердің кредиттік өтінімдерін талдауды күшейтеді. Бақылау функцияларын оңтайландыру үшін тәуекелдерді барынша азайтуға мүмкіндік беретін антифрод тізімін құру және кредиттік сыртқы ақпарат көздерінің желісін кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілуде.
- Жобаларға сапалы талдау жасау мақсатында кредиттеу салалары бойынша тәуекел офицерлерінің жауапкершілігін ішкі бөлу жоспарланып отыр.
- Салаларға белгіленген лимиттерді бақылау және реттеу.

### Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – депозиттерді қайтару және нақты төлеу мерзімі орнаған кезде, қаржы құралдарына байланысты міндеттемелерді өтеу үшін қаражат алған кезде қиындықтардың туындау тәуекелі.

Қазынашылық департаменті осы тәуекелді басқаруды активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдеріне талдау жасау және ағымдағы өтімділікті қолдау және ақша ағындарын оңтайландыру үшін ақшалай нарықтық операциялар жүргізу арқылы жүзеге асырады.

Жоспарлау және қаржы департаменті өтімділікті ұзақ уақыт бойы ұстап тұру мақсатында баланстың оңтайлы құрылымын есептейді және активтер мен міндеттемелерді басқарады.

Тәуекелдер департаменті өтімділікті басқару бойынша лимиттерді есептейді және өтімділіктің көрсеткіштеріне жүйелі түрде мониторинг жүргізіп отырады.

Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті алдын ала мақұлдағаннан кейін өтімділікті басқару бойынша лимиттерді және гэп-позицияларға белгіленген лимиттерді Банктің Басқармасы мен Директорлар кеңесі бекітеді.

### Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел нарықтық мөлшерлемелердің немесе бағалардың тұрақтылық деңгейіндегі өзгерістердің Банктің кірісіне немесе капиталына кері әсер ету тәуекелін білдіреді. Нарықтық тәуекел дегеніміз – пайыздық тәуекел, валюта тәуекелі және өз қызметінің барысында Банк ұшырауы мүмкін басқа да баға тәуекелдері.

Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті, Тәуекелдерді басқару комитеті Банк үшін жағымды пайыздық маржаны қамтамасыз ете отырып, пайыздық және нарықтық тәуекелдерді басқарады. Жоспарлау және қаржы департаменті Банктің ағымдағы қаржылық жағдайына мониторинг жүргізеді, пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістерге қатысты Банктің сезімталдығын және олардың Банктің табыстылығына әсерін бағалайды.

Банк нарықтық тәуекелді жекелеген қаржы құралдары бойынша портфельдің көлеміне, пайыздық мөлшерлемелерге енгізілген өзгерістердің мерзімдеріне, валюталық жайғасымға, ысыраптар лимиттеріне қатысты ашық позиция бойынша лимиттер белгілеу және олардың сақталуына жүйелі түрде мониторинг жүргізу (мониторингтің нәтижелерін Басқарма қарап, бекітеді) арқылы басқарады. Осы лимиттерді тәуекелдер департаменті есептейді және Банктің Басқармасы мен Директорлар кеңесі бекітеді.

### Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел дегеніміз – жүйелер жұмысындағы іркілістердің, тұрақсыз ұйымдық құрылымның, қызметкерлер жіберген қателіктердің немесе дұрыс құрылмаған бизнес-процестердің салдарынан, сонымен қатар сыртқы жағдайлардың әсерінің нәтижесінде ысыраптың туындау тәуекелі.

Операциялық тәуекелді басқару процесінде Банк басшылыққа алатын негізгі принциптер:

- Банктік операцияларды және процестік модельді қамтамасыз ететін басқа да мәмілелерді жасаудың белгілі бір тәртібі, ережелері және процедуралары;





- ішкі процестерді ұйымдастыру, өкілеттіктерді, қызметтік міндеттерді бөлу;
- «жедел резервтеу» принциптерін және бұзылуға төтеп бере алатын жүйелерді пайдалана отырып, ақпараттық жүйелерді іске қосу;
- ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын қолдану;
- физикалық қауіпсіздікті, оның ішінде банк, оның филиалдары, қоймалары, сейфтері, құжаттары, архивтері орналасқан жайға қойылатын талаптарды қамтитын қауіпсіздікті қамтамасыз ететін шараларды қолдану.

Операциялық тәуекелдерді басқару процесі қызметкерлердің қателіктерге жол беруі жағдайларын төмендетуге, АТ жүйелеріндегі іркілістердің әсерін жоюға, қызметкерлерге жүктемелердің тиімді бөлінуіне және ықтимал материалдық ысырапты төмендетуге септігін тигізеді.

### Комплаенс-тәуекел

Комплаенс-тәуекел дегеніміз – Банктің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің, банктің қызмет көрсету және қаржы нарығында операциялар жүргізу тәртібін реттейтін банктің ішкі құжаттарының, сондай-ақ банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттер заңнамасының талаптарын орындамау салдарынан залал туындауының ықтималдығы.

Осы тәуекелді басқару процесі Банктің іскерлік беделін қорғауға және өз Клиенттерінің ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға байланысты жасайтын операцияларына Банктің тартылу тәуекелін азайту үшін уақытылы және тиісті шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

### Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру

Банк 2017 жылы ҚР Ұлттық банкінің талаптарына, Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсынымдарына және әлемдік үздік тәжірибеге сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру жұмыстарын жалғастырды.

2017 жылы қаржылық, операциялық тәуекелдерді, АТ және АҚ тәуекелдерін басқару жүйесін дамыту саласында төмендегідей іс-шаралар өткізілді:

- PCI DSS және SWIFT саласындағы ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесін жетілдіру бойынша жобаны іске асыру басталды.
- Банктегі операциялық тәуекелдің Негізгі индикаторларына жүргізілетін мониторинг автоматтандырылды.
- Ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесін автоматтандыруға қойылатын талаптар айқындалды.
- ҚРҰБ 28.01.2016ж. №34 Ережесінің талаптарына сәйкес деректерді өңдеудің резервтік орталығының және резервтік байланыс арналарының қызметін тұрақты әрі жүйелі негізде тестілеу функциясы енгізілді.
- Операциялық тәуекелдерді төмендету мақсатында бақылау функцияларын автоматтандыруға және банктің автоматтандырылған жүйелерінің функционалын жетілдіруге бағытталған іс-шаралар тұрақты негізде жүргізіледі.

### 2018 жылға арналған жоспарлар:

- Банктің пайыздық тәуекелі мен нарықтық тәуекелін басқару әдістемесін және процесін жетілдіру, оның ішінде Банктің көрсетілген тәуекелдер түріне сезімталдық деңгейін ұдайы бақылап отыру жолымен жетілдіру;
- PCI DSS және SWIFT саласындағы ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жалғастыру;
- Ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесін автоматтандыру.
- Операциялық тәуекелдерді басқару жүйесін автоматтандыру.





# ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮИЕСІ ЖӘНЕ АУДИТ



**Мусаинова Мира Ибраимқызы**

**Бас аудитор,  
Ішкі аудит**

2017 жылғы қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Ішкі аудит бөлімшесінің Бас аудиторы.

2006 жылы Омбы мемлекеттік университетін «Бухгалтерлік есеп жүргізу, талдау және аудит» мамандығы бойынша бітірген.

2006 жылдан бастап 2007 жылға дейін «Astana Grand» ЖШС-да бағалаушы болып жұмыс істеген. Сонан соң «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-ға ауысып, аудитор болып жұмыс істейді. 2010 жылдан бастап 2015 жылға дейін «HSBC Банк Қазақстан» АҚ-та Қаржылық бақылау бөлімінің бастығы лауазымы бойынша қызмет атқарады. 2015 жылы «Алтын Банк» АҚ-та Бас бухгалтер болып, осы лауазымда 2016 жылға дейін еңбек етеді. 2017 жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-қа Ішкі аудиттің Басқарушылық аудит бөлімінің аға аудиторы лауазымына келеді.



Ішкі аудит жүйесі Банктің дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады, сондай-ақ Банктің Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді.

Директорлар кеңесінің 17.07.2017 жылғы №109 қаулысымен Ішкі аудит қызметінің ұйымдық құрылымы, сандық құрамы және штаттық кестесі бекітілді, сонымен қатар Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің өкілеттік мерзімі белгіленді.

Директорлар кеңесінің 18.10.2017 жылғы №161 қаулысымен Бас аудитор Р. Мусина (зейнеткерлікке шығуына байланысты өзінің жеке бастамасымен) лауазымынан босатылып, 09.10.2018 жылдан бастап Ішкі аудит қызметінің Бас аудитору лауазымына М.И.Мусаинова тағайындалды. Ішкі аудит қызметінің қызметін Аудит комитетінің қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес Аудит комитеті бағыттайды.

2017 жылы Аудит комитеті 4 мәжіліс өткізіп, онда 16 мәселені қарастырды. Оның ішінде 13 мәселе Ішкі аудит қызметінің жұмысына (басқарушылық есептілік, ішкі аудит жоспары, сондай-ақ ұйымдастырушылық және Ішкі аудит қызметі жұмыскерлеріне қатысты өзге мәселелер); 3 мәселе сыртқы аудиторлар қызметіне («Делойт» ЖШС, «КПМГ Аудит» ЖШС) қатысты қаралды.

Ішкі аудит қызметінің міндеті –тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде объективті ішкі аудиторлық тексеру жүргізу және ұсынымдар беру арқылы Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасына олардың Банктің стратегиялық мақсаттарына жету және Банктің құнын арттыру бойынша міндеттерін орындауына қажетті көмек көрсету.


Ішкі аудит қызметінің негізгі мақсаты – Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасына ішкі бақылау жүйесінің, тәуекелдерді басқару жүйесінің, жалпы алғанда корпоративтік басқару жүйесінің сапасы мен тиімді жұмыс істеуіне қатысты Банкті және оның беделін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған тәуелсіз, орынды кепілдіктер беру.

Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Ішкі аудит жүйесі келесі негізгі функцияларды (бірақ мұнымен шектелмейді) жүзеге асырады:

- Тәуекелдерді басқару жүйесіне ішкі аудит жүргізу, оның аясында тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі бағалананады;
- Бухгалтерлік есеп жүргізу, қаржылық және реттеуші есептілікті жасау және олардың тұтастығын қамтамасыз ету тәртібіне ішкі аудит жүргізу – басшылық пен уәкілетті органға берілетін есептіліктің уақытылы, толық, шынайы болуын қамтамасыз ету үшін бухгалтерлік есеп жүргізу тәртібінің және процестерінің, оның ішінде Банктің құрылымдық бөлімшелері арасындағы бірлесіп әрекет ету процестерінің тиімділігі тексеріледі;
- Компаленс-тәуекелдерді басқару жүйесіне аудит жүргізу, оның аясында компаленс-тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі бағаланады;
- Ішкі бақылау жүйесіне ішкі аудит жүргізу, оның аясында ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі бағаланады;
- Банк саясатының және процедураларының тиімділігін бағалау;
- Банк қызметкерлерін басқару жүйесінің жұмысын бағалау;
- Ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқаруды ұйымдастыру және жетілдіру, сондай-ақ Ішкі аудиттің жылдық жоспарының аясында ішкі аудитті ұйымдастыру мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне, Атқарушы органға кеңес беру қызметтерін ұсыну;
- Директорлар кеңесінің және Басқарманың төрағасы немесе мүшелері бастамашылық еткен жоспардан тыс аудиторлық тексерулерді жүргізу;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің нормативтік-құқықтық актілерінде, сонымен қатар Банктің ІАҚ-тың қызметіне қатысты ішкі құжаттарында көзделген басқа мәселелер бойынша ішкі аудит жүргізу.



# МІНСІЗДІККЕ ҰМТЫЛУ



*«Солар фэйрфлай»*

*1973 жыл*

1973 жылы АҚШ-та «Солар фэйрфлай» атты монгольфьер жасалды, ол күн сәулесінің энергиясы арқылы ғана әуеде самғайтын.

*Аспандағы жекпе-жек!*

18-19 ғасырлар – дуэльге шығуды және әуе шарларын сән деп көрген заман. Осыған орай ерекше бір дуэль болған – 1808 жылы Парижде өздері ғашық болған мадмуазель Тиревидің ықыласына бөлену үшін екі ер азамат тапанша арқылы тағдырын сынауды шешкен.





# БАНКТИҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ 2017 ЖЫЛЫ ТӨЛЕНГЕН СЫЙАҚЫНЫҢ МӨЛШЕРІ МЕН ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Банктің Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне сыйақы төлеу «Екінші деңгейдегі банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақылар, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа да түрлерін есептеу жөніндегі ішкі саясатына қойылатын талаптарды және екінші деңгейдегі банктердің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының барлық басшы қызметкерлеріне төленген кірістер туралы есептіліктің нысанын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 74 қаулысына және Банктің ішкі процедураларына сәйкес бекітілген «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың қызметкерлерді ынталандыру жүйесі туралы қағидасына сәйкес, басшы қызметкердің жеке қосқан үлесіне байланысты жүзеге асырылады.

1. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне 2017 жылы төленген сыйақының мөлшері акционерлер жиналысының 30.04.2009 жылғы хаттамасы бойынша бекітілген, Банктің есепті кезең үшін белгіленген жоспарлы жалақы қорының 5%-нан аспайды және 1,2%-ды құрайды.

2. Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақының келесі түрлері белгіленген:

- Директорлар кеңесінің мүшелеріне – жеке қызметінің көрсеткіштері үшін ай сайын төленетін сыйақы;
- Басқарма мүшелеріне – кепілдік берілген лауазымды жалақы, бір жыл ішіндегі жұмыс қорытындысы бойынша төленетін сыйақы.

3. Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне 2017 жылы төленген сыйақының жалпы мөлшері 406 млн теңгені құрады.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың басшы қызметкерлерінің жұмыс сапасын анықтайтын критерийлер:

- жылдық қаржылық көрсеткіштердің орындалуы;
- Банктің таза кіріс алуы.



# ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

**Бөбеева Жанна Сапарәліқызы**

**Адам ресурстары  
департаментінің директоры**

2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Адам ресурстар департаментінің директоры.

1994 жылдан бастап 1997 жылға дейін Middlesex University университетінде жоғары білім алған, саясат және тарих факультетін бітірген. Еңбек жолын 1998 жылы «АТФ Банк» АҚ-та Корреспонденттік қатынастар бөлімінің маманы ретінде бастаған. Кейін жетекші маман, бас маман және бөлім бастығы болған. 2001 жылы Edinburgh University Management School оқу орнында білімін жалғастырып, «MBA Стратегиялық менеджмент» мамандығын алған.

Оқуды аяқтағаннан кейін 2002 жылдан бастап 2006 жылға дейін «АТФ Банк» АҚ-та қаржы институттары басқармасының бастығы болып қызмет атқарған. Сонан соң «АТФ Банк» АҚ-тың «UniCredit – АТФ Финанс» еншілес компаниясына ауысып, 2006 жылдан бастап 2008 жылға дейін Басқарма төрағасы лауазымын атқарған. Екі жыл өткен соң, яғни 2010 жылы «Еуразиялық банк» АҚ-тың Атқарушы директоры лауазымына шақырылған.

2013 жылдан бастап 2017 жылға дейін «Еуразиялық банк» АҚ-тың Басқарушы директоры, «Еуразиялық банк» АҚ-тың Директорлар кеңесі жанындағы Сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшесі болған.





Өз қызметінде ЦКБ қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі принциптердің және қоршаған ортаны қорғау бойынша қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын сақтайды.

ЦКБ-нің қоршаған ортаны қорғау бойынша негізгі принциптері:

- адамның өмірі мен денсаулығын сақтау, халықтың өміріне, еңбек етуіне және демалуына қолайлы қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру;
- тікелей банктік қаржылық операциялар жүргізе отырып, қоршаған ортаға тиюі мүмкін зиянның алдын алу.

ЦКБ жобаларды қаржыландыру кезінде табиғатты қорғау аспектілерін талқылауға ерекше көңіл бөледі және экологияға бағытталған жобаларға қолдау көрсетіп отырады.

ЦКБ-нің Кредит саясатына сәйкес кредиттеуге тыйым салынған бағыттардың бірі – қоршаған ортаға зиянын тигізетін жобаларды қаржыландыру.

ЦКБ заңдық, қаржылық зардаптарға және экологиялық проблемаларға байланысты ЦКБ-нің іскерлік беделіне нұқсан келтіретін жағдайларға жол бермеуге бағытталған тиісті шараларды қабылдап отырады. Жобаны қараған кезде ЦентрКредит Банкінің уәкілетті бөлімшелері ЦентрКредит Банкінің қоршаған ортаны қорғау бойынша негізгі принциптеріне сәйкес келуі бойынша жобаға жан-жақты сараптама жасайды. Кредиттеу барысында қарыз алушылардың қызметіне мониторинг жүргізіледі, табиғатты қорғаудың негізгі принциптеріне сәйкес кредит қаражатының мақсатқа сай пайдаланылуы қадағаланады.

## Банк қызметкерлерінің еңбегін ұйымдастыру жүйесі

### Қызметкерлер туралы жалпы мәлімет

31.12.2017ж. жай-күйі бойынша Банк қызметкерлерінің нақты саны 3 753 қызметкерді құрады, соның ішінде Банктің Бас офисінде 1 024, филиал желісінде 2 729 қызметкер еңбек етеді. Қызметкерлердің орташа жасы – 34,5 жас.

### Қызметкерлердің штаттық санының динамикасы

		2016	2017
Саны	Банк	3 679	3 753
	БО	891	1 024
	Филиалдар	2 788	2 729
Өсімі, адам	Банк	-232	74
	БО	0	133
	Филиалдар	-232	-59
Өсімі, %	Банк	-6%	2%
	БО	0%	15%
	Филиалдар	-8%	-2%





### **Қызметкерлер саласындағы саясат**

Банктің кадрлық саясаты өзара сыйластық, сенімділік пен ұзақмерзімді ынтымақтастыққа бағдарлау принциптеріне негізделген. Банкте қандай да бір белгілер бойынша кемсітуге жол берілмейді. Жынысына, нәсіліне, ұлтына, тегіне, сондай-ақ қызметкердің іскерлік қасиеттеріне байланысты болмайтын басқа да мән-жайларға тәуелсіз, Банктің әрбір қызметкерінің құқықтарын іске асыру үшін тең мүмкіндіктері бар.

Банкте еңбекақы төлеу қызметкерлерді тиімді жұмыс істеуге және нәтижеге қол жеткізуге ынталандыруға бағытталған және қызметкердің біліктілігіне байланысты сыйақының бекітілген бөлігіне және қызметкердің жеке жетістіктеріне байланысты сыйақының ауыспалы бөлігіне негізделген.

Банкте жоғарынәтижелі қызметкерлерді ұстап қалу, дамыту және ілгерілету үшін кадрлық резервті қалыптастыру жұмыстары тұрақты негізде жүргізілуде. Бас офистің және филиалдардың құрылымдық бөлімшелері басшыларының сабақтастығын жоспарлау бағдарламасы іске асырылады.

Сынақ мерзімінен өткеннен кейін Банктің барлық қызметкерлерінің әлеуметтік пакетіне амбулаториялық, стационарлық және стоматологиялық қызмет көрсетуді қамтитын медициналық сақтандыру кіреді. Сонымен қатар Банк қиын жағдайға түскен қызметкерлерге қолдау көрсетеді.

### **Оқыту және дамыту**

Қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсатында 2017 жылы әртүрлі бағдарлама, соның ішінде вебинарлар бойынша 1 852 маман оқытылды. Стратегиялық серіктеспен бірге Kookmin Bank (Корея, Сеул) Корпоративтік оқу орталығында кредиттеу мәселелері бойынша өткізілген апталық оқуға 20 қызметкер қатысты. ЕҚДБ жобасының аясында филиалдардың қызметкерлеріне арналған 2 кешенді семинар ұйымдастырылып, өткізілді, 43 қызметкер оқытылды. Банктің ішкі тренерлері клиентке бағытталған сервис, қызмет көрсету сапасының стандарттары, сатылымдар техникасы, тиімді коммуникациялар, жанжалды басқару және т.б. бойынша 37 тренинг өткізіп,



өңірлердің 472 қызметкері оқытылды. Қазақстан Республикасы аумағында және таяу шетелде сырттай оқыту аясында 468 қызметкер оқытылып, сертификат алды. Қызметтің сәйкес бағыттары бойынша Банк қызметкерлеріне 7 139 әртүрлі қашықтан оқыту курсы белгіленді.

### **Аударма**

«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасы заңының, ономастика мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заң актілерінің талаптарын сақтау мақсатында Банк банктің өнімдері мен қызметтері туралы қажетті ақпараттың клиенттерге қазақ тілінің грамматикалық және стилистикалық нормаларына және бекітілген терминологияға сәйкес берілуіне ерекше назар аудара отырып, ішкі және сыртқы құжат айналымының мемлекеттік тілде жүргізілуін қамтамасыз етеді. Клиенттерге қызмет көрсету процестері бойынша Банктің ішкі нормативтік құжаттарын мемлекеттік тілге аударуды жүзеге асырады, банк модульдерінің интерфейсі аудару арқылы

клиенттерге қазақ тілінде қашықтан банктік қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар Аударма бөлімі Банктің шетелдік серіктестерімен және клиенттерімен ынтымақтастық құру аясында түрлі материалдар мен жұмыс барысындағы кездесулерді ағылшын тіліне/ағылшын тілінен жазбаша және ауызша аударуды қамтамасыз етеді.

2017 жылы Аударма бөлімі жазбаша аударуға берілген 20 мыңнан астам өтінімдерді орындады, соның ішінде қазақ тілі бойынша 15 мыңнан астам, ағылшын тілі бойынша 5 мыңнан астам өтінім бойынша аударма жасалды.

### **Адам ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі комитет**

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Адам ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі комитеті есепті кезеңде 38 мәжіліс (комитет мүшелерінің қатысуымен 22 мәжіліс және сырттай 16 мәжіліс) өткізді. Комитет жұмысының аясында марапаттау және тәртіптік жаза қолдану, басшы лауазымдарына тағайындау, сонымен қатар Банк қызметкерлерін жеке бағалау қорытындысы бойынша мәселелер қаралды.





## Еркеғұлов Нұртай Шайқыұлы

### Корпоративтік хатшы

2003 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың корпоративтік хатшысы.

Үш жоғары білімі бар. 1980 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ ұлттық университетін аяқтап, жоғары математикалық білім алды. Оқуын аяқтағаннан кейін 2 жыл ҚазҒЗ Энергетика институтында инженер болып жұмыс істеді, кейін 1986 жылға дейін Қазақстанның ЛКЖО органдарында еңбек етті. Кейін 1989 жылға дейін Қазақ КСР мемлекеттік жоспары жанындағы ЖБАЖ ҒЗИ аға ғылыми қызметкер, сектор меңгерушісі болды. Алматы Халық шаруашылығы институтын «Экономикалық болжамдау және перспективалық жоспарлау әдістері» мамандығы бойынша аяқтап, екінші жоғары білім алды.

1989 жылы Шаруашылық есептегі «Информсервис» компьютерлік орталығының директоры болды. Мұнда алты жыл жұмыс істегеннен кейін компьютерлік орталықтан кетіп, 1995 жылы «Ақмола строй» фирмасын басқарды. Бір жыл өткен соң, 1996 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының консультанты, кейін аға референті болып тағайындалды.

1997 жылы «Ақмола стройинвест» компаниясының Басқарма төрағасының бірінші орынбасары болды. 1998 жылға дейін Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің бөлім бастығы және департамент директоры лауазымын атқарды. Сол кезде Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті төрағасының бірінші орынбасары лауазымына тағайындалып, 1999 жылға дейін қызмет етті.

1999 жылдан бастап 2003 жылға дейін Директорлар кеңесінің төрағасы офисінің кеңесшісі және басшысы болды. 2003 жылдан бастап 2008 жылға дейін Хатшылықтың Директорлар кеңесінің Атқарушы хатшысы лауазымында қызмет етті. 2005 жылдан бастап 2007 жылға дейін Халықаралық бизнес академиясының магистратурасында білім алып, «Менеджмент» мамандығы бойынша магистр дәрежесін алды.



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы корпоративтік басқару акционерлер жиналысында бекітілген (2006 жылғы 26 мамырдағы хаттама, 5.1-тармақ), кейін акционерлердің жиналысында бекітілген (2009 жылғы 30 сәуірдегі хаттама, 6.1-тармақ, 2013 жылғы 26 сәуірдегі хаттама, 5.1-тармақ, 2015 жылғы 24 сәуірдегі хаттама, 4.1-тармақ) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы корпоративтік басқару келесі ұстанымдарға негізделген:

1. Корпоративтік басқару Банк акционерлері мен қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүддесін құрметтеуге негізделген және оның тиімді қызмет етуіне, оның ішінде активтерінің құнын арттыруға, қаржылық тұрақтылығын берік ұстап тұруға, табыс алуына, сондай-ақ жұмыс орындарын ашуына ықпал етеді.
2. Банктің тиімді қызметі мен инвестициялық тартымдылығының негізі – корпоративтік басқаруға қатысушылардың барлығының өз қызметін жүзеге асыруының ашықтығы. Корпоративтік басқарудың ұстанымдары Банкті басқаруға байланысты туындайтын қарым-қатынаста өзара сенімділікті орнатуға бағытталған.
3. Корпоративтік басқару тәжірибесі акционерлерге қоғамға қатысуына байланысты өздерінің құқықтарын жүзеге асыруға нақты мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі қажет.
4. Банктегі корпоративтік басқару тәжірибесі акциялардың бір түрін иеленетін акционерлерге бірдей қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Құқықтары бұзылған жағдайда, барлық акционерлер тиімді қорғалу мүмкіндігіне ие болады.
5. Корпоративтік басқару тәжірибесі Директорлар кеңесінің Банк қызметін стратегиялық басқаруын және Басқарманың қызметін тиімді бақылауын, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің өз акционерлеріне есеп беруін қамтамасыз етуі қажет.

6. Корпоративтік басқару тәжірибесі Банктің атқарушы органдарына (Басқарма) Банктің ағымдағы қызметін саналы түрде, адал, тек Банктің мүддесінде ғана тиімді басқару мүмкіндігін, сондай-ақ атқарушы органдардың (Басқарма) Банктің директорлар кеңесі мен акционерлеріне есеп беруін қамтамасыз етуі қажет.

7. Корпоративтік басқару тәжірибесі Банк акционерлері мен инвесторларының негізді шешім қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында Банк туралы, соның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, меншік және басқару құрылымы туралы толық және шынайы ақпаратты уақытылы жария етуді қамтамасыз етеді.

8. Корпоративтік басқару тәжірибесі Банктің активтерін, Банктің акциялары мен бағалы қағаздарының құнын ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын құру мақсатында мүдделі тұлғалардың, соның ішінде Банк қызметкерлерінің заңнамада белгіленген құқықтарын есепке алуы және Банк пен мүдделі тұлғалардың белсенді ынтымақтастығын қолдауы қажет.

9. Корпоративтік басқару тәжірибесі акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Банктің қаржылық-шаруашылық қызметіне тиімді бақылау жасауды қамтамасыз етуі қажет.

10. Корпоративтік басқару тәжірибесі Банк өз қызметін жүзеге асырған кезде қоршаған ортаны қорғау қажеттілігін есепке алуы қажет.

Аталған ұстанымдар «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңын, Экономикалық ынтымақтастық және дамыту ұйымының (ЭЫДҰ) корпоративтік басқару ұстанымдарын, корпоративтік басқару саласындағы халықаралық тәжірибені назарға ала отырып қалыптастырылған.





## КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР

### Акционерлердің жиналыстары

2017 жылғы 21 ақпанда «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің сырттай дауыс беру арқылы өткізілген кезектен тыс жалпы жиналысының қорытындысы жасалды. Дауыс беру қорытындысы бойынша келесі шешім қабылданды: 1. Есеп комиссиясының төрағасы Хон Ольга Юрьевнаның және Есеп комиссиясының мүшесі Қалекеева Шолпан Ыбырайқызының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын және 2017 жылғы 21 ақпаннан бастап Есеп комиссиясының құрамына Туманчинов Жанат Мұхамбекұлы Есеп комиссиясының төрағасы және Арғымбаева Гүлмира Бақытжанқызы Есеп комиссиясының мүшесі болып сайлансын; 2. Kweon Hongji мырза қоса есептегенде 2017 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейінгі өкілеттік мерзімімен Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор лауазымына сайлансын.

2017 жылғы 19 мамырда күн тәртібіндегі келесі мәселелер бойынша акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілді:

1. 2016 жылғы қызметінің нәтижесі туралы «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасының есебі.
2. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2016 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігін бекіту.
3. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2016 жыл бойынша таза кірісін бөлу тәртібін бекіту.
4. 2017 жылы аудит жүргізу үшін «Делойт» ЖШС аудиторлық компаниясын бекіту туралы.
5. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын дайындау барысында Директорлар кеңесі күн тәртібін алтыншы мәселемен толықтырғаны туралы қосымша хабарланды (Директорлар кеңесінің 21.04.2017 жылғы қаулысы):

6. 2017 жылы аудит жүргізу үшін KPMG аудиторлық компаниясын бекіту туралы.

Бұл туралы акционерлерге белгіленген тәртіппен хабарланғаны атап өтілді.

1, 2, 3, 6-мәселелер бойынша Директорлар кеңесі ұсынған шешімдер қабылданды. 4-мәселе бойынша 2017 жылы банкте аудит жүргізу үшін банктің аудиторы ретінде «Делойт» ЖШС аудиторлық компаниясын бекітпеу туралы шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша 2022 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейінгі өкілеттік мерзімімен Директорлар кеңесінің 6 (алты) адамнан тұратын қазіргі құрамын сақтап қалу туралы шешім қабылданды. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесінің құрамына төмендегілер сайлансын:

Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың ірі қатысушысы;

Жақсыбек Дәурен Әділбекұлы – «Цеснабанк» АҚ акционерінің өкілі;

Ли Владислав Сединович – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың акционері;

Аманқұлов Жұмагелді Рақышұлы – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың акционері;

Черьязданов Салават Қалымғазыұлы, тәуелсіз директор;

Werner Frans Jozef Claes, тәуелсіз директор.





2017 жылғы 28 қыркүйекте күн тәртібіндегі келесі мәселелер бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілді:

1. «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 129 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасына «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың қатысуы туралы.
3. «Акционерлік қоғамдар туралы заңның» 41-бабының 1-тармағына сәйкес «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың жарияланған акцияларының санын арттыру туралы.
4. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде жай акцияларға айырбасталатын қамсыздандырылмаған атаулы купондық реттелген облигацияларды шығару арқылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың міндеттемелерін меншікті капитал мөлшерінің оннан аса пайызын құрайтын шамаға, 60 000 000 000 (алпыс миллиард) теңге сомасына арттыру туралы;
5. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде жай акцияларға айырбасталатын қамсыздандырылмаған атаулы купондық реттелген облигацияларды айырбастау талаптары мен тәртібін, сондай-ақ оларды шығару талаптарын бекіту туралы.
6. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың атаулы купондық реттелген облигацияларын жай акцияларға айырбастаған жағдайда, Директорлар кеңесіне «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың жай акцияларын орналастыру туралы шешім қабылдауды тапсыруды бекіту.

### Келесі шешімдер қабылданды:

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 129 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасына қатысуы бекітілсін (Бағдарлама ұсынылады);

Акционерлік қоғамдар туралы заңның 41-бабының 1-тармағына сәйкес 735 126 008 (жеті жүз отыз бес миллион бір жүз жиырма алты мың сегіз) дана жай акцияны қосымша шығару арқылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың жарияланған акцияларының санын 1 035 126 008 (бір миллиард отыз бес миллион бір жүз жиырма алты мың сегіз) данаға дейін арттыру бекітілсін;


«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде жай акцияларға айырбасталатын қамсыздандырылмаған атаулы купондық реттелген облигацияларды шығару арқылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың міндеттемелерін меншікті капитал мөлшерінің оннан аса пайызын құрайтын шамаға, 60 000 000 000 (алпыс миллиард) теңге сомасына арттыру бекітілсін;

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде жай акцияларға айырбасталатын қамсыздандырылмаған атаулы купондық реттелген облигацияларды айырбастау талаптары мен тәртібі, сондай-ақ оларды шығару талаптары бекітілсін;

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың атаулы купондық реттелген облигацияларын жай акцияларға айырбастаған жағдайда, «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесінің немесе «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың осы мәселе айрықша құзыретіне жататын басқа органының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының аясында «Банк ЦентрКредит» АҚ-







тың атаулы купондық реттелген облигацияларын жай акцияларға айырбастаған сәтте «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың жай акцияларын орналастыру жөнінде шешім қабылдау қажеттігі туралы ақпараты мәлімет ретінде қабылданын.

Директорлар кеңесі тұрақты түрде мәжіліс өткізіп отырды. Есепті кезең ішінде 10 мәжіліс (оның ішінде телефондық конференция өткізу арқылы) өткізді. Мәжілістерде 2016 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту, акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы шешім, «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 129 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасына қатысуы аясында шешімдер қабылдау туралы, Аудит комитетінің төрағасын сайлау туралы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тан ақша қаражатын тарту туралы, облигацияларды орналастыру туралы мәселелер, артықшылықты акцияларды сатып алу туралы, ұйымдық құрылымды өзгерту жөніндегі ұсыныстар, Банктің 2018 жылға арналған бюджетінің жобасы және тағы басқа мәселелер қарастырылды.

Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 19 мамырда өткізілген мәжілісінің хаттамасымен Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы Директорлар кеңесінің төрағасы болып бірауыздан сайланды, Еркеғұлов Нұртай Шайқыұлы Банктің Корпоративтік хатшысы болып бекітілді.

Сонымен қатар осы хаттама бойынша Басқарманың сандық және дербес құрамы бекітілді: «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқармасы мүшелерінің саны – 2022 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейінгі өкілеттік мерзімімен 6 (алты) адам.

## **БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІ ЖЕКЕ БЕКІТІЛДІ:**

**Ли Владислав Сединович** Басқарма төрағасы лауазымына;

**Әділханов Бұлан Әділханұлы** Басқарушы директор, Басқарма мүшесі лауазымына;

**Әлжанов Мақсат Қабыкеноұлы** Басқарушы директор, Басқарма мүшесі лауазымына;

**Төлеубеков Ержан Алшымбекұлы** Басқарушы директор, Басқарма мүшесі лауазымына;

**Хусаинов Ғалым Әбілжанұлы** Басқарушы директор, Басқарма мүшесі лауазымына бекітілді.

Директорлар кеңесі алтыншы Басқарушы директор, Басқарма мүшесі лауазымын уақытша бос қалдыру туралы шешім қабылдады.

2017 жылғы 22 қыркүйекте Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен мәжілісі өтті. Мәжілісте Ли Владислав Сединовичті берген өтінішіне сәйкес «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарма төрағасы лауазымынан босату (бұл кезде Ли Владислав Сединовичтің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің қазіргі мүшесі болып табылатыны мәлімет ретінде қабылданды) және 2017 жылғы 23 қыркүйектен бастап Хусаинов Ғалым Әбілжанұлын 2022 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейінгі өкілеттік мерзімімен және қолданыстағы жалақысын бекітілген штаттық кестеге сәйкес белгілей отырып, «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарма төрағасы лауазымына сайлау туралы шешім қабылданды.



2017 жылғы 18 қазанда Директорлар кеңесінің қаулысымен Ишмұратов Тимур Жақсылықұлы 2022 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейінгі өкілеттік мерзімімен Басқарушы директор, Басқарма мүшесі лауазымына сайланды.

Сонымен қатар осы қаулы бойынша Асылбек Ержан Асылбекұлы 2022 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейінгі өкілеттік мерзімімен Басқарушы директор, Басқарма мүшесі лауазымына сайланды.

2017 жылғы 8 желтоқсанда Директорлар кеңесі қатысу тәртібімен өткізілген мәжілісінде Банктің 2018 жылға арналған бюджеті туралы мәселені бекітіп, ЦентрКредит Банкінің 2016-2020жж. кезеңіне арналған Даму стратегиясының іске асырылуына жүргізілген мониторинг туралы есепті қарастырды.

Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы 232 қаулы қабылдады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Jeoung Sang-Kweon 2017 жылғы 28 сәуірде «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтататыны туралы Директорлар кеңесіне хабарлады.

#### **ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР**

Директорлар кеңесі жанында келесі комитеттер іс-әрекет етеді: аудит комитеті, қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті, тағайындаулар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет, бас офистің кредит комитеті.

#### **АУДИТ КОМИТЕТІ (ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ)**

##### **Аудит комитетінің құрамы: :**

Комитет төрағасы: Werner Claes (Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор); Комитет мүшелері: Ж.Р. Аманқұлов – Аудит комитеті төрағасының орынбасары (Директорлар кеңесінің мүшесі); С.Қ. Черьязданов (Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор).

Комитеттің осы құрамы Директорлар кеңесінің 29.06.2017 жылғы №99 қаулысымен бекітілді. Комитеттің өкілеттігі, кворум, шешім қабылдау тәртібі Директорлар кеңесінің 12.06.2013 жылғы №69 қаулысымен бекітілген «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Аудит комитеті туралы қағидасында» көрсетілген.

2017 жылы Аудит комитеті 4 мәжіліс өткізіп, онда 16 мәселені қарастырды. Оның ішінде 13 мәселе Ішкі аудит қызметінің жұмысына (басқарушылық есептілік, ішкі аудит жоспары, сондай-ақ ұйымдастырушылық және Ішкі аудит қызметі жұмыскерлеріне қатысты өзге мәселелер); 3 мәселе сыртқы аудиторлар қызметіне («Делойт» ЖШС, «КПМГ Аудит» ЖШС) қатысты қаралды.

Аудит комитеті Банктің дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылатын, сондай-ақ Банктің Директорлар кеңесіне бағынатын және есеп беретін Ішкі аудит қызметінің қызметін бағыттайды.





## ҚАРЖЫНЫ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ КОМИТЕТІ

### Комитеттің құрамы:

1. **Байсейітов Б. Р.** – Комитет төрағасы, Директорлар кеңесінің төрағасы;
2. **Ли В. С.** – Комитет төрағасының орынбасары, Директорлар кеңесінің мүшесі;
3. **Аманқұлов Ж. Р.** – Комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі;
4. **Хусаинов Ғ. Ә.** – Комитет мүшесі; Басқарма төрағасы;
5. **Асылбек Е. А.** – Комитет мүшесі; Басқарушы директор, Басқарма мүшесі;
6. **Ишмұратов Т. Ж.** – Комитет мүшесі; Басқарушы директор, Басқарма мүшесі;
7. **Төлеубеков Е. А.** – Комитет мүшесі; Басқарушы директор, Басқарма мүшесі;
8. **Әділханов Б. Ә.** – Комитет мүшесі; Басқарушы директор, Басқарма мүшесі;

Комитет хатшысы **Абубакиров Е. М.**

Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті 2017 жылы кезекті 12 және кезектен тыс 10 мәжіліс өткізіп, 260-тан аса шешім қабылдады.

Бір жыл ішінде Комитет Банктің негізгі қызметіне қатысты, атап айтқанда;

- активтер мен міндеттемелерді, капиталды басқару,
- өтімділікті басқару,
- қаржылық тәуекелдерді басқару,
- пайыздық саясаттың орындалуын бақылау,
- ішкі және реттеуші нормативтерді орындау жөніндегі мәселелерді қарап, өзекті шешімдерді уақытылы қабылдады.

Нәтижесінде Банктің қаржылық көрсеткіштерін, рентабельділігін, активтердің әртараптандырылуын, бизнестің тұрақтылығын, капиталдың жеткіліктілігін, банк өнімдерінің клиенттер үшін тартымды болуын жақсарту бойынша іс-шаралар өткізілді.

## БАС ОФИСТІҢ КРЕДИТ КОМИТЕТІ

Директорлар кеңесінің 06.12.2010 жылғы №282 қаулысымен бекітілген «Бас офистің Кредит комитеті туралы қағидаға» Директорлар кеңесінің 18.01.2017 жылғы №2 және 04.01.2018 жылғы №5 қаулыларына сәйкес өзгерістер енгізілді.

### Өзгеріс бірінші кезекте Комитеттің құрамына қатысты болды:

1) Кредиттік өтінімдерді қарастыру және ол бойынша шешімдер қабылдау процесін оңтайландыруға бағытталған Банктің ұйымдық құрылымын өзгертудің салдарынан топтардың атаулары өзгерді: Кредиттеу тобының атауы Кредиттеу және тәуекелдерді басқару тобы деп, Бизнес тобы Корпоративтік бизнес тобы және Бөлшекті бизнес тобы болып өзгертілді.

2) Кореялық «Кукмин Банкі» ЦентрКредит Банкінің акционерлері құрамынан шыққаннан кейін Директорлар кеңесінің екінші мүшесі алынып тасталды.

3) Комитеттің қажетті кворумын қамтамасыз ету және сатылымдар бөлімшелерінің жауапкершілігін күшейту үшін Комитеттің міндетті мүшелерінің тізіміне корпоративтік бизнес тобын бағыттайтын Басқарушы директор мен Корпоративтік қаржы департаментінің директоры қосымша енгізілді.

Заңды тұлғаларға кредит беру бизнес-процесінің өзгеруіне және төлеуге қабілеттілігі мен кредитті өтеуге қабілеттілігіне талдау жасау бойынша функционалдың өңірлік Кредиттік талдау орталығы қызметкерлерінен бизнес клиенттер бойынша сатылымдар бөлімшесіне берілуіне байланысты кредиттеу мәселесін қарастыруға арналған міндетті құжаттардың тізімі жаңартылды.

2017 жыл ішінде Бас офистің Кредит комитетінде қаржыландыру туралы жалпы сомасы 311 млрд теңгені құрайтын 210 кредиттік өтінім қарастырылды, оның ішінде:





1. заңды тұлғалардың жалпы сомасы 310,9 млрд теңгені құрайтын 190 өтінімі;

2. жеке тұлғалардың жалпы сомасы 356 млн теңгені құрайтын 20 өтінімі.

2017 жылы Бас офистің Кредит комитетінде қарастырылған қаржыландыру туралы өтінімдердің ішінде:

- жалпы сомасы 254 млрд теңгені құрайтын 193 өтінім мақұлданды, бұл қарастырылған өтінімнің жалпы санының 92%-ын құрайды;
- Банктің ішкі процедураларына сәйкес келмеуіне байланысты кредиттік өтінімдердің 8% қабылданбады (сомасы 57 млрд теңгені құрайтын 17 өтінім);
- Қаржыландыру туралы мақұлданған өтінімдердің негізгі үлесін Алматы қалалық филиалының (58%, жалпы сомасы 148 млрд теңге) және Астана қаласындағы филиалдың (25%, жалпы сомасы 63 млрд теңге) өтінімдері құрайды.

Қаржыландыру туралы өтінімдерден басқа, кредиттерге қызмет көрсетудің тұрақты процесін қамтамасыз етуге бағытталған, Банктің қолданыстағы қарыз алушылары бойынша қаржыландыру талаптарын өзгерту мәселелері жүйелі түрде қаралады.

Жоғары көрсетілгендермен қатар Бас офистің Кредит комитетінде Банктің бизнес-процестеріне қатысты келесі жалпы сипаттағы мәселелер қаралды:

- Кепілдік шығаруға арналған кепілдік міндеттемелердің жаңа нысандары бекітілді;
- филиалдар мен Кредиттік талдау орталықтары бойынша «бір қарыз алушыға» өз бетінше кредит беру лимиттері қайта қаралды;
- Кредиттік тәуекелдер департаментінің филиалдар мен өңірлік кредиттік талдау орталықтарының кредиттік қызметін инспекциялау нәтижелері туралы есептері қаралды;
- кредиттік тәуекелі ең аз компаниялардың АҚШ долларындағы айналымдағы қаражатын толықтыру үшін қысқа мерзімге қаржы беру мақсатында «Үздік компаниялар» тізімі белгіленіп, жеңілдетілген сараптамалық қорытынды мен тәуекелдер бойынша қорытынды бекітілді.

Жақын арада кредиттеу бойынша бақылауды және тәуекелге бағдарланған тәсілді қамтамасыз ету үшін Комитеттің құрамына Заң департаментінің директоры мен Кредиттік тәуекелдер департаментінің Кредиттік талдау басқармасының бастығын қосу жоспарланған. Қазіргі сәтте бұл мәселе Банк Басқармасы тарапынан оң шешімін тауып, Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынылды.

## ТАҒАЙЫНДАУЛАР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

### Комитеттің құрамы:

1. **Werner Claes** – комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
2. **Jeoung Sang-Kweon** – комитеттің мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі (2017 жылғы 28 сәуірде Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттіктерін тоқтатты);
3. **Ли В. С.** – комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі;
4. **Аманқұлов Ж. Р.** – комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі;
5. Комитет хатшысы **Еркеғұлов Н. Ш.**

Комитет есепті жылы 4 мәжіліс өткізді, онда Басқарушы директор, Басқарма мүшесі лауазымдарына үміткерлер қарастырылды.

### Басқарма

Есепті жылы Банктің Басқармасы қатысу тәртібімен 95 мәжіліс өткізді, оның ішінде 16 мәжіліс басқарушылық есептілік мәселелері бойынша өтті. 2017 жылы Басқарманың қатысу тәртібімен өткізілген мәжілістерінде басқарушылық есептілік мәселелерін қосқанда, Банктің негізгі қызметі бойынша 118 мәселе қаралды, сонымен қатар сырттай дауыс беру арқылы 957 шешім қабылданды. Басқарма бизнесті дамыту мәселелері бойынша, банктік қызметтің процедуралық мәселелері бойынша шешімдер қабылдады, комитеттер мен комиссиялардың шешімдері бекітілді.



**Басқарманың құрамы**  
**01.01.2017ж. бастап 01.01.2018ж. дейінгі кезең бойынша**

Күні	Басқарма мүшелері	Іс-шаралар
01.01.2017	1. <b>Ли В.С.</b> – Басқарма төрағасы	Басқарманың құрамынан шығарылған күн – 2017 жылғы 22 қыркүйек (ДК мәжілісінің 22.09.2017 жылғы хаттамасы)
	2. <b>Әлжанов М.Қ.</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	Басқарманың құрамынан шығарылған күн – 2017 жылғы 18 қазан (18.10.2017 жылғы №164 ДҚК)
	3. <b>Әділханов Б.Ә.</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	
	4. <b>Won Sung Je</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	Басқарманың құрамынан шығарылған күн – 2017 жылғы 28 сәуір (28.04.2017 жылғы №67 ДҚК)
	5. <b>Han Jong Hwan</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	Басқарманың құрамынан шығарылған күн – 2017 жылғы 28 сәуір (28.04.2017 жылғы №67 ДҚК)
	6. <b>Yang Jinhwan</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	Басқарманың құрамынан шығарылған күн – 2017 жылғы 28 сәуір (28.04.2017 жылғы №67 ДҚК)
02.05.2017	1. <b>Ли В.С.</b> – Басқарма төрағасы	Басқарманың құрамынан шығарылған күн – 2017 жылғы 22 қыркүйек
	2. <b>Әлжанов М.Қ.</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	Басқарманың құрамынан шығарылған күн – 2017 жылғы 18 қазан (18.10.2017 жылғы №164 ДҚК)
	3. <b>Әділханов Б.Ә.</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	
	4. <b>Хусаинов Ф.Ә.</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	Басқарма мүшесі ретінде өкілеттігі 2017 жылғы 2 мамырдан бастап күшіне енді
	5. <b>Төлеубеков Е.А.</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	Басқарма мүшесі ретінде өкілеттігі 2017 жылғы 2 мамырдан бастап күшіне енді
23.09.2017	1. <b>Хусаинов Ф.Ә.</b> – Басқарма төрағасы	Басқарма төрағасы ретінде өкілеттігі 2017 жылғы 23 қыркүйектен бастап күшіне енді
	2. <b>Әділханов Б.Ә.</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	
	3. <b>Әлжанов М.Қ.</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	Басқарманың құрамынан шығарылған күні – 2017 жылғы 18 қазан (18.10.2017 жылғы №164 ДҚК)
	4. <b>Төлеубеков Е.А.</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	Басқарма мүшесі ретінде өкілеттігі 2017 жылғы 2 мамырдан бастап күшіне енді
18.10.2017	<b>1. Хусаинов Ф.Ә. – Басқарма төрағасы</b>	Басқарма төрағасы ретінде өкілеттігі 2017 жылғы 23 қыркүйектен бастап күшіне енді
	2. <b>Әділханов Б.Ә.</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	
	3. <b>Төлеубеков Е.А.</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	Басқарма мүшесі ретінде өкілеттігі 2017 жылғы 2 мамырдан бастап күшіне енді
	4. <b>Ишмұратов Т.Ж.</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	
	5. <b>Асылбек Е.А.</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	
01.01.2018	1. <b>Хусаинов Ф.Ә.</b> – Басқарма төрағасы	Басқарма төрағасы ретінде өкілеттігі 2017 жылғы 23 қыркүйектен бастап күшіне енді
	2. <b>Әділханов Б.Ә.</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	
	3. <b>Төлеубеков Е.А.</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	Басқарма мүшесі ретінде өкілеттігі 2017 жылғы 2 мамырдан бастап күшіне енді
	4. <b>Ишмұратов Т.Ж.</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	
	5. <b>Асылбек Е.А.</b> – Басқарушы директор, Басқарма мүшесі	



# ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАР

## «BCC Invest» АҚ

«BCC Invest» АҚ – Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы, заң бойынша бекітілген барлық лицензиялар мен рұқсаттарды алған. «BCC Invest» АҚ «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың еншілес ұйымы болып табылады.

Компания бағалы қағаздар нарығында келесі қызмет түрлерін көрсетеді:

- Брокерлік қызмет және номиналды ұстаушы қызметі;
- Маркет-мейкер қызметі;
- Облигация ұстаушылардың өкілі қызметі;
- Андеррайтинг қызметі;
- Корпоративтік қаржыландыру және қаржы консалтингі;
- Инвестициялық банкинг;
- Салықты жоспарлау;
- Инвестициялық портфельді басқару;
- Аналитикалық қолдау көрсету.

Соңғы 3 жылда жиынтық активтері 9,4 млрд теңгеден (2014ж.) 15,8 млрд теңгеге (2017ж.) дейін, яғни 68%-ға өсті, пайдасы 5,12 есе өсті. Компания соңғы 3 жылда облигация ұстаушылардың өкілі қызметі, маркет-мейкер қызметі және сенімгерлік басқару қызметі (ИПҚ) бойынша брокерлік нарықта (РЕПО және облигациялар нарығында) көшбасшы орынды иеленді. Соңғы үш жылда комиссиялық кірісі 75,4%-ға өсті.

## Компанияның 2017 жылғы негізгі жетістіктері:

1) Компания KASE-дегі (белсенділік рэнкингі (нарықтық үлесі) бойынша көшбасшы орынға ие болып, облигациялар нарығында брокерлер арасында 2-орынды (нарықтағы үлесі – 16%), РЕПО нарығында 2-орынды (нарықтағы үлесі – 7,1%) және ИПҚ арасында активтерді басқару бойынша 2-орынды (нарықтағы үлесі – 25%) иеленді.

2) Маркет-мейкер қызметі бойынша Компания 2-орынды (нарықтағы үлесі – 14%), ОҰӨ қызметі бойынша 2-орынды (эмитенттердің саны бойынша нарықтағы үлесі – 20%, шығарылым саны бойынша – 44%) иеленді.

3) «ЦентрКредит – Валюталық» инвестициялық пай қоры бойынша нарықтағы үлесі 20%-ды құрайды және «Парасатты баланс» инвестициялық пай қорының үлесі 5%-ды құрайды.

4) Компания «Қазақстанның инвестициялық нарығындағы тиімді менеджмент» номинациясы бойынша Cbonds Awards Kazakhstan марапатына ие болды.

5) BCC Invest KASE-нің «Корпоративтік облигациялар нарығының көшбасшысы» номинациясы бойынша Нарықтың көшбасшысы атанды.

## Қаржылық көрсеткіштері:

Көрсеткіш	2017
Таза пайда, мың теңге	1 478 594
Активтер, мың теңге	15 837 591
Меншікті капитал, мың теңге	6 905 370

## «BCC-ОУСА» ЖШС

«BCC-ОУСА» ЖШС «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 100% еншілес компаниясы болып табылады. Компания 2013 жылғы 21 тамызда құрылған. Ұйымның мақсаты – талап ету құқығын, коммерциялық және инвестициялық жылжымайтын мүлікті бас банктен сатып алу және аталған активтерді бұдан әрі басқару.

## Компания қызметінің негізгі бағыттары:

- бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алу;
- сатып алынған күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтары бойынша кепілге берілген мүлікке өндіріп алу қолдану нәтижесінде бас банктің меншігіне өткен жылжымайтын және жылжымалы мүлікті және (немесе) құрылысы бітпеген объектілерге меншік құқықтарын сатып алу;
- жер телімдері және (немесе) құрылысы бітпеген объектілер түріндегі күмәнді және үмітсіз активтер бойынша





жылжымайтын мүлік объектілерін салуға, құрылысты аяқтауға және (немесе) пайдалануға енгізуге бағытталған қызметті жүзеге асыру;

- сатып алынған күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтары бойынша кепіл (бас тарту төлемі немесе қамсыздандыру) ретінде заңды тұлғалардың акцияларын және (немесе) жарғылық капиталындағы қатысу үлестері қабылданған жағдайда, оларды сатып алу;
- бас банктен сатып алынған күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтары бойынша кепіл, өзге қамсыздандыру ретінде ұсынылған немесе бас тарту төлемі түрінде алынған мүлікке өндіріп алу қолдану нәтижесінде меншігіне өткен жылжымайтын мүлікті жалға беру немесе осындай мүлікті уақытша ақылы пайдаланудың өзге нысанын қолдану;
- қарыз беру;
- күмәнді және үмітсіз активтердің сапасын жақсартуға бағытталған қызметті жүргізу, оның ішінде үшінші тұлғалардан жер телімдерін және (немесе) аяқталмаған құрылысты сатып алу;
- мүлікке және (немесе) мүліктік кешенге байланысты тауарларды, жұмыс пен қызметтерді (оған қоса қызметтік лицензия берілген түрлерін) өндіру және іске асыру;
- күмәнді және үмітсіз активтердің сапасын жақсарту бойынша іс-шараларды жүргізу нәтижесінде сатып алынған (алынған) меншікті мүлікті іске асыру;
- күмәнді және үмітсіз активтерді іске асыру;
- күмәнді және үмітсіз активтерді секьюритилендіру бойынша операцияларды жүргізу;

- берешекті өтеу нәтижесінде алынған уақытша бос ақшаны Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдарға (депозиттерге) орналастыру;
- күмәнді және үмітсіз талаптар бойынша кепілге берілген мүлікті Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында белгіленген тәртіппен іске асыру;
- Бас банктің сатып алған күмәнді және үмітсіз активтері бойынша міндеттемелерді орындау есебіне бас тарту төлемі ретінде акцияларды, заңды тұлғаларға қатысу үлестерін қабылдау.

Соңғы 3 жылда жиынтық активтер 29 757 286 мың теңгеден (2015ж.) 63 575 308 мың теңгеге (2017ж.) дейін өсті. Негізгі қызметтен түскен кірістер 58 515 мың теңгеден (2015 ж.) 365 253 мың теңгеге (2017 ж.) дейін өсті.

#### Қаржылық көрсеткіштері:

Көрсеткіш	2017
Таза залал, мың теңге	(224 206)
Активтер, мың теңге	63 575 308
Меншікті капитал, мың теңге	492 434
Ұзақмерзімді қарыздар, мың теңге	47 509 162



# 2018 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

## Стратегияға сәйкес Банктің миссиясы:

«Клиенттеріміз бен қызметкерлеріміз үшін сенімділік пен тұрақтылықты қамтамасыз ете отырып, біз еліміздің жарқын болашағына бірге қадам жасап, олардың мақсатына жетуі үшін мүмкіндіктер жасаймыз».

## Стратегияға сәйкес Банктің көздегені:

- Үздік сервис көрсететін банк;
- Жоғары технологиялы банк;
- Бөлшекті бизнеске және ШОБ-қа бағытталған әмбебап банк;
- Басқарылатын тәуекел мен мақсатты кірістілік кезіндегі тұрақты өсім;

Қызметкерлер үшін үздік жұмыс орны.

## Банктің 2018 жылға белгіленген негізгі басым мақсаттары мен міндеттері

1. Банктің 2020 жылға дейінгі даму стратегиясының мақсаттарын іске асыру:

а) Бөлшекті бизнес пен ШОБ-тағы үлесті арттыру және корпоративтік портфельдің үлесін ағымдағы деңгейде ұстап тұру арқылы кредиттік портфельді әртараптандыру;

б) Кірістілікті арттыру жұмыстарын жүргізу: меншікті капитал мен активтердің рентабельділік көрсеткіштерін, таза пайыздық маржаны ұлғайту, комиссиялық кірістерді арттыру;

с) Клиенттердің қанағаттанушылығының жоғары деңгейін және клиенттердің кетуінің төмен деңгейін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар.

2. Мақсатты сегменттер үшін өнімдер желісін дамыту.
3. Қашықтан қызмет көрсету арналарын жетілдіру.
4. Мемлекеттік даму бағдарламаларын іске асыруға қатысу.
5. Жаңа IT стратегиясын іске асыру.

## Іскерлік белсенділік стратегиясы

Банктің алдағы үш жылға арналған даму перспективалары:

1. Бөлшекті бизнес бойынша кепілсіз қарыздар мен автокредиттеуді арттыру, ШОБ несие портфелін ұлғайту.
2. Комиссиялық кірісті ұлғайту есебінен транзакциялық өнімдер ауқымын ұлғайту.
3. Бәсекелестікті арттыру мақсатында мақсатты сегменттер үшін өнімдер желісін саралау.
4. Дәстүрлі банкингтен инновациялық-технологиялық және клиентке бағытталған модельге өту.

Қазіргі сәтте Банк кейінгі даму мақсаттары мен міндеттерін қайта қарастыруда, өзекті Стратегияда ағымдағы сыртқы экономикалық конъюнктураға және банк секторына сәйкес Банкті дамытудың негізгі перспективалары қарастырылады.





# АКЦИОНЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

## **«Банк ЦентрКредит» Акционерлік қоғамы**

Заңдық мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050059,

Алматы қ., Медеу ауданы, әл-Фараби даңғ., 38

Телефоны: +7 (727) 244 30 00

Факс: +7 (727) 259 86 22

Веб-сайты: [www.bcc.kz](http://www.bcc.kz)

## **БАНКТИҢ ФИЛИАЛДАРЫ**

### **Алматы қалалық филиалы**

Алматы қ., Бөненбай батыр көш.,

156-үй (Сейфуллин даңғ. қиылысы)

Телефоны: +7 (727) 259 85 98

*e-mail: almaty@centercredit.kz*

### **Ақтау қаласындағы филиал**

Ақтау қ., 12-ықшамаудан, 12-үй

Телефоны: +7 (729) 270 19 00, ішкі 70 001

*e-mail: aktau@centercredit.kz*

### **Ақтөбе қаласындағы филиал**

Ақтөбе қ., Әлия Молдағұлова даңғ., 30-үй

Телефоны: +7 (713) 270 41 26

*e-mail: aktobe@centercredit.kz*

### **Астана қаласындағы филиал**

Астана қ., «Алматы» ауданы, Бараев көш., 7-үй

Телефоны: +7 (717) 291 61 41 ішкі 73 001

*e-mail: astana@centercredit.kz*

### **Атырау қаласындағы филиал**

Атырау қ., Азаттық даңғ., 2-үй

Телефоны: +7 (712) 255 81 11

*e-mail: atyrau@centercredit.kz*

### **Жезқазған қаласындағы филиал**

Жезқазған қ., Бейбітшілік көш., 26А-үй

Телефоны: +7 (710) 299 50 32

*e-mail: zhezkazgan@centercredit.kz*

### **Қарағанды қаласындағы филиал**

Қарағанды қ., Әлиханов көш., 5-үй

Телефоны: +7 (721) 255 89 99

*e-mail: karaganda@centercredit.kz*

### **Көкшетау қаласындағы филиал**

Көкшетау қ., Абай көш., 142-үй

Телефоны: +7 (716) 255 13 13

*e-mail: kokshetau@centercredit.kz*

### **Қостанай қаласындағы филиал**

Қостанай қ., Таран көш., 39-үй

Телефоны: +7 (714) 299 02 00

*e-mail: kostanay@centercredit.kz*



**Қызылорда қаласындағы филиал**

Қызылорда қ., Тоқмағамбетов көш., 46-үй  
Телефоны: +7 (727) 244 30 30  
*e-mail: kzylorda@centercredit.kz*

**Павлодар қаласындағы филиал**

Павлодар қ., Академик Сәтпаев көш.,  
156/1-үй  
Телефоны: +7 (718) 270 38 80  
*e-mail: pavlodar@centercredit.kz*

**Петропавл қаласындағы филиал**

Петропавл қ., Алтынсарин көш., 166-үй  
Телефоны: +7 (715) 255 12 12  
*e-mail: petropavl@centercredit.kz*

**Семей қаласындағы филиал**

Семей қ., Ленин көш., 22-үй  
Телефоны: +7 (722) 260 01 15  
*e-mail: semey@centercredit.kz*

**Талдықорған қаласындағы филиал**

Талдықорған қ., Абылай хан көш., 185/189-үй  
Телефоны: +7 (728) 255 91 53  
*e-mail: tkorgan@centercredit.kz*

**Тараз қаласындағы филиал**

Тараз қ., Қазыбек би көш., 182-үй  
Телефоны: +7 (726) 299 97 22  
*e-mail: taraz@centercredit.kz*

**Орал қаласындағы филиал**

Орал қ., Мұхит көш., 27/2-үй  
Телефоны: +7 (711) 255 41 30  
*e-mail: uralsk@centercredit.kz*

**Өскемен қаласындағы филиал**

Өскемен қ., Максим Горький көш., 19-үй  
Телефоны: +7 (723) 256 02 89  
*e-mail: ustkaman@centercredit.kz*

**Шымкент қаласындағы филиал**

Шымкент қ., Байтұрсынов көш., 20А-үй  
Телефоны: +7 (725) 299 72 60  
*e-mail: shymkent@centercredit.kz*

**ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫ****«ВСС Invest» АҚ**

Алматы қ., 050022, Шевченко көш., 100-үй  
Телефоны: +7 (727) 244 32 32

**«ВСС – ОУСА» ЖШС**

Алматы қ., Панфилов көш., 98-үй



# АЛУАН ҚЫРЛЫ ШЕШІМДЕР



## XIX ғасыр

XIX ғасырда шарлар мереке атрибутына айналған: Рим маңындағы шайқастан бір күн бұрын I Наполеон таққа отырып, тәж киген күні шарлар ұшырылған. Сондай-ақ шарлар ғылыми мақсаттарда да қолданылған: 1802 жылғы маусымда Гумбольдт пен Бомплан әуе шарымен көтеріліп, температура мен атмосфералық қысымды қадағалап, көптеген зерттеулер жүргізген.





# ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

## Мазмұны

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі	
Пайда және залал туралы шоғырландырылған есеп .....	88-89
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп .....	90
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп .....	91
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп .....	92-93
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп .....	94-95
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер .....	96-182





## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының акционерлеріне және Директорлар кеңесіне:

Пікір

Біз «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының және оның еншілес ұйымдарының (бұдан кейін – «Топ») 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептен, пайда мен залал, жиынтық кіріс, меншікті капиталындағы өзгерістер және көрсетілген күні аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен құралған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидалары мен өзге де түсіндірме ақпараттан тұратын ескертпелерге аудит жүргіздік.

Біздің ойымызша ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес барлық маңызды аспектілер тұрғысынан Топтың 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталған жыл ішіндегі шоғырландырылған қаржылық нәтижелері мен шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысын шынайы сипаттайды.

Пікір білдіру негізі

Біз Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз есебіміздің «Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу бойынша аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз Бухгалтерлер этикасының халықаралық стандарттары жөніндегі кеңесінің Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексіне («БХЭСК Кодексі») және Қазақстан Республикасында шоғырландырылған қаржылық есептілікке жүргізілетін аудит бойынша қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Топқа қатысты тәуелсіз қызмет етеміз, сонымен қатар Біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексінде белгіленген өзге этикалық міндеттерді орындадық. Біз өзіміз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті негіз болып табылады деп есептейміз.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – біздің кәсіби пікірімізге сәйкес ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу үшін аса маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілікке біз аудит жүргізген кезде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастырған кезде тұтастай қаралды, сонымен қатар біз осы мәселелер бойынша жеке пікірімізді білдірмейміз.





## Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздануы

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 3 (и) және 16-ескертпелерді қараңыз

Аудиттің негізгі мәселесі	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық процедуралар
<p>Басшылық кәсіби пайымдауларды және субъективті жорамалдарды қолдана отырып, клиенттерге берілген несиелердің құнсыздануын бағалайды.</p> <p>Клиенттерге берілген несиелер көлемінің елеулі болуы (осы несиелердің жалпы сомадағы үлесі 61,39%) және белгісіз болуына байланысты оларды бағалау салдарынан аталған мәселе аудиттің негізгі мәселесі ретінде қарастырылады.</p> <p>Біз құнсызданудың жеке белгілері бар, клиенттерге ұсынылған несиелердің құнсыздануына бөлінген резервті есептеу үшін пайдаланылған жорамалдар мен әдістемелерге ерекше назар аудардық.</p> <p>Сонымен қатар біз құнсызданудың жеке белгілері анықталмаған, заңды тұлғаларға берілген несиелер үшін ұжымдық негізде құнсыздануға бөлінген резервтің шамасын анықтау үшін пайдаланылған әдістемеге ерекше назар аудардық.</p> <p>Жеке тұлғаларға берілген несиелердің құнсыздану шамасы ұжымдық негізде бағаланады; ол үшін несиелік берешек бойынша төлемдерді мерзімінен кешіктіру және кейін міндеттемелерді орындамаудың ықтималдығы (дефолт) туралы, ұсынылған кепілдік қамсыздандырудың нарықтық құны және Топтың несиелік берешекті өтеу есебіне алған кепілдік қамсыздандыруды іске асырудың ықтимал уақыты туралы негізгі жорамалдар пайдаланылады.</p>	<p>Біздің аудиторлық процедураларымыз клиенттерге берілген несиелердің құнсыздануын бағалауға, соның ішінде несиелерді мақұлдау процедурасын бақылауға, несиелерді есепке алуға және оған мониторинг жүргізуге қатысты Топтың негізгі құралдарын бағалау мен тексеруді, сондай-ақ кепілдік қамсыздандыруды іске асыруды қоса алғанда, өтелетін ақша қаражаты ағынының болжамды шамаларын қолдану арқылы ұжымдық негізде құнсыздануды бағалау және ұжымдық негізде бағаланатын несиелер бойынша құнсыздануға бөлінген резервтің жеткіліктілігін анықтаған кезде, сондай-ақ жеке негізде бағаланатын несиелер бойынша құнсыздануға бөлінген резервтің жеткіліктілігін анықтаған кезде, Топтың пайдаланылған әдістемелерін, шығыс деректері мен жорамалдарын бағалауды қамтыды.</p> <p>Біз ұжымдық және жеке негізде бағаланатын несиелердің құнсыздануына бөлінген резервтің шамасын есептеген кезде, Топтың қолданылған жорамалдарын салыстырдық. Аталған процедураны жүргізу аясында біз келтірілген нақты залалдың бұрынғы тәжірибесінің негізінде залал деңгейіне қатысты бағалаулар мен жорамалдарға, кепілдік қамсыздандырудың, дисконттау мөлшерлемесі мен ағымдағы экономикалық факторлардың бағалауына Топтың енгізген өзгерістерін бағаладық.</p> <p>Біз Топтың қызметін түсіну аясында ұжымдық негізде бағаланатын несиелер бойынша құнсыздануға бөлінген резервтің шамасын есептеген кезде пайдаланылған негізгі жорамалдардың тиісті сипаттамасына сыни бағалау жүргіздік.</p> <p>Құнсыздануға қатысты жеке негізде бағаланатын несиелерді таңдау бойынша және негізінен резервін өзгерту ықтималдығы шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсер ететін несиелер бойынша біз пікіріміз бен қолжетімді нарықтық деректерді негізге ала отырып, іске асырылатын кепілдік қамсыздандырудың құнын қоса алғанда, күтілетін ақша қаражатының ағынын анықтаған кезде, Топтың пайдаланылған жорамалдарына талдау жасадық.</p> <p>Біздің ұжымдық негізде бағаланатын клиенттерге ұсынылған несиелерді тестілеу әдістеріміз модельді пайдалану арқылы алынған деректерді қайта санауды және құнсыздануға бөлінген резерв шамасының дәл есептелуін бағалау үшін шығыс деректерін тексеруді қамтыды.</p> <p>Біз Топтың қызметіне және саладағы ағымдағы жағдайға қатысты пікірімізді ескере отырып, модельде пайдаланылатын жорамалдарды сыни тұрғыда бағаладық. Біз ұжымдық негізде құнсыздануды бағалаған кезде пайдаланылатын көрсеткіштердің негізділігіне талдау жасау үшін нақты көрсеткіштерді Топ пайдаланатын көрсеткіштермен салыстырдық. Сонымен қатар біз ағымдағы нақты көрсеткіштермен және басқа да нарықтық деректермен салыстыра отырып, кепілдік қамсыздандыруды іске асырудан түсетін ақша ағынын бағалау және болжау үшін пайдаланылатын жорамалдарға талдау жасадық.</p> <p>Сонымен қатар біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты жария ету Топтың кредиттік тәуекелге ұшырағышығын тиісті дәрежеде көрсететінін не көрсетпейтінін бағаладық.</p>



## Өзге мәліметтер

Топтың 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша және көрсетілген күні аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне басқа аудиторлар аудит жүргізген. Олардың 2017 жылғы 7 наурыздағы есебінде сол есептілік туралы пікір өзгермеген.

## Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауап береді. Өзге ақпарат Топтың 2017 жылғы жылдық есебіндегі ақпаратты ғана қамтиды, яғни өзге ақпаратқа шоғырландырылған қаржылық есептілік және ол бойынша біз жасаған аудиторлық қорытынды кірмейді. Топтың 2017 жылғы жылдық есебі бізге шамамен осы аудиторлық есеп жасалған күннен кейін беріледі.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз өзге ақпаратқа қолданылмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті қамтамасыз ету үшін қорытынды жасамаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізуге байланысты біздің міндетіміз – өзге ақпаратпен танысу және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе біздің аудит жүргізу барысында алған біліміміздің арасында маңызды сәйкессіздіктердің болуы не болмауы және өзге ақпаратта ықтимал маңызды бұрмалаудың болуы не болмауы мәселелерін қарастыру.

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес әзірленіп, дұрыс берілуі үшін, сонымен қатар басшылық адал атқарылмаған іс-әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан мәліметтері елеулі түрде бұрмаланбаған шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеуге қажет деп есептейтін ішкі бақылау жүйесі үшін жауап береді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеу кезінде басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген жағдайларды немесе басшылықтың Топтың қызметін таратуға немесе тоқтатуға қатысты нақты баламасы болмаған жағдайларды

қоспағанда, Топтың қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, сәйкес жағдайларда қызметтің үздіксіз болуына қатысты мәліметтерді жария ету үшін және қызметтің үздіксіз болуына жол беру негізінде есептілікті құру үшін жауап береді. Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеуін қадағалауға жауап береді.

Аудиторлардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу бойынша жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз – шоғырландырылған қаржылық есептілікте адал атқарылмаған іс-әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан елеулі бұрмалаушылықтың болмағанына жеткілікті дәрежеде сенімді болу және біздің пікірімізді білдіретін аудиторлық қорытынды жасау. Жеткілікті дәрежеде сенімді болу дегеніміз – сенімділіктің ең жоғары дәрежесі. Бірақ ол Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілген аудиттің елеулі бұрмалаушылықты үнемі анықтайтынына кепілдік бермейді. Бұрмалаушылық адал атқарылмаған іс-әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан болуы мүмкін, сондай-ақ егер жеке алғанда немесе бірге алғанда олар шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қабылданған, пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп болжанған болса, елеулі бұрмалаушылық деп саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудиттің аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит жүргізу барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар біз төмендегілерді орындаймыз:

– адал атқарылмаған іс-әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз; осындай тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедуралар әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті негіз болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Қателіктердің салдарынан елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекеліне қарағанда, адал атқарылмаған іс-әрекеттердің салдарынан елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі жоғары, өйткені адал атқарылмаған іс-әрекеттер алдын ала келісіп алуды, жалған ақпаратты, мәліметті қасақана қалдырып кетуді, ақпаратты бұрмалауды немесе ішкі бақылаудың қолданыстағы жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтиды;





– мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызды ішкі бақылау ұғымын аламыз, бірақ бұл Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатын көздемейді;

– қолданылатын есеп саясатының тиісті сипаттамасын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін, сонымен қатар басшылық жасаған ақпараттың тиісті дәрежеде жария етілуін бағалаймыз;

– басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы рұқсаттарды қолдануының заңдылығы жөнінде тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде біз Топтың қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне қатысты елеулі күдік туғызуы мүмкін жағдайлар мен талаптарға байланысты маңызды белгісіздіктің болуы жөнінде тұжырым жасаймыз. Маңызды белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше жария етілуіне назар аудартуымыз қажет немесе ақпарат тиісінше жария етілмеген жағдайда, пікірімізді өзгертуіміз қажет. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытынды жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделеді. Алайда болашақтағы оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігін жоғалтуына әкеп соқтыруы мүмкін;

– шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оған қоса ақпараттың жария етілуін, сондай-ақ оның негізіне жатқызылған операциялар мен оқиғалардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз етуді бағалаймыз;

– Топ ішіндегі ұйымдардың шоғырландырылған қаржылық ақпаратына және олардың қызметіне қатысты, шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін жеткілікті және тиісті негіз болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз Топқа аудит жүргізу, оған басшылық ету және оны бақылау үшін жауап береміз. Біз өзіміздің аудиторлық пікіріміз үшін толық жауап береміз.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық тұрғыда бірігіп әрекет етуді жүзеге асырамыз, яғни өзге ақпараттан бөлек, аудит жүргізудің жоспарланған көлемі мен мерзімдері, сонымен қатар аудит жүргізудің нәтижелері бойынша жасалған маңызды ескертпелер, оның ішінде аудит жүргізу процесінде біз анықтаған ішкі бақылау жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы ақпарат беріп отырамыз.

Сонымен қатар біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға аудиторлық тәуелсіздікке қатысты қолданылатын барлық

этикалық талаптарды сақтау туралы өтініш береміз және оларға аудиторлардың тәуелсіздігіне әсер етеді деп жеткілікті негізде санауға болатын барлық мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда қабылданған сақтық шаралары туралы мәлімдейміз. Корпоративтік басқару үшін жауап беретін тұлғаларға мәлімдеген мәселелер қатарынан біз есепті кезең бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу үшін едәуір маңызды мәселелер ретінде аудиттің негізгі мәселелерін айқындаймыз. Осы мәселелер туралы ақпаратты көпшілікке жария етуге заңда немесе нормативтік актілерде тыйым салынған жағдайларды немесе осындай ақпаратты хабарлаудың кері салдары оны хабарлаудан болған қоғамдық маңызы бар пайдадан асып түседі деп дәлелді болжам жасауға болатындықтан, біз өте сирек жағдайларда қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы тиіс деген тұжырымға келген жағдайларды қоспағанда, біз бұл мәселелерді өзіміздің аудиторлық есебімізде сипаттайтын боламыз.

Нәтижелері бойынша осы тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі шығарылып отырған тапсырманың басшысы:

Урдабаева А. А.  
Қазақстан Республикасының  
сертификат берілген аудиторы  
2012 жылғы 27 тамыздағы №МФ-0000096  
Аудитордың біліктілік туралы куәлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС

Аудит қызметімен айналысуға берілген мемлекеттік лицензиясы  
№0000021, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2006  
жылғы 6 желтоқсанда берген.

Хаирова А. А.  
Жарғы негізінде іс-әрекет ететін  
«КПМГ Аудит» ЖШС Бас директоры

2018 жылғы 15 наурыз



## 2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ҚАРЖЫ ЖЫЛЫ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

(теңгемен көрсетілген акция бойынша алынған пайданы қоспағанда, қазақстандық миллион теңгемен)

Ескертпе	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Жалғасатын қызмет		
Пайыздық кіріс	109,938	94,543
Пайыздық шығыс	(62,438)	(68,224)
Пайыз есептелетін активтердің құнсыздануына резерв құрғанға дейінгі таза пайыздық кіріс	4 47,500	26,319
Пайыз есептелетін активтердің құнсыздануына резерв құру	5 (43,743)	(10,603)
Таза пайыздық кіріс	3,757	15,716
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша таза залал	6 (2,447)	(2,212)
Қолдағы сатуға арналған инвестициялар бойынша таза іске асырылған пайда	1,226	1,046
Шетел валютасымен жүргізілген операциялар бойынша таза пайда	7 7,754	6,400
Қызмет көрсетуден алынған кіріс және алынған комиссия	8 21,698	20,649
Қызмет көрсетуге кеткен шығыс және төленген комиссия	(2,797)	(2,329)
Өзге операциялар бойынша құнсыздануға бөлінген резервті (құру)/ қайта қалпына келтіру	(227)	476
Шығарылған реттелген облигациялар бойынша дисконтты мойындаудан түскен кіріс	22 34,993	-
Өзге кіріс /(шығыс)	412	(3,721)
Таза пайыздық емес кіріс	60,612	20,309

17-108-беттерде ұсынылған түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.





## 2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП


(теңгемен көрсетілген акция бойынша алынған пайданы қоспағанда, қазақстандық миллион теңгемен)

	Ескертпе	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Операциялық кіріс		64,369	36,025
Операциялық шығыс	9	(28,299)	(30,732)
Салық салғанға дейінгі операциялық пайда		36,070	5,293
Табыс салығы бойынша шығыс	10	(7,199)	(1,900)
Жалғасатын қызметтен бір жыл ішінде алынған пайда		28,871	3,393
Тоқтатылған қызмет			
Тоқтатылған қызмет бойынша бір жыл ішіндегі пайда		-	1,968
Бір жыл ішіндегі пайда		28,871	5,361
Бас банктің акционерлеріне қатысты		28,800	5,311
Иеліктің бақылаусыз үлестеріне қатысты		71	50
		28,871	5,361
Бір акцияға шаққандағы пайда			
Жалғасатын қызмет бойынша			
Негізгі (теңгемен)	11	143.03	16.63
Туынды (теңгемен)		143.19	16.62
Барлық қызмет бойынша			
Негізгі (теңгемен)		143.19	26.41

Банк Басқармасы 9-108 беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті 2018 жылғы 15 наурызда бекітті және оның атынан қол қойғандар:

  
 Хусаинов Г. А.  
 Басқарма төрағасы  
 2018 жылғы 15 наурыз  
 Алматы қ., Қазақстан

  
 Асылбек Е. А.  
 Басқарушы директор  
 2018 жылғы 15 наурыз  
 Алматы қ., Қазақстан

  
 Нургалиева А. Т.  
 Бас бухгалтер  
 2018 жылғы 15 наурыз  
 Алматы қ., Қазақстан

17-108-беттерде ұсынылған түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



## 2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ КІРІСІ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(теңгемен көрсетілген акция бойынша алынған пайданы қоспағанда, қазақстандық миллион теңгемен)


	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА	28,871	5,361
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС		
Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін баптар:		
Шетелдік қызметті қайта есептеген кезде пайда болған бағамдық айырма (нөл теңге салықты алып тастағанда)	-	250
Кезең ішінде қолдағы сатуға арналған инвестицияларды қайта бағалаудан түскен таза пайда (нөл теңге салықты алып тастағанда)	2,064	1,849
Кезең ішінде іске асырылған қолдағы сатуға арналған инвестициялар бойынша қайта жіктеу (нөл теңге салықты алып тастағанда)	(1,226)	(1,046)
Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар:	838	1,053
Кейін пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелмейтін баптар:		
Ғимараттар мен құрылыстарды қайта бағалау	181	4,625
Негізгі құралдар бойынша қайта бағалаудан түскен резерв сомасын бөлінбеген пайда құрамына аудару	(181)	-
Кейін пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелмейтін барлық баптар:	-	4,625
ТАБЫС САЛЫҒЫН ШЕГЕРГЕНДЕ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС	838	5,678
БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС	29,709	11,039
Бас Банктің акционерлеріне қатысты	29,638	10,989
Иеліктің бақылаусыз үлестеріне қатысты	71	50
БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС	29,709	11,039

Банк Басқармасы 9-108 беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті 2018 жылғы 15 наурызда бекітті және оның атынан қол қойғандар:


  
Хусаинов Г. А.  
Басқарма төрағасы



2018 жылғы 15 наурыз  
Алматы қ., Қазақстан

  
Асылбек Е. А.  
Басқарушы директор

2018 жылғы 15 наурыз  
Алматы қ., Қазақстан

  
Нургалиева А. Т.  
Бас бухгалтер

2018 жылғы 15 наурыз  
Алматы қ., Қазақстан

17-108-беттерде ұсынылған түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады



## 2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП


(егер басқаша көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

Ескертпе	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
<b>АКТИВТЕР:</b>		
Ақша қаражаты және оның баламалары	12 188,056	258,787
Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары	13 33,592	54,492
Қолдағы сатуға арналған инвестициялар	14 150,135	106,139
Өтегенге дейін ұсталатын инвестициялар	-	34,191
Банктердегі қаражат	15 13,140	6,834
Клиенттерге және банктерге берілген несие	16 831,251	818,742
Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер	712	71
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	17 40,820	38,950
Өзге активтер	18 72,792	44,045
	<u>1,330,498</u>	<u>1,362,251</u>
<b>БАРЛЫҚ АКТИВ</b>		
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛ</b>		
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР:</b>		
Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары	13 9,199	9,227
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	19 98,791	109,649
Клиенттердің және банктердің қаражаты	20 976,952	1,053,902
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	21 17,328	24,809
Кейінге жылжытылған табыс салығы бойынша міндеттеме	10 9,580	2,381
Реттелген облигациялар	22 75,454	53,333
Басқа міндеттемелер	23 14,311	9,685
<b>БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕ</b>	<u>1,201,615</u>	<u>1,262,986</u>
<b>МЕНШІКТІ КАПИТАЛ:</b>		
Бас банктің акционерлеріне қатысты капитал:		
Жарғылық капитал	24 69,569	69,789
Қолдағы сатуға арналған инвестицияларды қайта бағалау қоры	(1,101)	(1,939)
Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резерв	4,444	4,625
Бөлінбеген пайда	55,575	26,387
<b>Бас банктің акционерлеріне қатысты барлық капитал</b>	<u>128,487</u>	<u>98,862</u>
<b>Иеліктің бақылаусыз үлестері</b>	<u>396</u>	<u>403</u>
<b>Барлық меншікті капитал</b>	<u>128,883</u>	<u>99,265</u>
<b>БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕ МЕН МЕНШІКТІ КАПИТАЛ</b>	<u>1,330,498</u>	<u>1,362,251</u>
Бір жай акцияның баланстық құны (теңге)	11 700	522
Бір артықшылықты акцияның баланстық құны (теңге)	11 300	300


Банк Басқармасы 9-108 беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті 2018 жылғы 15 наурызда бекітті және оның атынан қол қойғандар:




Хусаинов Г. А.  
Басқарма төрағасы



Асылбек Е. А.  
Басқарушы директор



Нургалиева А. Т.  
Бас бухгалтер

2018 жылғы 15 наурыз  
Алматы қ., Қазақстан

2018 жылғы 15 наурыз  
Алматы қ., Қазақстан

2018 жылғы 15 наурыз  
Алматы қ., Қазақстан

17-108-беттерде ұсынылған түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



**2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША МЕНШІКТІ КАПИТАЛҒА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

(егер басқаша көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

	Жарғылық капитал	Қолдағы сатуға арналған инвестицияларды қайта бағалау қоры	Бағамдық айырма қоры	Негізгі құралдарды қайта бағалау	Бөлінбеген пайда	Бас банктің акционерлеріне қатысты барлық меншікті капитал	Иеліктің бақылаусыз үлестері	Барлық меншікті капитал
2016 жылғы 1 қаңтар	69,741	(2,742)	(250)	-	19,078	85,827	353	86,180
Барлық жиынтық жыл	-	-	-	-	5,311	5,311	50	5,361
Бір жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	-	-	-	-
Өзге жиынтық кіріс	-	-	-	-	-	-	-	-
Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін баптар:	-	803	-	-	-	803	-	803
Қолдағы сатуға арналған инвестициялардың әділ құнының таза өзгеруі	-	-	-	-	-	-	-	-
Шетелдік қызметті қайта есептеуден пайда болған бағамдық айырма	-	-	250	-	-	250	-	250
Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар	-	803	250	-	-	1,053	-	1,053
Пайданың немесе залалдың құрамына кейін қайта жіктелмейтін баптар:	-	-	-	-	-	-	-	-
Кейінге жылжытылған салықтық активтері/кейінге жылжытылған салықтық міндеттемелері шегерілген негізгі құралдарды қайта бағалау	-	-	-	4,625	-	4,625	-	4,625
Пайданың немесе залалдың құрамына кейін қайта жіктелмейтін барлық бап:	-	-	-	4,625	-	4,625	-	4,625
Барлық өзге жиынтық кіріс	-	803	250	4,625	-	5,678	-	5,678
Бір жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс	-	803	250	4,625	5,311	10,989	50	11,039
Меншік иелерімен жүргізілген, тікелей меншікті капиталдың құрамында көрсетілген операциялар	-	-	-	-	-	-	-	-
Меншікті акцияларды сату, нетто	48	-	-	-	-	48	-	48
Меншік иелерімен жүргізілген барлық операция	48	-	-	-	-	48	-	48
Еншілес ұйымдарды сату	-	-	-	-	1,998	1,998	-	1,998
2016 жылғы 31 желтоқсан	69,789	(1,939)	-	4,625	26,387	98,862	403	99,265



	Жарғылық капитал	Қолдағы сатуға арналған инвестицияларды қайта бағалау қоры	Негізгі құралдарды қайта бағалау	Бөлінбеген пайда	Бас банктің акционерлеріне қатысты барлық меншікті капитал	Иеліктің бақылаусыз үлестері	Барлық меншікті капитал
2017 жылғы 1 қаңтар	69,789	(1,939)	4,625	26,387	98,862	403	99,265
Барлық жиынтық кіріс	-	-	-	28,800	28,800	71	28,871
Бір жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	-	-	-
Өзге жиынтық кіріс	-	838	-	-	838	-	838
Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін баптар:	-	838	-	-	838	-	838
Қолдағы сатуға арналған инвестициялардың әділ құнының таза өзгеруі	-	-	(181)	181	-	-	-
Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін барлық бап:	-	838	-	-	838	-	838
Пайданың немесе залалдың құрамына кейін қайта жіктелмейтін баптар:	-	-	(181)	181	-	-	-
Кейінгі жылжытылған салықтық активтері/кейінге жылжытылған салықтық міндеттемелері шегерілген негізгі құралдарды қайта бағалау	-	-	(181)	181	-	-	-
Пайданың немесе залалдың құрамына кейін қайта жіктелмейтін барлық бап:	-	-	(181)	181	-	-	-
Барлық өзге жиынтық кіріс	-	838	(181)	181	838	-	838
Бір жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс	-	838	(181)	28,981	29,638	71	29,709
Меншік иелерімен жүргізілген, тікелей меншікті капиталдың құрамында көрсетілген операциялар	(220)	-	-	-	(220)	-	(220)
Меншікті акцияларды сатып алу, нетто	(220)	-	-	-	(220)	-	(220)
Меншік иелерімен жүргізілген барлық операция	-	-	-	207	207	(78)	129
Еңшілес ұйымдарды тарату	-	-	-	-	-	-	-
2017 жылғы 31 желтоқсан	69,569	(1,101)	4,444	55,575	128,487	396	128,883

Банк Басқармасы 9-108 беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті 2018 жылғы 15 наурызда бекітті және оның атынан қол қойғандар:



Хусаинов Т. А.  
Басқарма төрағасы



Асылбек Е. А.  
Басқарушы директор



Нурғалиева А. Т.  
Бас бухгалтер

2018 жылғы 15 наурыз  
Алматы қ., Қазақстан

2018 жылғы 15 наурыз  
Алматы қ., Қазақстан

17-108-беттерде ұсынылған түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



**2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

(егер басқаша көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:</b>		
Алынған пайыздар	92,235	85,366
Төленген пайыздар	(63,573)	(68,838)
Қызметтер бойынша алынған кіріс және алынған комиссиялар	21,698	20,496
Қызметтер бойынша төленген шығыс және төленген комиссиялар	(1,916)	(1,881)
Шетел валютасымен жүргізілген операциялар бойынша таза пайда	4,565	10,029
Өзге кіріс (шығыс) бойынша түсімдер (төлемдер)	412	(4,123)
Төленген операциялық шығыс	(26,990)	(30,232)
<b>Операциялық активтердегі және міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының түсімі</b>	<b>26,431</b>	<b>10,817</b>
<b>Операциялық активтердің өзгеруі:</b>		
Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін қаржы құралдары	18,819	47,042
Банктердегі қаражат	(6,388)	3,451
Клиенттерге және банктерге берілген несиелер	(58,202)	97,393
Өзге активтер	(4,502)	(10,683)
<b>Операциялық міндеттемелердің өзгеруі:</b>		
Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	(356)	(208)
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	(10,307)	(70,987)
Клиенттердің және банктердің қаражаты	(73,694)	(16,488)
Өзге міндеттемелер	(1,075)	(779)
<b>Салық салғанға дейін операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының (пайдаланылуы) / түсуі</b>	<b>(109,274)</b>	<b>59,558</b>
Төленген табыс салығы	(641)	(1,366)
<b>Операциялық қызметте /қызметтен ақша қаражаты ағымының таза (пайдаланылуы)/ түсуі</b>	<b>(109,915)</b>	<b>58,192</b>
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:</b>		
Қолдағы сатуға арналған инвестицияларды өтеуден және сатудан түскен түсім	730,083	395,946
Қолдағы сатуға арналған инвестицияларды сатып алу	(747,223)	(405,295)
Өтеуге дейін ұсталатын инвестицияларды өтеуден және сатудан түскен түсім	11,773	6,490
Өтеуге дейін ұсталатын инвестицияларды сатып алу	(1,590)	(34,830)
«Банк БЦК – Мәскеу» ЖШҚ - ны сатуға байланысты ақшаның таза кетуі	-	(4,676)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(4,405)	(1,470)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсім	275	66
<b>Инвестициялық қызметте ақша қаражаты ағынының таза пайдаланылуы</b>	<b>(11,087)</b>	<b>(43,769)</b>





### 2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП


(егер басқаша көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Меншікті акцияларды (сатып алу)/ сату, нетто	(220)	48
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түскен түсім	2,569	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу және өтеу	(10,000)	(2,062)
Реттелген облигациялардан түскен түсім	60,000	-
Реттелген облигацияларды өтеу	(3,000)	(9,000)
Қаржылық қызметте ақша қаражаты ағынының таза түсуі / (пайдаланылуы)	49,349	(11,014)
Шетелдік валюта бағамы өзгерісінің ақша қаражатына және олардың баламасына ықпалы	922	(2,696)
АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА (АЗАЮЫ)/ҰЛҒАЮЫ	(70,731)	713
Кезең басындағы АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ	258,787	258,074
Кезең соңындағы АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ (12-ескертпе)	188,056	258,787

Банк Басқармасы 9-108 беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті 2018 жылғы 15 наурызда бекітті және оның атынан қол қойғандар:

  
 Хусаинов Г. А.  
 Басқарма төрағасы



  
 Асылбек Е. А.  
 Басқарушы директор

  
 Нургалиева А. Т.  
 Бас бухгалтер

2018 жылғы 15 наурыз  
Алматы қ., Қазақстан

2018 жылғы 15 наурыз  
Алматы қ., Қазақстан

2018 жылғы 15 наурыз  
Алматы қ., Қазақстан

17-108-беттерде ұсынылған түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.





## 2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

### 1. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

(а) Негізгі қызмет

«Банк ЦентрКредит» АҚ (бұдан кейін – «Банк») 1988 жылы Қазақстан Республикасында құрылған және өз қызметін жүзеге асыратын акционерлік қоғам болып табылады. Банктің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі. Банкке қатысты уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі (бұдан кейін – «ҚРҰБ») болып табылады. Банк өз қызметін 2015 жылы 28 қаңтарда жаңартылып берілген №1.2.25/195/34 лицензияға сәйкес жүргізеді.

Банктің негізгі міндеті – коммерциялық банктік қызметті жүргізу, бағалы қағаздармен, шетел валютасымен және туынды құралдармен операциялар жүргізу, несие және кепілдіктер беру.

Банк Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының мүшесі болып табылады.

Банктің тіркелген офісі Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 38 мекенжайы бойынша орналасқан.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банктің Қазақстан Республикасында орналасқан 19 филиалы болды.

Банк осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің мақсаты үшін шоғырландырылған және төменде көрсетілген еншілес компанияларды қамтитын банктік топтың (бұдан кейін – «Топ») бас компаниясы болып табылады:

Атауы	Қызмет атқаратын ел	Иелену үлесі		Қызмет түрі
		2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан	
«ВСС-ОУСА» ЖШС	Қазақстан Республикасы	100%	100%	Стрестік активтерді басқару
«ВСС Invest» АҚ	Қазақстан Республикасы	95.19%	95.19%	Брокерлік-дилерлік қызмет
«Центр Лизинг» ЖШС	Қазақстан Республикасы	-	90.75%	Қаржы лизингі

2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша жай акциялардың саны келесі үлгіде бөлінген:

	2017 жылғы 31 желтоқсан %	2016 жылғы 31 желтоқсан %
Б.Р.Байсейітов	43.89	31.46
«Цеснабанк» АҚ	29.56	-
Kookmin Bank	-	29.56
ХҚК	-	12.42
Басқалар (акциялардың кемінде 5% жеке иеленетіндер)	26.55	26.56
	100.00	100.00

2008 жылғы 27 тамызда Kookmin Bank (Оңтүстік Корея) Банктің 23% жай акцияларын сатып алды. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Kookmin банктің үлесі Банктің шығарылған акцияларының жалпы санының 41.93% -ын құрады, сондай-ақ Халықаралық қаржы корпорациясының (бұдан кейін – «ХҚК») үлесі Банктің барлық шығарылған капиталының 10% -ын құрады.

2017 жылғы наурызда Банктің акционері Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы ХҚК-ден оған тиесілі Банктің шығарылған акцияларының жалпы санының 10.0% мөлшерінде Банктің жай акцияларын сатып алды. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесінде өзгерістерді тіркеген күн – 2017 жылғы 15 наурыз.

2017 жылғы 17 сәуірде Банктің акционерлері құрамында келесі өзгерістер болды: Банктің акционері, Банк орналастырған акциялардың жалпы санының 41,93% үлесін иеленген «Kookmin Bank» өзіне тиесілі жай және артықшылықты барлық акцияларды «Цеснабанк» АҚ-қа, «Цесна» Қаржы холдингі» АҚ-қа және Байсейітов Бақытбек Рымбекұлына сатты.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасы 2018 жылғы 15 наурызда бекітті.



## 1. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР, ЖАЛҒАСЫ

(б) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру талаптары

Топтың қызметі негізінен Қазақстанда жүзеге асырылады. Сәйкесінше, Топтың бизнесіне Қазақстан экономикасы мен дамып келе жатқан нарықтың ерекшеліктері тән қаржы нарықтары ықпал етеді. Құқықтық, салықтық және әкімшілік жүйелер даму үстінде, алайда жиі өзгеріп отыратын талаптарды бір мағынада түсіндірмеу тәуекелімен байланысты, ол Қазақстанда бизнесін жүргізетін кәсіпорындар үшін басқа заңды және фискалды кедергілермен қатар қосымша проблемалар тудырады.

Сонымен қатар 2015 жылы Қазақстан теңгесінің құнсыздануы және әлемдік нарықтағы мұнай бағасының төмендеуі шаруашылық қызметті жүзеге асыру талаптарының айқын болмау деңгейін арттырды.

Ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есептілік қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыру талаптарының Топтың қызметі мен қаржылық жағдайының нәтижесіне ықпал етуіне басшылық жүргізген бағалауды көрсетеді. Болашақтағы қаржылық-шаруашылық жүргізу талаптарының дамуы басшылық берген бағалаудан ерекшеленуі мүмкін.

## 2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҚҰРУ ПРИНЦИПТЕРІ

(а) ХҚЕС-ке сәйкестігі туралы мәлімдеме

Ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан кейін – «ХҚЕС») сәйкес әзірленген.

(б) Құнды анықтауға арналған база

Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарын және әділ құны бойынша көрсетілген, қолдағы сатуға арналған қаржы активтерін, артуы негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған резерв құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын ғимараттар мен құрылыстарды қоспағанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік нақты шығын бойынша есепке алу принципіне сәйкес әзірленген.

(в) Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы

Функциональной валютой Банка и его дочерних предприятий является казахстанский тенге, который, являясь национальной валютой Банктің және оның еншілес кәсіпорындарының функционалдық валютасы – қазақстандық теңге. Теңге Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы. Ол Топ жүргізетін операциялардың және оған байланысты, оның қызметіне әсер ететін жағдайлардың экономикалық мәнін ашып көрсетеді.

Сонымен қатар қазақстандық теңге осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің деректерін көрсету валютасы болып табылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің барлық деректері бүтін миллион теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектенген.

(г) Кәсіби пайымдауды, есептік бағалаулар мен жорамалды пайдалану

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС талаптарына сәйкес дайындау басшылықты есеп саясатын қолдануға және шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстың шамасына әсер ететін пайымдауларды, есептік бағалау мен жорамалды жасауға міндеттейді. Нақты нәтижелердің көрсетілген бағалаудан айырмашылығы болуы мүмкін.

Бағалаулар мен олардың негізін құрайтын жорамалдар тұрақты түрде қайта қаралады. Бағалаулардағы түзетулер тиісті бағалаулар қарастырылған есепті кезеңде және олар қозғайтын кез келген кезеңдерде танылады.

Бұдан кейін көрсетілген Ескертпелерде есеп саясатының қағидаларын қолданған кездегі айтарлықтай белгісіз бағалауларға және маңызды пікірлерге қатысты ақпарат берілген:

- клиенттер мен банктерге берілген несиелердің құнсыздануына қатысты бағалау – 16-ескертпе;
- қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын бағалау – 32-ескертпе;
- өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарын бағалау – 13-ескертпе.
- шығарылған реттелген облигациялардың әділ құнын бағалау – 22-ескертпе.





## 2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ЖАСАУ ПРИНЦИПТЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(д) Есеп саясатын және деректерді ұсыну тәртібін өзгерту

Топ стандарттарға енгізілген келесі түзетулерді қабылдады және бастапқы қолданылатын күн 2017 жылғы 1 қаңтар деп белгіледі:

«Ақпаратты жария етуге қойылатын талаптарды қайта қарастыру жөніндегі жоба (7-ХҚЕС-ке (IAS) енгізілген түзету). «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» 7-ХҚЕС (IAS) ақпаратты жария етуге қойылатын талаптарды қайта қарастыру бойынша ХҚЕС Кеңесінің ауқымды жобасы аясында өзгертілді. Түзетулер қаржылық есептілікті пайдаланушыларға қаржылық қызмет аясында туындайтын міндеттемелерге енгізілген өзгерістерді, оған қоса ақша қаражаты ағынымен келісілген, сонымен қатар келісілмеген өзгерістерді бағалауға мүмкіндік береді. Ақпаратты жария етуге қойылатын талаптарды орындау тәсілдерінің бірі кезеңнің басында және аяғында қаржылық қызмет аясында туындайтын міндеттемелердің қалдығы арасында салыстырып тексеру. Алайда түзетулер мақсаты жария етудің басқа форматында жүргізілуі мүмкін.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Есеп саясатының бұдан кейін сипатталған қағидаларын есеп саясатына енгізілген өзгерістерге қатысты 2 (д) ескертпеде көрсетілген белгілі бір ерекшеліктерді қоспағанда, Топтың кәсіпорындары осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген барлық есепті кезеңде жүйелі түрде пайдаланған.

(а) Шоғырландыру принциптері

(i) Бизнесі біріктіру

Бизнесі біріктіру сатып алатын күнгі, атап айтқанда бақылау Топқа өтетін күнгі жай-күйі бойынша сатып алу әдісін пайдалана отырып, ескеріледі.

Топ сатып алатын күні гудвилдің шамасын өтеуге берілген әділ құны (бизнес біртіндеп біріктірілген жағдайда, сатып алатын кәсіпорынның капиталындағы бұрын тиесілі үлесінің әділ құны) және сатып алынған сәйкестендірілген активтер мен қабылданған міндеттемелердің таза танылған құнын (әдетті әділ құнын) шегере отырып, сатып алатын кәсіпорындағы кез келген бақыланбайтын үлестің танылған сомасы ретінде есептейді. Егер көрсетілген айырма теріс шаманы білдіретін болса, «тиімді сатып алудан» алынатын пайда дерек пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Топ әр мәміле бойынша жеке-жеке сатып алатын күні бақыланбайтын қатысу үлесін әділ құны бойынша немесе сатып алатын күнгі жай-күйі бойынша сатып алатын кәсіпорынның сәйкестендірілген таза активтеріне пропорционалды қатысу үлестеріне байланысты бағалау тәсілін таңдайды.

Топ бизнесі біріктіру бойынша жүргізген операциялардың нәтижесінде борыштық және үлестік бағалы қағаздарды шығаруға байланысты шығыннан өзгеше мәмілелер бойынша көтерген шығын олардың туындауына байланысты шығысқа жатқызылады.

(ii) Еншілес кәсіпорындар

Топ бақылауындағы инвестиция объектілері еншілес кәсіпорындар болып табылады. Егер Топ инвестиция объектісіне қатысудан алынған туынды кіріспен байланысты тәуекелге ұшыраса немесе осындай кірісті алуға құқылы болса, сондай-ақ инвестиция объектілеріне қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану арқылы көрсетілген кіріс мөлшеріне әсер етуге қабілетті болса, Топ инвестиция объектісін бақылайды. Атап айтқанда, Топ шын мәнінде бақылайтын инвестиция объектілерінің қаржылық есептілігін шоғырландырады. Еншілес кәсіпорындардың қаржылық есептілігі көрсетілген бақылау нақты белгіленген күннен бастап бақылау аяқталған күнге дейін шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі.

(iii) Қорларды басқару

Топ инвесторлардың мүдделері үшін пай қорларының және басқа инвестициялық компаниялардың активтерін басқарады. Топ мұндай кәсіпорынды бақылайтын жағдайларды қоспағанда, осы кәсіпорындардың қаржылық есептілігі Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілмейді.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(а) Шоғырландыру принциптері, жалғасы

(iv) Бақыламайтын акционерлердің үлестерін сатып алу және сату

Топ шоғырландырылған қаржылық есептілікте бақыламайтын акционерлердің үлестерін сатып алуды және шығынға жатқызуды акционерлермен жүргізілетін операциялар ретінде көрсетеді. Бақыламайтын акционерлердің үлестері түзетілген күн мен төленген немесе



алынған өтемің әділ құны арасындағы кез келген айырма капиталдың құрамында тікелей көрсетіледі және бас кәсіпорынға тиесілі болады.

(v) Шоғырландыру барысында алынып тасталатын операциялар

Топтың қатысушылары арасындағы операциялар, осындай операциялар бойынша берешектердің қалдықтары, сондай-ақ көрсетілген операцияларды жүргізу барысында туындаған іске асырылмаған пайда шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау барысында алынып тасталады. Іске асырылмаған залал құнсыздану белгілерінің пайда болу жағдайларын қоспағанда, шоғырландырылған қаржылық есептіліктен пайда сияқты алынып тасталады.

(б) Бақыламайтын акционерлердің үлестері

Бақыламайтын акционерлердің үлестері Банкке тікелей немесе жанама тиесілі емес еншілес кәсіпорындағы капиталды білдіреді.

Бақыламайтын акционерлердің үлестері қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте капиталдың құрамында Банктің акционерлеріне тиесілі капиталдан бөлек көрсетіледі. Пайданың немесе залалдың, сондай-ақ жалпы жиынтық кірістің құрамындағы бақылау жасамайтын акционерлердің үлестері пайда мен залал туралы және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте бөлек баппен көрсетіледі.

(в) Шетел валютасы

(i) Шетел валютасымен жүргізілетін операциялар

Шетел валютасымен жүргізілетін операциялар операция жүргізілетін күні қолданыста болатын валюта бағамы бойынша Топтың құрамына кіретін кәсіпорындардың тиісті функционалдық валютасына аударылады.

Есепті күнгі жай-күйі бойынша шетел валютасымен көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданылған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетел валютасымен көрсетілген монетарлық активтермен және міндеттемелермен жүргізілген операциялардан түскен пайда немесе болған залал кезең басындағы жай-күйі бойынша функционалдық валютамен, тиімді мөлшерлеме бойынша есептелген пайыздардың шамасына түзетілген амортизациялық құн және кезең ішіндегі төлемдер мен есепті кезеңнің соңындағы жай-күйі бойынша валюта бағамымен функционалдық валютаға аударылған шетел валютасымен көрсетілген амортизациялық құн арасындағы айырманы білдіреді

Шетел валютасымен көрсетілген, әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес активтер мен міндеттемелер әділ құнын айқындайтын күні қолданылған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетел валютасымен көрсетілген және нақты шығын бойынша көрсетілген монетарлық емес активтер мен міндеттемелер операция жүргізетін күні қолданылған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(в) Шетел валютасы, жалғасы

(i) Шетел валютасымен жүргізілетін операциялар, жалғасы

Шетел валютасына аудару нәтижесінде туындаған бағамдық айырмалар басқа да жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі. Өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетілген бағамдық айырма пайда немесе залал құрамына қайта жіктелетін, айырма құнсыздану салдарынан пайда болған жағдайларды қоспағанда, қолдағы сатуға арналған үлестік қаржы құралдарын аударған кезде туындайтын айырмашылықтарды қоспағанда, шетел валютасына аудару нәтижесінде пайда болатын бағамдық айырма пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

(ii) Шетелдік бөлімшелер

Шетелдік бөлімшелердің активтері мен міндеттемелері, оған қоса гудвил және сатып алған кездегі әділ құны бойынша түзетулер сомасы есепті күнгі тиісті айырбастау бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі. Шетелдік бөлімшелердің кірістері мен шығысы сәйкес операциялар жүргізілетін күні айырбастау бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі.

Бағамдық айырма өзге жиынтық кіріс құрамында танылады және басқа валютадан қайта есептеген кезде жинақталған бағамдық айырма резерві бабы бойынша капиталдың бір бөлігі ретінде көрсетіледі. Алайда егер шетелдік бөлімше Топтың 100 пайыз еншілес кәсіпорны болып табылмаса, онда осы бағамдық айырманың бір бөлігі бақыланбайтын үлестің сәйкес пропорциясына жатқызылады. Нәтижесінде Топ бақылауын жоғалтатын шетелдік бөлімше шығып кеткен кезде айтарлықтай ықпал ету немесе ортақ бақылау жасау, басқа валютадан қайта санаған кезде жиынтық бағамдық айырма резервінде көрсетілген тиісті сома осы шетелдік бөлімшенің шығынан болған кіріс немесе залал ретінде кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамына қайта жіктеледі. Топ құрамына шетелдік бөлімше кіретін еншілес кәсіпорынға жасаған өз инвестициясының бір бөлігін ғана иелігінен шығарған және оған бақылау жасаған жағдайда, басқа валютадан қайта санаған кезде, жиынтық бағамдық айырма резервінің бір бөлігі тиісті пропорциямен бақыланатын үлеске қайта бөлінеді. Топ құрамына шетелдік бөлімше кіретін қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорынға жасаған өз инвестициясының бір бөлігін ғана иелігінен шығарған және оған елеулі ықпал немесе бірлескен бақылау жасаған кезде, жиынтық бағамдық айырма резервінің тиісті пропорционалдық бөлігі кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамына қайта жіктеледі.



Топ таяу болашақта шетелдік бөлімшеден алуға немесе шетелдік бөлімшеге төленуге тиісті монетарлық бап бойынша есеп айырысуды күтпеген және жоспарламаған жағдайда, осы бапқа қатысты туындайтын оң және теріс бағамдық айырма шетелдік бөлімшеге жасалған таза инвестицияның бір бөлігін қалыптастырады; сәйкесінше, олар өзге жиынтық кіріс құрамында танылады және басқа валютадан қайта санаған кезде жиынтық бағамдық айырма резервінің бабы бойынша капиталдың бір бөлігі ретінде беріледі.

Төменде Топ шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасаған кезде пайдаланған жыл соңындағы айырбастау бағамы берілген:

	<u>2017 жылғы</u> <u>31 желтоқсан</u>	<u>2016 жылғы</u> <u>31 желтоқсан</u>
Теңге/еуро	398.23	352.42
Теңге /АҚШ доллары	332.33	333.29

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(г) Ақша қаражаты және оның баламалары

Ақша қаражатына және олардың баламаларына ҚР ҰБ-дағы және басқа банктердегі қолма-қол банкноттар мен монеталар, бос қалдықтар («Ностро» түріндегі шоттар), сондай-ақ әділ құнының өзгеруінің айтарлықтай тәуекеліне ұшырамайтын және Топ қысқамерзімді міндеттемелерді реттеу үшін пайдаланатын бастапқы өтеу мерзімі 3 (үш) айдан кем өтімділігі жоғары қаржы активтері кіреді. Ақша қаражаты және олардың баламалары қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

(д) Қаржы құралдары

(i) Қаржы құралдарын жіктеу

Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары:

- негізінен, таяу болашақта сату немесе сатып алу мақсатында сатып алынатын немесе туындайтын;
- бірлесіп басқарылатын және жақында қысқамерзімді перспективада пайда алу дәлелі бар болған сәйкестендірілген қаржы құралдары портфелінің бір бөлігі болып табылатын;
- туынды (қаржылық кепілдік шарттары болып табылатын туынды қаржы құралдарын немесе құрылған және тиімді болып табылатын, нақты пайдаланылатын хеджирлеу құралдарын қоспағанда) болып табылатын; немесе
- бастапқы тану сәтінде өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын санатқа айқындалған болып табылатын қаржы активтерін немесе міндеттемелерін білдіреді.

Егер келесі талаптардың бірі орындалса, Топ қаржы активтерін және қаржылық міндеттемелерді өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын санатқа айқындай алады:

- активтерді немесе міндеттемелерді басқару, оларды бағалау және ішкі есептерде көрсету әділ құны негізінде жүзеге асырылады;
- осындай тәсіл бухгалтерлік есепте өзгеше болуы мүмкін сәйкессіздіктердің әсерін толық немесе барынша жояды; немесе
- активтің немесе міндеттеменің құрамында туынды қаржы құралы болмаған кезде, шарт бойынша күтілуі мүмкін ақша қаражатының ағынын айтарлықтай өзгертетін орнатылған туынды қаржы құралы болады.

Саудаға арналған, оң әділ құны бар барлық туынды қаржы құралдары, сондай-ақ сатып алынған опциондық келісімшарттар шоғырландырылған қаржылық есептілікте активтер ретінде көрсетіледі. Саудаға арналған, теріс әділ құны бар барлық туынды қаржы құралдары, сондай-ақ шығарылған опциондық келісімшарттар шоғырландырылған қаржылық есептілікте міндеттеме ретінде көрсетіледі.

Басшылық қаржы құралын бастапқы таныған сәтте ол жатқызылатын тиіс санатты айқындайды. Бастапқы тану сәтінде өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жатқызылған туынды құралдар және қаржы құралдары өзгерістері кезең ішінде пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарының санатынан қайта жіктелмейді.



### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(д) Қаржы құралдары, жалғасы

(i) Қаржы құралдарын жіктеу, жалғасы

Егер Топтың осы активтерді таяу болашақта немесе оларды өтеу мерзімі басталғанға дейін ұстап тұруға ниеті және мүмкіндігі болса, кредиттердің және дебиторлық берешектің анықтамасына сәйкес келетін қаржы активтері өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары санатынан немесе қолдағы сатуға арналған қаржы құралдары санатынан қайта жіктелуі мүмкін. Өзге қаржы құралдары өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары санатынан өте сирек жағдайларда ғана қайта жіктелуі мүмкін. Таяу болашақта қайталанбауы мүмкін, әдеттен тыс жекелеген оқиғалар сирек жағдайлар болып табылады.

Кредиттер мен дебиторлық берешек, Топ

- дереу немесе ең таяу болашақта сатуға ниет білдірген;

- бастапқы тану сәтінде өзгерістері кезең ішінде пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатындар санатына айқындайтын;

- бастапқы тану сәтінде қолдағы сатуға арналған санатына айқындайтын; немесе

- Топ бастапқыда жүзеге асырылған барлық инвестицияларды кредиттің құнсыздануынан өзге себептермен өтей алмайтын туынды емес қаржы активтерін қоспағанда, белсенді қызмет ететін нарықта бағасы белгіленбейтін тіркелген немесе белгілі бір төлемдері бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді.

Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар:

- бастапқы тану сәтінде Топ өзгерістері кезең ішінде пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын санатқа айқындайтын;

- Топ бастапқы тану сәтінде қолдағы сатуға арналған санатына айқындайтын; немесе

- кредиттер мен дебиторлық берешек анықтамасына сәйкес келетін туынды емес қаржы активтерін қоспағанда, тіркелген немесе белгілі бір төлемдері және тіркелген өтеу мерзімі бар, Топтың өтеу мерзіміне дейін ұстап тұруға ниеті мен мүмкіндігі бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді.

Қолдағы сатуға арналған қаржы активтері қолдағы сатуға арналған санатында айқындалатын немесе берілген кредиттер мен дебиторлық берешектің, өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялардың немесе өзгерістері кезең ішінде пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарының анықтамасына сәйкес келмейтін туынды емес қаржы құралдарын білдіреді.

(ii) Қаржы құралдарын шоғырландырылған қаржылық есептілікте тану

Топ көрсетілген қаржы құралдары мәні болып табылатын шарттық қатынасқа түскен кезде, қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Қаржы активтерін стандартты сатып алудың барлық жағдайы есеп айырысатын күні көрсетіледі.

(iii) Қаржы құралдарының құнын бағалау

Қаржы активі немесе қаржылық міндеттеме бастапқыда әділ құны бойынша, сонымен қатар өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активі немесе қаржылық міндеттеме, қаржы активін немесе қаржылық міндеттеме сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысты мәмілелер бойынша шығын болған жағдайда бағаланады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(д) Қаржы құралдары, жалғасы

(iii) Қаржы құралдарының құнын бағалау, жалғасы

Активтер болып табылатын туынды қаржы құралдарын қоса алғанда, қаржы активтері бастапқы танылғаннан кейін:

- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын кредиттер мен дебиторлық берешекті;

- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құны бойынша бағаланатын, өтегенге дейін ұсталатын инвестицияларды;

- белсенді жұмыс істейтін нарықта нарықтық баға белгіленімі жоқ және әділ құнын сенімді түрде жеткілікті дәрежеде айқындауға



болмайтын үлестік құралдарға жасалған инвестицияларды қоспағанда, сату немесе өзге де шығару нәтижесінде келтірілуі мүмкін мәмілелер бойынша жұмсалатын қандай болмасын шығынды шегерместен, олардың әділ құны бойынша бағаланады. Мұндай құралдар шоғырландырылған қаржылық есептілікте нақты шығын бойынша көрсетіледі.

Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін Әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелерді және Әділ құны бойынша көрсетілген қаржы активін аудару тануды тоқтату критерийлеріне сәйкес келмеген кезде туындайтын қаржылық міндеттемелерді қоспағанда, барлық қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

(iv) Амортизацияланған құн

Қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құны бастапқы тану құны мен өтеу сәтіндегі тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, айқындалған құны арасындағы жинақталған амортизацияның шамасына түзетілген берешектің негізгі сомасына төленген төлемді шегере отырып, сондай-ақ құнсызданудан болған залалды шегере отырып, қаржы активі немесе қаржылық міндеттеме бастапқы тану кезінде бағаланған құнды білдіреді. Сыйақылардың және дисконттардың шамасы, сондай-ақ мәмілелер бойынша жұмсалатын шығын сомасы тиісті құралдың баланстық құнына кіреді және осы құралдың тиімді пайыздық мөлшерлемесіне қарай амортизацияланады.

(v) Әділ құны бойынша бағалау принципі

Әділ құн дегеніміз активті сатқан кезде алынған немесе бағалау күні нарықтың қатысушыларының арасында жасалатын әдеттегі мәміле талаптарымен міндеттемелерді негізгі нарықта немесе, ол болмаған жағдайда, көрсетілген күні Топқа қолжетімді болатын неғұрлым тиімді нарықта берген кезде төленген бағаны білдіреді. Міндеттемелердің әділ құны оның орындалмау тәуекелін көрсетеді.

Топ мүмкіндігінше, осы құралға белсенді нарықта белгіленген бағаны пайдалана отырып, құралдың әділ құнын бағалайды. Егер актив немесе міндеттеме бойынша операциялар жеткілікті түрде жиі және баға белгілеулерді жүйелі негізде айқындау үшін жеткілікті көлемде жүргізілген болса, нарық белсенді болып танылады. Белсенді нарықта ағымдағы баға белгілеулер болмаған кезде, Топ бақыланатын бастапқы деректер барынша көп пайдаланылатын және бақыланбайтын бастапқы деректер барынша аз пайдаланылатын бағалау әдісін пайдаланады. Тандалған бағалау әдістеріне нарықтың қатысушылары осы жағдайларда назарға алуы мүмкін барлық факторлар кіреді.

Бастапқы тану кезінде қаржы құралының әділ құнының үздік дәлелі әдетте мәміленің бағасы, яғни төленген немесе алынған өтемақының әділ құны болып табылады. Егер Топ бастапқы тану кезінде әділ құнның мәміле бағасынан өзгеше екенін және Әділ құнның осындай актив немесе міндеттеме үшін белсенді нарықтағы ағымдағы баға белгілеулер арқылы расталмайтынын және бақыланатын бастапқы деректер ғана пайдаланылатын бағалау әдісіне негізделмейтін анықтаса, қаржы құралы бастапқыда бастапқы тану кезіндегі әділ құнның және мәміле бағасының арасындағы айырманы кейінге қалдыру үшін түзетілген әділ құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін айырма құрал қолданылатын барлық мерзім ішінде, бірақ бағалау бақыланатын бастапқы деректермен толық расталған кезден немесе операция аяқталған кезден кешіктірілмей тиісті түрде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(д) Қаржы құралдары, жалғасы

(v) Әділ құны бойынша бағалау принципі, жалғасы

Егер әділ құны бойынша бағаланатын активтің немесе міндеттеменің сұраныс бағасы және ұсыныс бағасы болса, активтер және ұзақ позициялар сұраныс бағасының негізінде бағаланады, міндеттемелер және қысқа позициялар ұсыныс бағасының негізінде бағаланады.

Топ өзгерістер болған есепті кезеңнің соңындағы әділ құнның иерархиясындағы деңгейлер арасындағы аударымдарды таниды.

(vi) Кейін бағалаған кезде туындайтын пайда немесе залал

Қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің әділ құны өзгерген кезде туындайтын пайда немесе залал келесі түрде көрсетіледі:

- өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын санатта жіктелген қаржы құралы бойынша пайда немесе залал пайда немесе залал құрамында көрсетіледі;

- қолдағы сатуға арналған қаржы активі бойынша пайда немесе залал активті тану тоқтатылған, бұрын капиталдың құрамында көрсетілген жинақталған пайда немесе залал пайданың немесе залалдың құрамына ауыстырылған сәтке дейін капиталдың құрамында басқа да жиынтық кіріс ретінде (қолдағы сатуға арналған борыштық қаржы құралдары бойынша шетел валютасымен көрсетілген қалдықтарды аударудан болған құнсызданудан және пайда немесе залалдан болған залалды қоспағанда) көрсетіледі. Қолдағы сатуға арналған қаржы активі бойынша пайыздық кірістер пайда немесе залал құрамында туындаған сәтте тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып көрсетіледі.

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілген қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер бойынша пайда немесе залал қаржы активін немесе қаржылық міндеттемені тану немесе қаржы активінің құнсыздануы тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ тиісті амортизацияны есептеу барысында пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.



(vii) Тануды тоқтату

Топ осы қаржы активі бойынша ақша қаражаты ағындарына шартта көзделген құқығын жоғалтқан кезде немесе қаржы активін осы қаржы активін меншіктеу құқығына байланысты барлық тәуекелдер және пайда іс жүзінде басқа тарапқа берілетін мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде берген немесе Топ осы қаржы активін меншіктеу құқығына байланысты барлық тәуекелдер мен пайданың айтарлықтай бөлігін өткізбеген, сақтамаған, бірақ қаржы активіне бақылау жасауды сақтамаған кезде қаржы активін тануды тоқтатады. Тануды тоқтатуға арналған талаптар сақталатын, берілген қаржы активтеріндегі Топ құрған немесе ол үшін сақталған кез келген қатысу үлесі қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте бөлек актив немесе міндеттеме ретінде танылады. Топ қаржылық міндеттемені тануды ол бойынша шарттық міндеттемелер орындалған, жойылған немесе тоқтатылған кезде тоқтатады.

Топ мәмілелер жасайды, оның талаптары бойынша қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылған активтерді береді, бірақ бұл кезде берілген активтердің меншік құқығынан туындайтын тәуекелдердің және пайданың барлығы немесе бір бөлігі өзінде қалады. Барлық немесе барлық дерлік тәуекелдер мен пайда сақталған кезде, Топ берілген активтерді тануды тоқтатпайды.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(д) Қаржы құралдары, жалғасы

(vii) Тануды тоқтату, жалғасы

Топ талаптары бойынша қаржы активінің меншік құқығынан туындайтын барлық тәуекелді және пайданы сақтамайтын, бірақ іс жүзінде бермейтін мәмілелер жасаған кезде, егер Топ активті бақылауын жоғалтса, осы активті тану тоқтатылады.

Егер активті берген кезде Топ оған бақылау жасайтын болса, онда ол Топтың құнның өзгерістеріне ұшырағыштық деңгейі ретінде анықталатын активке қатысуын сақтайтын дәрежеде активті тануын жалғастырады.

Егер Топ меншікті борыштық міндеттемесін сатып алса, онда ол қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептіліктен алып тасталады және міндеттеменің баланстық құны мен төленген өтемақы арасындағы айырма міндеттемені мерзімінен бұрын өтеуден түскен пайда немесе залал құрамына кіреді.

Топ өтеу үшін үмітсіз деп танылған активтерді есептен шығарады.

(viii) РЕПО» және «кері РЕПО» мәмілелері

Кері сату міндеттемесімен сату туралы келісімдер аясында сатылған бағалы қағаздар (бұдан кейін – «РЕПО» мәмілелері») бағалы қағаздар кепілімен қамтамасыз етілген қаржыландыруды тарту бойынша жүргізілген операция ретінде көрсетіледі, бұл кезде бағалы қағаздардың қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есептілікте көрсетілуі жалғастырылады, ал контрагенттер алдындағы, «РЕПО» мәмілелері бойынша кредиторлық берешектің құрамына қосылған міндеттемелер жағдайға байланысты банктік шоттар мен депозиттердің немесе клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттерінің құрамында көрсетіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырма пайыздық кірісті білдіреді және тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып, «РЕПО» мәмілесін қолданған кезеңдегі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Кері сату міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер (бұдан кейін – «кері РЕПО мәмілелері») аясында сатып алынған, «кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешектің құрамына қосылған бағалы қағаздар жағдайға байланысты банктерге берілген кредиттердің немесе клиенттерге берілген кредиттердің құрамында көрсетіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасы арасындағы айырма пайыздық кірісті білдіреді және тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып, «кері РЕПО» мәмілесін қолданған кезеңдегі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Егер кері сату міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер аясында сатып алынған активтер үшінші тұлғаларға сатылса, бағалы қағаздарды қайтару міндеттемесі саудаға арналған міндеттеме ретінде көрсетіледі және әділ құны бойынша бағаланады.

(ix) Туынды қаржы құралдары

Туынды құралдарға «своп» мәмілелері, форвард келісімшарттары және фьючерс мәмілелері, «spot» мәмілелері және пайыздық мөлшерлемеге арналған опциондар, шетел валютасы, бағалы металдар және бағалы қағаздар, сондай-ақ жоғарыда аталған құралдардың кез келген тәсілдері жатады.

Туынды құралдар бастапқыда мәміле жасайтын күнгі әділ құны бойынша көрсетіледі және нәтижесінде әділ құны бойынша қайта бағаланады. Барлық туынды құралдар, егер олардың әділ құны оң болып табылса, активтер ретінде, егер олардың әділ құны теріс болып табылса, міндеттемелер ретінде көрсетіледі.

Туынды құралдардың әділ құнының өзгерістері жедел түрде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Топтың тәуекелдерді хеджирлеу мақсатында туынды қаржы құралдарымен сауда операцияларын жүзеге асыратынына қарамастан, көрсетілген құралдар хеджирлеу операцияларын есепке алу ережелерін қолдануға арналған критерийлерге сәйкес келмейді.





### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(д) Қаржы құралдары, жалғасы

(х) Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу

Топтың қазіргі сәтте танылған соманы өзара есепке алуға заңмен қамсыздандырылған құқығы болған немесе нетто-негіз бойынша есеп айырысуға немесе активті өткізуге және бір мезгілде міндеттемені орындауға ниеті болған жағдайда ғана қаржы активтері мен қаржылық міндеттеме өзара есепке алынады және нетто-шамада қаржы жағдайы туралы есепте көрсетіледі. Егер осы құқық болашақта оқиғамен байланысты болмаса және әдеттегі қызмет барысында, сонымен қатар міндеттемелер орындалмаған, Топ немесе контрагенттердің бірі дәріменсіз немесе банкрот болған жағдайда құқықтық орындалатын болса, Топтың қазіргі сәтте заңмен қамсыздандырылған, өзара есепке алуды жүзеге асыруға құқығы бар.

(е) Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер

(i) Меншікті активтер

Негізгі құралдардың объектілері, бұдан әрі сипатталғандай, қайта бағалау құны бойынша көрсетілетін ғимараттар мен құрылыстарды қоспағанда, жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған залалды шегере отырып, нақты шығын бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Негізгі құралдар объектісі әртүрлі тиімді пайдалану мерзімі бар бірнеше компоненттерден тұрған жағдайда, мұндай компоненттер негізгі құралдардың жеке объектілері ретінде көрсетіледі.

Ғимараттар мен құрылыстар тұрақты түрде қайта бағалануы тиіс. Қайта бағалау кезеңділігі қайта бағалануға тиісті ғимараттардың әділ құнының өзгеруіне байланысты болады. Пайда немесе залал құрамында көрсетілген, қайта бағалау нәтижесінде аталған объектілердің алдыңғы төмендетілген құнын өтеген жағдайларды қоспағанда, қайта бағалау нәтижесінде «Ғимараттар мен құрылыстар» санатына жататын ғимараттардың құнының артуы өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі. Мұндай жағдайда қайта бағалау нәтижесі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетілген, қайта бағалау нәтижесінде аталған объектілердің алдыңғы көбейтілген құнын есептен шығарған жағдайларды қоспағанда, қайта бағалау нәтижесінде «Ғимараттар мен құрылыстар» санатына жататын ғимараттардың құнының төмендеуі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Мұндай жағдайда қайта бағалау нәтижесі өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі.

(ii) Материалдық емес активтер

Сатып алынған материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған залалды шегере отырып, нақты шығын бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Арнайы бағдарламалық қамсыздандыруға берілетін лицензияларды сатып алуға және оны енгізуге жұмсалатын шығын тиісті материалдық емес активтердің құнына капиталдандырылады.

(iii) Амортизация

Негізгі құралдар және материалдық емес активтер бойынша амортизация оларды тиімді пайдалану болжанған мерзім ішінде тозуды біркелкі есептеу әдісі бойынша есептеледі және пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Амортизация объектіні сатып алған күннен бастап, ал шаруашылық жүргізу тәсілімен тұрғызылған негізгі құралдар үшін объекті салуды аяқтаған және ол пайдалануға дайын болған кезден бастап есептеледі. Жер телімдері бойынша амортизация есептелмейді.

Амортизацияны есептеу жыл сайын белгіленетін келесі нормаларды пайдалана отырып есептеледі:

Ғимараттар және басқа құрылыстар	1.25-2.50%
Жиһаз және компьютерлік жабдық	6.50-20.00%
Материалдық емес активтер	12.00-60.00%

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(з) Сату үшін ұсталатын активтер

Инвестициялық меншікке жалға беруден түскен кірісті алуға және/немесе әдеттегі шаруашылық қызмет барысында сатуға емес, оның нарықтық құнын арттыруға, тауарды өндірген және жеткізген, қызмет көрсеткен кезде пайдалануға немесе әкімшілік қызметке арналған меншік жатқызылады. Инвестициялық меншік объектілері сатып алуға жұмсалған шығынды қосқанда, бастапқыда сатып алу құны



бойынша есепке алынады. Кейін инвестициялық меншік объектілері жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған залал шегеріліп, бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Амортизация 10 жылдан 40 жылға дейін құбылып тұратын, объектілерді пайдалы қолдану мерзіміне байланысты тікелей әдістің негізінде есептеледі.

Инвестициялық меншік объектісін пайдалану сипаты өзгертілген және ол негізгі құралдар санатына қайта жіктелген жағдайда, оны кейін шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсету мақсаты үшін қайта жіктелген күні осы объектінің әділ құны осы объект бойынша нақты шығын болып табылады.

#### (з) Сату үшін ұсталатын активтер

Айналымнан тыс активтер немесе құнын өтеу пайдаланудан емес, ең алдымен сату есебінен күтілетін активтер мен міндеттемелерді қамтитын шығу топтары сату үшін ұсталатын санатқа белгіленеді. Сату үшін ұсталатын санатқа жатқызбас бұрын, активтер және шығу тобы компоненттері Топтың есеп саясатына сәйкес қайта бағаланады. Сәйкесінше, активтер мен шығу топтары сатуға жұмсалған шығын шегеріліп, екі шаманың – баланстық құны мен әділ құнының азы бойынша бағаланады.

#### (и) Активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті кезеңнің соңында қаржы активі немесе қаржы активтері тобының құнсыздануы жөнінде объективті дәлелдің болу мәнін бағалайды. Осындай дәлелдер болған жағдайда, Топ құнсызданудан болған кез келген залалдың мөлшерін бағалайды.

Қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы құнсызданады және құнсызданудан болған залал қаржы активін (залал орын алған жағдайда) бастапқы танудан кейін болған бір немесе бірнеше оқиғалардың нәтижесінде құнсызданудың объективті дәлелі болған кезде және көрсетілген оқиғаның (немесе оқиғалардың) қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы бойынша ақша қаражатының болжанатын болашақтағы ағындарына жеткілікті дәрежеде сенімді бағалау жасау мүмкін болатын ықпал еткен кезде танылады.

Қаржы активтерінің құнсыздануының объективті дәлелдеріне міндеттемелерді орындамау (дефолт) немесе қарыз алушының төлемдердің мерзімін кешіктіруі, қарыз алушының шарт бойынша міндеттемелерді немесе шарттың талаптарын, қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының Топ кез келген басқа жағдайда қарастырмайтын қайта құрылымдау талаптарын бұзуы, қарыз алушының немесе эмитенттің ықтимал банкрот болу белгілері, бағалы қағаздар үшін белсенді нарықтың жоғалуы, қамсыздандыру құнының төмендеуі немесе топқа кіретін қарыз алушылардың төлем қабілетінің нашарлауы немесе көрсетілген топқа кіретін қарыз алушылардың міндеттемелерін орындамауымен (дефолтпен) түзетілетін экономикалық жағдайлардың өзгеруі сияқты активтер тобына жататын қадағалауға болатын басқа да деректер жатады.

Қолдағы сатуға арналған үлестік бағалы қағаздарға жасалған инвестициялардың әділ құнының елеулі немесе ұзақ уақыт төмендеуі осы бағалы қағаз бойынша нақты шығыннан төмен құнына дейін құнсызданудың объективті дәлелі болып табылады.

#### (і) Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері негізінен кредиттерден және өзге дебиторлық берешектен (бұдан кейін – «кредиттер және дебиторлық берешек») тұрады. Топ ықтимал құнсыздануды айқындау мақсатында кредиттер мен дебиторлық берешекті жүйелі түрде бағалайды.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

#### (и) Активтердің құнсыздануы, жалғасы

##### (i) Амортизацияланған құны бойынша көрсетілген қаржы активтері, жалғасы

Топ бастапқыда құнсызданудың дәлелді себептерінің болуын өз алдына елеулі болып табылатын кредиттер және дебиторлық берешек бойынша жеке бағалайды және өз алдына елеулі болып табылмайтын кредиттер мен дебиторлық берешек бойынша жеке немесе ұжымды түрде бағалайды. Топ өз алдына елеулі болып табылатын немесе елеулі болып табылмайтын кредит немесе дебиторлық берешек бойынша құнсызданудың дәлелді себептерінің болмауын анықтаған жағдайда, кредит немесе дебиторлық берешек кредиттік тәуекелдің ұқсас сипаттамалары бар кредиттер мен дебиторлық берешек тобына енгізіледі және құнсыздануы бойынша ұжымдық негізде активтер тобының құрамында бағаланады. Құнсызданудан залал туындайтын немесе залалға ұшырау жалғаса беретін, құнсыздану бойынша жеке бағаланатын кредиттер мен дебиторлық берешек құнсыздану бойынша ұжымдық бағалауға енгізілмейді.

Кредит немесе дебиторлық берешек бойынша құнсызданудан залалдың болуына қатысты объективті дәлелдер болған жағдайда, залал сомасы кредит немесе дебиторлық берешек бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы дисконтталған кепілдіктер мен қамсыздандырулардың өтелетін құнын қоса алғанда, кредиттің немесе дебиторлық берешектің баланстық құны мен ағымдағы сәтке келтірілген болашақтағы болжалды ақша ағындарының құны арасындағы айырма ретінде өлшенеді. Жасалған шарттардың талаптарына сәйкес ақша қаражаты ағындары және ағымдағы экономикалық жағдайларды көрсететін қолда бар сәйкес ақпараттың негізінде түзетілген залалды алудың тарихи тәжірибесі болжалды ақша қаражаты ағындарын анықтау үшін негіз болып табылады.



Бірқатар жағдайларда кредит немесе дебиторлық берешек бойынша құнсызданудан болатын залал сомасын белгілеуге қажетті қолда бар ақпаратқа шектеу қойылуы мүмкін немесе ағымдағы талаптар мен жағдайларға сәйкес келмеуі мүмкін. Қарыз алушы қаржылық қиындықтарға тап келіп, ұқсас қарыз алушыларға қатысты қолжетімді ақпараттың көлеміне шектеу қойылған кезде, осы тәріздес жағдайлар болып тұруы мүмкін. Осыған ұқсас жағдайларда Топ құнсызданудан болатын залал сомасын анықтау үшін өз тәжірибесін және пайымдарын пайдаланады.

Кредиттердің және дебиторлық берешектің құнсыздануынан болатын барлық залал пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі және өтелетін құнның кейінгі ұлғайтылуы құнсызданудан болған залал танылғаннан кейін орын алған оқиғаларға байланысты болған кезде ғана қалпына келтіріледі.

Кредит бойынша берешекті өндіріп алу мүмкін болмаған жағдайда, ол кредиттің құнсыздануына бөлінген сәйкес резервтің есебінен есептен шығарылады. Мұндай кредиттер (және кредиттің құнсыздануына бөлінген кез келген сәйкес резерв) басшылық кредиттер бойынша берешекті өндіріп алудың мүмкін еместігін анықтап, кредит бойынша берешекті өндіріп алуға қатысты барлық қажетті процедуралар аяқталғаннан кейін есептен шығарылады.

(ii) Нақты шығын бойынша көрсетілетін қаржы активтері

Нақты шығын бойынша көрсетілетін қаржы активтері әділ құны бойынша көрсетілмейтін қолдағы сатуға арналған активтердің құрамына кіргізілген баға белгеленбейтін үлестік құралдарды қамтиды, себебі олардың әділ құны сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен анықталмайды. Осы тәріздес инвестициялардың құнсыздануының дәлелді себептері болған жағдайда, құнсызданудан болатын залал инвестициялардың баланстық құны мен ұқсас қаржы активтері бойынша пайданың ағымдағы нарықтық нормасын пайдалану арқылы дисконтталған болашақтағы болжалды ақша қаражаты ағындарының ағымдағы сәттегі келтірілген құны арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Көрсетілген инвестициялардың құнсыздануынан болған барлық залал пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі және қайта қалпына келтірілмейді.

(iii) Қолдағы сатуға арналған қаржы активтері

Қолдағы сатуға арналған қаржы активтерінің құнсыздануынан болған залал өзге жиынтық кіріс құрамында танылған жинақталған залалды аудару арқылы қайта жіктелген түзету ретінде пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

### **3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ**

(и) Активтердің құнсыздануы, жалғасы

(iii) Қолдағы сатуға арналған қаржы активтері, жалғасы

Өзге жиынтық кіріс құрамынан пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген жинақталған залал негізгі сома мен амортизация бойынша кез келген төлемді шегергендегі сатып алу құны мен бұрын пайданың немесе залалдың құрамында танылған құнсызданудан болған залалды шегергендегі ағымдағы әділ құнның арасындағы айырманы білдіреді. Ақшаның уақытша құнына жататын құнсыздануға бөлінген резервтегі өзгерістер пайыздық кірістің компоненті ретінде көрсетіледі. Келесі кезеңде қолдағы сатуға арналған құнсызданған үлестік бағалы қағаздың әділ құны өскен және ұлғаю пайданың немесе залалдың құрамында құнсызданудан болған залал танылғаннан кейін орын алған оқиғаға байланысты болған жағдайда, құнсызданудан болған залал қайта қалпына келеді және қайта қалпына келген шама пайданың немесе залалдың құрамында танылады. Алайда, қолдағы сатуға арналған құнсызданған үлестік бағалы қағаздың әділ құнының кейінгі кез келген қайта қалпына келуі өзге жиынтық кіріс құрамында танылады.

(iv) Қаржылық емес активтер

Кейінге қалдырылған салық активтерінен басқа өзге қаржылық емес активтер құнсыздану белгісінің болуына қатысты әрбір есепті күнгі жай-күйі бойынша бағаланып отырады. Гудвилдің өтеу құны әрбір есепті күнгі жай-күйі бойынша бағаланып отырады. Қаржылық емес активтердің өтеу құны дегеніміз – сату бойынша шығындарды және пайдаланудан түскен құндылықтарды шегергендегі әділ құннан алынған ең үлкен шама. Пайдалану құндылықтарын белгілеген кезде болашақтағы болжалды ақша қаражаты ағындары ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және осы активке тән тәуекелдерді көрсететін салық салғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, олардың ағымдағы сәтке келтірілген құнына дисконтталады. Ақша қаражаты ағынын түрлендірмейтін, өзге активтермен түрленетін ақша қаражаты ағындарынан айтарлықтай дәрежеде тәуелсіз болып келетін актив үшін өтеу құны актив тиесілі болып табылатын ақша қаражатын түрлендіретін активтер тобы бойынша анықталады. Құнсызданудан болған залал активтің немесе ақша қаражатын түрлендіретін активтер тобының баланстық құны оның өтеу құнынан асып кеткен кезде танылады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған барлық залал пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі және өтелетін құнды белгілеген кезде пайдаланылатын бағаларда өзгерістер болған жағдайда ғана қайта қалпына келтіріледі. Активтің құнсыздануынан болған кез келген залал осындай активтің баланстық құны оның құнсызданудан болған залал шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмейтін жағдайда болатын баланстық құнынан аспайтын (амортизация шегерілген) көлемде қайта қалпына келтіріледі.





#### (к) Резервтер

Топтың болған оқиғаның нәтижесінде заңдық немесе негізделген міндеттемесі туындаған және осы міндеттемені орындау үшін қаражат аудару қажеттілігі туындауының ықтималдығы болған жағдайда, резерв қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Егер осындай міндеттеменің сомасы едәуір болса, онда резервтер ақшаның уақытша құнына жүргізілген ағымдағы нарықтық бағалауды және оның қай жерде қолданылатынын, осы міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салық салғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, болашақтағы болжалды ақша қаражаты ағындарын дисконттау арқылы белгіленеді.

#### (л) Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер

Ағымдағы шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында Топ пайдаланылмаған кредиттік желілерді, аккредитивтер мен кепілдіктерді қамтитын кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелерді өз мойнына алады және кредиттік сақтандырудың басқа нысандарын ұсынады.

Қаржылық кепілдіктер дегеніміз – белгілі бір дебитордың борыштық құралдың талаптары бойынша белгіленген мерзімдерде төлем жасай алмауының нәтижесінде Топты ұстаушыға келтірілген ысыраптың қаржылық кепілдігін өтейтін белгілі бір төлемдерді жүзеге асыруға міндеттейтін шарттар.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

#### (л) Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер, жалғасы

Қаржылық кепілдік бойынша міндеттеме мәміле бойынша байланысты шығындарды шегере отырып, басынан бастап әділ құны бойынша танылады және соңында екі шаманың бірі бойынша: жинақталған амортизацияны шегере отырып, бастапқыда танылған сома бойынша немесе осы кепілдік бойынша ықтимал ысыраптарға құрылған резерв шамасы бойынша бағаланады. Қаржылық кепілдіктер және кредиттік сипаттағы басқа міндеттемелер бойынша ықтимал ысыраптарға құрылған резервтер ысырап туындауының жоғары ықтималдығы болған кезде және осындай ысыраптың мөлшерін сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен өлшеуге болатын кездерде танылады.

Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер және кредиттік сипаттағы басқа міндеттемелер бойынша резервтер өзге міндеттемелер құрамына кіргізіледі.

Төменде көрсетілгендерді қоспағанда, кредит беру бойынша міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылмайды:

- өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін, Топ әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер санатына жатқызатын кредиттер беру бойынша міндеттемелер;

- Топтың кредиттер беру бойынша міндеттемелерге байланысты, олар туындағаннан кейін көп ұзамай, сатып алынған активтерді сату, туынды құралдар ретінде қаралатын дәл сол құралдар санатына тиесілі кредиттер беру бойынша ұқсас міндеттемелер бойынша бұған дейінгі тәжірибесі болған жағдайда;

- есеп айырысулары шартқа сәйкес ақшалай қаражатпен таза шамада немесе басқа қаржы құралын шығару арқылы жүзеге асырылатын кредиттерді беру бойынша міндеттемелер;

- нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеменен кредиттер беру бойынша міндеттемелер.

#### (м) Акционерлік капитал

##### (i) Жай акциялар

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жай акцияларды және акцияларға белгіленген опциондарды шығаруға тікелей байланысты шығыс кез келген салық нәтижелерін шегергендегі капиталдың азаюы ретінде танылады.

##### (ii) Артықшылықты акциялар

Сатып алуға болмайтын және олар бойынша дивиденд төлеу міндетті болып табылмайтын артықшылықты акциялар капиталдың құрамында көрсетіледі.

##### (iii) Меншікті акцияларды сатып алу

Топ меншікті акцияларды сатып алған жағдайда, осы сатып алуға тікелей байланысты шығысты қосқанда, төленген сома шоғырландырылған қаржылық есептілікте капиталдың азаюы ретінде көрсетіледі.

##### (iv) Дивиденд

Топтың дивиденд төлейтінін жариялау және оны төлеу мүмкіндігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының реттеуінде болады.



Жай акциялар бойынша дивиденд шоғырландырылған қаржылық есептілікте жариялануы бойынша бөлінбеген пайданы пайдалану ретінде көрсетіледі.

(н) Салық салу

Табыс салығы сомасы ағымдағы салық сомасы мен кейінге қалдырылған салық сомасын қамтиды. Табыс салығы өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетілетін операцияларға жататын немесе сәйкесінше өзге жиынтық кіріс құрамында немесе тікелей капиталдың құрамында көрсетілетін тікелей капиталдың шоттарында көрсетілетін меншік иелерімен жасалған операцияларға жататын сомаларды қоспағанда, пайда немесе залал құрамында толық көлемде көрсетіледі.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(н) Салық салу, жалғасы

*Ағымдағы салық*

Ағымдағы табыс салығы есепті күнгі жай-күйі бойынша қолданыста болған табыс салығы бойынша мөлшерлемелерді, сонымен қатар алдыңғы есепті жылдар ішіндегі табыс салығы сомаларын нақтылау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомасын ескере отырып, бір жыл ішіндегі салық салынатын пайданың болжалды мөлшерінің негізінде есептеледі. Ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттемелердің есебіне дивидендке байланысты туындаған салық міндеттемесінің мөлшері де кіреді.

*Кейінге қалдырылған салық*

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің оларды шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсету мақсаты үшін айқындалатын баланстық құны және олардың салық базасы арасында туындайтын мерзімдік айырмаларға қатысты көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық мынадай мерзімдік айырмаларға қатысты танылмайды:

- бастапқы тану кезінде гудвилді көрсетуге байланысты және салын салынатын базаны азайтпайтын айырмалар,
- бизнесті біріктіру бойынша мәміле болып табылмайтын және бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға да немесе салықтық залалға да әсерін тигізбейтін мәмілелерді жүзеге асыру нәтижесінде активтер мен міндеттемелерді бастапқы таныған кезде туындайтын айырмалар; және
- еншілес, қауымдасқан кәсіпорындарға және біріккен қызметке Топтың көрсетілген айырмаларды іске асыру уақытын бақылау мүмкіндігі және олардың таяудағы болашақта іске асырылатынына сенімділік болады деген шамада инвестиция салуға байланысты мерзімдік айырмалар.

Кейінге қалдырылған салық активтері пайдаланылмаған салық залалына, пайдаланылмаған салық кредитіне және шегерілетін мерзімдік айырмаларға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін болашақтағы салық салынатын пайданы алу есебінен іске асыратындай шамада танылады. Болашақтағы салық салынатын пайданың көлемі сәйкес қайта қалпына келтірілуі тиіс салық салынатын мерзімдік айырмалардың негізінде белгіленеді. Кейінге қалдырылған салық активін толық мөлшерде тану үшін сәйкес салық салынатын мерзімдік айырмалар бойынша жеткілікті сома болмаған кезде, Топтың еншілес компанияларының бизнес-жоспарларының негізінде Топтың әрбір еншілес компаниясы үшін жеке-жеке белгіленетін болашақтағы салық салынатын пайда қосымша қабылданады. Кейінге қалдырылған салық активтерінің көлемі әрбір есептік күнгі жай-күйі бойынша талданады және сәйкес салықтық пайданы іске асыру ықтималдығы төмендеген шамада азаяды. Мұндай есептен шығарулар болашақта салық салынатын пайданың болу ықтималдығы артқан жағдайда қайта қалпына келтіріледі.

Танылмаған кейінге қалдырылған активтер әрбір есепті күнге екінші рет бағаланып отырады және болашақтағы салық салынатын пайда осы кейінге қалдырылған салық активінің орнын толтыруға мүмкіндік беретіндей шамада танылады.

Кейінге қалдырылған салықтың мөлшері болашақта, яғни есепті күнгі жай-күйі бойынша қолданыстағы немесе мәні бойынша қолданысқа енгізілген заңнаманы негізге ала отырып, мерзімдік айырмаларды қайта қалпына келтіру сәтінде қолданылатын салықтық мөлшерлемелерді негізге ала отырып белгіленеді. Кейінге қалдырылған салықты бағалау Топ есепті кезеңнің соңында активтер мен міндеттемелердің баланстық құнының орын толтыруды немесе оны өтеуді жоспарлап отырған тәсілге байланысты салықтық салдарды көрсетеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен салықтық міндеттемелер ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы ағымдағы салық активтерін есептеу бойынша заңда бекітілген құқық болған және осы активтер мен міндеттемелер бір салық органы бір салық



салынатын кәсіпорыннан не әртүрлі салық салынатын кәсіпорындардан алатын пайдаға салынған салықтарға жатқан, бірақ осы кәсіпорындар ағымдағы салықтық міндеттемелер мен салық активтерін таза негізде реттеуді көздесе немесе осы кәсіпорындардың салық активтерін іске асыру олардың салықтық міндеттемелерін өтеумен бір уақытта жүзеге асырылған жағдайларда есептеледі.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес Топтың компаниясы өздерінің ағымдағы табыс салығы бойынша салықтық залалын және активтерін Топтың басқа компанияларының ағымдағы табыс салығы бойынша салықтық пайдасы және міндеттемелеріне қарсы есептей алмайды. Бұдан басқа, салық базасы Топ қызметінің әрбір негізгі түрі бойынша жеке белгіленеді. Сондықтан салықтық залал және қызметтің әртүрлі түрлері бойынша салық салынатын пайда бойынша өзара есеп айырысу жүргізілмейді.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(o) Кіріс пен шығысты шоғырландырылған қаржылық есептілікте тану

Пайыздық кіріс пен шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Өзгеруі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары қайта бағалауды көрсете отырып, әділ құны бойынша пайда немесе залалда көрсетіледі. Есептелген дисконттар мен сыйлықақылар өзгеруі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарынан болған залалды шегере отырып, пайда немесе залал құрамында танылады.

Кредиттерді ұйымдастыру үшін комиссиялар, кредиттерге қызмет көрсету үшін комиссиялар және кредиттер бойынша жалпы кірістіліктің ажырамас бөлігі ретінде қаралатын басқа да комиссиялар, сондай-ақ мәмілелер бойынша тиісті шығын болашақтағы кезеңдердің кірістері ретінде көрсетіледі және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып қаржы құралдарының болжанып отырған қолданыс мерзімі ішінде пайыздық кірістер ретінде амортизацияланады.

Өзге комиссиялар, сонымен қатар өзге кірістер мен шығыс сәйкес қызмет көрсетілген күнгі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

Дивиденд түріндегі кіріс дивиденд жарияланған күнгі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

Операциялық жалға беру шарттары бойынша төлемдер жалға беру қолданыста болатын барлық мерзімде кезең ішінде тең дәрежеде пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

Операциялық жалға беру шарттары бойынша төлемдер жалға беру қолданыста болатын барлық мерзімде кезең ішінде тең дәрежеде пайданың немесе залалдың құрамында танылады. Алынған жеңілдіктер сомасы жалға беру қолданыста болатын барлық мерзімде жалға беру бойынша шығыстың жалпы мөлшерін азайтады.

(п) Сегменттік есептілік

Операциялық сегмент коммерциялық қызметке тартылған Топ қызметінің компонентін білдіреді, осы қызметтен Топ пайда алады немесе зиян шегеді (Топ қызметінің басқа да компоненттерімен жүргізілетін операцияларға қатысты кіріс пен шығысты қоса алғанда), оның қызметінің нәтижесін операциялық шешімдерді қабылдау үшін жауапты тұлға сегменттер арасындағы ресурстарды бөлу кезінде және олардың қызметінің қаржылық нәтижелерін бағалау кезінде тұрақты талдайды және оған қатысты қаржылық ақпарат қолжетімді болады.

(р) Салыстырмалы деректерді беру

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну тәртібіндегі өзгерістерге сәйкес келу мақсатында салыстырмалы деректер қайта жіктелді.

Алдыңғы жылдың шоғырландырылған қаржылық есептілігіндегі қайта жіктеу

Топтың 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау барысында Басшылық 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну тәртібіне сәйкес келу мақсатында сәйкес салыстырмалы көрсеткіштерге ықпал еткен белгілі бір қайта жіктеуді жүзеге асырды.





### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(р) Салыстырмалы деректерді беру, жалғасы

Сәйкес салыстырмалы көрсеткіштерге қайта жіктеудің нәтижесінде болған өзгерістердің әсері төмендегіше көрсетілуі мүмкін:

	Өткен кезеңнің есептілігіне сәйкес	Қайта жіктеудің әсері	Қайта жіктелген
2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есеп			
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты және оның баламалары	246,044	12,743	258,787
Міндетті резервтер	12,743	(12,743)	-
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	-	9,227	9,227
Басқа міндеттемелер	18,912	(9,227)	9,685
2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп			
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Шетел валютасымен жүргізілген операциялар бойынша таза түсім	-	10,029	10,029
Операциялық активтердегі және міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының түсімі	788	10,029	10,817
Операциялық активтердің өзгеруі:			
Міндетті резервтер	3,208	(3,208)	-
Операциялық міндеттемелердің өзгеруі:			
Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	-	(208)	(208)
Клиенттердің және банктердің қаражаты	(6,459)	(10,029)	(16,488)
Басқа міндеттемелер	(987)	208	(779)
Салық салғанға дейін операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының түсуі	62,766	(3,208)	59,558
Операциялық қызметте ақша қаражаты ағымының таза түсуі	61,400	(3,208)	58,192
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза ұлғаюы	3,921	(3,208)	713
Кезең басындағы ақша қаражаты және оның баламалары	242,123	15,951	258,074
Кезең соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары	246,044	12,743	258,787

Жоғары көрсетілген жіктеу Топтың қызметінің немесе капиталының нәтижелеріне әсер етпейді.





### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(с) Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсіндірмелер

«Қаржы құралдары» 9-ХҚЕС (IFRS)

2014 жылғы шілдеде ХҚЕС бойынша кеңес «Қаржы құралдары» 9-ХҚЕС (IFRS) ақырғы нұсқасын шығарды. 9-ХҚЕС (IFRS) 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе оларды мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Ол «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39-ХҚЕС-тің (IAS) орнына жүреді.

2017 жылғы қазан айында ХҚЕС бойынша кеңес «Кері өтемақымен мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптар» 9-ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер енгізді. Аталмыш түзетулер 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе оларды мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді.

Топ 9-ХҚЕС-ті (IFRS) өзінің 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілігінде мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Топ 2014 жылғы шілдеде шығарылған 9-ХҚЕС-ті (IFRS) қолдануды 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап бастайды және осы кезеңнен бастап 9-ХҚЕС-ке (IFRS) енгізілетін түзетулерді мерзімінен бұрын қолданады. Ағымдағы сәтте аяқталған бағалау нәтижелерінің негізінде 2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша Топтың меншікті капиталының кіріспе сальдосының құрамында көрсетілетін стандартты қолданудан болған жиынтық нәтиже (салық шегерілген) шамамен 16 млрд теңге сомаға бағаланады, оған төмендегілер кіреді:

- құнсыздануға қатысты талаптарды қолдануға байланысты шамамен 17 млрд теңгеге азаю;
- құнсыздануға қатысты талаптардан өзгеше активтерді модификациялау бөлігіндегі талаптарды қолдануға байланысты шамамен 3 млрд теңгеге азаю;
- кейінге қалдырылған салықтардың нәтижесін көрсетуге байланысты шамамен 600 млн теңгеге ұлғаю және пайдаға салынған ағымдағы салықты көрсетуге байланысты шамамен 3,4 млрд теңгеге ұлғаю.

Жаңа стандартқа өту толығымен аяқталмағандықтан, жоғарыда келтірілген бағалау бастапқы бағалау болып табылады. 2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша 9-ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың нақты әсері өзгеруі мүмкін, себебі:

- 9-ХҚЕС (IFRS) Топтан есепке алу және ішкі бақылау процестерін қайта қарауды талап етеді және аталмыш өзгерістер әлі аяқталмаған;
- Топ өзінің жаңа ақпараттық жүйелерінің бақылау құралдарын тестілеуді және бағалауды; сонымен қатар басқарма құрылымындағы өзгерістерді аяқтамаған;
- Топ күтіліп отырған кредиттік залалды есептеуге арналған өз модельдерін жетілдіріп және пысықтап жатыр; және
- есеп саясатының жаңа қағидалары, қолданылатын болжамдар, пайымдаулар және бағалау әдістері Топ бастапқы қолдану күнін қамтитын өзінің бірінші қаржылық есептілігін дайындау процесін аяқтамайынша өзгеріп отыруы мүмкін.

Жіктеу – қаржы активтері

9-ХҚЕС (IFRS) активтерді басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модельді және оларға байланысты ақша ағындарының сипаттамасын көрсететін, қаржы активтерін жіктеуге және бағалауға қолданылатын жаңа тәсілдемені қарастырады.

9-ХҚЕС (IFRS) қаржы активтерін бағалаудың негізгі үш санатын қамтиды: амортизацияланған құны бойынша бағаланатын, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын және пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын. Стандартта 39-ХҚЕС-тегі (IAS) қаржы активтерінің санаттары, яғни өтеуге дейінгі қаржы активтері, кредиттер мен дебиторлық берешекті және қолдағы сатуға арналған қаржы активтері алынып тасталған.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(с) Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсіндірмелер, жалғасы

Жіктеу – қаржы активтері, жалғасы

Қаржы активі төменде көрсетілген екі талапқа жауап берген және Топтың шешімі бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелмеген жағдайда ғана амортизацияланған құны бойынша бағаланады:

- қаржы активі мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу болып табылатын бизнес-модель аясында ұсталады, және
- оның шарттық талаптары негізгі соманы және негізгі соманың өтелмеген бөлігін ғана төлеуді білдіретін ақша ағындарының белгіленген мерзімдерде туындауын көздейді.





Қаржы активті төменде көрсетілген екі талапқа жауап берген және Топтың шешімі бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелмеген жағдайда ғана өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланады:

- қаржы активі шартта көзделген ақша ағындарын алу арқылы да, сол сияқты қаржы активтерін сату арқылы да мақсатқа қол жеткізуге болатын бизнес-модель аясында ұсталады, және

- оның шарттық талаптары негізгі соманы және негізгі соманың өтелмеген бөлігін ғана төлеуді білдіретін ақша ағындарының белгіленген мерзімдерде туындауын көздейді.

Саудаға арналмаған үлестік құралдарға салынған инвестицияларды бастапқы таныған кезде, Топ өз қалауы бойынша және кейін оның күшін жою құқығынсыз шешім қабылдай алады, инвестициялардың өзге жиынтық кіріс құрамындағы әділ құнын кейін өзгерте алады. Бұл таңдау әрбір инвестиция үшін бөлек-бөлек жасалады.

Жоғарыда сипатталғандай, амортизацияланған құны бойынша және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалауға арналған критерийлерге сәйкес келмейтін барлық қаржы активтері пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланады. Сонымен қатар бастапқы таныған кезде Топ өз қалауы бойынша, егер бұл туындауы мүмкін есептік сәйкессіздікті жоюға немесе елеулі түрде азайтуға көмектессе, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын құрал ретінде амортизацияланған құны бойынша және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалауға арналған критерийлерге сәйкес келетін қаржы құралын кейін қайта жіктеу құқығынсыз жіктей алады.

Бастапқы таныған кезде қаржы активі үш санаттың біріне жіктеледі.

9-ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес негізгі шарт 9-ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану аясында қаржы активі болып табылатын, шартқа кіріктірілген туынды құралдар ешқашан негізгі шарттан ажыратылмайды. Бұның орнына бүкіл гибридтік шарт стандарттарға сәйкес жіктелуі бойынша бағаланады.

Бизнес-модельді бағалау

Топ бизнес-модельдің мақсатына бағалау жүргізеді. Осы бағалаудың аясында қаржы құралдары портфелінің деңгейінде актив ұсталады. Бұл жағдай бизнесті басқарудың және басшылыққа ақпарат берудің тәсілдерін ең жақсы түрде көрсетеді. Бұл ретте келесі ақпарат қарастырылады:

— Қаржы активтерінің осы портфелі үшін белгіленген саясаттар мен мақсаттар, сонымен қатар көрсетілген саясаттардың іс жүзіндегі әрекеті. Атап айтқанда, нұсқаулықтың стратегиясы шартта көзделген пайыздық кірісті алуға, пайыздық мөлшерлемелердің белгілі бір құрылымын қолдауға, қаржы активтерін өтеу мірзімінің осы активтерді қаржыландыру үшін пайдаланылатын қаржылық міндеттемелерді өтеу мірзімдеріне сәйкес келуін қамтамасыз етуге немесе активтерді сату арқылы ақша ағындарын іске асыруға бағытталғандығы қарастырылады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(с) Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсіндірмелер, жалғасы

Бизнес-модельді бағалау, жалғасы

— Портфельдің нәтижелілігі қандай тәсілмен бағаланады және осы ақпарат Топ басшылығына қалай хабарланады.

— Бизнес-модельдің (және осы бизнес-модельдің аясында ұсталатын қаржы активтерінің) нәтижелілігіне әсерін тигізетін тәуекелдер және осы тәуекелдерді басқарудың қандай тәсілдермен жүзеге асырылатыны.

— Өткен кезеңдердегі сатылымдардың жиілігі, көлемі және мерзімдері, осындай сатылымдардың себептері, сонымен қатар болашақтағы сатылымдар деңгейіне қатысты күтілімдер. Алайда, сатылымдар деңгейі туралы ақпарат оқшау түрде емес, Топ мәлімдеген қаржы активтерін басқару мақсатына қандай тәсілмен қол жеткізілетіні және ақша ағындарының қандай тәсілмен іске асырылатынына тұтастай бірыңғай талдау жасау аясында қарастырылады.

Сауда үшін ұсталып қалатын және оларды басқару және олардың нәтижелілігін бағалау әділ құнның негізінде жүзеге асырылатын қаржы активтері пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын болады. Себебі олар шартта көзделген ақша ағындарын алу мақсатында да, қаржы активтерін алу мақсатында да ұсталмайды.

Шартта көзделген ақша ағындарының тек негізгі соманы және пайыздарды төлеу ғана болып табылатындығын бағалау

Осы бағалаудың мақсаттары үшін «негізгі сома» қаржы активінің бастапқы танылуындағы қаржы активінің әділ құны ретінде белгіленеді. «Пайыздар» ақшаның уақытша құны үшін, белгілі бір уақыт кезеңі бойы өтелмей қалған негізгі сомаға қатысты кредиттік тәуекел үшін және кредиттеуге байланысты басқа да негізгі тәуекелдер мен шығыс (мысалы, өтімділік тәуекелі және әкімшілік шығыс) үшін, сонымен қатар пайда маржасы үшін өтемақы ретінде белгіленеді.

Шартта көзделген ақша ағындарының тек негізгі соманың және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздың («SPPI



критерийлері») төлемі болып табылатынын бағалаған кезде, Топ қаржы құралының шарттық талаптарына талдау жасайды. Талдауға қаржы активінің шартта көзделген ақша ағындарының мерзімдерін немесе сомасын қаржылық актив талданып жатқан талапты қанағаттандыратындай етіп өзгертетін қандай да бір шарттық талаптың болуын бағалау кіреді. Бағалау жүргізу кезінде Топ төмендегі талаптарға талдау жасайды:

- ақша ағындарының мерзімдерін немесе сомасын өзгерте алатын шартты оқиғалар;
- тұтқалық (левередж) әсері бар талаптар;
- мерзімінен бұрын өтеу және қолданыс мерзімін ұзарту туралы талаптар;
- келісілген активтерден Топтың талаптарын ақша ағындарымен шектейтін талаптар, мысалы, регресс құқығынсыз қаржы активтері;
- ақшаның уақытша құнының орнын толтыруға өзгерістер тудыратын талаптар, мысалы, пайыздардың мөлшерлемелерін дүркін-дүркін қайта қарау.

Топтың жеке тұлғаларға берген барлық кредиттерінің және заңды тұлғаларға берген пайыздық мөлшерлемесі бекітілген белгілі бір кредиттерінің мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптары бар.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(с) Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсіндірмелер, жалғасы

Шартта көзделген ақша ағындарының тек негізгі соманы және пайыздарды төлеу ғана болып табылатындығын бағалау, жалғасы

Мерзімінен бұрын өтеу туралы талап мерзімінен бұрын өтеген кезде төленген сома мәні бойынша негізгі соманың өтелмеген бөлігін және өтелмеген бөлікке есептелген пайызды білдірген және шарттық қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін ақылға қонымды қосымша өтемақыны қамтыған жағдайда SPPI критерийіне сәйкес келеді.

Сонымен қатар мерзімінен бұрын өтеу туралы талап келесі жағдайда осы критерийге сәйкес талап ретінде қарастырылады: егер қаржы активі сыйлықақымен немесе шартта көрсетілген атаулы сомаға қатысты дисконтпен сатып алынса немесе құрылса, онда мерзімінен бұрын өтеген кезде төленуі тиіс сома мәні бойынша шартта көрсетілген атаулы соманы плюс шартта көзделген есептелген (бірақ төленбеген) пайызды білдіреді (сонымен қатар шарттық қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін ақылға қонымды қосымша өтемақыны қамтуы мүмкін); және қаржы активін бастапқы таныған кезде оның мерзімінен бұрын өтеу туралы талабының әділ құны болмашы болып табылады.

Әсер етуді бағалау

Осы стандарт 2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша ұсталатын қаржы активтерін жіктеуге және бағалауға төмендегіше әсерін тигізеді.

– Саудаға арналған ретінде жіктелетін және 39-ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, тәуекелдерді басқару мақсатында ұсталатын сауда активтері мен туынды активтер де 9-ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын болады.

– Банктерге және клиенттерге берілген, кредиттер және дебиторлық берешек ретінде жіктелетін және 39-ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес амортизацияланған құны бойынша бағаланатын несиелер де жалпы алғанда 9-ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес амортизацияланған құны бойынша бағаланатын болады.

– 39-ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес қолдағы сатуға арналған ретінде жіктелетін үлестік инвестициялық бағалы қағаздар амортизацияланатын құн бойынша, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша немесе нақты жағдайларға қарай пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын болады.

– 39-ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес қолдағы сатуға арналған ретінде жіктелетін үлестік инвестициялық бағалы қағаздардың көбісі 9-ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын болады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(с) Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсіндірмелер, жалғасы

Құнсыздану – Қаржы активтері, қарыз беру бойынша міндеттемелер және қаржылық кепілдік шарттары

9-ХҚЕС (IFRS) 39-ХҚЕС-те (IFRS) пайдаланылатын «келтірілген залал» моделінің орнына болашаққа бағытталған «күтілетін кредиттік залал» моделін қолданады. Құнсызданудың жаңа моделін қолдану Топтан экономикалық факторлардың өзгеруінің кредиттік залал туындауының ықтималдығы бойынша салыстырып қарау арқылы белгіленетін күтілетін кредиттік залалға тигізетін әсеріне қатысты кәсіби пайымдауларды талап етеді.



Құнсыздандудың жаңа моделі пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын келесі қаржы құралдарына қолданылады.

– борыштық құрал болып табылатын қаржы активтері;

– жалға беру бойынша дебиторлық берешек; және

– қарыз беру бойынша міндеттемелер және қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттемелер (бұрын құнсыздану «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер» 37-ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес бағаланатын).

9-ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес борыштық құралдарға салынған инвестициялар бойынша құнсыздандудан болған залал танылмайды.

9-ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес күтілетін кредиттік залалға құрылған бағалау резервтері 12 айлық күтілетін кредиттік залалға тең немесе 12 айлық күтілетін кредиттік залал сомасында немесе бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал сомасында танылуы тиіс. Бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал дегеніміз – қаржы құралы қолданыста болатын бүкіл күтілетін мерзім бойы барлық ықтимал дефолт оқиғаларының салдарынан туындайтын күтілетін кредиттік зиян, бұл кезде 12 айлық күтілетін кредиттік залал есепті күннен кейінгі 12 ай бойы болуы мүмкін дефолт оқиғаларының салдарынан туындайтын күтілетін кредиттік залалдың бір бөлігін құрайды.

Топ күтілетін кредиттік залалға құрылған бағалау резервтерін бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залалға тең сомада танытын болады. Бұған танылатын резерв сомасы 12 айлық күтілетін кредиттік залалға тең болатын келесі қаржы құралдары кірмейді:

– егер есепті күнгі жай-күйі бойынша олардың кредиттік тәуекелі төмен екені анықталған болса, онда борыштық инвестициялық бағалы қағаздар. Топ егер борыштық бағалы қағаз бойынша кредиттік рейтинг бүкіл әлемде қабылданған «инвестициялық сапа» рейтингінің анықтамасына сәйкес келсе, онда борыштық бағалы қағаздың кредиттік тәуекелі төмен болады деп есептейді.

– бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелі елеулі түрде көтерілмеген өзге қаржы құралдары (жалға беру бойынша дебиторлық берешектен басқасы).

9-ХҚЕС-тің (IFRS) құнсыздану бөлігіндегі талаптары күрделі болып табылады және пайымдар мен болжамдарды қолдануды талап етеді. Әсіресе төменде егжей-тегжейлі талқыланатын келесі салаларда:

– бастапқы танылған сәтінен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел елеулі көтерілген кездерді бағалау; сонымен қатар

– болжамдық ақпаратты күтілетін кредиттік залал бағасына кіргізу.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

*(с) Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсіндірмелер, жалғасы*

*Әсер етуді бағалау*

9-ХҚЕС-тің (IFRS) күшіне енуіне байланысты Топтың қаржылық есептілігіне елеулі әсер ету жасалған болжамға сәйкес құнсыздану бөлігіндегі жаңа талаптарға байланысты болады. 9-ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес құнсыздандудың жаңа моделін қолдану құнсыздандудан болатын залалдың ұлғаюына, сонымен қатар олардың көп құбылуына әкеп соқтырады.

Топтың бағалаулары бойынша 9-ХҚЕС-ті (IFRS) қолданған кезде, 2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша залалға құрылған бағалау резервтері (салық шегерілгенге дейінгі) шамамен 17 млрд теңгеге ұлғаяды.

Күтілетін кредиттік залалды бағалау

Күтілетін кредиттік залал кредиттік залал ықтималдығын ескере отырып салмақталған есептік бағаны білдіреді:

– кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын және есепті күнгі жай-күйі бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаю жағдайы болмаған қаржы активтеріне қатысты: күтілетін кредиттік залалды есептеу 12 ай ішінде кредиттік залал туындауының ықтималдығын салмақтау арқылы жүргізілетін болады;

– кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын, бірақ есепті күнгі жай-күйі бойынша кредиттік тәуекел елеулі ұлғайған жағдай анықталған қаржы активтеріне қатысты: күтілетін кредиттік залалды есептеу кредиттеудің қалған барлық мерзімінде кредиттік залал туындауының ықтималдығын салмақтау арқылы жүргізілетін болады;

– есепті күнгі жай-күйі бойынша кредиттік-құнсызданған болып табылатын қаржылық активтерге қатысты: мұндай қарыздар дефолттық ретінде танылатын болады және күтілетін кредиттік залал есебі активтердің жалпы баланстық құны мен болашақтағы есептік ақша ағындарының келтірінді құнының арасындағы айырма ретінде кредиттеудің қалған барлық мерзіміне жүргізілетін болады;

– қарыз беру бойынша міндеттемелердің пайдаланылмаған бөлігіне қатысты: егер қарыз беру бойынша міндеттемелерді ұстаушы қарызды алу бойынша өз құқықтарын пайдаланса, шарт бойынша Топқа тиесілі, шартта көзделген ақша ағындары мен егер осы қарыз берілген жағдайда Топ алайын деп отырған ақша ағындары арасындағы айырманың келтірінді құны ретінде; және



– қаржылық кепілдіктер шарттарына қатысты: Топ өтеуді күтіп отырған соманы шегергендегі шарт ұстаушы көтерген кредиттік залалдың орнын толтыру үшін шарт ұстаушыға жасалатын күтілетін төлемдердің келтірінді құны.

#### *Дефолтты белгілеу*

Топ қаржы активтерін 9-ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес келесі жағдайларда дефолт оқиғасы орын алған қаржы активтеріне жатқызады:

– қарыз алушының Топ алдындағы кредиттік міндеттемелерінің Топтың қамсыздандыруды (егер болса) іске асыру сияқты іс-әрекеттерді қолдануынсыз толық көлемде өтелетіні екіталай; немесе

– Топтың кез келген кредиттік міндеттемелері бойынша қарыз алушының берешегі ұжымдық негізде бағаланатын кредиттік міндеттемелер бойынша 90 күннен аса уақытқа мерзімінен кешіктірілсе және жеке негізде бағаланатын кредиттік міндеттемелер бойынша 60 күннен аса уақытқа мерзімінен кешіктірілсе. Овердрафттар клиент ұсынылған лимитті бұзған немесе оған ағымдағы өтелмеген берешек сомасынан аз лимит ұсынылған сәттен бастап мерзімінен кешіктірілген берешек болып саналады.

### **3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ**

(с) Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсіндірмелер, жалғасы

#### *Дефолтты белгілеу, жалғасы*

– Шартты міндеттемелер және аккредитивтер бойынша – шарттың талаптары бойынша контрагенттің (принципалдың) міндеттемелерін орындамау, осының салдарынан Банкте қаржылық кепілдік бойынша төлем жасау (бенефициарға) міндеттемесі туындайды.

Қарыз алушының міндеттемелері бойынша дефолт оқиғасының орын алуын бағалаған кезде, Топ келесі көрсеткіштерді ескеретін болады:

– сапалық: мысалы, шарттың шектеу қоятын талаптарын (ковенанттарды) бұзу;

– сандық: мысалы, мерзімінен кешіктірілген берешектің мәртебесі және Топтың бір эмитентінің өзге міндеттемесі бойынша төлемнің жасалмауы; сонымен қатар

– Топтың ішінде өз бетінше әзірленген және сыртқы дереккөздерден алынған деректердің негізінде.

Қаржы құралы бойынша дефолт оқиғасының туындауын бағалаған кездегі бастапқы деректер және олардың маңыздылығы жағдаяттардағы өзгерістерді көрсету үшін уақыт өткен сайын өзгеріп отыруы мүмкін.

#### *Кредиттік тәуекелдің деңгейлері*

Топ дефолт тәуекелін болжау үшін анықталатын әртүрлі деректердің негізінде, сонымен қатар кредит бойынша сараптамалық пайымдаманы қолдану арқылы кредиттік тәуекелдің деңгейлері арасындағы кредиттік тәуекелге ұшыраған әрбір позицияны бөледі. Топ кредиттік тәуекелдің осы деңгейлерін 9-ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес кредиттік тәуекелдің елеулі түрде көтерілуін анықтау үшін пайдаланатын болады. Кредиттік тәуекелдің деңгейлері дефолт тәуекеліне көрсететін сапалық және сандық факторларды пайдалану арқылы белгіленеді. Бұл факторлар кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияның сипатына және қарыз алушының типіне байланысты өзгеруі мүмкін.

Кредиттік тәуекелдің деңгейлері келесі тәсілмен анықталады және сұрыпталады: дефолттың орын алу тәуекелі кредиттік тәуекелдің нашарлауына қарай экспоненциалды түрде ұлғаяды, мысалы, кредиттік тәуекелдің 1-ші және 2-деңгейлері арасындағы дефолт тәуекеліндегі айырма кредиттік тәуекелдің 2-ші және 3-деңгейлері арасындағы айырмадан азырақ.

Кредиттік тәуекелге ұшыраған әрбір позиция қарыз алушы туралы қолда бар ақпараттың негізінде бастапқы тану күніндегі кредиттік тәуекелдің белгілі бір деңгейіне жатқызылатын болады. Кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияларға тұрақты түрде мониторинг жүргізілетін болады. Бұл жағдай позицияны кредиттік тәуекелдің басқа деңгейіне ауыстыруға әкеп соқтыруы мүмкін.

#### *Дефолт ықтималдығының уақыттық құрылымын құру*

Кредиттік тәуекелдің деңгейлері кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар үшін дефолт ықтималдығының уақыттық құрылымын құрған кезде бастапқы деректер болып табылады. Топ юрисдикцияға, өнім мен қарыз алушының типіне және кредиттік тәуекелдің деңгейіне байланысты талданатын, берешекке қызмет көрсету және кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияларға арналған дефолттың деңгейі туралы ақпарат жинайды. Кейбір портфельдер үшін сыртқы кредиттік рейтинг агенттіктерінен алынған ақпаратты да қолдануға болады.

Жиналған деректерді талдау және кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар үшін қалған кезең ішіндегі дефолт ықтималдығының және уақыттың өтуімен олардың өзгеруіндегі күтулердің бағасын алу үшін статистикалық модельді пайдаланатын болады.

Осы талдау дефолттың ықтималдығындағы өзгерістер мен макроэкономикалық факторлардағы өзгерістер арасындағы қарым-қатынасты анықтауды және сұрыптауды, сонымен қатар кейбір басқа факторлардың (мысалы, кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарау тәжірибесінің) дефолт тәуекеліне әсерінің егжей-тегжейлі талдамасын қамтиды.



### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

*(с) Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсіндірмелер, жалғасы*

*Кредиттік тәуекелдің елеулі түрде көтерілуі*

9-ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес қаржы құралы бастапқы танылған сәттен бастап ол бойынша кредиттік тәуекелдің (яғни дефолт тәуекелінің) елеулі көтерілу жағдайының орын алғанын белгілеген кезде, Топ дәлелді және расталатын ақпаратты, өзекті және сандық ақпарат пен сапалық ақпаратты қоса алғанда, шамадан тыс шығынданусыз және күш салусыз қол жеткізуге болатын ақпаратты, сонымен қатар Топтың тарихи тәжірибесіне, кредиттің сапасына және болжамды ақпаратқа жасалған сараптамалық бағалауға негізделген талдауды қарастырады.

Топ бірінші кезекте:

- есепті күнгі жай-күйі бойынша барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт болуының ықтималдығын; және
- кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияны бастапқы таныған кезде белгіленген уақыт сәтіне қатысты есептелген барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт болуының ықтималдығын салыстыру арқылы кредиттік тәуекелге ұшыраған позиция үшін кредиттік тәуекелдің елеулі көтерілу жағдайының орын алғанын анықтайды.

Қаржы құралы бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі көтерілуін бағалау қаржы құралының бастапқы танылған күнін белгілеуді талап етеді. Төменде қарастырылған қаржы құралының шарттық талаптарының өзгеруі осы бағалауға да әсерін тигізуі мүмкін.

*Кредиттік тәуекелдің елеулі көтерілуін белгілеу*

Топ нақты қаржы құралы бастапқы танылған сәттен бастап ол бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі көтерілуін белгілеу үшін сандық ақпаратты да, сапалық ақпаратты да қамтитын бағалау әдістемесін әзірледі. Осы әдістеме Топтың кредиттік тәуекелді басқару бойынша ішкі процесімен келісіледі. Кредиттік тәуекелдің елеулі көтерілуін белгілеуге арналған критерийлер модельге байланысты өзгеріп отыратын болады және мерзімінен кешіктіру мерзімі бойынша «шектегішті» қосатын болады.

Топ бірқатар жағдайларда кредиттің сапасын сараптамалық бағалауды және, егер қолайлы болса, сәйкес тарихи тәжірибені қолдана отырып, нақты сапалық көрсеткіштер кредиттік тәуекелдің елеулі көтерілуін білдірген және осы көрсеткіштер сандық талдау аясында толығымен уақытылы есепке алынбаған жағдайда, кредиттік тәуекелге ұшыраған позиция бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі көтерілу жағдайының орын алғанын белгілей алады. «Шектегіш» ретінде және 9-ХҚЕС-тің (IFRS) талаптарын ескере отырып, Топ кредиттік тәуекелдің елеулі көтерілуі актив бойынша мерзімінен кешіктірілген берешек күндерінің саны 30 күннен асқан сәттен кешіктірмей орын алған деген болжам жасайды.

Топ төмендегілерге көз жеткізу үшін жүйелі түрде тексерулер жүргізу арқылы кредиттік тәуекелдің елеулі түрде көтерілуін анықтау үшін пайдаланылатын критерийлердің тиімділігін тексереді:

- кредиттік тәуекелге ұшыраған позиция ретінде дефолтқа шыққанға дейін кредиттік тәуекелдің елеулі түрде көтерілуін анықтауға қабілетті критерийлер;
- критерийлер актив бойынша төлем 30-дан аса күнге мерзімінен кешіктірілген кездегі уақытпен сәйкес келмейді;
- кредиттік тәуекелдің елеулі түрде көтерілуінің анықталуы мен дефолттың арасындағы орташа уақыт ақылға қонымды болып табылады;
- тәуекелге ұшыраған позициялар 12 айлық күтілетін кредиттік залалды бағалау құрамынан кредиттік-құнсызданғандар құрамына тікелей көшірілмейді;
- 12 айлық күтілетін кредиттік залалды бағалау құрамынан барлық мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал құрамына көшірілген кездегі залалға құрылған бағалау резервінің негізсіз құбылмалылығы жоқ.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

*(с) Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсіндірмелер, жалғасы*

*Модификацияланған қаржы активтері*

Кредит бойынша шартта көзделген талаптар бірқатар себептерге, оған қоса нарықтағы жағдайдың өзгеруіне, клиенттерді ұстап қалуға және клиенттің кредитті өтеуге қабілеттілігінің ағымдағы немесе ықтимал нашарлауына қатысты болмайтын басқа да факторларға байланысты модификациялануы мүмкін. Талаптары модификацияланған қолда бар кредитті тану тоқтатылуы мүмкін және қайта қаралған кредит әділ құны бойынша жаңа кредит ретінде танылуы мүмкін.

Топ қайтарылатын берешек сомасын ұлғайту және дефолт тәуекелін азайту үшін қаржылық қиындықтарға ұшыраған клиенттердің кредиттері бойынша талаптарды қайта қарайды («кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарау» тәжірибесі деп аталады). Кредиттік



келісімдердің талаптарын қайта қарау бойынша Топтың саясатына сәйкес борышкер қазіргі кезде өзінің борышы бойынша дефолтқа жол берген немесе дефолттың орын алу тәуекелі жоғары болған және борышкердің қайта қаралған талаптарды орындай алатыны болжанған жағдайда ғана кредит бойынша талаптар әрбір жеке клиентке қатысты қайта қаралады.

Қайта қаралған талаптар әдетте өтеу мерзімін ұзартуды, пайызды төлеу мерзімін өзгертуді, сыйақы мөлшерлемесін өзгертуді және шарттың шектеу қоятын талаптарын (ковенанттар) өзгертуді қамтиды. Жеке тұлғаларға берілген кредиттерге, сондай-ақ заңды тұлғаларға берілген кредиттерге қатысты кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарау саясаты қолданылады.

Кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарау саясаты аясында модификацияланған қаржы активтері бойынша дефолттың ықтималдылығын бағалау аталған модификацияның пайыздар мен негізгі соманы алуға қатысты Топтың мүмкіндіктерін жақсарту немесе қалпына келтіру фактісінің орын алуын не алмауын және осындай кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарауға қатысты Топтың алдыңғы тәжірибесін көрсетеді. Аталған процестің аясында Топ шарттың модификацияланған талаптарына сәйкес қарыз алушының борыш бойынша уақытылы қызмет көрсетуін бағалайды және әртүрлі жүріс-тұрыс көрсеткіштерін қарастырады.

Кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарау дефолттың және кредиттік құнсыздандудың сапалы көрсеткішін білдіреді, сонымен қатар талаптарды қайта қарастыру кредиттеу өнімдерінің талаптарына, клиентті ұстап қалуға, нарықтық талаптардың өзгеруіне қатысты Банк саясатының өзгерісіне негізделген жағдайларды және қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты болмайтын жағдайларды қоспағанда, кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарау бойынша күтулер кредиттік тәуекелдердің айтарлықтай артуын бағалауға қатысты болады. Кредиттік келісімдердің талаптары қайта қаралғаннан кейін, клиент кредиттік тәуекелге ұшырайтын позиция дефолтта деп есептелгенге дейінгі / кредиттік-құнсызданған деп танылғанға дейінгі белгілі бір уақыт кезеңі ішінде төлемдерді уақытылы төлеуі қажет немесе дефолт ықтималдығы залалға бөлінген бағалау резерві 12 ай үшін қайтадан күтілетін кредиттік залалға тең сомада бағаланатындай төмендеген болып есептеледі.

*Күтілетін кредиттік залалды бағалау кезіндегі шығыс деректер*

Күтілетін кредиттік залалды бағалау кезіндегі негізгі шығыс деректер болып келесі ауыспалы көрсеткіштердің уақытша құрылымы танылады:

- дефолттың ықтималдығы (PD);
- дефолт болған жағдайдағы залалдың шамасы (LGD); және
- дефолт болған жағдайда, тәуекелге ұшырайтын сома (EAD).

Аталған көрсеткіштер ішкі статистикалық модельдерден және реттелген капиталды есептеуге арналған модельдерде қолданылатын басқа да тарихи деректерден алынады. Олар төменде көрсетілген болжамды ақпаратты көрсету үшін түзетіледі.

Дефолттың ықтималдығын бағалау (PD) статистикалық рейтингтік модельдердің негізінде есептелетін және контрагенттер мен позициялардың әртүрлі санаттарына бейімделген, кредиттік тәуекелдерге ұшырағыш бағалау құралдарын пайдалану арқылы бағаланатын белгіленген мерзімде бағалауды білдіреді.

### **3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ**

*(с) Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсіндірмелер, жалғасы*

*Күтілетін кредиттік залалды бағалау кезіндегі шығыс деректер, жалғасы*

Аталған статистикалық модельдер сандық, сондай-ақ сапалық факторларды қамтитын ішкі жинақталған деректерге негізделеді. Егер мүмкін болса, нарықтық деректер сонымен қатар ірі контрагенттер – заңды тұлғаларға дефолт ықтималдығын белгілеу үшін пайдаланылуы мүмкін. Егер контрагент немесе кредиттік тәуекелге ұшырағыш позиция рейтинг деңгейлері арасында көшіп жүретін болса, бұл сәйкес дефолт ықтималдығын бағалау кезінде өзгерістерге әкеп соғады. Дефолт ықтималдығы кредиттік тәуекелдерге ұшырағыш позицияларды өтеу бойынша шартта көрсетілген мерзімде және мерзімінен бұрын өтеу бойынша болжанған мөлшерлемелер есепке алынып, бағаланады.

Борыштық бағалы қағаздар үшін дефолттың ықтималдығын бағалау (PD) эмитенттің рейтингіне сәйкес айқындалады. Халықаралық рейтинг агенттіктері PD әрбір рейтинг үшін барлық өмірлік циклге белгілейді.

Дефолт болған жағдайдағы залалдың шамасы (LGD) дефолт болған жағдайда туындауы мүмкін залалдың шамасын білдіреді. LGD бағалау модельдерінде талаптардың құрылымы, қамсыздандыруы, үлкендік дәрежесі, контрагенттің саласы және қаржы активтерінің құрамына кіретін кез келген қамсыздандыруды өтеуге жұмсалатын шығын көзделетін болады. Дефолт болған жағдайдағы залал шамасының бағамы әртүрлі экономикалық сценарийлер есепке алынып, калибрлік тексеруден өтеді. Олар дисконттау коэффициенті ретінде пайыздың тиімді мөлшерлемесі қолданылып, дисконтталған ақша ағынының негізінде есептеледі.

Қаржы институты болып табылатын эмитенттің борыштық бағалы қағаздары бойынша дефолт болған жағдайдағы залалдың шамасы (LGD) жалпы жағдайда 70%-ға тең. Егер бағалы қағаздарды шығарудың ерекше талаптары болатын болса (мысалы, қамсыздандырудың





болуы және т.б.), LGD өзгертілуі мүмкін. Эмитенті өзге компаниялар болып табылатын борыштық бағалы қағаздар бойынша LGD көрсеткішін анықтау үшін негіз ретінде рейтингке байланысты қайтару деңгейі бойынша Moody's рейтинг агенттігінің деректері пайдаланылады.

Дефолт болған жағдайда тәуекелге ұшырайтын сома (EAD) дефолт орын алған күні кредиттік тәуекелге ұшырағыш позицияның болжанған шамасын білдіреді. Аталған көрсеткішті EAD ағымдағы шамасына және амортизациялау мен мерзімінен бұрын өтеуді қосқанда, оның шарт бойынша жол берілетін өзгерістеріне байланысты Топ есептейді. Қаржы активі үшін EAD шамасы болып жалпы баланстық құн танылады. Қарыз және қаржылық кепілдіктер шартын беру бойынша міндеттемелер үшін EAD шамасы алынған соманы, сондай-ақ тарихы зерттеулер мен болжамдар негізінде бағаланатын шарттар бойынша алынуы немесе өтелуі мүмкін болашақтағы сомаларды есепке алады. Кейбір қаржы активтері үшін Топ EAD шамасын сценарийлер мен статистикалық әдістерді қолдану арқылы әртүрлі уақыт сәттерінде кредиттік тәуекелдерге ұшырағыш позициялардың мүмкін болатын шамаларының диапазонын модельдеу арқылы айқындауы мүмкін.

Шарт бойынша ең жоғарғы кезең Топ ұсынылған қарызды өтеуді талап етуге немесе қарыз беру не қаржылық кепілдік беру шарты бойынша міндеттемелердің күшін жоюға құқылы болатын күнге дейін созылады.

Егер шартта көзделген Топтың кредитті өтеуді талап ету және өзіне қабылдаған міндеттеменің талап етілмеген компонентін талап ету мүмкіндігі Топтың шартта көрсетілген мерзімде кредиттік залал тәуекеліне ұшырағыштығын шектемейтін болса, жеке тұлғаларға арналған овердрафттар мен кредит карталарына және заңды тұлғаларға арналған кредиттер мен өзіне қабылдаған міндеттеменің талап етілмейтін компонентін қамтитын кейбір жаңартылатын кредиттеу механизмдеріне қатысты, Топ күтілетін кредиттік залалды шарт бойынша ең жоғарғы кезеңнен асатын кезең ішінде бағалайды. Аталған кредиттеу механизмдерінің бекітілген мерзімі немесе өтеу сұлбалары болмайды және олар топтық негізде басқарылады. Олар күшіне енген сәтте-ақ Топ дереу оның күшін жоюы мүмкін, бірақ шартта көзделген осы құқық қалыпты ағымдағы басқару аясында қолданылмайды, тек Топқа кредиттеу механизмі деңгейінде кредиттік тәуекелдің артуы жөнінде белгілі болған жағдайда ғана қолданылады. Аталған ұзақ кезең Топ қабылдауы мүмкін және күтілетін кредиттік залалдың салдарын азайтуға арналған кредиттік тәуекелдерді басқару бойынша іс-әрекеттерді есепке ала отырып, бағаланады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(с) Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсіндірмелер, жалғасы

*Күтілетін кредиттік залалды бағалау кезіндегі шығыс деректер, жалғасы*

Егер параметрді модельдеу топтық негізде жүзеге асырылатын болса, онда қаржы құралдары тәуекелдің жалпы сипаттамалары негізінде топтастырылады, олар төмендегілерді қамтиды:

- құралдың түрі;
- кредиттік тәуекелдің деңгейлері;
- саласы; кредиттеу өнімдері және қарыз алушының ұйымдық-құқықтық нысаны; және оның негізінде қаржы құралдарын топтастыруға болатын жалпы сипаттамалардың өзге белгілері.

Белгіленген топтың аясында кредиттік тәуекелге ұшырағыш позициялардың бірыңғай болуын қамтамасыз ету үшін Топтарға жүйелі түрде тексеру жүргізіледі.

*Болжамды ақпарат*

9-ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес Топ бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдерді айтарлықтай арттыруды бағалауына, сондай-ақ күтілетін кредиттік залалды бағалауына болжамды ақпаратты қосады. Топ қаржы құралдарының әр портфелі бойынша кредиттік тәуекел мен кредиттік залалдың негізгі факторларын белгілеп, құжат жүзінде ресімдеді және тарихи деректердің талдамасын пайдалана отырып, макроэкономикалық айнымалылар, кредиттік тәуекелдер және кредиттік залал арасындағы өзара байланысты бағалады. Негізгі фактор болып ЖІӨ болжамы танылады. Қаржы активтерінің әртүрлі портфельдері бойынша негізгі көрсеткіш пен дефолт шамасының және залал деңгейінің болжанатын қатынастары соңғы 5 жылдағы тарихи деректерге талдау жасау негізінде әзірленді.



#### Өтпелі ережелер

9-ХҚЕС-ті (IFRS) пайдалану нәтижесінде есеп саясатындағы өзгерістер төменде көрсетілген жағдайларды қоспағанда жалпы жағдайда ретроспективті түрде қолданылады.

- Топ қаржы құралдарын топтастыруды және бағалауды (құнсыздануды қосқанда) өзгертуге қатысты алдыңғы кезеңдер бойынша деректерді қайта санамауға мүмкіндік беретін босатуды пайдаланады. Құралдардың бұрынғы баланстық құны мен олардың 9-ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес баланстық құны арасындағы айырма жалпы жағдайда 2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша бөлінбеген пайда мен меншікті капиталдың резервтері құрамында танылады.
- Келесі бағалаулар бастапқы қолдану күнінде болған фактілер мен жағдайларға байланысты жасалуы қажет.

- Оның аясында қаржы активі ұсталатын бизнес-модельді айқындау.

- Топтың қалауы бойынша айқындау және пайда мен шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санаттарға бұрын жасалған кейбір қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер айқындауларының күшін жою.

Егер борыштық инвестициялық бағалы қағаздың 2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша кредиттік тәуекелі төмен болса, онда Банк бастапқы танылған сәттен бастап актив бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы болмағанын айқындайды.

#### (т) Өзге стандарттар

Стандарттар мен түсіндірмелерге енгізілетін келесі түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді:

- 15-ХҚЕС (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім»
- 16-ХҚЕС (IFRS) «Жалға беру»
- ХҚЕС жыл сайын жетілдіру, 2014–2016 жж. кезеңі – 1-ХҚЕС (IFRS) және 28-ХҚЕС-ке (IAS) енгізілетін түзетулер
- акциялардың негізінде төлемдер бойынша операцияларды топтастыру және бағалау (2-ХҚЕС-ке (IFRS) енгізілетін түзетулер)
- инвестициялық жылжымайтын мүлікті бір санаттан екінші санатқа ауыстыру (402-ХҚЕС-ке (IAS) енгізілетін түзетулер)
- инвестор мен оның ассоциацияланған және біріккен кәсіпорындары арасындағы мәмілелер бойынша активтерді сату немесе енгізу (10-ХҚЕС-ке (IFRS) және 28-ХҚЕС-ке (IAS) енгізілетін түзетулер)
- «Шетел валютасымен жасалатын операциялар және алдын ала жасалатын төлем» 22-ХҚЕСТК (IFRIC) түсіндірмесі
- «Табыс салығын есептеу ережесіне қатысты белгісіздік» 23-ХҚЕСТК (IFRIC) түсіндірмесі.





#### 4. ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Пайыздық кіріс:		
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілген қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс:		
- құнсыздану белгісі жоқ қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс	77,179	72,161
- құнсыздану белгісі жоқ қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс	22,846	13,944
Әділ құны бойынша көрсетілген қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс	9,913	8,438
Барлық пайыздық кіріс	109,938	94,543
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілген қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс, оған:		
Клиенттерге және банктерге берілген несие бойынша пайыздар	97,574	83,203
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар бойынша пайыздар	1,137	1,029
Клиенттерге және банктерге берілген несие бойынша өсімпұлдар	625	760
Банктердегі қаражат бойынша пайыздар	689	1,113
	100,025	86,105
Әділ құны бойынша көрсетілген қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс:		
Қолдағы сатуға арналған инвестициялар бойынша пайыздар	8,656	7,377
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілген қаржы активтері бойынша пайыздар	1,257	1,061
	9,913	8,438
Барлық пайыздық кіріс	109,938	94,543
Пайыздық шығыс:		
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілген қаржы активтері бойынша пайыздық шығыс	(62,438)	(68,224)
Барлық пайыздық шығыс	(62,438)	(68,224)
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздық шығыс:		
Клиенттердің және банктердің қаржы құралдары бойынша пайыздар	(46,640)	(49,424)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздар	(2,666)	(3,093)
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері бойынша пайыздар	(7,286)	(9,918)
Реттелген облигациялар бойынша пайыздар	(5,846)	(5,789)
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілген қаржылық міндеттемелер бойынша барлық пайыздық шығыс	(62,438)	(68,224)
	47,500	26,319

Құнсызданған қарыздар бойынша пайыздық кірісті есептеу босату әсері әдісі бойынша жүргізіледі. Ұсынылған күтілетін ақша ағынының құны уақыт өте келе өседі, осылайша құнсыздануға бөлінетін резерв азаяды. Осындай әсер босату әсері деп аталады, ол туралы толық мәлімет 5-ескертеде көрсетілген.



## 5. ПАЙЫЗ ЕСЕПТЕЛЕТІН АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫНА РЕЗЕРВ ҚҰРУ

2016 жылғы және 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойынша	Корпоративтік қарыздар	Шағын және орта бизнес	Ипотекалық кредит беру	Тұтынушылық кредит	Бизнесі дамыту	Автокредит	Банктерге берілген несиесі	Клиенттерге және банктерге берілген барлық несиесі
<b>2016 жылғы 1 қаңтар</b>	119,122	6,567	6,468	7,075	12,071	23	-	151,326
Резерв құру/ (резервті қайта қалпына келтіру)**	(4,768)	1,634	4,828	4,137	4,774	(15)	13	10,603
Босату әсері *	(9,618)	(308)	(665)	(692)	(711)	(6)	-	(12,000)
Активтерді есептен шығару	(28,824)	(5,957)	(9,114)	(6,976)	(9,957)	(26)	-	(60,854)
Бұрын есептен шығарылған активтерді қайта қалпына келтіру	1,147	206	1,019	543	283	56	-	3,254
Бағамдық айырма	896	49	49	53	91	-	-	1,138
<b>2016 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>77,955</b>	<b>2,191</b>	<b>2,585</b>	<b>4,140</b>	<b>6,551</b>	<b>32</b>	<b>13</b>	<b>93,467</b>
<b>2017 жылғы 1 қаңтар</b>	<b>77,955</b>	<b>2,191</b>	<b>2,585</b>	<b>4,140</b>	<b>6,551</b>	<b>32</b>	<b>13</b>	<b>93,467</b>
Резерв құру/ (резервті қайта қалпына келтіру)**	29,170	1,457	5,738	7,173	158	60	(13)	43,743
Босату әсері *	(11,257)	(1,167)	(2,883)	(3,619)	(2,133)	(47)	-	(21,106)
Активтерді есептен шығару	(755)	(107)	(1,539)	(1,353)	(340)	(9)	-	(4,103)
Бұрын есептен шығарылған активтерді қайта қалпына келтіру	116	384	550	554	284	24	-	1,912
Бағамдық айырма	(52)	(1)	(1)	(3)	(5)	-	-	(62)
<b>2017 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>95,177</b>	<b>2,757</b>	<b>4,450</b>	<b>6,892</b>	<b>4,515</b>	<b>60</b>	<b>-</b>	<b>113,851</b>

\* Пайыздық кіріс құрамында танылды

\*\* 2017 жылғы 31 желтоқсанда және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі айдың ішінде танылған резервті қалыптастыру пайда және залал туралы шоғырландырылған есептің

«Пайыз есептелетін активтердің құнсыздануына резерв құру» бабының құрамында көрсетілген.





## 6. ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ТАЗА ЗАЛАЛ

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Сауда операциялары бойынша іске асырылған пайда/ (залал)	119	(34)
Туынды қаржы құралдарымен жүргізілген операциялар бойынша іске асырылмаған залал	(694)	(2,164)
Әділ құнының өзгеруінен іске асырылмаған залал	(835)	(1,429)
Туынды қаржы құралдарымен жүргізілген операциялардан алынған іске асырылған (залал)/пайда	(1,037)	1,415
	(2,447)	(2,212)

## 7. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДА

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Дилинг операциялары, нетто	5,487	7,333
Бағамдық айырма, нетто	2,267	(933)
	7,754	6,400

## 8. ҚЫЗМЕТТЕР БОЙЫНША АЛЫНҒАН КІРІС ЖӘНЕ АЛЫНҒАН КОМИССИЯЛАР

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Есеп айырысу операциялары	6,166	5,952
Төлем карталары	5,352	4,481
Кассалық операциялар	4,702	5,184
Кепілдік беру	3,088	2,649
Шетел валютасымен жүргізілген операциялар	708	1,152
Кастодиандық қызмет	234	220
Құжаттамалық операциялар жүргізу	129	102
«Интернет-банкинг» жүйесі бойынша қызмет көрсету	123	262
Сенімгерлік операцияларын жүргізу	26	29
Басқа	1,170	618
	21,698	20,649



## 9. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫС

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Жалақы	12,662	14,072
Пайдаға салынған салықтан басқа салықтар	3,141	2,567
Тозу және амортизация	2,554	2,330
Әкімшілік шығыс	2,346	2,361
Депозиттерге кепілдік беру қорына салынған жарналар	2,229	2,765
Жалдау шығысы	1,685	1,881
Сигнализацияны күзетуге жұмсалатын шығыс	730	746
Жабдықты жөндеу және оған қызмет көрсету	622	335
Инкассацияға жұмсалған шығыс	614	758
Телекоммуникация	556	542
Кәсіби қызметтерге жұмсалған шығыс	368	387
Жарнамаға жұмсалған шығыс	293	180
Іссапар шығысы	286	231
Өкілдік шығыс	48	-
Басқа шығыс	165	1,577
	<b>28,299</b>	<b>30,732</b>

## 10. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫС

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыс	-	1,443
Мерзімдік айырмалардың туындауының және қайта қалпына келтірілуінің және бағалау резервінде болған өзгерістердің салдарынан кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің шамасының өзгеруі	7,199	457
Табыс салығы бойынша барлық шығыс	<b>7,199</b>	<b>1,900</b>

2017 жылы ағымдағы және кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша мөлшерлеме 20% құрайды (2016 жылы: 20%).

### 31 желтоқсанда аяқталатын жыл ішіндегі табыс салығы бойынша тиімді мөлшерлемені есептеу

	2017 жылғы 31 желтоқсан	%	2016 жылғы 31 желтоқсан	%
Салық салғанға дейінгі пайда	36,070		5,293	
Табыс салығы бойынша қолданыстағы мөлшерлемеге сәйкес есептелген табыс салығы	7,214	20.00	1,059	20.00
Мемлекеттік және басқа да квалификацияланатын бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялардан алынатын салық салынбайтын пайыздық және басқа кіріс	(2,085)	(5.78)	(952)	(17.99)
Кейінге қалдырылған салық активтерін өзгерту	4	0.01	-	-
Күдікті берешек бойынша есептен шығарылмайтын провизия	-	-	918	17.34
Есептен шығарылмайтын операциялық және басқа шығыс	2,066	5.73	875	16.53
	<b>7,199</b>	<b>19.96</b>	<b>1,900</b>	<b>35.88</b>



## 10. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫС, ЖАЛҒАСЫ

(а) Кейінге қалдырылған салықтық активтер және кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің құны мен салық салынатын базаны есептеу мақсатында қолданылатын сомалар арасында туындайтын уақыт айырмасы 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтердің туындауына әкеп соғады.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген.

2017 жыл және 2016 жыл ішіндегі уақыт айырмасының өзгеруі келесідей берілуі мүмкін.

2017 жыл	2017 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша қалдық	Пайда немесе залал құрамында көрсетілген	Меншікті капитал құрамында көрсетілген	2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қалдық
Төленетін есептелген сыйақы	133	(32)	-	101
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер	219	(106)	-	113
Болашақ кезеңге ауыстырылған салық залалы	125	46	-	171
Басқа	312	8	-	320
Реттелген облигациялар бойынша дисконт	-	(6,987)	-	(6,987)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(3,170)	(128)	-	(3,298)
	(2,381)	(7,199)	-	(9,580)

2016 жыл	2016 жылғы 1 қаңтардағы жай- күйі бойынша қалдық	Пайда немесе залал құрамында көрсетілген	Меншікті капитал құрамында көрсетілген	2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қалдық
Төленетін есептелген сыйақы	192	(59)	-	133
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер	613	(394)	-	219
Болашақ кезеңге ауыстырылған салық залалы	127	(2)	-	125
Басқа	181	131	-	312
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	(1,881)	(133)	(1,156)	(3,170)
	(768)	(457)	(1,156)	(2,381)

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша Топ шығарылған реттелген облигациялар бойынша дисконтты танудан түскен кіріс бойынша 6,987 млн теңге мөлшеріндегі сомда кейінге қалдырылған салықтық міндеттемені таныды (22-ескерте). Танылған дисконт түріндегі кіріс Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 84-бабының 2-тармағының 7-тармақшасына сәйкес салық салынатын кіріске қосылмайды.



## 11. БІР АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА

Бір акция бойынша базалық және ажыратылған пайда кезең бойынша бас Банктің акционерлеріне қатысты таза пайданың кезең ішіндегі жай акциялардың орташа санына ара қатынасы ретінде есептелген.

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Бір акция бойынша базалық пайда		
Банктің акционерлеріне қатысты таза пайда	28,800	5,311
Тоқтатылған қызметтің бір акциясына базалық пайданы есептегенде пайдаланылған тоқтатылған қызметтен түскен пайданы шегергенде	-	(1,968)
Артықшылықты акцияларды ұстаушылар арасында пайданы толық бөлген кезде төленетін қосымша дивидендті шегергенде	(5,645)	(652)
Жай акцияларды ұстаушыларға қатысты таза пайда	23,155	2,691
Бір акция бойынша базалық пайданы есептеу үшін жай акциялардың орташа алынған саны	161,885,749	161,847,623
Жалғасатын қызмет, бір акция бойынша базалық пайда (теңгемен)	143.03	16.63
Тоқтатылған қызмет, бір акция бойынша базалық пайда (теңгемен)	-	12.16
Бір акция бойынша тоғытылған пайда		
Жай акцияларды ұстаушыларға қатысты таза пайда	23,155	2,691
Артықшылықты акцияларды ұстаушылар арасында пайданы толық бөлген кезде төленетін қосымша дивидендті қоса алғанда	5,645	652
Бір акция бойынша тоғытылған пайданы есептеу үшін пайдаланылатын пайда	28,800	3,343
Жай акциялардың орташа алынған саны	161,885,749	161,847,623
Шығарылған деп есептелетін акциялар:		
Артықшылықты акцияларды айырбастау кезінде шығарылатын жай акциялардың орташа алынған саны	39,249,255	39,249,255
Бір акция бойынша тоғытылған пайданы есептеу үшін жай акциялардың орташа алынған саны	201,135,004	201,096,878
Жалғасатын қызмет, бір акция бойынша тоғытылған пайда (теңгемен)	143.19	16.62
Барлық қызмет, бір акция бойынша базалық пайда (теңгемен)	143.19	26.41



## 11. БІР АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА, ЖАЛҒАСЫ

Топ акциялардың әрбір түрі бойынша бір акцияның баланстық құнын ҚҚБ ұсынған бір акцияның баланстық құнын есептеу әдістемесіне сәйкес есептейді.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша акциялардың әрбір түрі бойынша бір акцияның баланстық құны төменде көрсетілген:

Акциялар түрі	2017 жылғы 31 желтоқсан			2016 жылғы 31 желтоқсан		
	Айналымдағы акциялар (акциялардың саны)	Баланстық құнын есептеуге арналған сома, млн теңге	Бір акцияның баланстық құны, теңге	Айналымдағы акциялар (акциялардың саны)	Баланстық құнын есептеуге арналған сома, млн теңге	Бір акцияның баланстық құны, теңге
Жай акциялар	161,003,835	112,642	700	162,056,950	84,669	522
Артықшылықты акциялар	39,249,255	11,775	300	39,249,255	11,775	300
		<u>124,417</u>			<u>96,444</u>	

Бір артықшылықты акцияның баланстық құны есепті күнгі артықшылықты акцияларға, артықшылықты акциялардың жалпы санына қатысты капитал сомасына ара қатынасы ретінде есептеледі. Бір жай акцияның баланстық құны Топтың жай акцияларға арналған таза активтерінің сомасының есепті күнгі жай акциялардың жалпы санына ара қатынасы ретінде есептеледі. Топтың жай акцияларға арналған таза активтері жалпы капитал сомасы ретінде есептеледі, есепті күнгі артықшылықты акцияларға жататын материалдық активтер мен капитал сомасы шегеріледі. Жай және артықшылықты акциялардың жалпы саны есепті күні Топ сатып алған акцияларды шегергенде шығарылған және айналымдағы акциялардың жалпы саны ретінде есептеледі.

Топ басшысы есепті күнгі жай-күйі бойынша ҚҚБ-ның талаптарын толық орындайды деп есептейді.

## 12. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Кассадағы ақша қаражаты	33,159	51,195
ҚРҰБ «ностро» түріндегі шоттар	127,720	170,097
Басқа банктердегі «ностро» түріндегі шоттар		
- «АА-» бастап «АА+» дейін кредиттік рейтингісі бар	6,314	5,248
- «А-» бастап «А+» дейін кредиттік рейтингісі бар	8,426	16,560
- «ВВВ-» бастап «ВВВ+» дейін кредиттік рейтингісі бар	3,506	10,897
- «ВВ-» бастап «ВВ+» дейін кредиттік рейтингісі бар	1,077	621
- «В-» бастап «В+» дейін кредиттік рейтингісі бар	188	125
- беоілген кредиттік рейтингісі жоқ	650	222
Басқа банктердегі «ностро» түріндегі барлық шот	20,161	33,673
Басқа банктердегі мерзімді депозиттер		
- «ВВВ-» бастап «ВВВ+» дейін кредиттік рейтингісі бар	-	2,735
- «ВВ-» бастап «ВВ+» дейін кредиттік рейтингісі бар	3,323	-
- «В-» бастап «В+» дейін кредиттік рейтингісі бар	3,693	1,061
- берілген кредиттік рейтингісі жоқ	-	26
Басқа банктердегі барлық ағымдағы шоттар мен мерзімді депозиттер	7,016	3,822
Барлық ақша қаражаты және оның баламалары	188,056	258,787

«Standard & Poor's» рейтинг агенттігінің стандарттарына немесе басқа да халықаралық рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас стандарттарына сәйкес ұсынылған кредиттік рейтингтер.



## 12. АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

Ақша қаражаттары мен оның баламалары баптарының ешқайсысы 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша құнсызданған немесе мерзімінен кешіктірілген болып табылмайды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топтың шоттары мен депозиттері бойынша қалдықтар капиталының 10%-нан асатын 1 банкті (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 2 банкті) иеленеді. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша көрсетілген контрагенттердің қалдықтарының жиынтық мөлшері 127,720 млн теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 186,293 млн теңгені) құрады.

Ең төмен резервтік талаптар

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ең төмен резервтік талаптар ҚРҰБ шығарған нормативтік актілерге сәйкес есептеледі. Ең төмен резервтік талаптарды, сондай-ақ Банктің өзге міндеттемелерін орындау үшін Банк Қазақстан Республикасының резиденті және бейрезиденті болып табылатын клиенттердің депозиттері мен ағымдағы шоттарындағы қалдықтары бойынша белгіленген ең төмен деңгей ретінде есептелетін, 4 апта ішінде кассадағы ұлттық валютадағы ақша қаражаты сомасының және ҚРҰБ-да ұлттық валютамен ашылған ағымдағы шоттағы қалдық сомасының кемінде орташа мәні деңгейінде сақталатын ақша қаражатын резервтік активтерге орналастырады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ең төмен резервтік талаптар сомасы 11,599 млн теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 12,743 млн теңгені), ал резервтік активтер 23,932 млн теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 28,274 млн теңгені) құрады.

## 13. ӨЗГЕРІСТЕРІ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ҚҰРАМЫНДА КӨРСЕТІЛЕТІН ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтеріне төмендегілер қосылады:

	Номиналды мөлшерлеме, %	2017 жылғы 31 желтоқсан	Номиналды мөлшерлеме, %	2016 жылғы 31 желтоқсан
<b>АКТИВТЕР</b>				
Туынды қаржы құралдары				
Шетел валютасын сатып алу-сату шарттары	-	19,495	-	41,953
		<u>19,495</u>		<u>41,953</u>
Саудаға арналған бағалы қағаздар				
Борыштық бағалы қағаздар				
Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары	3.87-9.60	3,086	5.50-6.00	3,237
Корпоративтік облигациялар	4.63-15.00	9,278	0.00-15.00	8,428
Үлестік бағалы қағаздар*				
Қазақстандық компаниялардың акциялары	-	637	-	538
Халықаралық компаниялардың акциялары	-	22	-	-
		<u>13,023</u>		<u>12,203</u>
«РЕПО» мәмілелері бойынша кепіл ауыртпалығы бар				
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары	9.50-9.70	472	11.50-11.80	336
- Корпоративтік облигациялар	11.20-11.50	602	-	-
		<u>33,592</u>		<u>54,492</u>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>				
Туынды қаржы құралдары				
Шетел валютасын сатып алу-сату шарттары	-	(9,199)	-	(9,227)
		<u>(9,199)</u>		<u>(9,227)</u>

\* Меншік үлесі 1%-дан кем





### 13. ӨЗГЕРІСТЕРІ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ҚҰРАМЫНДА КӨРСЕТІЛЕТІН ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

Төмендегі кестеде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Standard and Poor's немесе басқа халықаралық рейтинг агенттіктерінің рейтингілері негізінде кредиттік сапа бойынша өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар талдауы көрсетілген:

	Корпоративтік облигациялар	Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары	Барлығы
- «BBB-» бастап «BBB+» дейін рейтингісі бар	479	3,558	4,037
- «BB-» бастап «BB+» дейін рейтингісі бар	1,332	-	1,332
- «B-» бастап «B+» дейін рейтингісі бар	8,069	-	8,069
	9,880	3,558	13,438

Төмендегі кестеде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Standard and Poor's немесе басқа халықаралық рейтинг агенттіктерінің рейтингілері негізінде кредиттік сапа бойынша өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар талдауы көрсетілген:

	Корпоративтік облигациялар	Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары	Барлығы
- «BBB-» бастап «BBB+» дейін рейтингісі бар	1,720	3,573	5,293
- «BB-» бастап «BB+» дейін рейтингісі бар	3,556	-	3,556
- «B-» бастап «B+» дейін рейтингісі бар	3,152	-	3,152
	8,428	3,573	12,001

Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мерзімінен кешіктірілген болып табылмайды.

Шетел валютасын сатып алу-сату шарты

2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топтың келесі туынды қаржы құралдары болды:

Қаржы құралының түрі	Мәміленің шартты сомасы	Өтеу мерзімі	Шарт бойынша орташа алынған айырбастау бағамы	Топ төлейтін сома	Топ алатын сома	Активтің әділ құны	Міндеттеменің әділ құны
2017 жылғы 31 желтоқсан							
ҚРҰБ-мен жасалған валюталық своп мәмілелері (1 жылға дейін)	131,000,000 АҚШ доллары	2018 жылғы қыркүйек-қазан	181.80	23,816 млн теңге	131,000,000 АҚШ доллары	19,495	-
Басқа тараптармен жасалған валюталық своп мәмілелері (1 жылға дейін)	11,111 млн теңге	2018 жылғы қыркүйек	182.15	61,000,000 АҚШ доллары	11,111 млн теңге	-	(8,471)
	1,622 млн теңге	2019 жылғы қыркүйек	182.05	-	1,622 млн теңге	-	(728)
Опцион						19,495	(9,199)





### 13. ӨЗГЕРІСТЕРІ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ҚҰРАМЫНДА КӨРСЕТІЛЕТІН ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

Қаржы құралының түрі	Мәміленің шартты сомасы	Өтеу мерзімі	Шарт бойынша орташа алынған айырбастау бағамы	Топ төлейтін сома	Топ алатын сома	Активтің әділ құны	Міндеттеменің әділ құны
2016 жылғы 31 желтоқсан							
ҚРҰБ-мен жасалған валюталық своп мәмілелері (1 жылға дейін)	215,000,000 АҚШ доллары	2017 жылғы наурыз-қазан	181.98	39,126 млн теңге	215,000,000 АҚШ доллары	32,665	-
ҚРҰБ-мен жасалған валюталық своп мәмілелері (5 жылға дейін)	61,000,000 АҚШ доллары	2019 жылғы қыркүйек	182.02	11,111 млн теңге	61,000,000 АҚШ доллары	9,288	-
Басқа тараптармен жасалған валюталық своп мәмілелері (5 жылға дейін)	61,000,000 АҚШ доллары	2019 жылғы қыркүйек	182.15	61,000,000 АҚШ доллары	11,111 млн теңге	-	(8,424)
Опцион	1,622 млн теңге	2019 жылғы қыркүйек	182.05	-	1,622 млн теңге	-	(803)
						41,953	(9,227)

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша туынды қаржы құралдарының құрамына ҚРҰБ-мен 2014 жылы жасалған валюталық своп шарттары кіреді, ол бойынша Топ 2018 жылы 131,000,000 АҚШ доллары үшін 23,816 млн теңге сомасында қаражат беруі тиіс. Аталған шарттар бойынша Топ шарт жасалған күні теңгемен жылдық 3%-ды құрайтын 1,616 млн теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 1,946 млн теңге) мөлшеріндегі пайыздық шығысты мақұлдады. ҚРҰБ өтеу мерзімі басталғанға дейін кез келген уақытта шарттың қолданыс мерзімін тоқтатуға құқылы. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша аталған своптардың әділ құны 19,495 млн теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 41,953 млн теңгені) құрады.

Топтың туынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелерге қатысты қолданатын тәсілдері

Топ брокер-дилерлермен немесе басқа қаржы мекемелерімен своп келісімдерін немесе өзге биржадан тыс мәмілелер жасайды. Своп Топтың ақша қаражатының ағынын төлеуге немесе алуға байланысты тиісті міндеттемелерін басқа тараппен айырбастауын білдіреді, мысалы, төлемнің құбылмалы бағамын төлемнің бекітілген бағамына айырбастау.

Своп келісімдерінің және осыған ұқсас мәмілелердің талаптары жеке жасалуы мүмкін және инвестициялардың бірқатар түрлерінің немесе нарықтық факторлардың әсерін ескеретіндей етіп құрылымдалуы қажет. Своп келісімдері құрылымына байланысты Топқа сыйақының ұзақмерзімді немесе қысқамерзімді мөлшерлемелеріне, шетел валютасының құнына, қарыз қаражатының корпоративтік мөлшерлемелеріне немесе бағалы қағаздар құны немесе инфляция деңгейі сияқты басқа да факторларға ықпалын арттыруы немесе азайтуы мүмкін. Топтың своп позицияларының шамасы мөлшерлеме немесе валюта құнының негізіне жатқызылған құнның өзгеруіне байланысты ұлғаюы немесе азаюы мүмкін. Своп келісімдері олардың пайдаланылуына қарай Топтың инвестицияларының жалпы ауытқуын ұлғайтуы немесе азайтуы мүмкін.

Топтың осындай мәмілелерден түсетін пайданы іске асыру қабілеті оның тиісті мәміле жасайтын қаржы мекемесінің Топтың алдындағы өзінің міндеттемелерін орындау қабілетіне байланысты болады. Егер контрагенттің кредитті өтеуге қабілеттілігі төмендесе, тиісті келісімнің құны да төмендеуі мүмкін, бұл залалдың туындауына әкеп соғады. Екінші тарап осындай мәміленің талаптарын орындамаған жағдайда, Топтың тиісті мәмілеге қатысты келісімдерге сәйкес қорғандық шарттық қаражаты болады, ол контрагенттің төлеуге қабілеттілігі болмаған жағдайда қолданыстағы заңмен шектелуі мүмкін.



#### 14. ҚОЛДАҒЫ САТУҒА АРНАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

	Номиналдық мөлшерлеме, %	2017 жылғы 31 желтоқсан	Номиналдық мөлшерлеме, %	2016 жылғы 31 желтоқсан
Борыштық бағалы қағаздар				
Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары	3.87-11.00	31,840	3.87-7.13	25,162
Корпоративтік облигациялар	3.88-11.00	48,958	0.00-9.13	34,814
ҚРҰБ-ның дисконтталған ноталары	-	65,393	-	43,862
Үлестік бағалы қағаздар				
Қазақстандық компаниялардың акциялары	-	131	-	130
Халықаралық компаниялардың акциялары	-	20	-	18
«РЕПО» мәмілелері бойынша кепіл ауыртпалығы бар				
-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік қазынашылық міндеттемесі	4.00-8.99	3,793	11.50-12.00	20
- ҚРҰБ дисконтталған ноталары	-	-	-	2,133
		<u>150,135</u>		<u>106,139</u>

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезең ішінде Топ өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар портфелінен туынды қаржы құралдарының сатылуына байланысты, өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар құрамынан 21,740 млн теңге сомасында туынды қаржы құралдарын олардың өтеу мерзімі басталғанға дейін қолдағы сатуға арналған инвестициялар құрамына қайта жіктеді. Топ кезекті екі қаржы жылы ішінде өтеуге дейін ұсталатын туынды қаржы құралдары ретінде жіктей алмайды.

Келесі кестеде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Standard and Poor's рейтингі немесе басқа халықаралық рейтинг агенттіктерінің рейтингілері негізінде кредиттік сапа бойынша қолдағы сатуға арналған туынды бағалы қағаздардың талдамасы көрсетілген:

	Корпоративтік облигациялар	ҚРҰБ-ның дисконтталған ноталары	Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары	Барлығы
Мерзімінен кешіктірілмеген				
- ҚРҰБ	-	65,393	-	65,393
- «BBB-» бастап «BBB+» дейін рейтингісі бар	7,313	-	35,633	42,946
- «BB-» бастап «BB+» дейін рейтингісі бар	38,303	-	-	38,303
- «B-» бастап «B+» дейін рейтингісі бар	3,342	-	-	3,342
	<u>48,958</u>	<u>65,393</u>	<u>35,633</u>	<u>149,984</u>

Келесі кестеде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Standard and Poor's рейтингі немесе басқа халықаралық рейтинг агенттіктерінің рейтингілері негізінде кредиттік сапа бойынша қолдағы сатуға арналған туынды бағалы қағаздардың талдамасы көрсетілген:

	Корпоративтік облигациялар	ҚРҰБ-ның дисконтталған ноталары	Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары	Барлығы
Мерзімінен кешіктірілмеген				
- ҚРҰБ	-	45,995	-	45,995
- «BBB-» бастап «BBB+» дейін рейтингісі бар	8,574	-	25,182	33,756
- «BB-» бастап «BB+» дейін рейтингісі бар	26,240	-	-	26,240
	<u>34,814</u>	<u>45,995</u>	<u>25,182</u>	<u>105,991</u>

Қолдағы сатуға арналған инвестициялар мерзімінен кешіктірілген жоқ және құнсызданбады.



## 15. БАНКТЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Мерзімді депозиттер		
- ҚРҰБ-ғы шартты депозит	1,275	1,057
- «А-» бастап «А+» дейін кредиттік рейтингісі бар	1,656	1,064
- «BBB-» бастап «BBB+» дейін кредиттік рейтингісі бар	-	306
- «BB-» бастап «BB+» дейін кредиттік рейтингісі бар	1,526	1,495
- «B-» бастап «B+» дейін кредиттік рейтингісі бар	8,638	2,900
- кредиттік рейтингсіз	45	12
Барлық мерзімді депозиттер	13,140	6,834

Кредит рейтингілері «Standard&Poor's» рейтинг агенттігінің стандарттарына сәйкес немесе басқа халықаралық рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас стандарттарына сәйкес ұсынылған.

2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша банктердегі қаражат құнсызданбады немесе мерзімінен кешіктірілген жоқ.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ҚРҰБ-дағы шартты депозит «ҚДБ» АҚ пен «ДАМУ ҚДҚ» АҚ арасында жасалған кредиттік келісімдердің талаптарына сәйкес «Қазақстанның даму банкі» АҚ-тан («ҚДБ» АҚ) алынған 717 млн теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 327 млн теңге) және «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тан («ДАМУ ҚДҚ» АҚ) алынған 558 млн теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 730 млн теңге) мөлшеріндегі қаражатты қамтиды. Қаражат шағын және орта кәсіпорындарға арнайы жеңілдетілген талаптармен ұсынылатын кредит ретінде беріледі. Осы қаражат «ҚДБ» АҚ пен «ДАМУ ҚДҚ» АҚ мақұлдағаннан кейін ғана тиісінше шартты депозиттен алынуы мүмкін.

Банктердегі шоттар мен депозиттерді шоғырландыру

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топтың банктердегі қаражаты капиталының 10%-нан асатын, банктерде қалдықтары жоқ (2016 жылы: болған жоқ).

## 16. КЛИЕНТТЕР МЕН БАНКТЕРГЕ БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕР

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Клиенттерге берілген несиелер	890,230	847,945
Қаржылық жалдауға бөлінген таза инвестициялар	4,156	4,186
Есептелген сыйақы	36,270	37,078
	930,656	889,209
Құнсыздануға бөлінген резервті шегергенде	(113,851)	(93,454)
Клиенттерге берілген барлық несие	816,805	795,755
Банктерге берілген несиелер	3	644
Есептелген сыйақы	-	21
Құнсыздануға бөлінген резервті шегергенде	-	(13)
Банктерге берілген барлық несие	3	652
Кері РЕПО келісімдері бойынша берілген несиелер	14,443	22,335
Клиенттер мен банктерге берілген барлық несие	831,251	818,742

2017 жылғы 31 желтоқсанда және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі ай бойынша клиенттер мен банктерге берілген несиелер бойынша құнсыздануға бөлінген резервтердің қозғалысы туралы ақпарат 5-ескертпеде көрсетілген.



## 16. КЛИЕНТТЕР МЕН БАНКТЕРГЕ БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

	Құнсыздануға бөлінген резервті шегергенге дейінгі кредиттің шамасы	Құнсыздануға бөлінген резерв	Баланстық құны
Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер			
Корпоративтік қарыздар	511,156	(95,177)	415,979
Шағын және орта бизнес	65,368	(2,757)	62,611
Қаржылық жалдауға бөлінетін таза инвестициялар	4,156	-	4,156
Жеке тұлғаларға берілетін несиелер			
Ипотекалық кредит беру	146,468	(4,450)	142,018
Тұтынушылық кредит	113,905	(6,892)	107,013
Бизнесті дамыту	84,533	(4,515)	80,018
Автокредит беру	5,070	(60)	5,010
	930,656	(113,851)	816,805

Келесі кестеде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша кредиттік өнімдердің түрлері туралы ақпарат көрсетілген:

	Құнсыздануға бөлінген резервті шегергенге дейінгі кредиттің шамасы	Құнсыздануға бөлінген резерв	Баланстық құны
Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер			
Корпоративтік қарыздар	483,286	(77,932)	405,354
Шағын және орта бизнес	62,708	(2,191)	60,517
Қаржылық жалдауға бөлінген таза инвестициялар	4,186	(23)	4,163
Жеке тұлғаларға берілген несиелер			
Ипотекалық кредит беру	146,212	(2,585)	143,627
Тұтынушылық кредит	110,026	(4,140)	105,886
Бизнесті дамыту	76,612	(6,551)	70,061
Автокредит беру	6,179	(32)	6,147
	889,209	(93,454)	795,755





## 16. КЛИЕНТТЕР МЕН БАНКТЕРГЕ БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

(а) Шағын және орта бизнеске берілген корпоративтік қарыздар мен несиелердің сапасы

2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша шағын және орта бизнеске берілген корпоративтік қарыздар мен несиелердің кредиттік сапасының талдауы келесідей көрсетілген:

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер		
Корпоративтік қарыздар		
Ұжымдық негізде бағаланатын жеке құнсызданбаған несиелер		
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	268,917	252,067
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:		
- 30 күнге мерзімінен кешіктірілген	4,181	1,414
Ұжымдық негізде бағаланатын барлық жеке құнсызданбаған несие	273,098	253,481
Ұжымдық негізде бағаланатын құнсызданған несиелер		
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	8,835	38,538
Ұжымдық негізде бағаланатын барлық құнсызданған несие	8,835	38,538
Жеке құнсызданған несиелер		
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	139,074	95,245
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:		
- 30 күнге мерзімінен кешіктірілген	42,180	48,088
- 31 күннен – 60 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	9,113	21,823
- 61 күннен – 90 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	516	1,386
- 91 күннен – 180 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	14,247	4,800
- 180 күннен астам уақытқа мерзімінен кешіктірілген	24,093	19,925
Барлық жеке құнсызданған несиелер	229,223	191,267
Барлық корпоративтік қарыз	511,156	483,286
Корпоративтік қарыздар бойынша құнсыздануға бөлінген резерв	(95,177)	(77,932)
Құнсыздануға бөлінген резервті шегергеннен кейінгі корпоративтік қарыздар	415,979	405,354
Шағын және орта бизнес		
Ұжымдық негізде бағаланатын жеке құнсызданбаған несиелер		
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	49,360	47,090
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:		
- 30 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	1,775	703
- 31 күннен – 60 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	491	688
- 61 күннен – 90 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	1,017	287
- 91 күннен – 180 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	728	532
- 180 күннен астам уақытқа мерзімінен кешіктірілген	462	4,205
Ұжымдық негізде бағаланатын барлық жеке құнсызданбаған несие	53,833	53,505
Ұжымдық негізде бағаланатын құнсызданған несиелер		
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	3,626	2,227
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:		
- 30 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	1,851	409
- 31 күннен – 60 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	128	-
- 61 күннен – 90 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	522	-
- 91 күннен – 180 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	1,336	447
- 180 күннен астам уақытқа мерзімінен кешіктірілген	4,072	6,120
Ұжымдық негізде бағаланатын барлық құнсызданған несие	11,535	9,203
Барлық шағын және орта бизнес	65,368	62,708
Шағын және орта бизнес бойынша берілген несиелер бойынша құнсыздануға құрылған резерв	(2,757)	(2,191)
Құнсыздануға құрылған резервті шегергеннен кейінгі шағын және орта бизнес бойынша берілген несиелер	62,611	60,517
Шағын және орта бизнес бойынша берілген барлық корпоративтік қарыздар мен несиелер	576,524	545,994
Шағын және орта бизнес бойынша берілген корпоративтік қарыздар мен несиелер бойынша барлық құнсыздануға бөлінген резерв	(97,934)	(80,123)
	478,590	465,871
Құнсыздануға бөлінген резервті шегергеннен кейінгі шағын және орта бизнес бойынша берілген барлық корпоративтік қарыздар мен несие		



## 16. КЛИЕНТТЕР МЕН БАНКТЕРГЕ БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

(б) Жеке тұлғаларға берілген несиелердің сапасы

2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша жеке тұлғаларға берілген несиелердің кредиттік сапасының талдауы келесідей көрсетілген:

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Жеке тұлғаларға берілген несиелер		
Ипотекалық кредит беру		
Ұжымдық негізде бағаланатын жеке құнсызданбаған несиелер		
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	106,549	97,507
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:		
- 30 күнге кешіктірілген	6,014	7,190
- 31 күннен 60 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	2,243	3,426
- 61 күннен 90 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	894	2,466
- 91 күннен 180 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	821	2,328
- 180 күннен астам уақытқа мерзімінен кешіктірілген	-	8,149
Ұжымдық негізде бағаланатын барлық жеке құнсызданбаған несие	116,521	121,066
Ұжымдық негізде бағаланатын құнсызданған несиелер		
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	6,825	6,534
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:		
- 30 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	4,481	3,578
- 31 күннен 60 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	859	3,310
- 61 күннен 90 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	1,592	3,403
- 91 күннен 180 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	1,129	1,102
- 180 күннен астам уақытқа мерзімінен кешіктірілген	11,673	7,219
Ұжымдық негізде бағаланатын барлық құнсызданған несие	26,559	25,146
Жеке құнсызданған несиелер		
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:		
- 30 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	2,011	-
- 61 күннен 90 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	749	-
- 180 күннен астам уақытқа мерзімінен кешіктірілген	628	-
Барлық жеке құнсызданған несиелер	3,388	-
Барлық ипотекалық кредит	146,468	146,212
Ипотекалық кредит бойынша құнсыздануға бөлінген резерв	(4,450)	(2,585)
Ипотекалық кредит беру, нетто	142,018	143,627
Тұтынушылық кредит		
Ұжымдық негізде бағаланатын жеке құнсызданбаған несиелер		
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	74,545	61,994
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:		
- 30 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	4,806	5,664
- 31 күннен 60 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	868	3,794
- 61 күннен 90 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	861	1,988
- 91 күннен 180 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	1,621	3,888
- 180 күннен астам уақытқа мерзімінен кешіктірілген	-	13,349
Ұжымдық негізде бағаланатын барлық жеке құнсызданбаған несие	82,701	90,677
Ұжымдық негізде бағаланатын құнсызданған несиелер		
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	3,898	3,192
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:		
- 30 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	2,705	2,189
- 31 күннен 60 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	304	1,439
- 61 күннен 90 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	1,181	1,792
- 91 күннен 180 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	2,145	1,606
- 180 күннен астам уақытқа мерзімінен кешіктірілген	15,681	6,753
Ұжымдық негізде бағаланатын барлық құнсызданған несие	25,914	16,971
Жеке құнсызданған несиелер		
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:		
- 30 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	576	-
- 61 күннен 90 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	2,085	-
- 180 күннен астам уақытқа мерзімінен кешіктірілген	2,629	2,378
Барлық жеке құнсызданған несиелер	5,290	2,378
Барлық тұтынушылық кредит	113,905	110,026
Тұтынушылық кредит бойынша құнсыздануға бөлінген резерв	(6,892)	(4,140)
Тұтынушылық кредит, нетто	107,013	105,886



## 16. КЛИЕНТТЕР МЕН БАНКТЕРГЕ БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

(б) Жеке тұлғаларға берілген несиелердің сапасы, жалғасы

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Жеке тұлғаларға берілген несиелер (жалғасы)		
Бизнесі дамыту		
Ұжымдық негізде бағаланатын жеке құнсызданбаған несиелер	59,952	48,278
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер		
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:		
- 30 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	1,420	1,953
- 31 күннен 60 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	814	959
- 61 күннен 90 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	1,162	375
- 91 күннен 180 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	1,406	1,486
- 180 күннен астам уақытқа мерзімінен кешіктірілген	29	6,502
Ұжымдық негізде бағаланатын барлық жеке құнсызданбаған несие	64,783	59,553
Ұжымдық негізде бағаланатын құнсызданған несиелер		
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	2,413	1,553
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:		
- 30 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	850	1,041
- 31 күннен 60 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	88	80
- 61 күннен 90 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	621	961
- 91 күннен 180 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	2,077	242
- 180 күннен астам уақытқа мерзімінен кешіктірілген	11,474	12,242
Ұжымдық негізде бағаланатын барлық құнсызданбаған несие	17,523	16,119
Жеке құнсызданған несиелер		
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	-	940
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:		
- 31 күннен 60 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	338	-
- 61 күннен 90 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	1,075	-
- 180 күннен астам уақытқа мерзімінен кешіктірілген	814	-
Барлық жеке құнсызданған несиелер	2,227	940
Барлық бизнес дамыту	84,533	76,612
Бизнесі дамытуға кредит беру бойынша құнсыздануға бөлінген резерв	(4,515)	(6,551)
Бизнесі дамыту, нетто	80,018	70,061
Автокредит беру		
Ұжымдық негізде бағаланатын жеке құнсызданбаған несиелер		
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	4,624	5,439
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:		
- 30 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	48	207
- 31 күннен 60 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	29	44
- 61 күннен 90 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	-	12
- 91 күннен 180 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	23	46
- 180 күннен астам уақытқа мерзімінен кешіктірілген	-	293
Ұжымдық негізде бағаланатын барлық жеке құнсызданбаған несие	4,724	6,041
Ұжымдық негізде бағаланатын құнсызданған несиелер		
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	5	8
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:		
- 30 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	1	-
- 31 күннен 60 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	9	4
- 61 күннен 90 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	4	1
- 91 күннен 180 күнге дейін мерзімінен кешіктірілген	5	-
- 180 күннен астам уақытқа мерзімінен кешіктірілген	322	125
Ұжымдық негізде бағаланатын барлық құнсызданбаған несие	346	138
Барлық автокредит	5,070	6,179
Автокредит беру бойынша құнсыздануға бөлінген резерв	(60)	(32)
Автокредит беру, нетто	5,010	6,147
Жеке тұлғаларға берілген барлық несие	349,976	339,029
Жеке тұлғаларға берілген несиелер бойынша құнсыздануға бөлінген барлық резерв	(15,917)	(13,308)
Жеке тұлғаларға берілген барлық несие, нетто	334,059	325,721
Барлық корпоративтік қарыздар және шағын және орта бизнеске берілген несиелер, жеке тұлғаларға берілген несиелер	926,500	885,023
Корпоративтік қарыздар бойынша құнсыздануға бөлінген барлық резерв және шағын және орта бизнеске берілген несиелер, жеке тұлғаларға берілген несиелер	(113,851)	(93,431)
Құнсыздануға бөлінген резервті шегергеннен кейінгі барлық корпоративтік қарыз және шағын және орта бизнеске берілген несиелер, жеке тұлғаларға берілген несиелер	812,649	791,592



## 16. КЛИЕНТТЕР МЕН БАНКТЕРГЕ БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

(в) Несиелердің құнсыздануын бағалау кезіндегі негізгі жорамалдар мен пікірлер

(i) Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздануынан болған залалды жеке бағалау

Құнсызданудан болған залалды жеке бағалау несие бойынша бастапқы тиімді мөлшерлеме пайызын қолдана отырып, болашақтағы ақша ағынын талдау және алынған келтірілген құнды несиенің ағымдағы баланстық құнымен салыстыру негізінде есептеледі. Бұл процеске басшылықтың қарыз алушы бойынша операциялық ақша ағынын бағалауы, сондай-ақ іске асырылатын күнгі және төлем түскен кезеңдегі кепілдің құнын бағалауы кіреді: қамсыздандыруды іске асырудан түсетін түсімді алған кезде кешіктіру орташа 12 – 36 айды құрайды.

Жеке несиелер бойынша құнсыздануды бағалау тоқсан сайын және қажет болған жағдайда тұрақты түрде жүргізіледі.

Жоғарыда көрсетілген бағалаудың өзгеруі несиелердің құнсыздануына бөлінген резервтердің шамасына әсер етуі мүмкін. Мысалы, күтілетін ақша қаражаттары ағындарының ағымдағы сәтке келтірілген құнының таза шамасы плюс/минус бір пайызға өзгерген кезде, корпоративтік және жеке клиенттерге берілген несиелердің құнсыздануына бөлінген резервтің мөлшері 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша 1,419 миллион теңгеге төмен/жоғары (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 1,211 миллион теңгеге төмен/жоғары) болар еді.

(ii) Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздануынан болған шығындарды ұжымдық бағалау

Активтер тобы үшін құнсызданудан болған шығындарды ұжымдық бағалау есебінің негізі бойынша алдыңғы кезеңдегі тәжірибе қолданылады. Осы әдіс өнім мен қарыз алушының түрін бағалау, қарыз алушының кредиттік рейтингі, портфель мөлшері, залалдың пайда болу кезеңі, қалпына келтіру кезеңі сияқты факторларды ескереді және оған әр актив бойынша (немесе активтер пулы) дефолттың ықтималдылығының қолданылуы және кепілдік қамсыздандырудың түрі бойынша дефолт болған жағдайдағы залалдың деңгейі жатады. Сонымен қатар бірізділікпен қолданылатын жорамалдар алдыңғы тәжірибеге және ағымдағы жағдайларға негізделі отырып, залал мен факторларды анықтау есебінің моделін құру үшін қолданылады.

Корпоративтік және жеке клиенттерге берілген несиелердің құнсыздануына бөлінген резервтің мөлшерін анықтау кезінде басшылық қолданған айтарлықтай жорамалдарға төмендегілер жатады:

- ысырап деңгейі тұрақты болып табылады және соңғы 12 ай ішінде келтірілген нақты залалдың моделі негізінде айқындалуы мүмкін;
- ақшаны қалпына келтірудің кумулятивті орташа коэффициенті соңғы 24 ай бойынша тарихи деректердің негізінде есептеледі;
- қамсыздандыруды іске асырудан түсетін түсімді кешіктіру мерзімі орташа алғанда 12–36 ай плюс 24 айды құрайды.

Ұжымдық негізде бағаланатын жеке құнсызданбаған несиелерді, сондай-ақ ұжымдық негізде бағаланатын, корпоративтік клиенттерге берілген құнсызданбаған несиелерді резервтеу коэффициенті 1.17%-10.56% (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 0.55%-9.39%) диапазонында болады.

Жоғарыда көрсетілген бағалаудың өзгеруі несиелердің құнсыздануына бөлінген резервтің шамасына әсер етуі мүмкін. Мысалы, күтілетін ақша қаражаты ағындарының ағымдағы сәтке келтірілген құнының таза шамасы плюс/минус бір пайызға өзгерген кезде, корпоративтік және жеке клиенттерге берілген несиелердің құнсыздануына бөлінген резервтің мөлшері 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша 6,708 миллион теңгеге төмен/жоғары (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 6,705 миллион теңгеге төмен/жоғары) болар еді.



## 16. КЛИЕНТТЕР МЕН БАНКТЕРГЕ БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

(г) Кредитті өтеу қабілеттілігін нығайту үшін қамсыздандыруға және басқа құралдарға талдау жасау

(i) Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер

Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер жеке және ұжымдық негізде бағалануы және құнсыздануға қатысты оларға тест жүргізілуі тиіс. Корпоративтік клиенттің, сонымен қатар шағын және орта бизнес клиентінің жалпы кредитті өтеу қабілеттілігі әдетте оған берілген несие сапасының аса маңызды көрсеткіші болып табылады. Оның үстіне, қамсыздандыру қосымша кепілдік болып табылады және Топ әдетте корпоративтік қарыз алушылар мен шағын және орта бизнестің қарыз алушыларынан оны ұсынуын талап етеді.

Кестеде қамсыздандырудың түрлері бойынша, қамсыздандыру және корпоративтік клиенттерге берілген (құнсыздануға бөлінген резервті қоспағанда) несиелер бойынша кредиттің сапасын арттырудың басқа құралдары туралы ақпарат көрсетілген.

	Клиенттерге берілген несиелердің баланстық құны	Қамсыздандырудың әділ құны: есепті күнгі жай-күйі бойынша бағаланған қамсыздандыру үшін	Қамсыздандырудың әділ құны: несие берілетін күндегі жай-күйі бойынша бағаланған қамсыздандыру үшін	Әділ құны белгіленбеген
<b>2017 жылғы 31 желтоқсан</b>				
Құнсызданбаған және ұжымдық құнсызданған несиелер				
Ақша қаражаты және депозиттер	3,424	3,424	-	-
Сатылатын бағалы қағаздар	6,875	6,875	-	-
Жылжымайтын мүлік	257,228	257,228	-	-
Көлік құралы	1,113	1,113	-	-
Жабдықтар	3,706	3,706	-	-
Корпоративтік кепілдіктер	32,441	-	-	32,441
Болашақтағы шарттар бойынша кіріс	23,288	-	-	23,288
Айналымдағы тауарлар	6,921	-	6,921	-
Басқа қамсыздандыру	1,566	-	-	1,566
Қамсыздандырусыз және несиенің сапасын арттыратын басқа құралсыз	7,982	-	-	7,982
Барлық құнсызданбаған несиелер	344,544	272,346	6,921	65,277
<b>Жеке құнсызданған несиелер</b>				
Ақша қаражаты және депозиттер	74	74	-	-
Сатылатын бағалы қағаздар	215	215	-	-
Жылжымайтын мүлік	95,444	95,444	-	-
Көлік құралы	415	415	-	-
Жабдықтар	2,508	2,508	-	-
Корпоративтік кепілдіктер	11,598	-	-	11,598
Айналымдағы тауарлар	741	-	741	-
Жер қойнауын пайдалану құқығы	7,284	7,284	-	-
Басқа қамсыздандыру	1,140	-	1,140	-
Қамсыздандырусыз және несиенің сапасын арттыратын басқа құралсыз	14,627	-	-	14,627
Барлық құнсызданған несиелер	134,046	105,940	1,881	26,225
Корпоративтік клиенттерге берілген барлық несиелер	478,590	378,286	8,802	91,502



## 16. КЛИЕНТТЕР МЕН БАНКТЕРГЕ БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

(г) Кредитті өтеу қабілеттілігін нығайту үшін қамсыздандыруға және басқа құралдарға талдау жасау, жалғасы

(i) Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер, жалғасы

	Клиенттерге берілген несиелердің баланстық құны	Қамсыздандырудың әділ құны: есепті күнгі жай-күйі бойынша бағаланған қамсыздандыру үшін	Қамсыздандырудың әділ құны: несие берілетін күндегі жай-күйі бойынша бағаланған қамсыздандыру үшін	Әділ құны белгіленбеген
<b>2016 жылғы 31 желтоқсан</b>				
Құнсызданбаған және ұжымдық құнсызданған несиелер				
Ақша қаражаты және депозиттер	4,389	4,389	-	-
Сатылатын бағалы қағаздар	6,631	6,631	-	-
Жылжымайтын мүлік	251,667	251,667	-	-
Көлік құралы	764	764	-	-
Жабдықтар	19,190	19,190	-	-
Корпоративтік кепілдіктер	37,073	-	-	37,073
Болашақтағы шарттар бойынша кіріс	8,132	-	-	8,132
Айналымдағы тауарлар	13	-	13	-
Басқа қамсыздандыру	141	-	-	141
Қамсыздандырусыз және несиенің сапасын арттыратын басқа құралсыз	18,598	-	-	18,598
Барлық құнсызданбаған несиелер	346,598	282,641	13	63,944
Жеке құнсызданған несиелер				
Ақша қаражаты және депозиттер	4	4	-	-
Сатылатын бағалы қағаздар	200	200	-	-
Жылжымайтын мүлік	84,308	84,308	-	-
Көлік құралы	228	228	-	-
Жабдықтар	494	494	-	-
Корпоративтік кепілдіктер	3,789	-	-	3,789
Болашақтағы шарттар бойынша кіріс	281	-	-	281
Айналымдағы тауарлар	3,943	-	3,943	-
Жер қойнауын пайдалану құқығы	8,557	8,557	-	-
Басқа қамсыздандыру	820	-	820	-
Қамсыздандырусыз және несиенің сапасын арттыратын басқа құралсыз	16,649	-	-	16,649
Барлық құнсызданған несиелер	119,273	93,791	4,763	20,719
Корпоративтік клиенттерге берілген барлық несиелер	465,871	376,432	4,776	84,663

Бұрын ұсынылған кестеде артық қамсыздандырудың құны көрсетілмеген. ҚРҰБ ұсыныстарына сәйкес болашақта жасалатын шарттар бойынша кірістер түріндегі қамсыздандыру жеткілікті болып табылмайды және резервтерді есептеген кезде пайдаланылмайды. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша корпоративтік клиенттерге берілген, таза баланстық құны 23,288 млн теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 8,413 млн теңгені) құрайтын несиелер болашақта жасалатын шарттар бойынша кірістермен қамтамасыз етілген.

Кестенің «Қамсыздандырусыз және несиенің сапасын арттырудың өзге құралдарынсыз» атты бабында көрсетілген сомаға қамтамасыз етілмеген несиелер және толық көлемде қамтамасыз етілмеген несиелердің бір бөлігі қосылады.

Несиелердің көп бөлігі үшін қамсыздандырудың әділ құны есепті күнгі жай-күйі бойынша белгіленген. Топтың сондай-ақ ол бойынша қамсыздандырудың әділ құны несиелер берілген күні бағаланған және бұдан кейін қамсыздандырудың құнын бағалау жүргізілмеген, ол бойынша қамсыздандырудың әділ құны анықталмаған және анықталуға жатпайтын несиелері бар. Егер мұндай бағалау жүргізілген болса, қамсыздандырудың құны туралы ақпарат қай күні бағалау жүргізілгеніне байланысты ұсынылған.

Қамсыздандырудың бірнеше түрлері бар несиелер бойынша ақпарат құнсыздануды бағалау үшін едәуір маңызды болып табылатын қамсыздандырудың түрі бойынша ашылады. Жеке тұлғалардан, мысалы, кәсіпорын қарыз алушыларының акционерлерінен алынған кепілдеме құнсыздануды бағалау кезінде ескерілмейді.





## 16. КЛИЕНТТЕР МЕН БАНКТЕРГЕ БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

(г) Кредитті өтеу қабілеттілігін нығайту үшін қамсыздандыруға және басқа құралдарға талдау жасау, жалғасы

(ii) Жеке клиенттерге берілген несиелер

Ипотекалық несиелер тиісті жылжымайтын тұрғын үймен қамтамасыз етілген. Бизнесі дамытуға берілген несиелер жылжымайтын мүлік кепілімен қамтамасыз етілген. Автомобиль сатып алуға берілген несиелер тиісті автомобильдердің кепілімен қамтамасыз етілген. Тұтыну несиелері әдетте тиісті мүлік кепілімен, ал кейбір жағдайларда активтер, оған қоса жылжымайтын мүлік, ақша қаражаты және көлік құралдары кепілімен қамтамасыз етілген.

Ипотекалық кредиттер

Ипотекалық несиелер портфелінің құрамына таза баланстық құны 20,428 млн теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 25,733 млн теңге), ол бойынша қамсыздандырудың әділ құны тиісті несиелердің таза баланстық құнынан төмен болатын несиелер кіреді. Көрсетілген несиелер бойынша қамсыздандырудың әділ құны 10,089 млн теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 14,891 млн теңгені) құрайды.

Басшылық таза баланстық құны 121,590 млн теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 117,894 млн теңге) болатын ипотекалық несиелер бойынша қамсыздандырудың әділ құны, кем дегенде тиісті несиелердің есепті күнгі жай-күйі бойынша баланстық құнына тең болады деп есептейді.

Бизнес даму

Бизнес даму портфелінің құрамына таза баланстық құны 8,957 млн теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 5,013 млн теңге) құрайтын және қамсыздандыруының әділ құны тиісті несиелердің таза баланстық құнынан төмен болатын несиелер кіреді. Көрсетілген несиелер бойынша қамсыздандырудың әділ құны 3,712 млн теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 2,378 млн теңгені) құрайды.

Басшылық таза баланстық құны 71,061 млн теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 65,048 млн теңге) болатын даму бизнесі несиелері бойынша қамсыздандырудың әділ құны, кем дегенде тиісті несиелердің есепті күнгі жай-күйі бойынша баланстық құнына тең болады деп есептейді.

Алынып қойылған қамсыздандыру

2017 жыл ішінде Топ клиенттерге берілген кредиттердің қамсыздандыруын бақылауға рұқсат алу арқылы таза баланстық құны 30,059 млн теңге мөлшерінде бірқатар активтерді сатып алды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша алынып қойылған қамсыздандырудың мөлшері 49,442 млн теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 23,209 млн теңгені) құрады (18-ескертпе).

(д) Кредиттік портфельді талдау

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топтың кредиттері бойынша қалдықтары капиталдың 10%-нан астам соманы құрайтын 6 қарыз алушысы немесе өзара байланысты қарыз алушылар тобы (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 14) бар. Аталған контрагенттердің несиелерінің жиынтық көлемі 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша 114,175 млн теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 197,436 млн теңгені) құрады.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша клиенттерге берілген несиелердің құрамына талаптары қайта қарастырылған 99,468 млн теңге және сәйкесінше 84,216 млн теңге сомасында несиелер қосылған. Кері жағдайда бұл несиелер мерзімінен кешіктірілуі немесе құнсыздануы мүмкін.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топ жалға беруші ретінде қаржылық жалға беру туралы келісім жасады. Жалға беру бойынша пайыздық мөлшерлеме жалға берудің барлық мерзімі бойынша келісімшарт жасалатын күнге бекітілген.



## 16. КЛИЕНТТЕР МЕН БАНКТЕРГЕ БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

(д) Кредиттік портфельді талдау, жалғасы

2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржылық жалға беруге жасалған таза инвестициялардың құрылымы төмендегідей:

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Бір жылдан кешіктірмей	990	804
Бір жылдан бес жылға дейін	1,454	1,453
Бес жылдан аса	9,447	9,836
Қаржылық жалға алу шарттары бойынша ең аз төлемдер	11,891	12,093
Болашақ кезеңдердегі кірісті шегергенде	(7,735)	(7,907)
Қаржылық жалға алуға жасалған таза инвестициялар	4,156	4,186
Ағымдағы бөлігі	32	29
Ұзақмерзімді бөлігі	4,124	4,157
Құнсыздануға резерв бөлінгенге дейін қаржылық жалға алуға жасалған таза инвестициялар	4,156	4,186
Құнсыздануға бөлінген резервті шегергенде	-	(23)
Құнсыздануға резерв бөлінгенге дейін қаржылық жалға алуға жасалған таза инвестициялар	4,156	4,163

Кредиттерді экономика салалары және географиялық өңірлер бойынша талдау

Несиелер Қазақстан Республикасының аумағында экономиканың келесі салаларында қызмет ететін клиенттерге басымдықпен берілді.

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Жеке тұлғалар	349,976	339,029
Сауда	141,129	148,827
Жылжымайтын мүлікті жалдау	81,539	57,922
Энергетика	60,252	50,370
Қаржы қызметі	49,946	30,460
Жабдықты тасымалдау және оған қызмет көрсету бойынша қызметтер	35,095	31,408
Өндіріс	32,730	40,116
Тұрғын үй құрылысы	32,571	22,264
Өнеркәсіптік құрылыс	29,397	33,342
Тамақ өнеркәсібі	24,702	33,648
Көлік және байланыс	21,159	10,535
Ауыл шаруашылығы	17,932	41,421
Мұнай және газ өнеркәсібі	5,526	18,827
Басқа	48,702	31,040
Барлығы	930,656	889,209
Құнсыздануға бөлінген резерв	(113,851)	(93,454)
	816,805	795,755

2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қамсыздандыру ретінде алынған активтердің әділ құны мен кері РЕПО келісімдерінің баланстық құны төменде көрсетілгендерді құрады:

	2017 жылғы 31 желтоқсан		2016 жылғы 31 желтоқсан	
	Несиелердің баланстық құны	Қамсызданды- рудың әділ құны	Несиелердің баланстық құны	Қамсызданды- рудың әділ құны
Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары	11,006	11,169	21,367	22,249
	3,437	4,352	968	1,386
Басқа	14,443	15,521	22,335	23,635

(е) Несиелерді өтеу мерзімі

Есепті күнгі жай-күйі бойынша кредиттік портфельді құрайтын несиелерді өтеу мерзімі 26-ескертпеде берілген және есепті күннен бастап кредиттік шарттар бойынша өтеу күніне дейінгі уақыт кезеңін білдіреді. Топ беретін несиелердің қысқамерзімді сипаттамасын ескерсек, көрсетілген несиелердің бір бөлігінің мерзімі ұзартылуы мүмкін. Сәйкесінше несиелерді өтеудің нақты мерзімі кредиттік шарттарда көрсетілген өтеу мерзімдерінен айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.



## 17. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

	Ғимараттар мен құрылыстар	Жиһаз және жабдықтар	Аяқталмаған құрылыс	Материалдық емес активтер	Барлығы
Қайта бағаланған/бастапқы құны					
2016 жылғы 1 қаңтар	26,009	12,970	644	5,702	45,325
Сатып алу	-	685	-	785	1,470
Аудару	-	591	(591)	-	-
Қайта бағалау	6,367	-	-	-	6,367
Құнсыздану	(134)	-	-	-	(134)
Қайта бағалаған кезде есептен шығару	(1,134)	-	-	-	(1,134)
Істен шығу	(22)	(644)	-	(46)	(712)
2016 жылғы 31 желтоқсан	31,086	13,602	53	6,441	51,182
Сатып алу	175	1,337	68	2,988	4,568
Аудару	-	16	(16)	-	-
Істен шығу	(251)	(963)	-	(90)	(1,304)
2017 жылғы 31 желтоқсан	31,010	13,992	105	9,339	54,446
Жинақталған тозу, амортизация және құнсыздану					
2015 жылғы 31 желтоқсан	(910)	(7,943)	-	(3,102)	(11,955)
Бір жыл ішіндегі есептеулер	(285)	(1,208)	-	(564)	(2,057)
Қайта бағалаған кезде есептен шығару	1,134	-	-	-	1,134
Істен шығу	1	599	-	46	646
2016 жылғы 31 желтоқсан	(60)	(8,552)	-	(3,620)	(12,232)
Бір жыл ішіндегі есептеулер	(343)	(1,264)	-	(816)	(2,423)
Істен шығу	10	929	-	90	1,029
2017 жылғы 31 желтоқсан	(393)	(8,887)	-	(4,346)	(13,626)
Таза баланстық құны					
2017 жылғы 31 желтоқсан	30,617	5,105	105	4,993	40,820
2016 жылғы 31 желтоқсан	31,026	5,050	53	2,821	38,950

Материалдық емес активтер бағдарламалық қамсыздандыруды, патенттерді және лицензияларды қамтиды.

2017 жылғы 31 желтоқсанда және 2016 жылғы 31 желтоқсанда Топ өзінің ғимараттары мен құрылыстарын қайта бағалады. Бағалауды тәуелсіз бағалаушы жүргізді. Тәуелсіз бағалаушылар негізгі құралдардың әділ құнын анықтаған кезде екі тәсілді пайдаланды – белсенді нарық талаптарымен ғимараттар мен құрылыстардың әділ құнын анықтау үшін нарықтық ақпаратты қолдану арқылы салыстыру тәсілі және қайта бағаланатын объектілер үшін белсенді нарық болмаған кезде шығындық тәсіл.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ғимараттар мен құрылыстардың әділ құнының жалпы сомасы сәйкесінше 30,617 млн теңгені және 31,026 млн теңгені құрады. Егер Топтың ғимараттары мен құрылыстары бастапқы бағасы бойынша бағаланатын болса, олардың баланстық құны 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша сәйкесінше 24,398 млн теңгені және 24,793 млн теңгені құрайтын еді.

2016 жылы Топ ғимараттар мен құрылыстардың құнсыздануынан болған залалды қалпына келтіруді 586 млн теңге мөлшерінде мақұлдады.

Ғимараттар мен құрылыстардың әділ құны әділ құн сатысының 2-ші және 3-деңгейіне жатады.



## 18. ӨЗГЕ АКТИВТЕР

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Басқа қаржы активтері		
Дебиторлық берешек	5,118	4,002
Есептелген комиссия	7,698	1,761
Вестерн Юнион және басқа электрондық ақша аударымдары	175	99
	12,991	5,862
Құнсыздануға бөлінген шегерілген резерв	(520)	(893)
	12,471	4,969
Басқа қаржылық емес активтер		
Алынып қойылған қамсыздандыру	49,442	23,209
Алынып қойылған қамсыздандыру бойынша алынуға тиісті төлем	4,253	8,029
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	5,003	3,316
Төленген аванстар	149	1,081
Табыс салығынан басқа өтелетін салық	1,974	2,926
Тауарлық-материалдық қорлар	78	22
Басқа активтер	649	550
	61,548	39,133
Құнсыздануға бөлінген резервті шегергенде	(1,227)	(57)
	60,321	39,076
	72,792	44,045

Алынып қойылған қамсыздандыру. Алынып қойылған қамсыздандырудың құрамына Топ құнсызданған несиелер бойынша өзінің міндеттемелерінің орнына қабылдаған жылжымайтын мүлік түріндегі қамсыздандыру кіреді. Осы активтер бастапқыда әділ құны бойынша есепке алынады және кейін сатуға арналған шығысты есептен шығарғандағы әділ құны мен баланстық құнының қайсысы аз болса, сол бойынша есепке алынады. Топтың саясаты аталған активтерді барынша қысқа мерзімде сатуды көздейді.

Алынып қойылған қамсыздандыру бойынша алынуға тиісті төлем. Алынып қойылған қамсыздандыру бойынша төлем сатып алу процесі аукцион өткізу арқылы жүргізілетін алынып қойылған мүлік бойынша алдын ала төлем түрінде көрсетілген.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны нарықтық салыстыру әдісінің негізінде айқындалды, ол осыған ұқсас жылжымайтын мүлік бойынша жүргізілген соңғы транзакция бағасын көрсетеді, сонымен қатар 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша сәйкесінше 8,374 млн теңгені және 4,055 млн теңгені құрады.

Инвестициялық меншіктің әділ құны әділ құн сатысының 3-деңгейіне жатады.

2017 жылғы 31 желтоқсанда және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойынша жалға беруден түсетін кірістің құрамына қосылған инвестициялық жылжымайтын мүліктен түсетін кіріс сәйкесінше 34 млн теңгені және 141 млн теңгені құрады.

Топ 2017 жылғы 31 желтоқсанда және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойынша инвестициялық жылжымайтын мүлікті жалға беруден кіріс алған осы мүлікке байланысты операциялық шығыс сәйкесінше 105 млн теңгені және 167 млн теңгені құрады.



## 19. БАНКТЕРДІҢ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРАЖАТЫ МЕН НЕСИЕЛЕРІ

	Номиналды пайыздық мөлшерлеме, %	2017 жылғы 31 желтоқсан	Номиналды пайыздық мөлшерлеме, %	2016 жылғы 31 желтоқсан
Банктер мен қаржы ұйымдарынан алынған ұзақмерзімді несиелер	1.00-9.08	48,776	0.85-8.50	44,668
Мерзімсіз қаржы құралдары	7.34	26,064	6.96	26,222
Халықаралық кредиттік ұйымдардан алынған қарыздар	8.50-10.70	16,151	6.20-10.70	27,023
Банктердің корреспонденттік шоттары	-	1,440	-	1,557
ҚРҰБ-дан алынған қарыз	5.50	105	5.50	118
Банктер мен қаржы ұйымдарынан алынған қысқамерзімді несиелер	-	-	3.25-10.33	6,272
Жинақталған пайыздық шығыс	-	862	-	1,165
		<u>93,398</u>		<u>107,025</u>
РЕПО келісімдері бойынша алынған несиелер	9.30-11.50	5,393	11.50-12.00	2,624
		<u>98,791</u>		<u>109,649</u>

Банктер мен қаржы ұйымдарынан алынған ұзақмерзімді несиелер. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банктер мен қаржы ұйымдарынан алынған ұзақмерзімді несиелер «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тан (бұдан әрі – «ДАМУ») және «Қазақстанның даму банкі» АҚ-тан (бұдан әрі – «ҚДБ» АҚ) 2018-2035 жылдары өтеу мерзімімен жылдық 1%-9.08%-бен 34,604 млн теңге мөлшерінде және сәйкесінше 2019-2035 жылдары өтеу мерзімімен жылдық 1%-7.9%-бен 14,172 млн теңге мөлшерінде алынған ұзақмерзімді несиелер ретінде көрсетілген (2016 жылғы 31 желтоқсанда: сәйкесінше 28,434 млн теңге және 16,234 млн теңге). 2017 және 2016 жылдардың ішінде Топ белгіленген өтеу кестесіне сәйкес негізгі борыш пен сыйақы төлемдерін жүргізді.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ «ҚДБ» АҚ-тан 2035 жылы өтелуге тиісті жылдық 2%-бен 377 млн теңге мөлшерінде ұзақмерзімді қарыздардың қосымша траншын алды. Қарыз кейін өңдеуші өнеркәсіп секторында операция жүргізетін ірі кәсіпкерлік субъектілерін (бұдан әрі – «ІКС») қаржыландыру үшін алынды.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ «ДАМУ» АҚ-тан 2020 жылы өтелуге тиісті жылдық 9.08%-бен 6,511 млн теңге сомада, сондай-ақ 2024 жылы өтелуге тиісті жылдық 1%-бен 321 млн теңге сомада ұзақмерзімді қарыздардың қосымша траншын алды.

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ «ДАМУ» АҚ-тан 2023 жылы өтелуге тиісті жылдық 4.50%-бен 837 млн теңге сомада, 2021 жылы өтелуге тиісті 4.30%-бен 200 млн теңге сомада, 2021 жылы өтелуге тиісті жылдық 3.80%-бен 300 млн теңге және 4.50%-бен 280 млн теңге сомада ұзақмерзімді қарыз алды.

2017 және 2016 жылдары «ДАМУ» АҚ-тан алынған қарыздар Үкімет бекіткен белгілі бір салалардың шағын және орта кәсіпкерлік (бұдан әрі – «ШОК») субъектілерін қаржыландыру бағдарламасына («Бағдарлама») сәйкес алынды. «ДАМУ» АҚ пен Топ арасында жасалған кредиттік келісімге сәйкес Топ Бағдарламаға қатысуға құқығы бар ШОК субъектілеріне маржасы 4% мөлшерлемемен және 10 жылдан аспайтын өтеу мерзімімен қарыз береді. Топтың «ДАМУ» АҚ-қа қарызды төлеу міндеттемелері ШОК субъектілеріне берілген несиелердің қайтарылуына байланысты емес. Топ «ДАМУ» АҚ-тан ақша қаражатын алғаннан кейін 3-9 ай ішінде қарыздың игерілмеген сомасының 15%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Топ басшылығы мұндай қаржы құралдарының болмайтындығын айтады және қарыз алушылар – ШОК субъектілері қызметінің өзіндік ерекшеліктерінің болуына байланысты аталған өнімді жеке нарық ретінде қарастырылады деп есептейді. Осылайша, «ДАМУ» АҚ-тан алынған қарыз ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылған операция болып табылады және сәйкесінше танылған күнгі әділ құнымен есепке алынған.

Мерзімсіз кумулятивті емес қаржы құралдары. Банк 100 млн АҚШ доллары номиналдық құны бойынша 2016 жылғы 3 наурыздан бастап пайыз төленетін кез келген күні ішінара емес, толық өтеу құқығымен 2006 жылғы наурызда мерзімсіз кумулятивті емес қаржы құралдарын шығарды. Пайыз төлеу күні – жыл сайын 3 наурыз, 3 маусым мен 3 қыркүйек.



## 19. БАНКТЕРДІҢ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРАЖАТЫ МЕН ЕСИЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

Халықаралық кредиттік ұйымдардан алынған қарыздар. Халықаралық кредиттік ұйымдардан алынған қарыздар ретінде «Еуропалық қайта құру және даму банкі» АҚ-тан 2019-2020 жылдары өтеу мерзімімен жылдық 8.5%-10.7%-бен алынған қарыздар көрсетілген.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ Еуропалық қайта құру және даму банкінен (ЕҚДБ) 2019-2020 жылдары өтеу мерзімімен жылдық 10.7%-бен 6,750 млн теңге сомасында алынған ұзақмерзімді қарызды ішінара мерзімінен бұрын төледі.

Топ жоғарыда көрсетілген банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелерінің талабын орындау бойынша белгілі бір қаржылық коэффициенттерді сақтауға міндетті. Бұл ковенанттарға келісілген коэффициенттер, міндеттемелердің меншікті капиталға арақатынасы сияқты және қаржы нәтижелері үшін пайдаланылатын басқа да коэффициенттер кіреді. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша, сондай-ақ 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топ міндеттемелер бойынша бұзушылықтарға жол берген жоқ.

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	24,809	-	-	24,809
Реттелген облигациялар	53,333	-	-	53,333
Басқа қаржылық міндеттемелер	6,444	-	-	6,444
<b>Барлық қаржылық міндеттеме</b>	<b>1,201,558</b>	<b>542</b>	<b>55,264</b>	<b>1,257,364</b>
Ашық позиция	26,538	21,611	(21,359)	

(д) Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Топ өз міндеттемелерін орындау үшін ақша қаражатын тартуда қиындықтарға ұшырауы мүмкін тәуекел. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері сәйкес келмеген кезде туындайды. Активтер мен міндеттемелердің өтеу мерзімдері және пайыздық мөлшерлемелері бойынша сәйкес келуі және/немесе бақыланатын сәйкессіздік өтімділік тәуекелін басқаруда негізге алатын сәт болып табылады. Жүргізілген операциялардың әртүрлі болуы және соларға байланысты белгісіздік салдарынан активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімі бойынша толық сәйкес келу қаржы институттары үшін әдеттегі тәжірибе болып табылмайды, бұл операциялардан түсетін пайданы ұлғайту мүмкіндігін береді, алайда залалдың пайда болу тәуекелін арттырады.

Топ міндеттемелерді өтеудің мерзімдерін олардың келіп түсуіне қарай барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақшалай қаражаттың үнемі болуын қамтамасыз ету мақсатында өтімділіктің қажетті деңгейін қолдайды. Өтімділікті басқару саясатын Басқарма қарайды және бекітеді.



Топ шығарылған борыштық бағалы қағаздардан, басқа банктердің ұзақмерзімді және қысқамерзімді кредиттерінен, негізгі корпоративтік клиенттердің және жеке тұлғалардың депозиттерінен тұратын қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған және тұрақты құрылымын, сондай-ақ жоғары өтімді активтердің әртараптандырылған портфелін Топ өтімділікке қатысты көзделмеген талаптарға жедел және ауытқуларсыз ықпал етуге қабілетті болуы үшін белсенді қолдауға тырысады.

Қазынашылық департаменті аталған тәуекелді басқаруды активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау және ағымдағы өтімділікті сақтау және ақша ағындарын оңтайландыру үшін ақшалай нарықтың операцияларды жүргізу арқылы жүзеге асырады. Жоспарлау және қаржы департаменті баланстың оңтайлы құрылымын өтімділік көрсеткіштеріне белгіленетін лимиттерді есептейді. Гэп-позицияларды ҚЖТБК бекітеді. Тәуекелдер департаменті өтімділік көрсеткіштеріне мониторинг жүргізеді.

## 26. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ, ЖАЛҒАСЫ

(д) Өтімділік тәуекелі, жалғасы

Өтімділікті басқару саясатына:

- өтімділік тәуекелін анықтау (сәйкестендіру) және өлшеу (бағалау);
- өтімділік тәуекеліне және өтімділік позицияларына мониторинг жүргізу, есептілік, соның ішінде пруденциалдық және басқарушылық есептілік жүйесін құру;
- өтімділік тәуекелін шектеу, лимиттер (шектеулер) және ерте ден қою көрсеткіштерінің жүйесін құру;
- стресс-тестілеуді жүргізу;
- өтімділікті жоспарлаудың балама сценарийлерін, дағдарыс жағдайларында қаржыландыру жоспарларын және күтпеген жағдайлардағы іс-әрекеттер жоспарын әзірлеу, оларды жүйелі түрде қайта қарау;
- өтімділік тәуекелін ішкі бақылауды және өтімділік тәуекелін басқаруды ұйымдастыру, ішкі аудитті жүзеге асыру;
- өтімділік тәуекелі және өтімділік позициялары туралы тиісті ақпаратты ашу кіреді.

Төменде көрсетілген кестелерде, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша күтілетін өтеу мерзімдеріне негізделген, пайда мен залал арқылы көрсетілетін қаржылық активтерді және қолдағы сатуға арналған инвестицияларды қоспағанда, баланс бойынша күннен бастап өтеу күніне дейін қалған кезең бойынша топтастырылған қаржы активтері мен міндеттемелеріне жасалған талдау ұсынылған.



## 26. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ, ЖАЛҒАСЫ

(д) Өтімділік тәуекелі, жалғасы

2017 жылғы 31 желтоқсан	Орташа алынған тиімді % мөлшерлеме	Талап еткенге дейін және 1 айға дейін	1-3 ай	3 ай – 1 жыл	1 жыл– 5 жыл	5 жылдан аса	2017 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
Қаржы активтері							
Ақша қаражаты және оның баламалары	6.43%	-	-	342	-	-	342
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	8.52%	32,933	-	-	-	-	32,933
Қолдағы сатуға арналған инвестициялар	6.34%	149,984	-	-	-	-	149,984
Банктердегі қаражат	2.88%	1,328	5,650	2,991	-	-	9,969
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	11.60%	78,711	52,423	179,325	318,921	201,871	831,251
Пайыз есептелетін барлық актив		262,956	58,073	182,658	318,921	201,871	1,024,479
Ақша қаражаты және оның баламалары		187,714	-	-	-	-	187,714
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары		659	-	-	-	-	659
Қолдағы сатуға арналған инвестициялар		151	-	-	-	-	151
Банктердегі қаражат		3,171	-	-	-	-	3,171
Басқа қаржы активтері		12,471	-	-	-	-	12,471
Барлық қаржы активі		467,122	58,073	182,658	318,921	201,871	1,228,645
Қаржылық міндеттемелер							
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	3.00%	9,199	-	-	-	-	9,199
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	6.25%	36,023	127	9,041	33,643	18,497	97,331
Клиенттер мен банктердің қаражаты	6.09%	77,820	50,662	274,428	285,654	18,769	707,333
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	8.07%	67	213	-	17,048	-	17,328
Реттелген облигациялар	10.93%	-	409	6,407	16,870	51,768	75,454
Пайыз есептелетін барлық міндеттеме		123,109	51,411	289,876	353,215	89,034	906,645
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері		1,441	-	-	-	19	1,460
Клиенттер мен банктердің қаражаты		261,345	-	8,274	-	-	269,619
Басқа қаржылық міндеттемелер		12,014	-	-	-	-	12,014
Барлық қаржылық міндеттеме		397,909	51,411	298,150	353,215	89,053	1,189,738
Активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық		69,213	6,662	(115,492)	(34,294)	112,818	
Пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық		139,847	6,662	(107,218)	(34,294)	112,837	
Өспелі қорытындымен пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық		139,847	146,509	39,291	4,997	117,834	
Активтердің жалпы сомасына пайызбен, өспелі қорытындымен пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық	11.38%		11.98%	3.20%	0.41%	9.59%	



## 26. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ, ЖАЛҒАСЫ

(д) Өтімділік тәуекелі, жалғасы

2016 жылғы 31 желтоқсан	Орташа алынған тиімді % мөлшерлеме	Талап еткенге дейін және 1 айға дейін	1-3 ай	3 ай - 1 жыл	1 жыл- 5 жыл	5 жылдан аса	2016 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
Қаржы активтері							
Ақша қаражаты және оның баламалары	6.36%	3,777	-	-	-	-	3,777
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	7.58%	53,954	-	-	-	-	53,954
Қолдағы сатуға арналған инвестициялар	6.21%	105,991	-	-	-	-	105,991
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	5.66%	1,331	472	8,499	6,603	17,286	34,191
Банктердегі қаражат	11.45%	1,047	-	3,021	-	-	4,068
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	9.25%	161,442	45,433	135,867	304,619	171,381	818,742
Пайыз есептелетін барлық актив		327,542	45,905	147,387	311,222	188,667	1,020,723
Ақша қаражаты және оның баламалары		255,010	-	-	-	-	255,010
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары		538	-	-	-	-	538
Қолдағы сатуға арналған инвестициялар		148	-	-	-	-	148
Банктердегі қаражат		2,766	-	-	-	-	2,766
Басқа қаржы активтері		4,969	-	-	-	-	4,969
Барлық қаржы активі		590,973	45,905	147,387	311,222	188,667	1,284,154
Қаржылық міндеттемелер							
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	3.00%	9,227	-	-	-	-	9,227
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	6.50%	4,986	736	11,785	39,142	51,423	108,072
Клиенттер мен банктердің қаражаты	6.08%	49,728	70,169	276,213	308,790	36,877	741,777
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	7.80%	-	-	10,306	14,502	1	24,809
Реттелген облигациялар	11.30%	-	411	3,358	17,866	31,698	53,333
Пайыз есептелетін барлық міндеттеме		63,941	71,316	301,662	380,300	119,999	937,218
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері		1,577	-	-	-	-	1,577
Клиенттер мен банктердің қаражаты		312,125	-	-	-	-	312,125
Басқа қаржылық міндеттемелер		6,444	-	-	-	-	6,444
Барлық қаржылық міндеттеме		384,087	71,316	301,662	380,300	119,999	1,257,364
Активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық		206,886	(25,411)	(154,275)	(69,078)	68,668	
Пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық		263,601	(25,411)	(154,275)	(69,078)	68,668	
Өспелі қорытындымен пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық		263,601	238,190	83,915	14,837	83,505	
Активтердің жалпы сомасына пайызбен, өспелі қорытындымен пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық		20.53%	18.55%	6.53%	1.16%	6.50%	



## 26. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ, ЖАЛҒАСЫ

(д) Өтімділік тәуекелі, жалғасы

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салымшылар өздерінің мерзімді депозиттерін банктен кез келген сәтте алуға құқылы, бұл ретте көптеген жағдайда олар есептелген пайыздық кірісті алу құқығынан айырылады. Бұл депозиттер шарттарда белгіленген оларды өтеу мерзімдері негізінде ұсынылған.

Дегенмен, Басшылық мерзімінен бұрын алу опциясының болуына және салымдардың айтарлықтай бөлігі талап етуге дейінгі шоттар болып табылатынына қарамастан, аталған шоттар мен депозиттерді саны мен салымшылар түрлері бойынша әртараптандыру және Топтың бұрынғы тәжірибесі аталған шоттар қаржыландырудың ұзақмерзімді және тұрақты болып табылатынын білдіреді деп санайды.

Басшылық белгілі бір қаржылық активтер мен міндеттемелерге қатысты ақша ағындарының қозғалысы шартта ескерілгеннен басқаша болуы мүмкін деп күтеді, бұл Басшылық ақша қаражаты ағындарын басқаруға өкілетті болғандықтан немесе бұрынғы тәжірибе аталған қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша ақша қаражаты ағындарының қозғалыс мерзімдері шарттарда белгіленген мерзімдерден өзгеше болуы мүмкін екенін көрсететіндіктен орын алады.

Өтімділік тәуекеліне және пайыздық мөлшерлеме тәуекеліне одан әрі талдау жасау 7-ХЕКС-ке (IFRS) сәйкес төмендегі кестеде көрсетіледі. Кестедегі сомалар қаржылық жағдай туралы есепте берілген сомаларға сәйкес келмейді, өйткені оларға қаржылық міндеттемелер бойынша төлемдерге жасалған талдау кіреді, аталған міндеттемелер қалдық сомалары болып табылады (соның ішінде пайыз төлемдері), олар қаржылық жағдай туралы есепте тиімді пайыздық мөлшерлемесі бойынша есепке алынбайды. Егер пайыздар құбылмалы мөлшерлеме бойынша есептелсе, дисконтталмаған сома пайыздық мөлшерлемелердің есепті күндегі жай-күйі бойынша өзгеру қисығы негізінде белгіленеді.

	Талап еткенге дейін және 1 айға дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	2017 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
Қаржылық міндеттемелер:						
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	34,522	1,886	9,692	33,773	30,455	110,328
Клиенттер мен банктердің қаражаты	81,000	56,734	286,867	288,222	19,941	732,764
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	280	358	1,094	18,181	6	19,919
Реттелген облигациялар	1,417	1,188	11,438	45,773	82,083	141,899
Пайыз есептелетін барлық міндеттеме	117,219	60,166	309,091	385,949	132,485	1,004,910
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	1,441	-	-	-	19	1,460
Клиенттер мен банктердің қаражаты	261,345	-	8,274	-	-	269,619
Басқа қаржылық міндеттемелер	12,014	-	-	-	-	12,014
Барлық қаржылық міндеттеме	392,019	60,166	317,365	385,949	132,504	1,288,003
Қаржы кепілдіктері және шартты міндеттемелер	146,913	-	-	-	-	146,913
Туынды қаржылық міндеттемелер						
Толық сомада орындалатын туынды қаржылық міндеттеме						
- Түсімі	-	24,973	-	-	-	24,973
- Қолданыстан шығу	-	(11,569)	-	-	-	(11,569)



## 26. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ, ЖАЛҒАСЫ

(д) Өтімділік тәуекелі, жалғасы

	Талап еткенге дейін және 1 айға дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	2016 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
Қаржылық міндеттемелер:						
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	15,634	1,168	7,772	44,681	65,135	134,390
Клиенттер мен банктердің қаражаты	81,581	71,794	293,462	337,019	41,441	825,297
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	-	11,575	16,804	13	28,392
Реттелген облигациялар	-	812	8,025	35,466	42,592	86,895
Пайыз есептелетін барлық міндеттеме	97,215	73,774	320,834	433,970	149,181	1,074,974
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	1,577	-	-	-	-	1,577
Клиенттер мен банктердің қаражаты	312,125	-	-	-	-	312,125
Басқа қаржылық міндеттемелер	15,671	-	-	-	-	15,671
Барлық қаржылық міндеттеме	426,588	73,774	320,834	433,970	149,181	1,404,347
Қаржы кепілдіктері және шартты міндеттемелер	88,821	-	-	-	-	88,821
Туынды қаржылық міндеттемелер						
Толық сомада орындалатын туынды қаржылық міндеттеме						
- Түсімі	-	11,757	15,975	24,973	-	52,705
- Қолданыстан шығу	-	-	(610)	(11,569)	-	(12,179)

Төлем жасау уақытының есебі төменде көрсетілген принциптер негізінде белгіленген:

Туынды қаржы құралдары

Туынды қаржы құралдары бойынша келісімшартты төлемдер негізгі борышты бастапқы және қорытынды айырбастау бойынша жалпы төлемдер мен қаржы құралдары бойынша шарттың талаптарына сәйкес пайыздық төлемдер негізінде белгіленген.

Міндеттемелер бойынша алдын ала төлем

Кейін өндіріп алуды қолдану үшін негіз болатынына қарамастан, қаржылық міндеттемелер бойынша алдын ала төлем жақын арада жасалатын төлем ретінде қарастырылады. Егер қаржылық міндеттеменің төлемі нарық бағасы сияқты белгілі бір критерийлерге тіркелген немесе тәуелді болса, онда ол ең жақын арада жасалатын төлем ретінде қарастырылады. Төлем талаптар орындалады және шарт бойынша талаптар бұзылмайды деген талаппен енгізілген.

Қаржы кепілдіктері мен шартты міндеттемелер «талап еткенге дейін» санатына қосылған, яғни төлемдер сұрау салған кезде талап етілуі мүмкін.



## 26. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ, ЖАЛҒАСЫ

(е) Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекелдің анықтамасы:

Операциялық тәуекел – Топта болып жатқан процестерге, қызметкерлерге, технологияларға немесе инфрақұрылымға байланысты әртүрлі себептер салдарынан, сондай-ақ заңнамалық немесе кредиттік, нарықтық тәуекелдерден немесе өтімділік тәуекелінен өзгеше болатын реттеуші талаптар мен корпоративтік мінез-құлқының жалпы қабылданған стандарттары сияқты сыртқы фактілердің әсер ету салдарынан тікелей немесе жанама залалдың пайда болу тәуекелі. Операциялық тәуекел Топтың барлық операциялары бойынша туындайды.

Топтың операциялық тәуекелді басқарудағы мақсаты қаржылық зияндар мен Топтың беделіне нұқсан келтіруге жол бермеуді және шығын мен инновациялар тиімділігін теңестіруде. Барлық жағдайларда Топ саясаты барлық қолданылатын заңнамалық және нормативтік талаптардың сақталуын талап етеді.

Топ операциялық тәуекелді басшылық Топ қызметінің әр саласында қажет деп есептейтін ішкі бақылауларды енгізу арқылы басқарады.

## 27. КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ

ҚР ҰБ Банк капиталының жалпы деңгейіне қатысты талаптарды белгілейді және олардың орындалуын бақылайды.

Банк капитал ретінде кредиттік ұйымдардың капиталын құрайтын баптар ретіндегі заңнамаға сәйкес анықталған баптарды белгілейді:

- 1-деңгейдегі капитал негізгі капитал мен қосымша капитал сомасын білдіреді. Негізгі капитал төлем жасалған меншікті жай акцияларды, материалдық емес активтерді, соған қоса гудвилді, өткен жылдардың залалын және ағымдағы жылдың залалын, шегерілетін уақытша айырмаларға қатысты танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің бөлігін қоспағанда, кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін шегергенде кейінге қалдырылған салық активін, өзге де қайта бағалау бойынша резервтерді, активтерді секьюритилендіру бойынша транзакциялармен байланысты сатудан түскен кірісті, қаржылық міндеттемелер бойынша кредиттік тәуекелдің өзгеруіне байланысты осындай міндеттемелердің әділ құнының өзгеруінен болған кірістерді немесе шығындарды, қосымша капиталдан шегерілуі тиіс, бірақ оның жеткіліксіз деңгейіне байланысты негізгі капиталдан шегерілетін реттеуші түзетулерді және Топтың қаржылық есептілігін құрған кезде қаржылық есептілігі кейбір шектеулермен шоғырландырылатын заңды тұлғалардың қаржы құралдарына инвестицияларды алып тастағанда, төленген жай акциялардың, төленген қосымша капиталдың, ағымдағы жылдың және өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы мен оларға қарсы құрылған резервтердің сомасы ретінде есептеледі. Қосымша капиталға мерзімсіз шарттар және банктің меншікті төленген артықшылықты акциялары енгізіледі, бұл ретте Банктің меншікті мерзімсіз қаржы құралдарына жасалған инвестицияларын түзету, меншікті сатып алынған артықшылықты акциялары, Топтың қаржылық есептілігін құрған кезде қаржылық есептілігі кейбір шектеулермен шоғырландырылмайтын заңды тұлғалардың қаржы құралдарына жасалған инвестициялар және екінші деңгейдегі капиталдан шегерілуі тиіс, бірақ оның жеткіліксіз деңгейіне байланысты қосымша капиталдан шегерілетін реттеуші түзетулер шегеріледі.

- 2 деңгейдегі капитал банктің шығарылған акцияларының он және одан көп пайызына ие қаржы ұйымдарының реттелген борышына банктің инвестициясын шегергенде, теңгемен көрсетілген реттелген борыш сомасы ретінде есептеледі.







## 27. КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

Жалпы капитал жеке клиенттердің депозит сомасы мен 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша 5.5-ке көбейтілген және нормативпен белгіленген құнсыздануға арналған резервтер мен ХҚЕС-ке сәйкес құнсыздануға бөлінген резервтер арасындағы оң айырманың 16.67% -ы шегерілген нормативтік капиталдың оң айырмасын алып тастағанда, 1-деңгейдегі капитал мен 2-деңгейдегі капитал сомасын білдіреді (жалпы капитал жеке клиенттердің депозит сомасы мен 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша 5.5-ке көбейтілген нормативтік капиталдың оң айырмасын алып тастағанда, 1-деңгейдегі капитал мен 2-деңгейдегі капитал сомасын білдіреді).

Жалпы капиталдың жоғарыда келтірілген элементтеріне қолданылатын әртүрлі шектеулер қатары мен жіктеу критерийлері бар.

ҚР ҰБ белгілеген қолданыстағы талаптарға сәйкес Банк жалпы капиталдың жеткіліктілігі коэффициентін келесі деңгейлерде ұстауы тиіс:

- кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің, операциялық тәуекелдің сомасына қатынасы (k1);

- 1-деңгейдегі капиталдың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің, операциялық тәуекелдің сомасына қатынасы (k1-2);

- жалпы капиталдың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің, операциялық тәуекелдің сомасына қатынасы (k2).

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банкке қолданылатын коэффициенттердің ең төмен деңгейі төмендегідей:

- k1 – кемінде 0.055 (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 0.050)

- k1-2 – кемінде 0.065 (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 0.060)

- k2 – кемінде 0.080 (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 0.075).

Банк 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша капиталға қатысты сыртқы барлық талаптарды сақтаған. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банкте келесі коэффициенттер болған: k1 – 0.104, k1-2 – 0.133 және k2 – 0.214 (2016 жылғы 31 желтоқсанда: k1 – 0.091, k1-2 – 0.132 және k2 – 0.183)).

Бұдан кейін кестеде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банк капиталының құрамына талдау көрсетілген, ол «Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерін, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі №170 қаулысына (2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша: Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы №147 қаулысына) сәйкес енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала отырып есептелген.



## 27. КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
1-деңгейдегі капитал		
Негізгі капитал:	111,582	84,077
Акционерлік капитал	57,977	57,977
Қосымша төленген капитал	-	-
Нормативтік талаптарға сәйкес есептелген өткен жылдың бөлінбеген пайдасы	8,181	5,079
Ағымдағы жылдың бөлінбеген пайдасы	30,174	3,102
Өткен жылдың бөлінбеген пайдасының есебінен құрылған резерв	16,896	16,896
Ғимараттарды оң қайта бағалау	4,444	5,781
Қолдағы сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв	(1,100)	(1,938)
Реттеуші түзетулер:		
Гудвиллді қоса алғанда, материалдық емес активтер	(4,990)	(2,820)
Барлық негізгі капитал	111,582	84,077
Қосымша капитал:		
Негізгі капитал критерийлеріне сәйкес келмейтін төленген артықшылықты акциялар нысанындағы капитал	9,420	11,775
Банк қосымша капиталдан есептен шығарылуға тиісті шығарылған акциялардың (жарғылық капиталында қатысу үлестерінің) 10 (он) немесе одан көп пайызына ие қаржы ұйымдарының мерзімсіз қаржы құралдарына банктің инвестициясы	21,494	26,945
1-деңгейдегі капитал	142,496	122,797
2-деңгейдегі капитал		
Реттелген борыш	76,246	16,246
2015 жылғы 1 қаңтарға дейін теңгемен тартылған реттелген борыш	22,676	30,619
Реттеуші түзетулер:		
Банк акциялардың 10 (он) немесе одан көп пайызына ие қаржы ұйымдарының реттелген борышына жасаған инвестициясын шегеру	-	-
Барлық 2-деңгейдегі капитал	98,922	46,865
Реттеуші түзетулер:		
Жеке клиенттердің депозиттерінің сомасы мен 5,5-ке көбейтілген меншікті капиталдың арасындағы оң айырмасы	-	(9,087)
Құнсыздануға бөлінген нормативтік белгіленген резервтер мен ХҚЕС-ке сәйкес құнсыздануға бөлінген резерв арасындағы оң айырманың 16.67%	(11,999)	н/п
Барлық капитал	229,419	160,575
Тәуекелді есепке ала отырып өлшенген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер және туынды қаржы құралдары және операциялық тәуекел		
Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтер	913,521	847,161
Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген шартты және ықтимал міндеттемелер	113,138	74,010
Нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал активтер мен міндеттемелер	11,208	8,192
Операциялық тәуекел	32,689	40,770
Тәуекелді есепке ала отырып өлшенген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер және туынды қаржы құралдары және операциялық тәуекел	1,070,556	970,133
k1	0.104	0.087
k1-2	0.133	0.127
k2	0.214	0.166



## 28. КРЕДИТТІК СИПАТТАҒЫ ШАРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Топтардың кредит ресурстарын беру бойынша міндеттемелері бар. Осы міндеттемелер кредит ресурстарын мақұлданған кредит, кредит карталары бойынша лимиттер, сондай-ақ овердрафт түрінде беруді қарастырады.

Топ өз клиенттерінің үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында қаржылық кепілдіктер шығарады және аккредитивтер ашады. Көрсетілген келісімдер міндеттемелердің лимиттерін белгілейді және әдетте олардың қолданыс мерзімі бес жылға дейін болады.

Топ қаржылық кепілдік, баланстан тыс кредиттік міндеттемелер және аккредитивтер берген кезде клиенттерге несие бергенде қолданылатын тәуекелдерді басқару саясаты мен процедурасын қолданады.

Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелердің шарттық сомалары бұдан кейін санаттарға бөлінген кесте түрінде берілген. Кестеде кепілдіктер мен аккредитивтерге қатысты көрсетілген сомалар контрагенттер шарттардың талаптарына сәйкес өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, есепті күнгі жай-күйі бойынша бухгалтерлік залалдың ең жоғары мөлшерін білдіреді.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша номиналды сомалар немесе шарттарға сәйкес сомалар және тәуекел бойынша өлшенген сомалар келесілерді құраған:

	2017 жылғы 31 желтоқсан		2016 жылғы 31 желтоқсан	
	Номиналды сома	Тәуекелді есептей отырып алынған сома	Номиналды сома	Тәуекелді есептей отырып алынған сома
Берілген кепілдіктер және басқа да ұқсас міндеттемелер	138,445	132,700	79,168	73,450
Аккредитивтер және басқа операцияларға қатысты басқа шартты міндеттемелер	8,468	1,694	9,653	1,931
	<u>146,913</u>	<u>134,394</u>	<u>88,821</u>	<u>75,381</u>

Басшылық кредиттер және кредиттік желілер бойынша міндеттемелер өтеу кестесіне сәйкес ағымдағы кредит портфелінің өтелуінен алынған сомалардың есебінен қажетті мөлшерде қаржыландырылады деп күтеді.

Төменде көрсетілген кестеде міндеттеменің әділ құнын емес, шығарылған кепілдіктер мен әртүрлі кепіл түрлерімен қамсыздандырылған ұқсас өзге міндеттемелер көрсетілген:

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Кепілсіз	64,189	28,749
Жылжымалы мүлік	21,334	9,324
Жылжымайтын мүлік	16,039	21,567
Дебиторлық берешек	11,682	3,401
Ақша қаражаты	5,746	5,718
Корпоративтік кепілдіктер	2,921	7,127
Айналымдағы тауарлар	660	272
Жер	231	10
Басқа	15,643	3,000
Барлығы	<u>138,445</u>	<u>79,168</u>





## 28. КРЕДИТТІК СИПАТТАҒЫ ШАРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

Төменде көрсетілген кестеде міндеттеменің әділ құны емес, әртүрлі кепіл түрлерімен қамсыздандырылған аккредитивтер және өзге операцияларға жататын шартты басқа міндеттемелер көрсетілген:

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Ақша қаражаты	8,370	8,754
Дебиторлық берешек	-	155
Қамсыздандырылмаған аккредитивтер	98	744
Барлығы	8,468	9,653

Көрсетілген міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамай-ақ, тоқтатуға болады. Мұның салдарынан жоғарыда көрсетілген міндеттемелер ақша қаражатының күтілген қайтуын қамтымайды.

## 29. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖАЛҒА АЛУ

Топ жалға алушы ретінде болатын операциялар

Операциялық жалға алу бойынша міндеттемелердің күшін біржақты тәртіппен жоюға болады, міндеттемелерді 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша келесі түрде ұсынуға болады:

	2017 жылғы 31 желтоқсан, млн теңге	2016 жылғы 31 желтоқсан, млн теңге
Бір жылға дейін	1,674	1,843

Топ жайлар мен жабдықтарды операциялық жалға алу бойынша бірқатар шарттар жасады. Мұндай шарттар әдетте бір жылдан үш жылға дейінгі бастапқы мерзімге жасалады, кейін қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін оны жаңартуға болады. Жалға алу үшін төлемдер мөлшері әдетте жыл сайын көтеріліп отырады, бұл нарық тенденциясын көрсетеді. Операциялық жалға алу бойынша міндеттемелерге шартты сипаттағы міндеттемелер кірмейді.

Есепті кезең ішінде 1,685 млн теңге мөлшеріндегі сома операциялық жалға алу жөніндегі шарттарға қатысты пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте шығыс ретінде танылды (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 1,881 млн теңге).

## 30. ҚОРЛАРДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕР

Топ жеке тұлғаларға, трастылық компанияларға, зейнетақы қорларына және өзге ұйымдарға сенімгерлік басқару бойынша қызмет көрсетеді, атап айтқанда: активтерді басқарады немесе клиенттің нұсқауына сәйкес алынған қаражатты әртүрлі қаржы құралдарына инвестициялайды. Топ осы қызметтерді көрсеткені үшін комиссиялық сыйақы алады. Сенімгерлік басқаруға алынған активтер Топтың активтері болып табылмайды және сәйкесінше оның қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есебінде көрсетілмейді. Көрсетілген салымдарды жүргізген кезде Топ кредиттік тәуекелге ұшырамайды, өйткені ол көрсетілген инвестицияларға кепілдік бермейді.



### 30. ҚОРЛАРДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕР, ЖАЛҒАСЫ

Фидуциарлық активтер номиналдық құны бойынша келесі санаттарға бөлінеді:

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Бағалы қағаздар	572,366	585,618
Инвестициялық қорлардың пайлары	185,747	188,998
Банктік депозиттер	71,580	58,600
Ғимаратқа, машинаға, жабдыққа, көлікке және басқа меншікке жасалған инвестиция	765	782
Басқа активтер	170	170
<b>Барлық фидуциарлық актив</b>	<b>830,628</b>	<b>834,168</b>

Банк активтерді басқаратын инвестициялық қорлардың және өзге заңды тұлғалардың активтері мен қызмет нәтижелеріне және олардың активтерімен жүргізілетін операцияларға қатысты есеп жүргізеді және есептілік құрады, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және ҚР ҰБ ережелеріне сәйкес қызмет көрсетілетін активтерге қатысты басқарушы компаниямен салыстырып тексеру жүргізеді.

### 31. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

#### (а) Сақтандыру

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығы әлі даму үстінде, сондықтан басқа елдерде қолданылатын сақтандыру тұрғысында қорғаудың көптеген нысандары Қазақстанда әзірге пайдаланылмайды. Топ ғимараттар мен жабдықтарды, қызметтің уақытша тоқтауын немесе Топтың мүлкін пайдалану нәтижесінде немесе Топтың қызметіне қатысты өзге жағдайларда келтірілген мүлктік немесе экологиялық зиянға байланысты үшінші тұлғалардың жауапкершілігіне қатысты толық көлемде сақтандыру жүргізген жоқ. Топ өз қызметін жеткілікті дәрежеде сақтандырмайынша, келтірілген залал немесе белгілі бір активтердің ысырабының Топтың қызметіне және қаржылық жағдайына теріс ықпал етуінің тәуекелі болады.

#### (б) Сот талқылаулары

Нарықта өзінің әдеттегі қызметін жүргізу процесінде Топ әртүрлі заңдық шағымдарды кездестіреді. Басшылық сот талқылаулары нәтижесінде туындаған міндеттемелерінің соңғы мөлшері (ондайлар болса) Топтың қаржылық жағдайына немесе кейінгі қызметіне айтарлықтай теріс ықпал етпейді деп санайды.

#### (в) Қазақстандағы шартты салықтық міндеттемелер

Қазақстанның салық жүйесі, салыстырмалы түрде жаңа бола тұрып, көбінесе нақты баяндалмаған және қарама-қайшы заңнамалық нормалардың, ресми түсініктемелердің және сот шешімдерінің жиі өзгертілуімен сипатталады, бұл өз кезегінде әртүрлі салық органдарының оларды әртүрлі түсінуіне, қоса алғанда ХҚЕС-ке сәйкес кірістердің, шығыстың және қаржылық есептіліктің басқа да баптарының есебін жүргізу тәртібіне қатысты әртүрлі пікірлерге жол береді. Салықтарды есептеудің дұрыстығына қатысты тексерулер мен тергеулерді ірі айыппұлдар салуға және пайыз алуға құқығы бар әртүрлі деңгейдегі реттеуші органдар жүргізеді. Есепті кезеңде салықты есептеу дұрыстығын кейінгі кезектегі бес жыл ішінде тексеруге болады, алайда белгілі бір жағдайларда, бұл мерзімді ұзартуға болады.

Осы жағдайлар Қазақстандағы салық тәуекелдерінің басқа елдермен салыстырғанда едәуір жоғары болуына әкелуі мүмкін. Топтың басшылығы қолданылатын салық заңнамасы, нормативтік талаптар мен сот шешімдері туралы өз түсінігіне сүйене отырып, салық міндеттемелері толық шамада көрсетілген деп есептейді. Дегенмен, бұл қағиданы сәйкес органдар басқаша түсінуі мүмкін, егер олар өз позициясының дұрыстығын дәлелдей алса, бұл осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай ықпал ете алады.





## 32. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕПТІК ЖІКТЕУЛЕР

(а) Есептік жіктеулер және әділ құн

Бұдан кейін келесі кесте 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің баланстық және әділ құнын көрсетеді:

	Қолдағы сатуға арналған	Өтеуге дейін ұсталатын	Кредиттер және дебиторлық берешек	Қолдағы сатуға арналған	Амортизация- ланған құны бойынша есептелетін басқалары	Барлық баланстық құны	Әділ құны
Ақша қаражаты және оның баламалары	-	-	188,056	-	-	188,056	188,056
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	33,592	-	-	-	-	33,592	33,592
Қолдағы сатуға арналған инвестициялар	-	-	-	150,135	-	150,135	150,135
Банктердегі қаражат	-	-	13,140	-	-	13,140	13,140
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	-	-	831,251	-	-	831,251	822,665
Басқа қаржы активтері	-	-	12,471	-	-	12,471	12,471
	33,592	-	1,044,918	150,135	-	1,228,645	1,220,059
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	9,199	-	-	-	-	9,199	9,199
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	-	-	-	-	98,791	98,791	98,791
Клиенттер мен банктердің қаражаты	-	-	-	-	976,952	976,952	975,414
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	-	-	-	17,328	17,328	15,902
Реттелген облигациялар	-	-	-	-	75,454	75,454	69,131
Басқа қаржылық міндеттемелер	-	-	-	-	12,014	12,014	12,014
	9,199	-	-	-	1,180,539	1,189,738	1,180,451





### 32. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕПТІК ЖІКТЕУЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

(а) Есептік жіктеулер және әділ құн, жалғасы

Бұдан кейін келесі кесте 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің баланстық және әділ құнын көрсетеді:

	Қолдағы сатуға арналған	Өтеуге дейін ұсталатын	Кредиттер және дебиторлық берешек	Қолдағы сатуға арналған	Амортизация- ланған құны бойынша есептелетін басқалары	Барлық баланстық құны	Әділ құны
Ақша қаражаты және оның баламалары	-	-	258,787	-	-	258,787	258,787
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	54,492	-	-	-	-	54,492	54,492
Қолдағы сатуға арналған инвестициялар	-	-	-	106,139	-	106,139	106,139
Банктердегі қаражат	-	-	6,834	-	-	6,834	6,834
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	-	34,191	-	-	-	34,191	32,481
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	-	-	818,742	-	-	818,742	815,420
Басқа қаржы активтері	-	-	4,969	-	-	4,969	4,969
	54,492	34,191	1,089,332	106,139	-	1,284,154	1,279,122
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	9,227	-	-	-	-	9,227	9,227
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	-	-	-	-	109,649	109,649	109,649
Клиенттер мен банктердің қаражаты	-	-	-	-	1,053,902	1,053,902	1,033,486
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	-	-	-	24,809	24,809	24,300
Реттелген облигациялар	-	-	-	-	53,333	53,333	53,198
Басқа қаржылық міндеттемелер	-	-	-	-	6,444	6,444	6,444
	9,227	-	-	-	1,248,137	1,257,364	1,236,304





## 32. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕПТІК ЖІКТЕУЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

(а) Есептік жіктеулер және әділ құн, жалғасы

Әділ құнды бағалау активті сатудан алынған немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында ұйымдастырылған нарықта жүргізілетін операцияның талаптарында міндеттемелерін берген кезде төленген белгілі бір бағаға бағытталған.

Дегенмен, белгісіздік факторын, сондай-ақ қолданылатын пайымдардың субъективтілігін назарға ала отырып, әділ құн активтер тез арада іске асырылатын, ал міндеттемелер реттелетін құн ретінде қарастырылмауы тиіс.

Белсенді нарық айналымындағы қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің әділ құны нарықтық баға белгілеуге немесе дилерлік бағаларға негізделеді. Топтың өзге барлық қаржы құралдарының әділ құнын Топ басқа бағалау әдістерін пайдалана отырып, белгілейді.

Бағалау әдістерінің мақсаты бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында активті сату немесе міндеттемелерді беру бойынша ұйымдастырылған нарықта жүргізілетін операция өткізілетін бағаны көрсететін әділ құнды бағалау тәсіліне жету болып табылады.

Бағалау әдістеріне осы сәтке келтірілген таза құнды бағалау, ақша қаражатының ағымын дисконттау және оған қатысты нарықтық баға белгілеулер мәлім болатын ұқсас құралдармен салыстыру модельдері кіреді. Бағалау үшін пайдаланылатын пайымдар мен деректерге тәуекелсіз және базалық сыйақы мөлшерлемесі кредиттік спрэдтер және дисконттау мөлшерлемесін бағалау үшін пайдаланылатын өзге де түзетулер, акциялар мен облигацияларға баға белгілеу және валюта бағамдары жатады. Бағалау әдістері нарыққа тәуелсіз қатысушылар белгілеген есепті күнгі жай-күйі бойынша қаржы құралының бағасын көрсететін әділ құнды анықтауға бағытталған.

Топ тек жалпыға қолжетімді нарықтық деректерді пайдаланатын және пайымдарды немесе басшылықтың бағалауын талап етпейтін пайыздық және валюталық своптар сияқты стандарт және қарапайым қаржы құралдарының әділ құнын анықтау үшін кең танылған бағалау модельдерін пайдаланады. Модельдерге арналған бақыланатын түзетулер мен шығыс деректер әдетте нарық айналымындағы борыштық және үлестік бағалы қағаздар, биржа айналымындағы туынды құралдар, сондай-ақ пайыздық своптар сияқты биржадан тыс қарапайым туынды қаржы құралдары үшін нарықта қолжетімді.

Күрделірек құралдар үшін Топ өзінің жеке бағалау модельдерін пайдаланады. Осы модельдерде пайдаланылатын кейбір немесе маңызды барлық деректер жалпыға қолжетімді нарықтық деректер болмауы мүмкін және нарықтық түзетулерден немесе мөлшерлемелерден туындайды немесе пайымдаулар негізінде құрылған баға болып табылады. Бағалау бақыланбайтын нарықтық деректерге негізделген құралдардың мысалы ретінде кейбір несиелер мен белсенді нарық болмаған бағалы қағаздар бола алады.

Келесі жорамалдарды басшылық қаржы құралдарының әділ құнын бағалау үшін пайдаланады:

- корпоративтік клиенттерге берілген несиелер және жеке клиенттерге берілген кредиттер бойынша ақша қаражатының болашақтағы ағымын дисконттау үшін сәйкесінше 5.4–14.0% және 6.6–17.4% дисконттау мөлшерлемесі пайдаланылды;
- корпоративтік және жеке клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері бойынша ақша қаражатының болжалған болашақтағы ағымын есептеу үшін сәйкесінше 1.6–8.6% және 2.2–12.1% дисконттау мөлшерлемесі пайдаланылды;
- баға белгілейтін нарықтық құн шығарылған қарыздық бағалы қағаздардың әділ құнын анықтау үшін пайдаланылады.



## 32. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕПТІК ЖІКТЕУЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

(а) Есептік жіктеулер және әділ құн, жалғасы

Әділ құнды бағалау құнды нақты анықтауға бағытталған, ол бойынша қаржы құралы жақсы хабарландырылған, мұндай мәмілені жасауды шын мәнінде қалайтын, бір-бірінен тәуелсіз тараптар арасында айырбасталуы мүмкін. Дегенмен, белгісіздік факторын, сондай-ақ пайдаланылатын пайымдардың субъективтілігін назарға ала отырып, әділ құн активтер тез арада іске асырылатын, ал міндеттемелер өтелетін құн ретінде қаралмауы тиіс.

(б) Әділ құнды бағалау иерархиясы

Топ қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнын бағалайды, ол үшін көрсетілген бағалауларды құрған кезде пайдаланылатын нақты деректерді есепке алатын келесі әділ құнды бағалау иерархиясын пайдаланады:

- 1-деңгей: Бірдей қаржы құралдарына қатысты актив нарығында белгіленетін бағалар (түзетілмеген);
- 2-деңгей: Тікелей (яғни баға белгілеу) немесе жанама (яғни баға белгілеуден туындайтын деректер) қолжетімді нарықтық деректерге негізделген бағалау әдістері. Бұл санатқа келесілерді пайдалана отырып бағаланатын құралдар енеді: ұқсас құралдарға арналған белсенді нарықта нарықтық баға белгілеу, белсенді нарық ретінде қаралмайтын нарықта бірдей немесе ұқсас құралдарға арналған нарықтық баға белгілеу немесе барлық пайдаланылатын деректер бақыланатын нарықтық деректерге тікелей немесе жанама негізделетін басқа да бағалау әдістері;
- 3-деңгей: Бақыланбайтын нарықтық деректерге негізделген бағалау әдістері. Бұл санатқа бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген ақпаратты пайдалана отырып бағаланатын құралдар енеді, бұл ретте мұндай бақыланбайтын деректер құралды бағалауға маңызды әсер етеді. Бұл санатқа құралдар арасындағы айырманы көрсету үшін маңызды бақыланбайтын баға белгілеуді немесе пайымдауларды пайдалану талап етілетін ұқсас құралдарға арналған, баға белгілеуге негізделген құралдар кіреді.

Бұдан кейін кестеде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша әділ құнын көрсететін қаржы құралдарының әділ құнның иерархия деңгейлері бойынша талдауы берілген.

	1-деңгей	3-деңгей	Барлығы
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары			
- Туынды активтер	-	19,495	19,495
- Туынды міндеттемелер	-	(9,199)	(9,199)
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес қаржы құралдары – борыштық бағалы қағаздар	13,438	-	13,438
Қолдағы сатуға арналған инвестициялар	150,135	-	150,135
	163,573	10,296	173,869







## 32. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕПТІК ЖІКТЕУЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

(б) Әділ құнды бағалау иерархиясы, жалғасы

Бұдан кейін кестеде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша әділ құнын көрсететін қаржы құралдарының әділ құнның иерархия деңгейлері бойынша талдауы берілген:

	1-деңгей	3-деңгей	Барлығы
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары			
- Туынды активтер	-	41,953	41,953
- Туынды міндеттемелер	-	(9,227)	(9,227)
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес қаржы құралдары – борыштық бағалы қағаздар	12,001	-	12,001
Қолдағы сатуға арналған инвестициялар	106,039	-	106,039
	<u>118,040</u>	<u>32,726</u>	<u>150,766</u>

2017 жылғы 31 желтоқсанда және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезеңдер ішінде 1-деңгей мен 3-деңгей арасында аударымдар болмады.

Бастапқы танылған кезде бақыланбайтын бағалау мәндері арасындағы айырма

ҚР ҰБ-мен «своп» мәмілелері жасалатын нарықтағы мәміле бағасы негізгі нарықтағы «своп» құралдарының әділ құнынан өзгеше болуы мүмкін (13-ескертпе). Бастапқы танылған кезде Топ бағалау әдістерін пайдаланып, ҚР ҰБ-мен жасалған «своп» мәмілелерінің әділ құнын бағалайды.

Көп жағдайларда бағалау әдістері негізделетін барлық нақты шығыс деректер, мысалы, валюталық нарықтағы ұқсас мәмілелер бойынша ақпаратқа сүйеніп, толығымен қолжетімді болып табылады. Барлық шығыс деректер бақыланатын болып табылмайтын жағдайда, мысалы, есепті күнгі жай-күйі бойынша тәуекелдің ұқсас сипаттамаларымен бақыланатын мәмілелер болмауына байланысты, Топ тек бақыланбайтын шығыс деректерге негізделетін бағалау әдістерін пайдаланады, мысалы, қаржы құралдарының негізінде жатқан құбылмалылықтар, мәміленің қолданыс мерзімі аяқталатын кезеңге қатысты күтулер. Егер бастапқы танылған кезде әділ құн белсенді нарықтағы баға белгілеулерімен расталмаса немесе тек бақыланатын шығыс деректер пайдаланылатын бағалау әдістеріне сүйенбесе, бастапқы танылған кездегі әділ құн мен мәміле бағасының арасындағы кез келген айырма тез арада пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілмейді, болашақтағы кезеңдерге тасымалданады (3-ескертпені қараңыз).

3-деңгейдегі қаржы құралдарының әділ құнының өзгерістері келесі түрде ұсынылған:

	Туынды қаржы активтері	Туынды қаржылық міндеттеме
2016 жылғы 1 қаңтар	91,205	(9,769)
Пайдада және залалда көрсетілген барлық (шығыс)/кіріс:	(2,609)	542
Өтелгендері	(46,643)	-
2016 жылғы 31 желтоқсан	<u>41,953</u>	<u>(9,227)</u>
Пайдада және залалда көрсетілген барлық (шығыс)/кіріс:	(2,386)	328
Өтелгендері	(20,072)	(300)
2017 жылғы 31 желтоқсан	<u>19,495</u>	<u>(9,199)</u>



### 32. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕПТІК ЖІКТЕУЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

(б) Әділ құнды бағалау иерархиясы, жалғасы

Бастапқы танылған кезде бақыланбайтын бағалау мәндері арасындағы айырма, жалғасы

Валюталық своп шарттарының әділ құнын анықтау үшін Басшылық теңгемен ақша ағымына 14,79%-дан бастап 15,13%-ға дейінгі және АҚШ долларымен ақша ағымына 1,04%-дан бастап 1,18%-ға дейінгі мөлшерлемелерді пайдаланды. Басшылық ҚР ҰБ мәмілелерді өтеу мерзімі басталғанға дейін олардың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату құқығын пайдаланбайды деп ойлады.

Топ өзінің әділ құнды бағалауларын барабар деп санайтынына қарамастан, әртүрлі әдістерді және пайымдарды пайдалану әділ құнды әртүрлі бағалауларға әкелуі мүмкін.

Келесі кестеде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша әділ құнға қатысты бағаланбайтын қаржы құралдарының әділ құнды бағалау жатқызылатын әділ құнның иерархиясының деңгейлері бойынша талдауы берілген:

	2-деңгей	3-деңгей	Барлық әділ құны	Барлық баланстық құны
Активтер				
Ақша қаражаты және оның баламалары	188,056	-	188,056	188,056
Банктердегі қаражат	13,140	-	13,140	13,140
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	679,069	143,596	822,665	831,251
Басқа қаржы активтері	12,471	-	12,471	12,471
Міндеттемелер				
Клиенттер мен банктердің қаражаты	975,414	-	975,414	976,952
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	98,791	-	98,791	98,791
	15,902	-	15,902	17,328
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	69,131	-	69,131	75,454
Реттелген облигациялар	12,014	-	12,014	12,014
Басқа қаржылық міндеттемелер				







## 32. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕПТІК ЖІКТЕУЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

(б) Әділ құнды бағалау иерархиясы, жалғасы

Бастапқы танылған кезде бақыланбайтын бағалау мәндері арасындағы айырма, жалғасы

Келесі кестеде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша әділ құнға қатысты бағаланбайтын қаржы құралдарының әділ құнды бағалау жатқызылатын әділ құнның иерархиясының деңгейлері бойынша талдауы берілген:

	2-деңгей	3-деңгей	Барлық әділ құны	Барлық баланстық құны
Активтер				
Ақша қаражаты және оның баламалары	258,787	-	258,787	258,787
Банктердегі қаражат	6,834	-	6,834	6,834
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	661,151	154,269	815,420	818,742
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	32,481	-	32,481	34,191
Басқа қаржы активтері	4,969	-	4,969	4,969
Міндеттемелер				
Клиенттер мен банктердің қаражаты	1,033,486	-	1,033,486	1,053,902
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	109,649	-	109,649	109,649
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	24,300	-	24,300	24,809
Реттелген облигациялар	53,198	-	53,198	53,333
Басқа қаржылық міндеттемелер	6,444	-	6,444	6,444





### 33. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОПЕРАЦИЯЛАР

Әрбір ықтимал байланысты тарапты қарастырған кезде, олардың заңды нысанына ғана емес, қарым-қатынастардың мәніне де ерекше көңіл бөлінеді. Банк пен Банктің байланысты тараптары болып табылатын еншілес компаниялар арасындағы операциялар шоғырландыру кезінде есептен шығарылады және осы ескертпеде көрсетілмейді. Топтардың байланысты тараптармен жүргізетін операциялары туралы ақпарат төменде берілген:

	2017 жылғы 31 желтоқсан		2016 жылғы 31 желтоқсан	
	Байланысты тараптармен жүргізілген операциялар	Орташа тиімді пайыздық мөлшерлеме	Байланысты тараптармен жүргізілген операциялар	Орташа тиімді пайыздық мөлшерлеме
Ақша қаражаты және оның баламалары	3,323		204	
- Елеулі ықпал ететін акционерлер	3,323	2.20%	204	-
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер, брутто	5,349		4,777	
- Топтың немесе оның бас Банкінің басқарушы тірек қызметкері	-	-	34	9.43%
	315	8.45%	68	10.31%
- басқарушы тірек қызметкерінің жақын туыстары	5,034	7.89%	4,675	7.95%
- басқа	10		(23)	
Клиенттер мен банктерге берілген несиелердің құнсыздануына бөлінген резерв	-	-	-	-
- Топтың немесе оның бас Банкінің басқарушы тірек қызметкері	9	-	-	-
- басқарушы тірек қызметкерінің жақын туыстары	1	-	(23)	-
- басқа	11		2	
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	11	-	2	-
- Елеулі ықпал ететін акционерлер	18,370		9,386	
Клиенттер мен банктердің қаражаты	6,911	3.29%	5,505	3.29%
- Топтың немесе оның бас Банкінің басқарушы тірек қызметкері	6,696	3.91%	3,523	9.48%
- басқарушы тірек қызметкерінің жақын туыстары	4,763	7.11%	358	4.92%
- басқа	-		6	
Берілген кепілдіктер мен ұқсас міндеттемелер	-	-	6	-
- Басқа				





### 33. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОПЕРАЦИЯЛАР

Қамсыздандырылған және қамсыздандырылмаған несиелер мен кепілдіктер басқарушы тірек қызметкерлерге және өзге байланысты тараптарға әдеттегі қызмет барысында беріледі. Бұл несиелер негізінде пайыздық мөлшерлемелерді қосқанда, осындай жағдайдағы тұлғалармен немесе, егер қолданылатын болса, басқа қызметкерлермен басқа осындай мәмілелерді жасағанда қолданылатын талаптармен беріледі. Осы несиелер әдеттегіден тыс кредиттік тәуекелге ұшыраған жоқ және басқа жағымсыз жағдайлар тудырған жоқ.

Бас компанияның депозиттері мен басқа байланысты тараптар бойынша нарықта ұсынылатын мөлшерлемелер немесе Топтың ішіндегі басқа қызметкерлерге қойылатын талаптар бойынша пайыз есептеледі.

2017 жылғы 31 желтоқсанда және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдарға жасалған пайда және залал туралы шоғырландырылған есепте байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша туындаған келесі сомалар көрсетілген:

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Пайыздық кіріс	685	289
- Топтың немесе оның бас Банкінің басқарушы тірек қызметкері	2	3
- басқарушы тірек қызметкерінің жақын туыстары	32	5
- басқа	651	281
Пайыздық шығыс	(924)	(538)
- Топтың немесе оның бас Банкінің басқарушы тірек қызметкері	(64)	(278)
- басқарушы тірек қызметкерінің жақын туыстары	(187)	(235)
- басқа	(673)	(25)
Операциялық шығыс	(406)	(378)
- Топтың немесе оның бас Банкінің басқарушы тірек қызметкері	(406)	(378)

2017 жылғы 31 желтоқсанда және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін басқарушы тірек қызметкерлерге төленген сыйақы қысқамерзімді сыйақы түрінде берілді. Директорлар кеңесінің және Банк Басқармасының сыйақысының жалпы сомасы 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша сәйкесінше 406 млн теңгені және 378 млн теңгені құрады.

### 34. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2018 жылғы 13 ақпанда «Банк ЦентрКредит» АҚ «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың жай акцияларына айырбасталатын орналастырылған артықшылықты акциялардың 100%-н келесі талаптармен сатып алатыны туралы жариялады:

- сатып алынатын Акциялардың саны – 39,249,255 (орналастырылған артықшылықты акциялардың 100%);

- бір Акцияның бағасы – бір данасы үшін 300 (үш жүз) теңге, бұл баға 2006 жылғы 26 мамырдағы акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен «Банк ЦентрКредит» АҚ акцияларын банк сатып алған кезде олардың құнын белгілеу әдістемесіне сәйкес белгіленген.

2018 жылғы 14 наурыздағы жай-күйі бойынша Банктің артықшылықты акцияларын сатып алу процедурасы аяқталды: 39,044,841 дана, соның ішінде «Цеснабанк» АҚ-тан 8,366,560 дана және «Цесна» қаржы холдингі» АҚ-тан 27,067,109 дана артықшылықты акция сатып алынды.

2018 жылғы 14 наурызда Банктің орналастырылған жай акцияларының жалпы санының 29,56% үлесін құрайтын «Цеснабанк» АҚ-қа тиесілі болған жай акциялардың барлық пакеті «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың ірі қатысушылары Байсейітов Бақытбек Рымбекұлына, Ли Владислав Сединовичке және жеке тұлғалар (миноритарлы акционерлер) тобына сатылды. Жасалған мәміленің нәтижелері бойынша Байсейітов Бақытбек Рымбекұлының үлесі банктің орналастырылған жай акцияларының жалпы санының 48,07%-н, Ли Владислав Сединовичтің үлесі банктің орналастырылған жай акцияларының жалпы санының 10,05%-н құрады.



# ҚИЫНДЫҚТАРДЫ ЖЕҢУ



*13 күн*

*12 сағат*



*2002 жыл*

Америка саяхатшысы, әуеде жүзуші және кәсіпкер Стив Фоссет 2002 жылы әуе шарымен 13 күн 12 сағат ішінде 33 000 км қашықтықтан өтіп, жер шарын айналып шықты. Бұл оның алтыншы рет жасаған әрекеті еді! Ең жылдам өткен жері Үнді мұхитының үсті болды, ол жердегі жылдамдығы сағатына 300 км құрады.





